Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қолжазба құқығында

**Мулдабекова Камшат Төлегенқызы**

# АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

6D010200- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші:
п.ғ.д, профессор
Амирова А. С.
Шетелдік кеңесші:
профессор
Пишкин М.

Алматы, 2014

**МАЗМҰНЫ**

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**......... ............................. .......................... 3
**АНЫҚТАМАЛАР**........................................................................................... 4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**......... ............................................... 5
**КІРІСПЕ**........................................................................................................ 6

**1 АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ..............................** 14
1.1 Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық психологиялық негіздері.......................................................................... 14
1.2 Болашақ бастауыш сынып мамандарының ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктері.........................................................................................36
1.3 Болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі..............................................................................................52

**2 БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ**
2.1 Студенттердің ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың қазіргі жағдайы.........................................71
2.2 Болашақ бастауыш сынып мамандарының ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі..........................................................................................88
2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс және оның нәтижелері.................110

**ҚОРЫТЫНДЫ.......................................................................................138**
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ...............................................140**
**ҚОСЫМШАЛАР........................................................................................148**

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы, Астана

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. –Астана, 18.08.2010 ж., ҚР Білім және ғылым министрінің №454 бұйрығы.

Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 11.01.2007ж., № 217.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2006 жылғы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына ену стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы «Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы, 24.02.2004, Астана.

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы, 22.10.1997 ж., №3645.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру оқу мекемелерін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы, 15.05. 2000 ж., №721.

Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесі.- ҚР Білім және ғылым министрінің № 583 бұйрығы, 2007, 29 қараша.

«Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында толық компьютерлік сауаттылықты қамтамасыз ету туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің №781 бұйрығы, 27.09.2004 ж.

«Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 ж. 13 қазан. №995 -қаулысы. Астана.

# АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Ақпараттық технология** - ақпаратта жинау, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдері мен құралдары динамикалық түрде өзгеріске ұшырап, солар арқылы қоғамның инфрақұрылымын қалыптастыруға бағытталады.

**Ақпараттық мәдениет –** кез келген ақпарат көзін – анықтамаларды, сөздіктерді, энциклопедияларды, теледидар бағдарламаларын, т.с.с. дұрыс пайдалана білу, ақпараттық мәдениет – әңгімелесе білу, теледидар, хабарды (интернетті) талғамды түрде қарау, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігіңді шектей білу деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

**Коммуникативтік құзыреттілік:**

- нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін ауызша және жазбаша түрлі байланыс құралдарын қолдануға;
- әдіскер-ғалымдардың анықтамаларын, идеяларын талдауға;
- әдептілік талаптарына сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;
- өз пікірін айта білуге, оның ішінде басқа да пікірлермен келісе білу, қарым-қатынас диалогына түсе отырып, жанжалдық ахуалдарды шешуді жүзеге асыруға;
- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі оқытушымен, білім алушылармен топта қарым-қатынас құруға мүмкіндік береді.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

**ҚР** – Қазақстан Республикасы
**ҚР МЖМББС** – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
**ЖОО** – жоғары оқу орны
**БОПмӘ** – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
**ҚРБжҒМ** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
**АТ** – ақпараттық технология
**АТК**– ақпараттық техникалық компьютер
**ОӘК** – оқу-әдістемелік кешен
**ОАО** – Оқу - ақпараттық орта
**ЭОҚ** – Электронды оқыту құралы
**АБТ** – Ақпараттық-байланыс технологиялар
**БҰҰ** – Біріккен Ұлттар Ұйымы

**Кіріспе**

**Зерттеудің көкейкестілігі:** Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім алушылар үшін: «баршаға бірдей сапалы білімге қол жеткізу; коммуникативтік және кәсіптік құзыреттілікті дамыту», – деп көрсетілген. Сонымен қатар, студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда электрондық оқыту жүйесіне көшуге және олардың біліктілігін арттыру үшін ақпараттық технологияларды пайдаланушыларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру қажет, – екені нақтыланып берілген [1]. Бұл бүгінгі жоғары оқу орындарының алдына болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін  ақпараттық технологияларды барлық пәндерді оқытуда пайдалануды талап етеді.

Республикамызда білім беруді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – бұл ақпараттық технологияларды қолдану негізінде  біртұтас біліми  ақпараттық орта құру арқылы ұлттық білім сапасын арттыруды көздеп отыр. Жоғары оқу орнының күрделі де маңызды бір мәселесі студентті болашақ мамандығына оңтайландыру, кәсіптік біліктілігін дамыту, жоғары білім беру оқытушылары үшін алтыншы міндеттің маңызы ерекше, онда: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез-келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу» - деп атап көрсетілді [2]. Мұның өзі еліміздегі білім беру жүйесін  әлемде болып жатқан келелі жаңалықтармен ұштастырып оқыту мақсатына байланысты еліміздің жоғары оқу орындарының алдына  білім сапасына өзгерістер енгізу мәселесін міндеттейді.

ЮНЕСКО-ның шешімімен әлемдік білім саласында екі маңызды бағдарламалардың өзара кірігуі нәтижесінде («Ақпарат бойынша жалпы бағдарлама» және «Информатика бойынша үкіметаралық бағдарлама») 2000 жылы «Ақпарат бәрі үшін» бағдарламасы жарық көрді [2]. Аталған бағдарламада білім беруді ақпараттандыру жүйесінде ақпараттық технологияларды әсіресе, телекомуникациялық технологияларды, электрондық оқулықтар мен кешендерді пайдаланып оқыту ерекше орын алатыны баса айтылған. Бұдан шығатын қорытынды болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы  оқыту үдерісінде пайда болатын мәселелердің шешімін табу үшін кәсіби білім мен біліктілікті қалыптастыруды қажет етеді.

Қазақстан  Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында: жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне  қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді сондай-ақ студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді, – деп көрсетілген [3]. Мұның өзі  жоғары оқу орнында болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда қазіргі

қоғам сұранысына жауап беретін, өзін-өзі жүзеге асыра алатын, дамытатын, ақпараттық технологияларды инновациялық үдеріс ретінде пайдалана білуді міндеттейді.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі бағыты – қазіргі қоғамның талабына сай, өз еркімен шешім қабылдай алатын, бәсекеге қабілетті, ақпараттық білімділігі мен қабілеттілігі, біліктілігінің қойылып отырған талапқа сәйкес келуімен сипатталады.

Ақпараттандыру – ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізінде электрондық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық үдеріс [4].

Сонымен бірге, ақпараттандырудың педагогикалық үдеріске де тікелей қатынасы бар, өйткені білім алушылардың ақпараттануы, олардың білім, біліктіліктерінің құзыреттілігін құрайды.

Жоғары оқу орнында білім беруде болашақ бастауыш сынып мамандарының ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оқыту үдерісінде жүзеге асыруда, оның өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу қажет. Бұл өз кезегінде болашақ бастауыш сынып мамандарының ең алдымен өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өзіндік білімін жетілдіру, өзін-өзі жүзеге асыру, бақылау мен бағалаудағы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырумен сипатталады.

Болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды кеңінен қолдана білудің жоғары деңгейде болуы, олардың сапалы білім алуы, білікті маман ретіндегі кәсіби дайындығына қойылатын талаптардың бірі болып отыр.

Қазақстан ұлттық энциклопедиялық сөздігінде: «коммуникация (латынша communicatio – ортақ етемін, байланыстырамын, сөйлесіп пікірлесемін) – 1) қатысым – 1) қатысым жолы, бір орынның екінші жақпен байланысы; 2) сөйлесу, ақпарат беру. Коммуникация, негізінен, танымдық қызмет атқарып, тілдің көмегімен жүзеге асырылады» деген мағынаны білдіреді [5].

Философиялық сөздікте: коммуникация – біреумен кеңесу – «Мен»-нің өзін басқадан табуына көмектесетін, қарым-қатынасты білдіретін философияның категориясы - делінген [6].

Зерттеу тақырыбымыз бойынша коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, ақпараттық технологиялар ғылыми еңбектерде әрқырынан қарастырылып, ұлы ойшылдар мен ағартушылар, белгілі философтар, психологтар мен педагогтар зерттеулеріне арқау болған.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологиялардың мәні мен мазмұны ерте заманнан бүгінге дейін философтар, психологтар, педагогтардың көзқарастарында орын алып, бүгінгі күні қоғам талабына сай жүйеленіп келеді. Гегель [7], Аристотель [8], Б.Рассель [9], Г.Лейбниц [10], Дж.Локк [11], шығыс ғұламалары әл-Фараби [12], Ибн-Сина

[13], Ж.Баласағұн [14], және қазақ ойшылдары А.Құнанбаев [15], Ы.Алтынсарин [16] еңбектерінен бастау алғанына зерделеу барысында көз жеткізілді.

Шетел ғалымдары «құзыреттілік», «құзырлылық» ұғымдарының педагогикалық және психологиялық аспектілерін Р.Арнольд [17], Г.Влуменштейн [18], Дж.Равен [19], К.Роджерс [20], И.В.Роберт [21], қарастырған.

– болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері Ф.Ш.Оразбаева [22], С.Р.Рахметова [23], А.Е.Жұмабаева [24], З.Б.Бейсенбаева [25], Ж.Т.Дәулетбекова [26], А.Жапбаров [27], Ә.С.Әлметова [28], Ж.Н.Сулейменова [29] т.б. еңбектерінде зерделенген.

- болашақ мамандарының ақпараттық технологиялар негізінде түйінді құзіреттілігін дамыту мәселелеріне байланысты отандық ғалымдар әр қырынан зерттеулер жүргізген Н.А. Асанов [30], А.Ж. Қайдарова [31], А.Қ. Құсайынов [32], Қ.Г. Құдайбергенова [33], Е.Ш. Қозыбаев [34], Н. Катаев [35], М.Ж.Жадрина [36], Қ.М.Нағымжанова [37], А.Қ.Рысбаева [38], Б.А.Тұрғынбаева [39], еңбектерінде орын алған. Сонымен қатар зерттеу тақырыбымызға байланысты жүргізілген ғылыми еңбектерге тоқталсақ:

– ақпараттық технологияны пайдалану арқылы студенттер мен оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мәселелері Г.Қ.Нұргалиева [40], Т.О.Балықбаев [41], Ж.А.Қараев [42], Ж.У.Кобдикова [43], К.З. Халықова [44] Б.Абықанова [45] т.б.;

– оқу үдерісін жетілдіруде құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі болашақ мамандардың ақпараттық технологияларды қолдануға даярлығын, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды Е.Ы.Бидайбеков [46], Д.М.Жүсіпалиева [47], К.М.Беркімбаев [48], А.Сағымбаева [49], Б.Т. Барсай [50], Г.И.Бейсенова [51], Л.П.Әбішева [52], Б.Т.Кенжебеков[53], С.М.Кеңесбаев [54], Б.А.Досжанов [55], Г.У.Сыздыкбаева [56], А.Т.Чакликова [57] және т.б. әрқырынан зерттеген.

– білім беру саласында ақпараттандырудың түрлі аспектілері ТМД елдерінің ғалымдары оқыту үдерісінде құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік мәселелерінің теориясы мен әдістемесі, құзыреттілік мәселесімен арнайы айналысқан ғалымдар: А.В.Хуторский [58], И.А.Зимняя [59], В.А.Сластенин [60], В.С.Гершунский [61], В.В.Краевский [62], В.П.Беспалько [63], Е.В.Бондаревская [64], М.В.Кларин [65], В.М.Монахов [66], Е.С.Полат [67], В.А.Ситаров [68], И.С. Якиманская [69] және т.б.

Авторлардың еңбектеріне жасалған талдаулар құзыреттілік ұғымына берген анықтамаларының бір бірін толықтыратыны байқалды. Психологиялық тұрғыда құзыреттілік - белгілі бір ұғымдық жүйенің болуын талап ететін практикалық іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті, пайда болған мәселелер мен міндеттерді шапшаң шешуге мүмкіндік беретін ойлаудың типі, түсіну қабілеті.

Ақпараттық технология педагогикалық ұғым ретінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың бір бөлігі ретінде қарастырылып, олардың сапалық көрсеткішін сипаттап, теориялық және практикалық даярлығының біртұтастығын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың жолдарын бір жүйеге келтіріп, олардың ғылыми-педагогикалық негіздерін анықтау мәселелері толық шешілмей отыр.

Дегенмен, жоғарыда аталған еңбектерді теориялық тұрғыдан талдау, олардың ақпараттық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерінің әр қырынан зерттелгені атап өтіліп, біз қарастырып отырған мәселенің ғылыми тұрғыда әлі де болса, шешімін таппай отырғандығын дәлелдейді. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздерінің айқындалмауы және оларды тәжірибеде жүзеге асыратын әдістемелік нұсқаудың жоқтығы арасындағы қарама-қайшылықтар туындап отыр. Осы аталған **қарама-қайшылықтардың** шешімін іздестіру зерттеу тақырыбын **«Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру»** деп таңдауға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:** ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және оның әдістемесін дайындау.

**Зерттеу нысаны:** жоғары оқу орнындағы оқыту үдерісі.

**Зерттеу пәні:** болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалануы.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** егер, ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық қағидаларына сәйкес оның әдістемесі жасалып, оқыту үдерісіне ендірілсе, онда болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігі жоғары деңгейде қалыптасады, өйткені, бұл жағдайда болашақ мамандардың ақпараттық білімдері кеңейіп, оқу іс-әрекетінде жүзеге асыруға негіз болады.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану оқыту үдерісінің тиімді ұйымдастырылуына ықпалын тигізеді.

**Зерттеудің міндеттері:**

1. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық, психологиялық негіздерін анықтау.

2. Болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық технологиялар арқылы қалыптастырудың ерекшеліктерін айқындау.

3. Болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін жасау.

4. Болашақ бастауыш сынып мамандарының ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін

дайындау және тәжірибелік-эксперимент арқылы оның тиімділігін тексеру, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындау.

**Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздері:** тұлғаның іс-әрекетте қалыптасуы туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық тұжырымдамалар, ақыл-ой іс-әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы; ғалымдардың ақпараттық мәдениетті дамыту, өзін-өзі дамыту туралы тұжырымдамалары; тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, педагогикалық технологиялар туралы педагогика мен психологиядағы теориялық қағидалары, ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру туралы ғылыми тұжырымдамалары, оқытудың дидактикалық заңдары мен принциптері.

**Зерттеу көздері:** философтардың, педагогтар мен психологтар еңбектері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және көпсатылы оқу орындарының оқу үдерісіне байланысты ұсынған құжаттары (тұжырымдамалары, кешенді бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқу құралдары), педагогиканың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; ресми материалдар мен құжаттар (Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары, университеттік білім беру жағдайында оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша жинақталған әлемдік озық тәжірибелер және автордың педагогикалық, ғылыми іс-тәжірибелері алынды.

**Зерттеу әдістері:**

- теориялық (ғылыми–теориялық әдебиеттерді талдау, салыстыру, нәтижені жобалау);
- эмпирикалық (сауалнама, әңгімелесу, бақылау, оқу–әдістемелік құжаттарды саралау, студенттердің өзіндік жұмыстарын талдау, тестілеу, тәжірибелік жұмыс жүргізу);

**Зерттеудің кезеңдері:**

Бірінші кезең (2011-2012) – зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық-психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарға теориялық тұрғыдан талдау жасалды. Осы кезеңде зерттеу мәселесі, міндеттері, зерттеу көздері, пәні және ғылыми болжамы айқындалды; мүмкіндіктері зерделенді, ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың «ақпараттық технологиялар», «коммуникативтік құзіреттілік» ұғымдарының мәні нақтыланды, ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктер айқындалып, оның үлгісі жасалып, өлшемдері мен деңгейлері көрсетілді.

Екінші кезең (2012-2013) – ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісін оқыту үдерісіне енгізу тиімділігін анықтау бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді. Анықтау эксперименті барысында бастауыш оқыту

педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенттерінің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту өлшемдеріне сәйкес бастапқы білім деңгейлері зерделенді. Осы кезеңде ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған «Болашақ мамандарды бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі» арнайы курс бағдарламасы жасалып, оқыту үдерісіне енгізілді.

Үшінші кезең (2013-2014) – жүргізілген эксперимент қорытындыларын талдау, жалпылау, нақтылау нәтижелері бойынша алдын-ала жасалған қорытындыларға түзетулер ендірілді, эксперимент материалдары жүйеге келтірілді, соның негізінде, ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру динамикасы анықталды. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың тиімділігі математикалық-статистискалық тұрғыда негізделді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:**

1. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру теориялық тұрғыда негізделді;
2. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктері айқындалды;
3. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі жасалды;

**Зерттеудің практикалық мәнділігі:**

- ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында «Бастауыш сыныптарды ағылшын тілін оқыту әдістемесі» атты арнайы курс бағдарламасы мен оны іске асыратын әдістемесі дайындалды;
- зерттеу нәтижелерін жоғары және арнаулы педагогикалық оқу орындарында, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

- ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ұғым ретінде тұлғаның өзін-өзі табысты жүзеге асыруда пәндік, тұлғалық, жүйелілік құзыреттілікке қол жеткізуімен яғни мамандығына байланысты барлық іс-әрекеттерді орындауда көрініс береді;
- ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тұлғаның өзін-өзі табысты жүзеге асыруы (эмоциялық байланысқа түсе білуі, коммуникативтік міндеттерді қоя білуі, қарым-қатынастың үлгісін жасай білуі, тыңдау мен есту, оқу мен жазу, қарым-қатынасты сөзбен белсендіру,

көзқараспен, ыммен, педагогикалық талаптарды қоя отырып, этикалық норманы сақтау, дұрыс қарым-қатынас стилін таңдай білу және т.б.) мүмкін болады;

- арнайы ұйымдастырылған оқыту үдерісінде ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлерін айқындауға себепкер болып, болашақ маманның тұлға ретінде қалыптасуына ықпалын тигізеді;

- ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мүмкіндіктері олардың болашақ маман ретінде өзін-өзі жүзеге асыру үшін педагогикалық үдеріске «Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі» атты арнайы курс бағдарламасын енгізуімен іске асырылады.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі:** зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған әдіс-тәсілдердің нақты қолданылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, анықталған мазмұндық фактілер мен оқу-танымдық әрекеттерін тексерумен арнайы курсты жоғары оқу орнының тәжірибесіне енгізумен қамтамасыз етілді.

**Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу мен ендіру:** Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мәні халықаралық және республикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік журналдарда жарияланды:

Зерттеу барысында отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар жарық көрді.

1.Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың дамуы және оны пайдаланудың негізгі бағыттары // Ғылыми журнал Қазақстан жоғары мектебі.- 2012.- №2(1). 268-271 б.б.

2. Некоторые признаки педагогических технологий // Ғылыми журнал Ізденіс. - 2012.- №3.- С.266-269.

3.Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану-кәсіптік білім мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлығын қалыптастырудың маңызды элементі // Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясы Хабаршы. - 2014.- №3. 34-38 б.б.

4.Болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзіреттілігін ақпараттық технологиялар негізінде қалыптастыру//Ғылыми журнал Қазақстан ұстазы. 2014 .- №01(1). 5-10 б.б.

5.Болашақ мамандардың құзіреттілігін ақпараттық технологиялар негізінде қалыптастыру // Жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми - педагогикалық әлеуетті дайындаудың өзекті мәселелері атты

халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференция. - Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012. 281-284 б.б.

6.Көркем мәтіннің жас ұрпақ тәрбиесіндегі орны // - «Әлеуметтік жаңғырту жағдайында білім беру жүйесін жетілдіру» Халықаралық ғылыми – практикалық конференция.- Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Астана, 2013. 26-30 б.б.

7.Сущность понятия «Педагогическая технология» // Материалы VIII международной научно – практической конференций. - Чехия . 2012. – С. 8-12.

8.Social intelligence as a condition for the development of communicative competence of the future teachers // 5th World conference on Educational Sciences.- Italy. 2013. 2-5 p.p.

9.The usage of innovation technologies in formation of professional competence of the future specialists// 2nd Cyprus International Conference on Educational Research.- 2013. 540-543 p.p.

10.Tolerance in the System of World – View Culture and Moral Development // Middle- East Journal of Scientific Research.- 2014. 802-804 p.p.

**Зерттеудің негізгі базасы:**

Эксперимент жұмыстары Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде, Қожахмет Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-түрік университетінде жүргізілді.

**Диссертация құрылымы.** Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

# 1 АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырудың педагогикалық, психологиялық негіздері

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс» тақырыбындағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенттеріне оқыған дәрісінде: «Ұлттың үміті – сендерсіңдер, саналы, сапалы, білімді де белсенді жастары бар елдің қашанда еңсесі биік, болашағы зор болмақ. Сондықтан, елдің ертеңгі бақыты сендердің қолдарыңда» – деп атап көрсетті [70]. Бұл міндетті жүзеге асыруда ақпараттық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырудың мақсатына бағыттау қажеттігі айқындала түседі.

Қоғамның әлеуметтік тапсырыс талаптарына сай болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауда білім беруді жаңа сапалық деңгейге жеткізуде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану олардың білім алуда өздігінен ізденуге, білімді игеруге даярлау қажеттігі туындатады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Республикадағы әлеуметтік, саяси-мәдени жағдайларға кеңінен талдау жасап, елдің негізгі даму басымдықтарын атап көрсетті. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына қосылуына қол жеткен нәтижелері мүмкіндік туғызады. Елімізде кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, бәсекеге қабілетті және құзіретті маман дайындау бүгінгі күннің талабы. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін белсенділендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін, технологияларын жетілдіру қажет. Оқыту үдерісін белсенділендіру – берік те, тиянақты білім берудің жолдарын қарастыру, студенттердің шығармашылық ойлауына, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды келешек мамандығына қызықтыра алу, оларды өздігінен жұмыс істеуге бағыттап ұйымдастыру қажет, - деп көрсеткен болатын [71]. Бұдан білім беру саясатының келелі мәселелері – болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ақпараттық технологияларды жоғары деңгейде пайдалану, қазіргі қоғамның сұранысына жауап беретіндей білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру болып табылады.

Гегельдің пайымдауынша, тілдік таңбаның ақиқатты, нақтылы терістілігі болып, интеллигенция табылады, өйткені оның арқысында ол әлдебір сыртқыдан ішкіге айналады және енді бұл қайтадын өзгертілген формада

сақталады. Сөз сондықтан бар болмыс, тірілген ой бола бастайды. Бұл бар болмыс біздің ойларымыз үшін абсолютті қажет. Осында ішкі сыртқылық тек жалғыз анық дыбыс, сөз болып табылады [7]. Сонымен, философтың пікірін түйіндейтін болсақ, сөз ойдың ең лайықты, ең ақиқатты болмысы болып табылады.

әл-Фараби: «Мына екі затты орындау қажет: олардың әріптерінен бұрын тіпті естілмеген сөздер құрылады немесе басқа сөздердің идеясына нұсқай отырып, осыған дейін пайдаланылған сөздерді қолданады. Мүмкін бұл жалпыға мәлім шығар, бірақ та бұл ережелерге идеяларға жақын болатын және бірінші идеялардың қайсысы сөз тіркесу ережесіне сәйкес келетін атаулар беру керек. Олардың тілі өнер сияқты болып табылады: сөз арқылы үйретуге және үйренуге болады және айтылғандардың көпшілігін анықтауға болады. Егер де оларда ортақ түсініктер мен ережелер болса, оларды жазу арқылы өз әріптерін жазады және оларды сөз арқылы оқуға және оқытуға және айту үшін олардың бәрі қабылданған және қажетті. Осы ережелерді білдіретін сөздер екінші жағдайдағы сөздерге жатады. Бірінші сөздер – бірінші жағдайдағы сөздер, екінші жағдайдағы олар нұсқайтын идеялардан алынған. Осылайша адамдар төрт өнерді игереді: риторика, поэзия, тіл білу өнері және жазу өнері [12]. Бұдан шығатын қорытынды автордың айқындаған төрт өнері коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырдың негізгі көрсеткіштері болып табылады. Сондықтан да біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда басшылыққа алуды жөн көрдік.

Философ Б.Рассельдің пікірінше, тілдің басты мақсаты – қарым-қатынас болып табылады, осы мақсатқа қызмет ету үшін ол сөйлеушінің өзі ойлап тапқан жеке ара диалект емес, халықтық болуы тиіс. Сөздің нені белгілейтінін білудің екі тәсілі бар: біреуі – сөздің мәнін басқа сөздер көмегімен анықтау жолымен, бұл вербальдық анықтама деп аталады; екіншісі – сөздің ол белгілейтін объектісі дер кезінде жиі естілуі, бұл көрнекі анықтама деп аталады [9]. Бұдан шығатын қорытынды алдымен болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда осы екі анықтаманы да қолдану қажет, – деп санаймыз.

Г.Лейбництің пайымдауынша, ғылымды үш деңгейге бөліп, оның бір деңгейі – "сөз" дегенді білдіретін логика немесе ғылым. Ал, біздер бір бірімізге ойларымызды жеткізу үшін, сондай ақ, оларды меншікті падалану үшін белгілеу мақсатында біздің идеяларымыздың белгілерін мұқтажбыз. Логиканы сөзге және біздің ойымызды түсіндіруге қатысты түсіну қажет. Сөздерді түсіндіре отырып, бұл сөздіктерден көрінетіндей ғылымға саяхат жасау қажеттігін айта келіп, терминдерге анықтама беру керек, - деп тұжырым жасаған [10].

Дж. Локк тілдің басты үш мақсатын көрсеткен. Олар:

- біріншіден, бір адамның ойларын немеес идеяларын басқаларға хабарлау;
- екіншіден, бір мақсатқа барынша оңай және тезірек жету;
- үшіншіден, заттар туралы білімдерін жеткізу [11]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін

қалыптастыруда осы үш мақсаттың орындалуы тиіс. Өйткені, оқыту үдерісінде жаңа білімді меңгертуде басқаларға ойын коммуникативтік құзыреттілік тұрғысынан жеткізу қажет. Сонымен қатар, сабақтың мақсатына жетудің барынша тиімді жолын іздестіре білу арқылы жаңа білімнің күнделікті тәжірибеде қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етері сөзсіз.

Жоғары білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – осы заманғы компьютерлік, ақпараттық технологияларға негізделген, барынша сапалы кәсіптік білім беру арқылы біліктілігі жоғары және бәсекелестіктің мықты тегеуріні төтеп бере алатын мамандарды даярлау үдерісін жоғары қарқынмен жүргізу болып табылады.

Қазіргі қоғамдық өзгерістердің қарқындылығы жаңа сипаттағы мамандарды қажет етіп отыр. Бұл мамандар үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық үдерістерді талдай білуге, нарықтық бәсеке жағдайына сай шешімдер қабылдап, жүзеге асыра білуге тиіс.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі реформалау үдерісі оның мазмұны мен сапасын арттыру, білім берудің ұлттық үлгісін жетілдіру, ақпараттық технологияларды ендіруге байланысты жаңаша педагогикалық көзқарасты қажет етеді. Дүниежүзі қоғамдастығы ақпараттық технологиялық дәуірде өмір сүруде, сондықтан да болашақ мамандарды даярлауда ақпараттық технологияларды игерген мамандарды даярлау бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін білім беру жүйесіне қатысты жоғары мектепте білім беруді ақпараттандыру, педагогикалық қызмет шеберлігін бастаудың алғашқы тәжірибесіне, ақпараттық технология мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстары тәжірибесін жасауды қажет етеді. Онда болашақ бастауыш сынып мұғаліміне арнайы және кәсіби білімі мен біліктілігін қолданып жұмыс істеу қажеттігі көрсетіледі. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ бастауыш сынып мамандарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі теориялары мен тұжырымдарына тоқталып талдау жасайық.

В.А.Сластениннің пікірінше, “мұғалім жұмысының кәсіби шешуші белгісі болып - кәсіби-педагогикалық бағыттылығы болып табылады” [60]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда компьютерді, электрондық оқулықты, интерактивті тақтаны білім беру саласында пайдалануды жетік меңгертуге баса назар аудару қажет,- деп санаймыз. Зерттеу жұмысы барысында “Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемсі” мамандығын таңдап, педагог болғысы келетін жоғары оқу орны студенттерінің барлығы берілген нақты жағдайларда және педагогикалық қызметке бағытталған дайындығы бірдей дәрежеде болуы мүмкін емес. Сондықтан да болашақ бастауыш сынып мамандарының ақпараттық технологияны пайдалануға бейімделген кәсіби дайындығының жүйесіне мыналарды жатқызуға болады:

а) психологиялық дайындық, яғни педагогикалық қызметтегі ақпараттық технологияны пайдалануға бағытталған әртүрлі дәреженің қалыптасуы мен осы білім аймағында өз білімін жетілдіру қажеттілігімен компьютермен жұмыс істеу қызығушылығының бар болуы, кәсіптік ойлау қабілетін дамыту;

б) ғылыми-теориялық дайындық, яғни педагогикалық оқу орындарында ақпараттық технологияны пайдалану жағдайында кәсіби қызмет үшін қажет арнайы білім мен психологиялық-педагогикалық біліктілік қажет;

в) практикалық дайындық, яғни ақпараттық технологияны пайдаланудың кәсіби іскерлігі мен біліктілігінің деңгейіне қойылатын талаптардың қалыптасуы;

с) психологиялық және физикалық даярлығының белгілі бір мамандығы бойынша педагогикалық қызметті игеру үшін сәйкес алғы ерекшеліктері бар болуы, жеке тұлғаның кәсіби мәнді сапасының қалыптасуы, ақпараттық қоғам жағдайында педагогикалық қызмет етуге болашақ маманның денсаулық жағдайы мен физикалық даму талаптарының сәйкестігі.

Жоғарыда көрсетілген кәсіби қызметтерді орындау барысындағы даярлық түсінігінен, сонымен қатар оқу-тәрбие үдерісінде ақпараттық технологияны пайдаланып, болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту қажет, - деп есептейміз.

Психологиялық сөздікте: «құзыреттілік жеке тұлғаның қоршаған ортадағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілеті», - деген түсінік берілген [72].

А.Р.Вербицкийдің ойынша, психология жиі себептердің екі тобына бөлінетіндігін айтады, яғни танымдық себептер және жетістікті себептер. Оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу қызметтеріндегі бірінші топтқа ішкі себептерді жатқызса, екінші топқа – мақсатқа жету үшін студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін жатқызған. Бірінші жағдайда студентті оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу қызметі үдерісінің өзі қызықтырса, екіншісінде сол жеткен жетістіктерге қандай баға берілгендігі жайлы қызығушылық туады. Табысқа ұмтылу және сәтсіздіктен қашу – жетістікке жету себебінің негізі, – дейді [73]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ маман ретінде оның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда осы екі себеп те тікелей қажет, – деп санаймыз. Өйткені, кәсіби маман болу үшін белгілі оқу жоспарына сәйкес меңгеретін пәндік білім мазмұны оқу танымдық себепке жатса, екінші осы мамандық аясында олардың жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстары: курстық, дипломдық, ғылыми жоба және т.б. айналысуын екінші себепке жатады. Өзінің қалаған мамандығының иесі болуға ұмтылуындағы жетісітігі немесе тұлғалық іс-әрекеті десек те болады.

Психология ғылымында тұлғаның іс-әрекеттік негізгі сипаттамалары заттылық пен субъектілік болып табылады. Заттылықтың өзіндік ерекшелігі сыртқы әлемнің объектілері субъектіге тікелей емес, іс-әрекет үдерісінің барысында өзгертілетін күйінде әсер етуінде. Заттылық бұл адамның іс-әрекетіне ғана тән және ең алдымен тіл, әлеуметтік рөлдер, құндылықтар ұғымдарында көрінуден байқалатын сипаттама.

Субъектілік дегеніміз – адамның өзі белсенділігінің, сыртқы әлемді, ақиқат дүниені өзгертудің қайнар көзі екенідігін білдіреді. Субъектілік іс-әрекеттің тұлғалық мағынадағы бағытылығы мен таңдаулылығын анықтайтын (яғни адамның өзіне іс-әрекеттің маңыздылығын) пейілдер, қажеттілікліктер, түрткілер, бағдары, қатынастарынан және мақсаттарынан байқалады.

А.Г.Ковалев психологиялық тұрғыда іс-әрекеттің төрт құрылымды бөліктерін бөліп көрсеткен. Олар: бағыттылық, қабілеттер, мінез бен өзін-өзі бақылау.

Бағыттылық бұл – тұлға мінез-құлқының негізгі бетбұрыстарын көрсететін, тұлғаның тұрақты талғамы мен түрткілерінің (қызығушылықтар, идеалдар, бағдарлар) жүйесі. Бағыттылығы айқын адам еңбекқор, алға қойған мақсатына ұмтылғыш болып келеді.

Қабілеттер – іс-әрекеттің табыстылығын қамтамасыз ететін жеке даралық психологиялық қасиеттер.

Мінез – адамның адамгершілік – өнегелі және ырықты қасиеттерінің жиынтығы.

Өзін-өзі бақылау – бұл өзін тұлға ретінде ұғынумен байланысты өзін-өзі реттестіру қасиеттерінің жиынтығы. Осы бөлік басқа бөліктерден жоғары тұрады және олардың үстінен бақылау жасайды: іс-әрекетті күшейту немесе әлсірету, әрекеттер мен қылықтарды түзету, іс-әрекетті алдын ала жоспарлау және т.б. [74].

В.Н.Мясищевтің пайымдауынша, тұлғаның қатынасы – бұл тұлғаның тәжірибеге сүйенген ақиқаттың түрлі жақтарымен белсенді, саналы, интегралды, таңдамалы байланысы, болып табылады. Автордың ойынша, қатынас бұл қатынастардың жүйесі ретінде көрінетін тұлға жүйесін құрастырушы элементі болып табылады [75]. Бұдан тұлға қатынастарының өзі тұлға бүтіндей қоршаған әлеммен және басқа қоғаммен байланысты қоғамдық қатынастар әсерінде қалыптасатынын көреміз.

В.С.Мерлиннің тұлға тұжырымдамасындағы қатынас ұғымы орталық және жетекші рөлдерді иеленді. Тұлға қасиеттерін сипаттайтын қатынас адам қатынасын сипаттайтын басқа психикалық қасиеттер мен құбылыстардан ерекшеленетінін атап өткен. Олар:

- біріншіден, тұлға қасиеттерін анықтайтын қатынастар, сананың жеке жақтарының емес, бүтіндей сана ретіндегі қатынастары. Мысалы: байқампаздық, эмоциялық, зейінділік – сананың жеке қатынасының қасиеттері.

- екіншіден, тұлға қасиеттерін сипаттайтын қатынастар «қандай да бір объектіге, санадан тыс нәрсеге қатынасын – еңбекке адамдарға, ұжымға, заттарға т.б. қатынастарын анықтайды».

- үшіншіден, тұлға қатынастары «жоғарғы дәрежеде қоғамдық еңбек іс-әрекетіндегі ерекше мәнге ие, ақиқаттың нақты жағына арналған жоғары деңгейде жалпыланған қатынастарын анықтайды» [76].

А.Н.Леонтьевтің тұжырымдамасы бойынша, бірінші орынға субъектінің іс-әрекет категориясы иеленеді, «тұлғаны психологиялық талдаудың бастапқы бірлігі, оның әрекеті немесе операциясы не осы функциялардың блогы емес,

дәл осы субъектінің іс-әрекеті болып табылады, соңғылары тұлға емес іс-әрекетті сипаттайды» [77]. Бұдан автор іс-әрекетті тұлғаны психологиялық талдаудың бірлігі ретінде қарастырғанын көруге болады. Сонымен тұлғаның дамуы, бір бірімен иерархиялық қатынастарға түсетін, көптеген іс-әрекеттердің өзара әрекеттілік үдерісі түрінде көрінеді.

В.А.Ядовтың тұлға тұжырымдамасы бойынша, алға «топтық қарым-қатынас жағдайы» шығады. Бұл ситуациялар неғұрлым тұрақты, өйткені топтың негізгі талаптары «топтық мінез-құлық нормаларында» бекітілген, ұзақ уақыт бойында өзгеріссіз сақталады [78]. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда топтық қарым-қатынастың рөлі жоғары екенін ескере отырып, оқыту үдерісінде топтық тапсырмаларды орындату мен тілдік жаттығуларды ұсынуда басшылыққа алыну қажет деп санаймыз.

Қ.Б.Жарықбаев: қарым-қатынас біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы үдеріс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бір-бірін қабылдауы. Қарым-қатынастың үш жағы бар – интерактивті, коммуникативті, перцептивті. Қарым-қатынас деңгейлері – мезо, макро, микро, стандартты, шаблонды, жабайы, рухани, іскер, ойын т.б. Қарым-қатынас түрлері – әлеуметтік, бағдарлаушы, топтық, топаралық, және т.б. Адамдар арасындағы қарым-қатынас жасау да аса қажетті шарттардың бірі – сөйлеушілердің өз ой пікірлерін өзгелерге, тыңдаушыларға қалайда жеткізіп, оларға әсер етуді көздесе, ал тыңдаушылардың қарым-қатынас орнатудағы сөйлеуші жақтың ой пікірін дұрыс ұғынып, оны іс жүзіне асыра білу мәдениеттілігіне байланысты [ 79]. Бұдан шығатын қорытынды қарым-қатынас жасау арқылы адамдардың өмір тәжірибесі, іс-әрекеті, теориялық ой пайымдары дамиды. Бұл өз кезегінде қарым-қатынастың үнемі екі жақты үдеріс екенін көрсетеді. Қарым-қатынас жасауда адамдар өзара тілдесу арқылы бір біріне білдірмек болған ойын жеткізіп пікір алмасатынын көз жеткізуге болады.

Ә.Алдамұратов тілдің үш түрлі қызмет атқаратынын айта келіп оларға жеке жеке тоқталып өткен. Бірінші, адамзаттың қоғамдық тәжірибесі. Бұл қызмет адамның тіл арқылы білімді меңгеріп, дүниені танып білуін қамтамасыз етеді. Екінші, тілдік қатынас нәтижесінде адамдар тілдесіп, бір бірімен түсініседі. Тілдің мұндай қызметін ғылыми атауда коммуникативті қызмет деп атайды. Үшінші, әрбір адамның өз мінез құлқы мен ісәрекетіндегі даралық тәжірибелерді күнделікті тіршілікте қолданып отыруы, сөйтіп сыртқы орта мен жағдайлардың өзгеруіне бейімделуі. Адам өзінің тәжірибелерін ғана емес өзгелердің де тәжірибелерін қолданады,алға қойған мақсат міндеттерін шешеді. Мұндай әрекеттер ақыл ойымен байланысты. Мұның бәрі тіл адамның ақыл ойының әрекеттеріндегі қатынас құралы екендігін тағы бір қырынан ашып көрсетеді [80]. Бұдан автордың адамдар арасындағы қарым-қатынас жасау нәтижесінде болмыс пен оқиғалар туралы жаңа мағлұматтарды меңгереді, білімін өсіреді, өздерінің әлеуметтік тарихи тәжірибелерін өсіреді,- деген тұжырымын көреміз.

Ж.Ыдырысованың пайымдауынша, жеке адамның тұлғалық теориясының келесі талаптарын атап көрсеткен:

- жүйелі қарым-қатынастың болуы яғни басталуы;
- нақты айқындалған құрылымның болуы;
- құрылымның әртүрлі компоненттерінің өзара байланысы және логикалық қызметі адамның тұлға ретінде өзін-өзі жүзеге асыратын, өзін-өзі реттейтін жүйесінің болуы [81]. Бұл талаптар адамның тұлғалық түсінігін қанағаттнадыру тұрғысынан түсіндіріледі, адам өзін-өзі жүзеге асыратын және өзін-өзі дамытатын жүйе ретінде қарастырады. Бұдан адамның өмірі мен дамуының бастау көзі өзіндік мәнін дәлелдеуге ұмтылуы өзінің өмірлік әрекетін және нақты шығармашылығын реттеуі мен ерекшелігіне баса назар аударғанын көруге болады. Автор адамның психологиялық құрылымының орталық компоненті бұл – реттілік және ерекшелік, - деп түйін жасаған. Біз автордың пікірін басшылыққа ала отырып, болашақ мамандарды бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқытуға дайындауда аталған компоненттерге басымдық беру қажет деп, - санаймыз.

М.Қ.Бапаеваның пікірінше, коммуникативті іс-әрекет негізінде қарым-қатынас жатқандықтан адамды қарым-қатынас субъектісі ретінде қарастыруға болады. Адамның субъект ретіндегі іс-әрекеттің әрқилы түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде психикалық кемелденуіне қол жеткізуі болады, - деген қорытынды жасаған [82]. Автордың пікіріне қосыла отырып, психикалық дамуы дұрыс жетілген адамның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға болады, - деп түйіндейміз.

Қ.Сейталиевтің ойынша, қарым-қатынастың интербелсенді жағы бұл адамдардың өзара байланысын, олардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыруға қатысты қарым-қатынастың мақсаты, адамдардың бірлескен іс-әрекетінің қажеттілдігін бейнелеу болып табылады. Психологиялық тұрғыда өзара әрекет ету кез келген түрде әр уақытта белгілі түрткілерге негізделеді және нақты мақсаттарды көздейді [83]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ мамандарды даярлауда коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыруда тұлға аралық өзара әрекет адамдардың бір-біріне әрекет етуінің бірізділігін сақтау қажет. Қарым – қатынастың жетістігінің бастапқы шарты өзара әрекет етуші адамдардың мінез-құлқының бір-бірінен күткен сұраққа жауап беруімен сипатталады, – деп тұжырым жасаймыз.

В.В.Давыдовтың жетекшілігімен жүргізген психологиялық зерттеулер теориялық ойлаудың келесі құраушыларын көрсетті: теориялық талдау, жоспарлаудағы мазмұнды рефлексия. Егер эмпирикалық талдау бүтінді бөлшектеп талдау мүмкіндігімен берілсе және салыстыру кезінде пән мен құбылыстарда ұқсас қасиеттер байқалса, онда теориялық түрде кейбір бүтін немесе сыртқы бөлулер мен маңызды емес ерекшеліктеріне қатысты генетикалық негізгі көріністерді береді [84]. Бұдан шығатын қорытынды кез келген мәселені шешуде, оның ішінде ақпараттық технологияны пайдаланудың негізінде оқу-әдістемелік аспектілерін теориялық талдау олардың

құрылымының жалпы көзқарасы мен оларды шешудің жалпы тәсілдерін табуға мүмкіндік береді.

Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді [85].

Құзыреттілікті ғылыми-теориялық негізде зерттеу жұмыстары Л.А.Петровская еңбектерінен басталса, ал жалпы білім беру саласындағы құзыреттілікті зерттеу И.А.Зимняя еңбектерінен байқауға болады. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру дегенде, бірінші орынға алған оқу-танымдық мәселені шешудегі оның біліктілігі тұруы тиіс. Мұндай жағдайлар: біріншіден, қоршаған ортадағы құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; екіншіден, қазіргі заманғы техника мен ақпараттық құралдарды қолдануда; үшіншіден, адамдармен қарым-қатынаста, этикалық нормаларды, өзінің іс-әрекетін бағалауды; төртіншіден, отбасы мүшесі, сатып алушы, көрермен, қала тұрғыны сияқты күнделікті өмірде кездесетін коммуникативтік рөлдерін орындауда; бесіншіден, құқықтық және әкімшілік құрылымдарды, талап-тілегін білдіруде және эстетикалық тұрғыда баға беруде; алтыншыдан, еңбек рыногын бағдарлауды, өзінің өмірдегі орнын, өмір сүру мұраты мен стилін, келіспеушілікті шешу амалдарын табу сияқты көптеген тікелей өзіне байланысты мәселелерді шешуде қажет болады. Осы тұрғыдан қарағанда құзыреттілік ұғымы кезеңдік осы заманғы оқу парадигмасы мен қоғам тапсырысына жауап беретін болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологиялардың қолдану негізінде іске асқанын көреміз.

О.Б.Хововтың пікірінше, құзыреттілік «біліктілік» ұғымына қарағанда мағынасы кең, өйткені, біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби білім және іскерлікпен қоса топта жұмыс істеуге ынталылық, ынтымақтастық, қабілеттілік, қарым-қатынасқа бейімділігі, оқу, бағалау, қисынды ойлау, ақпаратты алу мен пайдалану, т.б. іскерліктер енеді - деп түйіндеген [86]. Бұдан болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда білім беру нәтижесіндегі жаңа түбегейлі өзгерістерді іске асыруда «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының басымдылығын айқындайтынын көруге болады.

В.В.Краевский мен И.Я.Лернердің пікірлерінше, «құзыреттілік» және «құзыр» ұғымдары абстрактілік пен нақтылық диалектикалық категорияларының арақатынасы, яғни құзыр – бұл жүзеге асырылған құзыреттілік, іс-әрекеттегі құзырлығы. Осылайша түсіндірілетін құзыреттіліктер негізгі немесе тұғырлық және қосымша немесе кәсіби болып бөлінуі мүмкін. Білім беруде тұлғаның негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталуы оны ұйымдастырудағы құзыреттілік бағытын айқындады және ол қазіргі білім беру жүйесінің әдіснамасында нақты білімділік процессуальды негізі ретінде танылып отыр, – деп тұжырым жасаған [62]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға жоғарыда авторлар көрсеткен құзыреттіліктер негіз болуы тиіс, – деп есептейміз.

С.Е.Шишов, И.Агаповтардың пайымдауынша, «құзыреттілік» ұғымын жеке тұлғаның білімі мен тәжірибесі, іс-әрекетке даярлығы және жалпы қабілеттілігі, тұлғаның оқу-танымдық үдеріске өздігінен қатысуы және оның еңбек әрекетінің нәтижеге бағытталуы болып табылады [87]. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда белгілі нәтижеге жету мақсатындағы іс-әрекетті меңгерту үшін алдымен кәсіби білімін тәжірибемен ұштастыра білуді іске асрыу қажет.

И.А.Зимняяның көрсетуінше, құзыреттілік білім алу нәтижесінде тұрақталған, білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның әрекет жасауға дайындығы және осыған орай, жалпы қабілеттерін жатқызған [59]. Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын құруда.

М.В.Рыжков құзыреттілік ұғымдарына келесілерді жатқызады:

- «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық және процессуалдық құраушы ғана емес әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтың, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды;
- құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;
- құзыреттілік ұғымының нәтижесі кіріктірілген білім мазмұны;
- құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады [88]. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда автордың ұсынған ұғымдарын басшылыққа ала отырып, оқыту үдерісін ұйымдастыруды жөн көрдік.

М.Ж. Жадринаның пікірінше, құзыреттілік оқушының мәселелерді өзіндік даму, өзіндік басқару, білім, икемділік, дағдыны пайдалана отырып шешумен ерекшеленеді [36]. Бұдан автордың құзыреттілікті нақты шындық объектілеріне қатысты тұлғалық және әлеуметтік мәні бар өнімді іс-әрекетті жүзеге асыруда қажет өзара мағыналық бағдар, білім, икемділік, дағды мен іс-әрекет тәжірибелерінің жиынтығы ретінде қарастырғанын көреміз.

Б.Т.Кенжебеков жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жөніндегі пікірін «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі», - деп тұжырымдаған [53]. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, құзыреттілік жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауда, іс-әрекеттің барысында теориялық білімінің практикалық нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыру іскерліктерінің белсенділігінен көрінеді. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан келетін болсақ, болашақ мамандардың коммунитивтік құзыретттілінің қалыптасуы олардың кәсіби құзыреттілігінің негізі болып табылады, – деп тұжырым жасаймыз.

Г.У.Сыздықбаева жоғары педагогикалық оқу орны студенттерінің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін қалыптастырудың жолдарын көрсетіп, әдістемелік кеңес бере отырып, ұсыныстар дайындаған [56]. Халықаралық стандарттар

талабына сай кәсіби мамандар даярлау және әлемдік білім кеңістігіне ену бағытындағы жұмыстарды кең көлемде жалғастыра алады. Болашақ мамандардың кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерінің негізі оның коммуникативті құзыреттілігінде деп санаймыз.

«Құзыреттілік» ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлға субъектілік тәжірбиесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым болғандықтан, белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алу,- дегенді білдіреді [110].

Соңғы кездері, «қарым-қатынас» терминімен қатар, «коммуникация» термині кең тарап жүргенін айта кеткен жөн. Алғаш рет, термин «коммуникация» (лат. communication, communicare – ортақтастыру, жеткізу, әңгімелесу) XX ғасырдың басында ғылыми әдебиеттерде пайда болып, екі негізгі жалпы теориялық құрылым ретінде шетел зерттеушілері арқылы қарастырылды: 1) бихевиоризма (коммуникацияның негізі жүйе ретінде тіл емес, тікелей кез-келген адамды тәрбиелеуге болатын сөйлеу сигналдары (дыбыстары); бұл әдістің өкілі Д.Уотсон) [89]; 2) тұлға ішкі метафизикалық қабілеті арқылы өз бойында басқа біреудің сезімдерін ашу болып табылатын коммуникация – символикалық интеракционализм (персонализм-дербестік) (Дж.Г.Мид) [90].

Отандық зерттеушілердің ойынша, коммуникацияның екі әдісімен сәйкес келетін, тілдік коммуникация мен техникалық коммуникацияны бөліп айтады. Техникалық коммуникация – ақпараттарды қабылдауға және оны жіберіп отыруға мүмкіндік туғызатын құралдардың жиынтығы. Бұл коммуникацияның компоненттері:

1) хабарлама жібергіш;
2) хабарлама жеткізгіш;
3) байланыс арнасы;
4) қабылдауыш;
5) хабарлама алушы. Тілдік коммуникацияға хабар жіберушіні, хабар алушыны, олардың әңгімелесу барысы және тілдің бөлігі ретінде хабарламаны енгізуге болады.

Мұнда, байланыс арнасы – тілдік әрекеттің ағымының талаптарына сай, хабарлама жеткізгіш пен қабылдағыш – қарым-қатынасқа түсушілердің (немесе әңгімелесушілердің) тілдік механизмінің қасиеттеріне сәйкес келеді. М.Я.Демьяненко, К.А.Лазаренколардың ойынша, коммуникацияның негізгі бес компоненті бар:

- қарым-қатынас жағдайы;
- хабарды жіберуші;
- хабарды алушы;
- сөйлеу барысының шарттары;
- тілдік хабарлама [92-93]. Қоммуниктивтік құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі болып саналатын аталған компоненттер толық қамтылуы тиіс, - деп түйін жасаймыз.

С.И.Ожеговтың сөздігінде: «коммуникация» хабар, қарым-қатынас ретінде қарастырылады. Сөйлеу – коммуникацияның құралы [91]. Синонимдер сөздігінде «коммуникацияға» және «қарым-қатынасқа» жақын синонимдер ретінде анықтама беріледі, бұл оларды эквиваленттер деп санауға мүмкіндік береді. Ағылшын тілін меңгеруде коммуникация қарым-қатынас рөлін атқаруы тиіс. Шет тілінде сөйлеу, сөйлесу арқылы қарым-қатынасқа түсе отырып тіл меңгертілетінін ескеру қажет.

А.Б.Добрович коммуникацияны іске асыру барысында төрт негізгі фазаны келесілерді көрсеткен:

- іс-әрекетке ниет;
- әрекеттің ситуациясын нақтылау;
- әрекеттің өзі;
- әрекеттерді жинау [92]. Ағылшын тілін меңгертуде болашақ мамандардың осы төрт фазаны іске асыра білуі тиіс. Сонда ғана олардың тілдік қатынасы қалыптасады.

Г.М.Андреева қарым-қатынастың тұжырымдамасы бойынша, қабілеттердің келесі түрлерін бөліп көрсетіледі: 1) тұлғааралық коммуникация; 2) тұлғааралық әрекет; 3) тұлғааралық қабылдау [93]. Қабілеттің бірінші түрі, қатынастың ауызша емес (вербальды емес) құралдарын, рациональды және эмоциональды ақпараттарды жіберуді және т.б. қолдануды қамтиды. Екінші түрі, қоршаған ортаның өзгеруімен байланысты ойдың интерпретациясына кері байланысты құруға мүмкіндік береді. Үшінші түрі, әңгімелесушінің ұстанымын қабылдауымен, оны естумен, сонымен қатар қатынасқа дайындықсыз ену және оны ұйымдастыру сияқты қабілетті қамтитын суырып салма шеберлік сияқты ерекшеліктерімен сипатталады. Зерттеу жұмысымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, осы қабілеттердің барлығы коммуникативтік қатынасқа жол ашады, – деп есептейміз.

Ю.М.Жуков қабілеттерді меңгеру, басқа адамдармен қарым-қатынас құра білу және оны жалғастыру әрекеті – коммуникативтік құзеттілік болып табылады, – деген анықтама берген [94]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, болашақ маман үшін басқалармен яғни оқушылармен қарым-қатынасқа түсе білу ең басты көрсеткіш, - деп санаймыз.

В.А.Кан-Калик және Н.Д.Никандров коммуникативтік құзыреттілікті адам баласының кез-келген әрекетінде кездесетін, адам болмысының бір бөлігі ретінде қарастырады. Мұндай коммуникативтік әрекеттерді жасау үшін, арнайы қабілеттерді игеру керек екенін түсіндіреді [95]. Әрине, оқу үдерісінде, тұлғаның коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыратын алдын-ала арнайы анықталып қойған мақсатты құру, яғни қалыптастырудың жолдары мен әдістері анықталған болу керек. Коммуникативтік әдіс, болашақ мамандардың тілдік формаларды ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге оларда, сол тілді шынайы қарым-қатынаста қалай қолдану керектігі жөнінде ұғым қалыптасу керек, - деген қағидаға сай құрылуы тиіс.

Г.Уиддоусон зерттеулерінен «коммуникативтік функциялар» деген ұғымды қолданғанын көруге болады. Автордың пікірінше, коммуникативтік

функцияларды, қай әлеуметтік жағдайға жататындығына байланысты бөліп қарастырады. Бұл, оқыту үдерісін тек қана қызықты етіп қоймайды, сонымен қатар әлеуметтік маңызды және білімгерлердің қоғамдағы мінез-құлқын қалыптастырады, яғни, қоғамдық тәртіптер мен ережелерге үйретеді, сонымен қатар өзге халықтардың салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген қызығушылықтарын дамытады, деген ой қорытады [96]. Бұдан шығатын қорытынды қалыптасқан коммуникативтік құзырлықтың негізгі көрсеткіштері сөйлеу мәнері және іс-әрекеттерді (мимика, яғни ымдау) қолдану болып табылады. Сонымен бірге, болашақ мамандардың жұптасып немесе топ болып қарым-қатынас жасауы маңызды болып табылады. Коммуникативтік әдісті оқыту үдерісінде қолданудың артықшылықтары, коммуникативтік қабілет олардың мотивациясын жоғары көтеруге, пәнаралық байланысты құруға жақсы мүмкіндік беріп, олардың танымдық белсенділіктерін, ойлау, өзін-өзі тәрбиелеу, бірігіп әрекет етуде коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу қабілетінің мүмкіндігінің көрсеткіші ретінде көрінуі тиіс, – деп санаймыз.

И.Н.Горелов және В.Р.Житников коммуникацияға, қарым-қатынас акті деп (немесе коммуникативтік акт) анықтама береді. Авторлардың пікірінше, коммуникация келесі компоненттерден тұрады:

- қарым-қатынасқа түсетіндер (әдетте, 2-ден жоғары адамды қамтиды);
- қарым-қатынасты тудыратын іс-әрекеттер (сөйлесу, ымдау, мимика және т.б.);
- қандайда бір мағынасымен немесе формасымен сипатталатын хабарламаның мазмұны;
- қатынас арнасы (сөйлеу, есту, көру, визуальды-вербальды органдар);
- қарым-қатынасқа түсетіндердің мотивтері (мақсат, ниет) [97]. Зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастырсақ, болашақ мамандардың қарым-қатынасқа түсе білуі, оны тудыратын әрекеттерді меңгеруі, хабарламаны, қатынасқа түсуге ынтасының болуы қажет деп есептейміз.

Кан-Калик, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру міндетінің келесі кезеңдерін ұсынады:

- коммуникативті міндетті түсіну;
- әуелгі берілген міндеттерді талдау;
- болжамды ұсыну;
- коммуникативті әрекеттесттіктің әдістерінің жүйелерін анықтау:
- мәселелердің шешілуі [95].

Бірінші кезеңде, педагогикалық мақсатты іске асыруға қажеттігі талап етілетіндіктен, коммуникативті міндетті түсіну алдыңғы қатарға шығады. Коммуникативті міндетті анықтағаннан кейін, оқытушы жағдайларды саралайды, онда болашақ мамандардың жасы, ұйымдастырушылық мүмкіндіктері ескеріледі. Болжам болашақ мамандардың өзінің рөлін орындауын болжауға мүмкіндік береді.

Бұл үдеріс, болашақ мамандардың жеке ерекшеліктерін, коммуникативтік құзыреттілік деңгейін ескере отырып, жұмыс жасайтын оқытушының бағдарымен байланысты болғандықтан, коммуникативтік әрекеттесттіктің

әдістер жүйесін анықтау үшін өте маңызды. Міндеттің шешімін табу үшін оқытушы өзінің мақсаты мен міндетіне сәйкес таңдап алатын, қатынастың вербальды және вербальды емес құралдарын қолдану арқылы коммуникативтік міндеттерді тікелей іске жүзеге асырады.

Жоғарыда көрсетілген кезеңдерді қарастыра келе, коммуникативтік акт ағымының негізгі сатыларын көрсете аламыз.

- негізгі мағынасын анықтау (қажетті лексиканы таңдау, әңгімелесушіге бағдарлану және т.б.);
- қатынастың ағымы;
- қатынастан шығу.

Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оқытушының ең ұстанымды міндеттерінің бірі – қарым-қатынастың жоғары деңгейіне сай қабілеттер мен білімді игере алатындай жағдайларды ұйымдастыру болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге сәйкес, коммуникативтік құзыреттілік келесі компоненттерді қамтиды:

- эмоциональды (эмоциональды көмек, эмпатия, басқа адамға деген сезімталдық, бірге қайғыра алу, оның әрекетіне деген назар);
- когнитивті (басқа адамның түсінігімен байланысты, басқа адамның мінезін болжай алу қабілеті, адамдар арасында пайда болған әртүрлі мәселелерді пайдалы шешу);
- мінез-құлықтық (баланың серіктесттікке деген қабілетін, қатынастағы нақтылығын, ұйымдастырушылық қабілеттерін және т.б. көрсетеді).

Коммуникативтік құзыреттілік – адамға, қоғамдағы өмір ережелері мен тәртіптерін нақты орындауға мүмкіндік беретін коммуникативтік шеберлік. «Компетенция» термині (латын тілінен аударғанда «сәйкестік») құзырлы тұлға білім мен тәжірибені игерген сұрақтар жиынтығы дегенді білдіреді.

Коммуникативтік құзыреттілік:

- нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін ауызша және жазбаша түрлі байланыс құралдарын қолдануға;
- әдіскер-ғалымдардың анықтамаларын, идеяларын талдауға;
- әдептілік талаптарына сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;
- өз пікірін айта білуге, оның ішінде басқа да пікірлермен келісе білу, қарым-қатынас диалогына түсе отырып, жанжалдық ахуалдарды шешуді жүзеге асыруға;
- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі оқытушымен, білім алушылармен топта қарым-қатынас құруға мүмкіндік береді.

Ф.Ш.Оразбаеваның пікірінше, «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны «жалпы қарым-қатынас», «араласу», «хабарласу», «байланыс» деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу үдерісін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілік болып табылады [98]. Бұдан автордың «коммуникация» сөзін «қатысым» деп танып, қазақ тілін оқыту

әдістемесінде жаңадан «тілдік қатынас», «тілдік қарым-қатынас», «тілдесім», «жазылым» және т.б. терминдерін тілдік айналымға енгізгенін көреміз.

К.Данцигер коммуникативтік құзыреттілік – бұл адамның коммуникативтік қызметінің мүмкіндіктеріне сай жүзеге асыра білуі. Коммуникативтік құзыреттіліктің негізі серіктесінің орнына өзін қоя білу, қарым-қатынасты әңгімелесуші қабылдайтындай әрі түсінікті етіп құра білу іскерлігі,- деп анықтаған [99]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігі олардың келешекте атқаратын қызметінің негізі көзі болып табылатындықтан, әрбір студенттің басқалармен қарым-қатынасқа түсуде өзінің ойын еркін, логикалық тұрғыда жүйелі жеткізе білуі, серіктесін тыңдай білуге жеткізуге болады,- деп тұжырым жасаймыз.

Л.Д.Столяренко оқытушы мен білім алушылардың табысты қарым-қатынас орнатуға кедергі келтіретін бес себебін көрсеткен:

- оқытушы студенттің жеке ерекшелігін ескермейді, оны түсінбейді және оны түсінуге тырыспайды;
- студент өзінің оқытушысын түсінбейді, сондықтан ол оны өзінің тәлімгер ретінде қабылдамайды;
- оқытушының іс-әрекеті студенттің тәртібінің мотиві мен себебіне сәйкес келмейді;
- оқытушы жоғары пікірде, студенттің өзіндігін басып, оны кемсітеді;
- студент саналы түрде оқытушының талаптарын орындамайды, ол барлық ұжымнан да жауапты [100]. Біз автордың пікіріне келісе отырып, оқыту үдерісін субъекті мен субъектілік қатынасқа құру қажет, - деген тұжырым жасаймыз. Өйткені, болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін білім алушылардың қажеттілігін өтеу алдыға шығу керек, сонда ғана оның мамандығына деген қызығушылығы артып, оқуға ынтасы артады.

А.К.Рысбаеваның ойынша, педагогикалық үдерісті табысты ұйымдастыруда мұғалім келесі міндеттерді орындауы тиіс:

- өзінің кәсіби іс-әрекетін жетік меңгеруі;
- оқыту немесе тәрбиелеу үдерісіндегі өзінің іс-әрекетінің мақсатын айқындау;
- мақсатқа жетудің жолдарын қарастыратын міндеттерді нақтылау;
- оңтайлы жағдай туғызуға ықпал ететін іс-әрекетті ұйымдастыруға формаларын жобалау;
- оң нәтиже алуды болжау;
- педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыруға тиімді әдістер мен тәсілдерді таңдап алу;
- педагогикалық ықпал етудің тиімді құралдарын айқындау;
- мүмкіндігінше шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды құрастыру [38].

Біз автордың пікіріне қосыла отырып, болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда да осы міндеттер орындалуы тиіс, - деп санаймыз. Өйткені, болашақ бастауыш сыныптар мамандары оқыту және

тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруда яғни қандайда болмасын педагогикалық үдерісте табысқа жетуге тылпынатыны сөзсіз. Бүгінгі қоғам сұранысынан туындап отырған нәтижеге бағытталған білім берудің негізі табыстылық болып табылады, - деп тұжырым жасаймыз.

С.Р.Рахметованың пікірінше, қазақ тілінің төмендегі заңдылықтары басшылыққа алынуы тиіс:

- бірінші заңдылық. Тілді ұғыну барысында адам фонологиялық, грамматикалық және лексикалық мағыналарды меңгереді;
- екінші заңдылық. Тілді ұғыну үшін орасан сезімталдық керек;
- үшінші заңдылық. Фонологиялық, грамматикалық және лексикалық мағыналармен қатар мәнерлеп сөйлеу, сезімге бөлене сөйледі меңгеру;
- төртінші заңдылық. Жазбаша сөйлеу ауызша сөйлеуді таңбалау, жүйесіне аудару ретінде (дыбыстық таңбаға көшіру) ұғынылады;

– бесінші заңдылық. Фонологиялық, грамматикалық және лексикалық мағыналардың барлығы «тіл материясын», яғни тіл таңбаларын – дыбыс,

– морфема, сөз, дауыс, ырғағы және тиісті жазбаша таңбалар (әріп, тыныс белгісі) – ұғыну барысында ұғынылады.

– алтыншы заңдылық. Тілге үйрену сөйлеу органдарының (өкпе, тамақ, тіл, беттің бұлшық еттері), жазатын қолдың жаттығулары, қимыл қозғалыстарының тәртіптелуі, дағдының қалыптасуы арқылы ғана іске асады;

– жетінші заңдылық. Тілге жүйелі түрде сатылап үйрету. Тіл лексика және грамматикалық формалар арқылы дамиды, екінші жағынан тіл неғұрлым бай болса, тілдік фактілер де соғұрлым тез ұғынылады [101]. Бұдан шығатын қорытынды қазақ тілінің заңдылықтарын жете меңгерген маманның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға болады.

Ф.Ш.Оразбаева бойынша, тілдесім – сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтитиын ерекше құбылыс. Ол тілдік қатынастың ең маңызды көрсеткіші бола келіп, оқылым,жазылым,айтылым,тыңдалымның іс жүзінде қолдануына мүмкіндік жасайды. Тілдесім арқылы оқу, жазу, тыңдау, сөйлеуге үйрету жүзеге асады, оларға қатысты жұмыстар атқарылады.

Тілдесім – айтылым және жазылымның өзара бірлігінен құрала келіп, қандай болмасын ақпарат негізінде адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің түрі.Бұл қарым – қатынасқа оқылым мен тыңдалымның да тыс қалмайтындығы өзінен – өзі белгілі. Тілдесім – адамдардың қоғамдық - әлеуметтік өмірде бір – бірінің ойын бірі ауызша да, жазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы. Жалпы арасындағы тілдесімнің кең тараған түрі бар.

1. Ақпараттық
2. Ықпалдастық
3. Қабылдамалық

Ақпараттық – сөйлесім әрекекті кезінде адамдардың бір – біріне мағлұмат бере отырып пікірлесуі; оймен, идеямен, әр түрлі хабарлармен алмасуы.

Ықпалдастық – тілдесім кезінде адамдардың бір – біріне дәлелді пікір мен әсер етіп, тілдесушілердің бір – біріне ықпал етуі.

Қабылдамалық – тілдесім процесінде адамдардың бір – бірінің пікірін, ойын екіншісінің қолдануы [102].

Ә.Е.Жұмабаеваның пікірінше, синтаксисті дамыта оқыту әдістері мен тәсілдерінің негізін мына тұжырымдар құрады:

- теориялық білім мен оған қатысты біліктіліктер арнайы оқу тапсырмалары арқылы меңгертіледі;

- мұндай оқу тапсырмалары синтаксис туралы жалпы ұғымдарын қалыптастырудың жолы мен әдістерін меңгертудің көзі болып табылады;

- баланың оқу танымдық әрекетінің белсенділігі, дербес әрекеті оқу тапсырмалары негізінде ұйымдасады. Демек, оқу тапсрымалары бала үшін тек қана білім мазмұнын бекітудің, меңгертудің жолы ғана емес, белгілі бір ойлау механизмдері мен әдістер негізінде игерілетін нәтижеге жетудің жолы болып табылады, - деген тұжырым жасаған. Сонымен қатар автор «Қазақ тілі» пәнінен меңгертілетін төмендегі коммуникативтік құзыреттіліктерді атап көрсеткен:

- *жазбаша қатынас аспектісі* - өз ойын қазақ тілі нормасына, қойылған мақсатқа сәйкес жеткізеді, тілдік бірліктерді сөйлеу жағдайларына сәйкес барабар қолданады;

- *көпшілік алдында сөйлеу аспектісі* - сөйлеу жоспарын дайындайды, көпшілік алдында сөйлеу нормаларын: (кідіріс, логикалық екпін, интонация, сөйлеу қарқыны, т.б.) сақтайды;

- *диалог аспектісі* пікірталасқа қатысады, топтық жұмысқа қатысушылармен диалогқа түседі;

- *өнімді топтық қатынас аспектісі* - оқушылар өз идеяларын түсіндіреді, ұсынады, өзге топ мүшелерінің идеяларына өз көзқарастарын дәйектейді [24]. Біздің зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, бастауыш сыныптардан шет тілін оқыту тәжірибеге енгізілгендіктен, қазақ тілін оқытуда қалыптастырылатын коммуникативтік құзыреттіліктер ағылшын тілін оқытуда да қалыптастырылуы тиіс, - деп санаймыз.

Г.Уәйісованың ойынша, бастауыш сыныптарда грамматикалық ұғымдарды меңгертудің тиімді әдістемелік жағдайларына төмендегілерді жатқызады:

- оқушылардың белсенді ойлау қызметін іске қосу. *Бұл проблемалық әдіс деп аталады.* Кез келген жаңа грамматикалық ұғымды меңгерту барысында оқушылардың психологиялық-физиологиялық қабылдау мүмкіндіктеріне қарай проблемалық жағдай туғызу мұғалімнің шеберлігіне байланысты:

- сөзге немесе сөйлемге қатысты оқушылардың лингвистикалық көзқарасын дамыту. Оқушыларға бастауыш сыныптарда берілетін грамматикалық ұғымдардың бәрі ең басты мақсатқа – олардың ойларын дұрыс, әсерлі баяндай білу қабілетін дамыту мақсатына бағытталуы тиіс;

- өтілген грамматикалық ұғымдардың айқын және көмескі белгілерін меңгерту;

- жаңа меңгерілген ұғымда бұрын өтілген грамматикалық ұғымдар жүйесімен байланыстырып отыру.

Бұл *әдісті берілген білімді жинақтап отыру әдісі деп атайды;* - жаңа меңгерілген грамматикалық ұғымды түсіндіру үшін оқушылардың бұрынғы білімдері мен дағдыларына сүйеніп отыру. Жаңа тақырыпты меңгертудің бұл әдісі, біріншіден, оқушылардың өткен сабақтардағы мағлұматтарды ұмытпауына, оны жаңа ұғыммен байланыстыра білуіне жағдай туғызады. Екіншіден, бұрынғы дағды жаңа тақырыпты игеруді жеңілдетеді; - грамматикалық ұғымдарды көрнекі құралдар көмегімен меңгерту. Бұл әдісте мұғалімнен ерекше шеберлікті талап етеді. Тақарыптың сипатына қарай көрнекілікті түрлендіріп, пайдалану қажет [103]. Біз автордың құнды тұжырымын ағылшын тілінде грамматиканы меңгертуде аталған әдістемелік жағдайларды басшылыққа алу қажет, - деп санаймыз.

Б.А.Тұрғынбаева бойынша, белсенді оқыту формаларын шартты түрде эвристикалық (шығармашылық, бағдарламалық емес, жаңаша шешім қабылдауға бағытталған), бағдарламалық (алгоритмдік, белгілібір бағдарламамен, тәртіппен орындалатын) деп бөліп қарастырған. Мұндағы басты айырмашылық бағдарланатын формалар мен әдістер үшін нақты алгоритм не ереже түзіледі, ал шығармашылық үшін ғылыми негізделген модель немесе схема жасалады, - деп тұжырым жасаған [39]. Бұдан шығатын қорытынды белсенді оқыту формаларын бағдарламалық оқытудан эвристикалық оқыту формасына көшуге бағдарлау қажет. Сонда ғана біз болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыпастыра аламыз.

Л.К.Қарабаева тілдік білімді бағалау тілді білуге талап қойған кезде қолданылатын құрал ретінде анықталып, тілді үйрену бойынша әрекетін дамытуға және ынталандыруға бағытталған тетіктің маңызды қызметін орындайтындығын айта келе, шет тілдерді меңгеру деңгейі мен оны бағалаудың жолдарын көрсете алған [104]. Бүгінде елімізде шет тілін бастауыш сыныптардан бастап оқытылып жатқандықтан, тілді үйретуге бағытталған тетіктерді әрбір болашақ бастауыш сыныптың мамандары меңгеруі тиіс. Бұл өз кезегінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың бір жолы болып табылады.

Ал, Г.М.Қасымова аударушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін жан-жақты іс-әрекетте қалыптастырудың тәсілдерін, жүзеге асыру жолдары мен тиімділігін айқындаған [105]. Коммуникативтік құзыреттілік студенттерді бақылаудан өзіндік бақылауға, әлеуметтік дамытудан өзіндік дамуға, монологтан диалогқа, түсіндіруден түсінуге ауысудың негізін құрайтын педагогикалық үдеріс шеңберінде білім беру парадигмасының өзгеруімен байланысты жүзеге асырылады. Негізгі мәселе – мұғалім мен оқушы арасындағы комуникативтік қарым-қатынас. Педагогикалық коммуникативтік қарым-қатынас, қарым-қатынастың ерекше түрі, «кәсіби категориясы» болып табылады. Ол әрқашан білім беруші, дамытушы және тәрбиеленуші қызмет атқарады.

В.А.Кан-Калик: «Педагогикалық коммуникативтік қарым-қатынас тәрбиелеу, оқытудың мақсаты мен міндетін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін және педагог пен білім алушылардың өзара әсерін айқындайтын әдістер мен

құралдардың жиынтығы». В.А.Кан-Калик оқытушының коммуникативтік іскерліктері қатарына: адамдар алдына сөз сөйлей білу, қарым-қатынасқа түсе білу, түрлі жағдайларды туғыза отырып, шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру, оқу және тәрбие үдерісінде дұрыс, бір бағыттағы қарым-қатынасты құрып, оны басқара білу іскерлігін атайды.

В.А.Кан-Каликтің оқытушының коммуникативтік іскерліктері пікірі бойынша, педагог өзінің іс-әрекетімен, жүріс-тұрысы, сөйлеуі арқылы тәрбиеленушіге тірегі болуы керек. Оқытушының коммуникативтік іскерлігінің нәтижесі оқытушы сөзінің нақтылығы, түсініктілігі, көңілге жағымды үні, дауыс ырғағы, сөздерінің анықтылығы, мейірімділігі мен тартымдылығы, міне осының барлығы ұстаздың студентке ықпал ету әсерінен көрінеді [95]. Бұдан шығатын қорытынды білім алушылармен қарым-қатынас жасай отырып, педагог оның және тұлғалық ерекшеліктерін анықтайды; құндылық бағдары, тұлғааралық қарым-қатынасы, іс-әрекеті туралы ақпаратты алады. Коммуникативтік қарым-қатынас педагог пен білім алушылардың біріккен әрекетін реттейді, өзара әсерін қамтамасыз етеді, педагогикалық үдерістің тиімді өтуіне септігін тигізеді.

Г.И.Щукинаның пікірі бойынша: «коммуникативтік қарым-қатынас оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру мен бекітуіне маңызды әсер етеді» [106]. Тәрбиеленушіге сенім арту, оның танымдық ізденуіне қолдау жасау т.б. білім алуға деген қызығушылықтарын тудырады, ынталандырады. Бірқатар ғалымдардың айтуынша, педагогтар практика жүзінде қарым-қатынас ортасын құра отырып, онда тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелейді, әрі педагогқа әрі тәрбиеленушіге өзін-өзі қалыптастыруына мүмкіндік береді. Бұл университет қабырғасында әрбір болашақ маманнан коммуникативтік қарым-қатынас мәдениетін меңгеруді талап етеді, сонда ғана оларға педагог ретінде қалыптасуына мүмкіндік туады.

В.А.Кан-Калик, Е.Д.Никандров: «кәсіби-коммуникативтік педагогикалық қарым-қатынас деп педагог пен тәрбиеленушінің өзара әсерлесу жүйесін түсінеміз; яғни, ақпарат алмасу, тұлғаны тану, тәрбиелік әсер ету», - деген анықтама берген. Авторлар коммуникативтік қарым-қатынастың дәстүрлі өзара байланысқан үш функциясын бөліп көрсеткен. 1. Коммуникативтік (ақпарат алмасу); 2. Перцептивті (адамдардың бір-бірін тануы, қабылдауы); 3.Интерактивті (біріккен іс-әрекетті ұйымдастыру, реттеу) [95]. Педагогикалық қарым-қатынас, ең алдымен, коммуникация қызметін атқарады яғни, ақпарат беріледі, педагогикалық үдеріске қатысушылар арасында ақпарат алмасады. Қорыта келе айтарымыз, коммуникативтік-тілдік құзыреттілікті іске асыру үшін педагогқа қойылатын талаптар:

- ойды нақты жеткізе білу; сұрақты дұрыс қоя білу;
- грамматикалық формада дұрыс сөйлеу, сөйлеу мәдениетін меңгеру, тыңдаушысына құлақ асу;
- түсіндіру, дәлелдеу; сенім арту болып табылады.

Қарым-қатынастың маңызды функциясының бірі – интерактивті функция (өзара іс-әрекетті ұйымдастыру және реттеу), басқа сөзбен айтқанда тәрбиеленушілердің іс-әрекетін басқару, бағыт беру.

Ақпараттық технологияның арқылы оқыту үдерісінде болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуына бағдарлану білім беру ұйымдары түлектерінің дайындық сапасын айтарлықтай көтереді, еңбек нарығында олардың бәсекелестігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар олардың өзіндік субъекті ретінде қалыптасуына бағытталады.

Білім беру практикасында коммуникативтік құзыреттіліктер прагматикалық сипатта болады және ол мыналарға бағытталады:

- педагогикалық тәжірибеден пайдалыны, керектісін ала білуі;
- өзінің алған білімін тәжірибемен өзара байланысын ұйымдастыра білуі және оларды тәртіпке келтіруі;
- пәнді материалдың мазмұнын зерделеудің өзіндік тәсілдерін жасауы;
- білім алушылар алдында пайда болатын міндеттерді шеше білу іскерлігі;
- білім алуда өздігінен, шығармашылықпен іс-әрекетке түсе білу іскерлігі және т.б.

Болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқыту үдерісін ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастыруда танымдық тапсырмаларды орындауда ақпаратты жинақтау барысында ізденімпаздықты талап етеді, сондықтан мұндай тапсырмаларды орындау барысында өзекті мәселені табу, мақсаты мен міндеттерін айқындау, зерттеу әдіс-тәсілдерін белгілеу, болжам құру, болжамды тексеру, нәтиже, іс-әрекет, рефлексия арқылы жүзеге асады.

Оқыту үдерісінде мақсат қою, оны жоспарлау болашақ маманнан зеректік, ізденімпаздық, еңбекқорлық, шабыт, белсенділік, қызығушылық, өмірлік белсенді ұстаным сияқты көптеген қасиеттерді талап етеді. Сонымен коммуникативтік құзыреттілік талаптарын, сондай-ақ оларды ұйымдастыру жолдарын зерттеу мәселесін тетігін анықтау мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- болашақ мамандардың ойлау дербестігін, логикалық, жүйелі ойлауын дамыту арқылы олардың карым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға болады;
- танымдық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде ақпаратпен жұмыс істеу қабілеттері дамиды;
- танымдық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру олардың қызығушылығы мен ізденімпаздық, шығармашылықтың қалыптасуына баулиды;

Л.Т.Қожамқұлова «ақпараттық-коммуникативтік икемділік – ақпараттық-коммуникативтік мәртебелер жүйесінде адамның жағдайының өзгеруіне байланысты ақпараттық-коммуникативтік стратификациялар механизмі», – деп икемділікті құзыреттілік ұғымына жақын тұлғаның іс-әрекеті ретінде қарастырады [107]. Демек, құзыреттілік ұғымы білім, біліктілік, дағдының жай жиынтығы емес, оқу нәтижелерімен қатар білім алушылардың оқу іс-

әрекеттеріндегі кәсіби әрекеттің негізі болып табылатын коммуникативтік құзыреттіліктерді меңгеруі, – деп санаймыз.

А.Р.Вербицкийдің пайымдауынша, тұлғаның коммуникативтік құзырлығының қалыптасуының негізгі өлшемдерінің бірі, адам серіктесінің қызығушылықтары мен ұстанымдарына сәйкес өз ұстанымын бағалауға қабілетті болған жағдайдағы рефлексия болып табылады [73]. Адамның бойында ауызша және ауызша емес қатынас құралдары арқылы әнгімелесушімен қатынас құруға, оның хабарламаларын талдауға, оларға нақты жауап қайтаруға қабілеттері жақсы қалыптасқан болуы өте маңызды. Зерттеушілер, коммуникативтік құзырлықты, тұлғааралық қатынастың арнайы ортасында коммуникативтік әсерді құру үшін қажетті ішкі ресурстар жүйесі ретінде анықтады.

А.Б.Добрович коммуникативтік құзырлықты, қатынасқа әрдайым дайын болу деп қарастырады [92]. Бұдан шығатын қорытынды коммуникативтік құзырлықты ғалым сана, ой тұрғысынан түсіндіреді. Адам ойланады, бұл оның сұхбат үстінде жүргенін көрсетеді, сондықтан адам әрдайым өзінің интуициясына сәйкес айнымалы жағдаятты қарым-қатынасқа түсуде ескеріп отыруы керек. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігі алған білімдерін тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін сипаттайды. Болашақ мамандардың комуникативтік құзыреттілігі оқыту үдерісінің негізгі сапа көрсеткіші ретінде оның жетістігі қойылған педагогикалық мақсатқа жетудегі ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану арқылы субъектілік карым-қатынасқа түсе білуі, – болып табылады.

Коммуникативтік құзыреттілік бұл коммуникативтік мәдениеттіліктің бөлінбейтін құрамдас бөлігі болып табылады. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қоғамдық сұраныстан туындап отырған мәселе болғандықтан, коммуникативтік мәдениеттіліктің жоғары деңгейіне жеткізу үшін үнемі жетілдіруді қажет етеді. Сондықтан білім берудегі құзыреттілік амалдар қазіргі білім мазмұнының негізі болып отыр. Болашақ бастауыш сынып мамандарының даярлығында білім беру нәтижелерін айқындау білімді меңгертумен ғана айқындалмайды, сонымен қатар кәсіби міндеттерді шешуді де талап етеді. Коммуникативтік құзыреттілікті кәсіби құзыреттіліктің негізі ретінде қарастыруға болады.

В.Б.Кашкиннің пікірінше, коммуникативтік құзыреттілік белгілі коммуникативтік міндеттерді шешу және алға шығару қабілеті: коммуникативтік мақсатты айқындау, жағдятты бағалай алу, серіктестіктің қарым-қатынас мүмкіндігін ескеру, коммуникативтік табыстылықты бағалау, өзінің коммуникативті мінез-құлқын жөндеуге дайын болуы, - болып табылады [108]. Басқаша айтатын болсақ, коммуникативтік құзыреттілік болашақ маманның коммуникативтік ресурстарды тиімді қолдана білуі болып табылады.

Коммуникативтік құзыреттілік қажетті тілдік білімді меңгеруді, адамдардың қоршаған ортамен, топтың жұмыс істеу дағдыларын, ұжымда әртүрі әлеуметтік рөлдерді меңгеруі және т.б. өзара әсер етудің мүмкіндіктерін меңгерумен

байланыстырады. Осыларды оқу үдерісінде меңгерту үшін қарым-қатынастың қажетті және жеткілікті шындық объектілері, оларды білім беру салаларының әр деңгейіне сәйкес әрбір пәнді меңгерту үшін жұмыс істеудің әдіс-тәсілдері бар. Білім алушылар сауалнамаға жауап беру, хат жазу, өтініш жазу, сұрақ қою, әңгімелесу және т.б. білуі тиіс, – деп қорытынды жасаған [46]. Зерттеу тақырыбымыз болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру болғандықтан, автордың пікіріне қосыла отырып, ішкі коммуникативті ресурстарды кез-келген жағдайда субъекті мен субъективтінің қарым-қатынасқа түсуінің тиімді жолдарын меңгеруі тиіс, – деп санаймыз. Өйткені, коммуникативтік құзыреттілік өзара түсіністікке әкелетін екі жақтың пікір, ақпарат алмасуы болып табылады.

П.И.Пидкасистый бойынша, коммуникация адамдар арасындағы байланыстың бір түрі. Коммуникация адамдар арасында ақпарат алмасу, ал кең мағынасында қоғам мен табиғаттың жүйелері арасындағы байланыс. Коммуникациялық үдерісті талдау арқылы келесі негізгі элементтерді бөліп көрсеткен: - адресат – ақпарат көзін жіберуші;

- ақпарат – хабарлама мазмұны; байланыс каналы, код немесе ақпарат жеткізу құралы;
- адресат – хабарламаны қабылдаушы; нәтиже – қорытынды да жеткен жетістік [109].

Жоғарыда жасалған талдауларға сүйене отырып, коммуникативтік қарым-қатынас тиімді нәтижеге жету үшін келесі бағыттарды бірнеше кезеңді қамтитынын көрсетеміз:

- қарым-қатынасқа түсу қажеттілігі (серіктес адамға ықпал ету, қажетті ақпаратты жеткізу, өзіне ақпарат алу) басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуге қызығушылығын ояту;
- қарым-қатынасқа түсу мақсатын айқын білу, қарым-қатынас жағдаяттарына бағыттарының болуы;
- қарым-қатынастың серіктес тұлғаға бағытталуы;
- адам өзінің не айтатыны туралы алдын ала түсінігінің болуы, өзінің қарым-қатынасқа түсу мазмұнын жоспарлауы;
- кейде саналы, (кейде саналы емес) тұрғыда қарым-қатынасқа түсу барысында нақты құралдарды, тілдік фразаларды, қалай сөйлеуді, айтуды, өзін қалай ұстауды шешуі;
- серіктестің жауап беру бағасы және оның қабылдау реакциясы, қайта немесе кері байланыс негізінде орнатылған тиімді қатынасты қадағалау;
- қарым-қатынас әдістерін, стилік түзету бағыттары. Бұл бағыттардың біреуінде кемшілік кетсе, онда қарым-қатынас актілерінде күтілетін нәтижеге қол жеткізе алмаймыз, сондықтан оларды толық жүзеге асыруға баса назар аудару қажет.

Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бұл бір бірімен қарым-қатынасқа түсу қажеттілігі мен оны орнату қабілеттілігінен тұрады. Болашақ мамандардың тиімді қарым-қатынасқа түсуі: серіктестікте өзара қарым-қатынаста өзара түсіністігін айқындайды, кез-келген жағдаятты

жақсы түсінеді, мәселені шешетін қарым-қатынас құралын, мақсатқа жетуде тілдік ресурстарды ұтымды қолдануды меңгереді.

Жоғарыдағы айтылған теориялық идеяларға сүйене отырып, зерттеу тақырыбымыз бойынша, *болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігі – алған теориялық тілдік білімін тәжірибеде пайдалана білу белсенділігі, болашақта таңдаған мамандығына сәйкес кәсіби даярлығына қатысты қарым-қатынас әдістері, технологиялары мен құралдарын меңгеруде ақпараттық технологияларды саралап, өзінің даму деңгейіне сәйкес келетін және қоршаған ортаның әсер ету факторларын шеше алатын тұлғаның қасиеттер жиынтығы, – деген өз анықтамамызды береміз.*

Қорыта келе, әрбір болашақ маман өзінің тұлғалық сапасын, дағдыларын жетілдіруге, толықтыруға, сыртқы әлеммен тілдік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, кәсіби мамандықтарында кездесетін тілдік ерекшеліктерді меңгерген, өзінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша алған білімі мен білігінің негізінде тілді үйрету әдістемесін тәжірибеде шығармашылықпен қолдануда белсенділік танытуға ұмтылуы тиіс, – деп тұжырымдаймыз.

## 1.2 Болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мүмкіндіктері

«Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы» мен «Бастауыш және орта кәсіптік білімді ақпараттандыру» бағдарламасында білім беруді ақпараттандыру жүйесінде ақпараттық технологияларды әсіресе, телекомуникациялық технологияларды, электрондық оқулықтар мен кешендерді пайдаланып оқыту ерекше орын алатыны баса айтылған. Осы басым бағыттардан туындайтын міндеттерді шешу білім алушылардың оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы практикалық іс-әрекетте пайда болатын мәселелерді шешімін табу үшін кәсіби білім мен біліктілікті, құзыреттікті қалыптастыруды қажет етеді.

Қазіргі замандағы кәсіби білім беру негізгі екі жағдайда, атап айтқанда, ақпараттандыру мен жетілдіру жағдайында дамып отыр. Егер оны «ақпарат» атты жалпы ғылыми категориясыз қарастыратын болсақ, онда қазіргі замандағы болмыс біржақты әрі толық болмаған болар еді. Бүгінгі күні адамның әлеуметтік-экономикалық іс-әрекеттері оны жүзеге асыруға қажетті білімдер көлемінің шұғыл өсуімен қиындап, күрделеніп отыр. Демек, бүгінгі уақытта білім беруді ақпараттандыру постиндустриалдық қоғамның интеллектуалдық базасын құрудың міндетті шарты болып табылады.

А.Д. Урсулдың анықтамасы бойынша ақпараттандыру – бұл «ақпараттық қоғам құру мақсатында ақпарат құралдарының көмегімен басқару мен дамудың қоры ретіндегі ақпараттарды меңгерудің жүйелік-әрекеттілік үдерісі және оның негізінде өркениет прогресін одан әрі дамытуды жалғастыру. Оның мақсаты: жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы интеллектуалдық әрекеттерді жаппай жетілдіру, постиндустриалды қоғамның талаптарына сай келетін, ой-өрісі жаңа типтегі мамандарды дайындаудың сапасы мен тиімділігін түбегейлі көтеру, жаңа ақпараттық мәдениетті қалыптастыру»,– болып табылады [110]. Болашақ мамандардың ақпараттық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін жетік меңгеріп, қоғам сұранысына жауап беретін, бәсекеге қабілетті, коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан, ақпараттық мәдениет пен ақпараттық сауаттылығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету көзделеді.

Білім беруді ақпараттандырудың заманауи сатысы үлкен сыйымдылықтағы, тез әрекет ететін тасушылары бар, жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялы, мультимедиалық технология мен виртуалдық шындық жүйесі бар күшті жеке компьютерлерді қолданумен сипатталады. Ақпараттандыру үдерістерін, оның себептері мен әлеуметтік салдарын философиялық түсінуге бүгінгі күні ерекше назар аударылатыны өте маңызды.

Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандырудың көптеген әрі әртүрлі міндеттерін атауға болады: оқу үдерісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде мамандарды даярлаудың сапасын көтеру;

оқытудың белсенді әдістемелерін қолдану; оқу әрекеттерін интеллектуалдық және шығармашылық құрайтындарды көтеру; білім беру әрекеттерінің әр түрін (оқулық, зерттеушілік) кіріктіру; ақпараттық және коммуникациялық технологияларды білім алушының танымдық әрекеттерін белсендіру мен мотивациясын көтеруге ықпал ететін оның жеке ерекшеліктеріне сай бейімдеу; қашықтан оқытудың технологиясын жасау; оқыту үдерістерін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру; болашақ педагог мамандарды кәсіби, арнайы дайындау үдерісінде оқытудың ақпараттық технологияларын енгізу.

Демек, білім беру саласында заманауи ақпараттық технологияларды дидактикалық құрал ретінде, кәсіби әрекеттердегі құрал ретінде, сараптық жүйе мен шешімдерді қабылдауды қолдау жүйесі ретінде, оқыту мен зерттеу әрекеттерін шығармашылық құрайтындарды көтеру құралы ретінде бірнеше бағытта қолданылады.

Бүгінгі заманда ақпараттандыру үдерісі білім алушылар мен оқытушылар еңбегінің өнімділігін көтеру құралы ғана емес, сондай-ақ, адамның кәсіби әрекеттері мен өмірінің бір бөлігі ретінде, қоғам өмірінің көрінісін қалыптастыратын, әлеуметтік қарым-қатынастар мен үдерістерді реттейтін факторлар ретінде түсіндіріледі. А.И.Ракитов, И.В.Соколова және Ю.А.Яковец атап өткендей, ақпараттандыру үдерісі бірнеше бағыттардан тұрады: компьютерлендіру, медиатизациялау және интеллектуалдандыру [111].

Компьютерлендіру ақпараттарды іздеу мен қайта өңдеу құралдарын жетілдіруге бағытталған; медиатизациялау ақпараттарды жинау, сақтау мен тарату құралдарын жаңартудан тұрады; ал интеллектуалдандыру ақпараттарды тудыру мен қабылдауға деген адамдардың білімдері мен қабілеттерін дамытумен, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін көтерумен және жасанды зерде құралдарын қолдану үшін мүмкіндіктерді жасаумен байланысты болады.

Компьютерлендіру үдерісі басқа екі үдерістен басым болғандықтан «ақпараттандыру» түсінігінің өзін көбінесе компьютерлендірумен теңестіреді, бірақ та жоғарыда айтып кеткендей, бұл терминді бұлай түсіну толық емес әрі бір жақты болып табылады. Еліміздегі білім беруді ақпараттандыру үдерісі өз жолында бірнеше, арнайы кедергілерді, мәселелерді кездестірді, солардың ішінен ақпараттармен жұмыс істеу тәсілдерінің есептеу техника құралдары мүмкіндіктеріне сай келмейтін инфрақұрылымдардың тиісті дәрежеде дамымауын, ұйымдастырушылық мәселелер мен кадрлық мәселелерді атауға болады.

Білім беруді ақпараттандыру бүкіл білім беру үдерісін қамтитын маңызды фактор болып табылады. Оның дәстүрлі ұстанымдарымен қатар ақпараттық технологияларды жекелендіру, ақпараттық ағымдардың көп каналдығы, ақпараттық өнімдер мазмұндарын әмбебаптау мен қолдану ұстанымдары да маңызды орын алып отыр. Жекелендіру ұстанымы электрондық өнімдермен білім алушылардың жеке жұмыстары үшін жағдай жасауды, түсінікті пайдаланушылық интерфейсті қолдануды, әртүрлі деңгейдегі оқытушылар құрамының болуын білдіреді.

Ақпараттық ағымдардың көп каналдығы ұстанымы дегеніміз – көру, есту сияқты қабылдаудың әр түрлі каналдарына сүйену арқылы ақпаратты беру. Бұларға мәтіндерді, графиктерді, аудио және бейнематериалдарды, сызбалар мен кестелерді қолдану жолдарымен қол жеткізуге болады.

Байланыстың ақпараттық өнімдері мазмұндарын әмбебаптау мен қолдану ұстанымдары – бұл логикаға, интерфейске, құрылымға деген жалпы әдістерді жасау, бір бағдарламалық өнімнен екінші бағдарламалық өнімге оңай көшуді жасау мақсатында электрондық материалдар компоненттерінің жиынтығын құрастыру, сондай-ақ назарды материалдардың сыртқы әсерлері, оны қабалдау формасына емес, оның мазмұндарын қабылдауға бағытта болып табылады.

Білім беру үдерісін ақпараттау үдерісі екінші маңызды үдеріс – модернизациялаумен қатар жүреді. Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беруді модернизациялаудың мақсаты – білім беру жүйесін дамытудың тұрақты механизмін жасау. Экономиканы және әлеуметтік саланы, ғылым, техника мен технологияны, еңбектің федералдық және аумақтық рыноктарын дамытудағы сұраныстары, сондай-ақ оларды дамытудың болашақтағы қажеттіліктері білім беруді модернизациялаудың негізгі факторлары болып табылады. Білім берудің көп деңгейлік жүйесін құру, түлектерді еңбекке тартуға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасау, жұмысты таңдау мәселесі бойынша, сондай-ақ өз ісін ашуға қатысты өзінің дайын екендігін қалыптастыру модернизациялаудың нәтижелері болуы керек.

Білім беруді модернизациялаудың басым бағыттарының бірі – оның барлық сатыларына ақпараттық технологияларды енгізу. Білім беру ұйымдарында оқыту үдерісінің сапасын жақсартуды қамтамасыз ететін және жоғары оқу орындарындағы ғылымға демеу көрсететін ғаламтордың ғаламдық желісіне және жергілікті ақпаратты тораптарға қосу, жоғары оқу орындарын заманауи аспаптармен, құралдармен және материалдармен жабдықтау керектігі нақты көрсетілген.

Білім беру мен ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, адам білімі көлемінің тез өсуі – болашақ маманның, сондай-ақ педагогтың кәсіби әрекеттерге деген дайындығына қатысты көзқарастарды өзгертуге әкеледі. Ал кәсіби құзыреттіліктің негізі саналатын коммуникативтік құзыреттілік десек, ол бүгінгі күні осындай дайындықтың көрсеткіші болып табылады.

Коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мамандары кәсіби мәселелерді өздігінен әрі табысты түрде шешуге ықпал ететін кәсіби білімдерді игерген, шеберліктер мен қарым-қатынас жасаудағы жеке қасиеттерді бойына сіңірген, ақпараттық технологияларды меңгерген өздігінен, кәсіби жетілуге дайын, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталы тұлға болуы тиіс.

Кәсіби құзыреттілік негізгі, базалық және арнайы құзыреттілікте байқалады. Негізгі құзыреттіліктер – бұл қазіргі заман болмысында кез келген маманның табысты әрекеттеріне қажетті жалпы кәсіби құзыреттіліктер. Негізгі құзыреттіліктер құрамына мыналар жатады: тұжырымдамалық,

аспаптық, құнды-этикалық, кіріктірілген, контекстік, бейімделмелік, коммуникативтік.

Тұжырымдамалық құрамдас құзыреттіліктер кәсіби педагогикалық әрекеттердің негізгі теориялық негіздерін түсінуден, педагогика ғылымы саласындағы негізгі бағыттарды, философия мен әдістемелерді меңгеру мен теориялық талдаулардан тұрады.

Аспаптық құрамдас құзыреттіліктер негізгі педагогикалық тәсілдер мен шеберліктер, іскерліктерді меңгеруге негізделген.

Құнды-этикалық құрамдас педагогикалық әрекеттердің гуманистік бағыттылығын көтерумен, оның қоғам дамуы үшін маңыздылығымен, оның нормалары мен құнды нұсқауларын қабылдаумен сипатталады.

Кіріктірілген құрамдас құзыреттіліктер әртүрлі педагогикалық мәселелерді шешуде педагогикалық теория негіздерін, тұжырымдамалық ойларды практикамен байланыстыруымен сипатталады.

Контекстік құрамдас құзыреттіліктер кәсіби педагогикалық әрекеттер жүзеге асырылатын әлеуметтік, мәдени, ұйымдастырушылық ортаның ерекшеліктерін түсінуден, педагогикалық үдерісте әр адамның өзіндік қасиеттерінің көріну даралығымен сипатталады.

Бейімделмелік құрамдас құзыреттіліктер педагогикалық үдерістердің қарама-қайшылықтарын, жағдайлардың әртүрлілігін, әлеуметтік-педагогикалық өзгерістердің сипатын, жартылай белгісіздікті, адамдардың мінез-құлықтарының ықтималдық сипатын алдын-ала көре білу мен оған дайын болу шеберлігін білдіреді.

Коммуникативтік құрамдас құзыреттіліктер тұлғалар арасындағы байланыста заманауи ақпараттар ағымын, жазбаша және ауызша құралдарды тиімді қолдану, әр түрлі әлеуметтік-рөлдік педагогикалық бағыттарда диалог жүргізу, әр түрлі адамдардың өзіндік ерекшеліктерін, бағыттарын, пікірлерін қабылдай білу шеберліктерін құрайды.

Базалық құзыреттіліктің болуы нақтылы кәсіби әрекеттерге бастапқы қабілеттілік пен оны іске асыруға дайындығын білдіреді. Нақтылы жұмыстың әдістерін, әр түрлі сипаттағы нақты, кәсіби мәселелерді талқылау мен шешуге қатысуды меңгергенде базалық құзыреттілікті иеленуге болады. Әртүрлі сипаттағы базалық құзыреттіліктерді атауға болады. Олар:

- біріншіден, өз саласында нақты материалдармен талдамалы жұмыс істей білу шеберлігі, заманауи ақпараттық технологияларда іздеушілік жұмыс шеберлігі, нормативтік және іс-құжаттарымен жұмыс істеу шеберлігі, зерттеушілік әдістемелерді дайындау тәсілдерін меңгеруі;
- екіншіден, кәсіби коммуникацияны әртүрлі жағдайда қолдану үшін жазбаша және ауызша сөйлеуді меңгеру, мақсатқа сай келетін іскерлік коммуникацияны құра білу, басқару және ұйымдастырушылық дағдыларды меңгеру, өз ойын дәлелдей білу, командада табысты әрекеттер жасай білу шеберлігі, жауапты бастаманы және кәсіби жетістіктердің тұсаукесерін көрсетуге деген ынталылық.
- үшіншіден, білімді үнемі жаңартып отыруға, өздігінен білім алуға және

өзін-өзі жетілдіруге, дамытуға, іске асыруға деген ынталылық.

Арнайы құзыреттілікті дамыту еңбек тәжірибесі мен болашақ маманның қызықты да әрі ол үшін өзекті болып табылатын педагогикалық мәселелер төңірегіндегі нақты оқу тапсырмаларының, зерттеу әрекеттерінің, педагогикалық жобалаудың және шығармашылық жұмыстардың үйлесімі арқылы жүзеге асырылады.

В.И.Богословский, О.Н.Шиловалар пайымдауынша, бүгінгі таңда ақпараттық ортаның «коммуникативтік құзыреттілік» түсінігімен кеңею жағдайы тағы бір маңызды түсінік – «ақпараттық мәдениет» түсінігімен байланысты болуында, - деп тұжырым жасаған [112].

Ақпараттық мәдениет дегеніміз – ақпараттармен жұмыс істеу технологияларын және тәсілдерін, іздеу, беру, ақпараттарды өңдеу мен талдау дағдыларын меңгеру болып табылады.

Адамның ақпараттық мәдениеті – педагогтың да, білім алушының да білім алу әрекеттеріне қажетті жалпыадамзат мәдениетінің бір бөлігі, ғылыми білім алу әрекеттері құрамындағы олардың ақпараттық әрекеттерінің сапалы сипаты болып табылады. Ақпараттық мәдениет ақпараттық ортамен өзара әрекет етуде білім, дағдылар, шеберліктер мен шартты нұсқаулар кешенінің болуымен сипатталады, ол арнайы ақпараттық үдерістерді жүзеге асыруда байқалады.

Сауатты педагог өзінің ақпаратқа зәру екенін түсінуі керек, оны нақты шешім қабылдау үшін ұқсастыра білуге, таратуға, бағалауға және тиімді қолдана білуге қабілетті болуы керек. Ақпараттық мәдениет ақпараттық әрекеттерге деген қызығушылықта, оның білім алу үдерістеріндегі маңызды рөлін түсінуде, ақпараттар көздерін саналы түрде таңдай білуде және оларды өңдеудің алгоритмдерін меңгеруде, дәстүрлі, электрондық, желілік және басқа да ақпараттық қорларды кешенді қолдануда, өзін ақпараттарды тасушы және таратушы ретінде сезіне білуде, белсенді ақпараттық мінез-құлықта байқалады.

Сонымен, коммуникативтік құзыреттілік педагогикалық іс-әрекеттерге деген дайындықты заманға сай түсіндірудің негізгі түсінігі болып табылады. Коммуникативтік құзыреттілік – көп аспектілі, кең түсінік. Коммуникативтік құзыреттілік – маман ретіндегі педагог үшін «адам-адам» аясындағы кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдастарының бірі болып табылады, өйткені педагогикалық әрекеттердің негізінде коммуникация жатыр.

Бүгінгі күні «коммуникативтік құзыреттілік» түсінігі әртүрлі ғылымдармен: педагогикамен, психологиямен, лингвистикамен және информатикамен кіріктіріле қарастырылып отыр. Әр ғылым шеңберінде бұл түсінікті түсіндіруге деген әртүрлі жолдарды атауға болады.

Психологияда коммуникативтік құзыреттілік тұлғалық өзара әрекеттер жағдайының арнайы ортасына қажетті ішкі қорлар жүйесі ретінде қарастырылады (Б.Г.Ананьев, Г.М.Андреева, Н.В.Бордовская, М.С.Каган, А.А.Леонтьев, Л.М.Митина, В.Н.Панкратов, В.Н.Панферов, А.А.Реан, Е.А.Юнина, Н.И.Шевандрин, В.М.Шепель). Бұл тұрғыдан қарастырғанда

коммуникативтік құзыреттілік инварианттық жалпыадамзаттық сипаттамалардан да, сондай-ақ мәдени, тарихи шарттылықтардан да тұрады.

Қазіргі уақытта білім берудің ақпараттық технологиялар саласында терминология қалыптасты деп айтуға болады. Егер бірнеше жылдар бұрын әдебиетте «білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар», «білім берудің заманауи ақпараттық технологиялары», «электрондық-коммуникациялық жүйелер, білім берудің құралдары мен технологиялары» сынды синонимдік терминдер кездескен болса, бүгінгі таңда көп жағдайларда олар тек бір ғана «ақпараттық және коммуникациялық технологиялар» ұғымымен ауыстырылған. Барлық аталған терминдер баспа басылымдарынан бастап қазіргі кездегі компьютерлерге дейін олармен жұмыс істеу құралдарының және тәсілдерінің кең жиынтығын көрсетеді. Көптеген ақпараттық технологиялардың ерекшеліктері: олар білім беру тарихы жағынан қарастырғанда жаңа техникалық құралдарға, атап айтқанда жеке компьютерлерге, аудио, бейнеқұралдарға негізделген.

Ақпараттық технологиялар мен білім беру технологиясы ұғымдарын ажыратып алу керек. Әдетте білім беру технологиясы алға қойылған дидактикалық мақсаттарға жетуді қамтамасыз ететін тәсілдер, формалар мен құралдар жүйесі деп түсіндіріледі. Ал ақпараттық технологиялар ақпараттық үдерістерді қамтамасыз етуге бағытталады.

Әдетте ақпараттық технологиялар құралдарына микропроцессорлық техника негізінде жұмыс істейтін бағдарламалық-аппараттық құралдар мен тәсілдерді, ақпараттарды жинау, шығару, жинау, сақтау, өңдеу мен беру операцияларын қамтамасыз ететін телекоммуникация саласының, ақпараттық алмасу, аудио және бейнетехниканың заманауи құралдары мен жүйелерін жатқызады.

Дидактиканың дәстүрлі түсінігінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялар білім берудің техникалық құралдарының аналогы болып табылады. Педагогикалық технологиялар педагогтың белсенді қатысуымен осы құралдар негізінде жасалады. Ақпараттық технология құралдары өте көп, оған барлық топтардағы компьютерлер, оларды толықтырушы аппараттар, бағдарламалық жасақтамалар, радиостанциялар, пейджерлер, виртуалдық шындық жүйелері, ақпараттық жүйелер жатады.

Жоғарыда аталған ақпараттық және коммуникациялық технологиялар оқу-тәрбие үдерістерінің барлық деңгейін, білім алушының көпжақты дамуын күшейту, болашақтағы ақпараттық қоғам жағдайында жоғары оқу орындары түлектерін өмірге дайындау міндеттерін шешуге, қазіргі қоғамның ақпараттандыру үдерістеріне сай туындаған әлеуметтік тапсырыстарды жүзеге асыруға ықпал етеді.

Адам әрекеттерінің барлық аясындағы, сондай-ақ білім берудің объективтік үдерістері ретіндегі ақпараттандыру – қазіргі кездегі жетекші әлеуметтік-экономикалық мақсаттардың бірі болып табылады. Бұл үдерістің құрамдас бөлігі ретіндегі білім беруді ақпараттандыру оны қолданушылардың мүдделеріне сай ақпараттарды жинау, өңдеу, сақтау, тарату және қолдану

мақсатында кіріктірілген бағдарламалық-техникалық құралдардың, тәсілдер мен үрдістердің біртұтас жүйесін білдіреді.

Білім беруді ақпараттандырудың мақсаты: ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы интеллектуалдық іс-әрекеттерді күшейту. Білім беруді ақпараттандыру қазіргі кездегі білім беру парадигмасының шеңберінде болып, оның мынадай: білім берудің үздіксіз, ашық жүйесін қалыптастыру, білім берудің жаңартылған, сондай-ақ ақпараттандырылған технологияларын қолдану, қашықтан оқыту технологияларын енгізу арқылы білім алуда өз бағытын таңдауға мүмкіндік жасау сияқты ерекшеліктеріне де байланысты болып отыр.

Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану білім беруді ақпараттандырудың негізгі шарттарының бірі болып табылатыны айдай анық. Бүгінгі күні бұл технологияларды білім беруге енгізу мәселесін зерттеп жүрген көптеген ғалымдар (А.А.Ахаян, В.А.Извозчиков, Т.Н.Носкова, Е.С.Полат, О.Н.Шилова) оларды қолдану бүкіл білім беру үдерісін өзгертеді,- деп есептейді.

Ақпараттық технологияларды қолдану салдарынан білім беру үдерісін өзгерту негізгі екі бағытта жүргізіледі: білім беруді кеңістіктік пен уақыттық өзгерту, сондай-ақ білім беру үдерісінің барлық субъектілерінің коммуникациялық сипатын өзгерту.

Білім беруді кеңістіктік өзгерту – бұл білім беру кеңістігін кеңейту, қашықтан өзара әрекеттесу мүмкіндіктерінің пайда болуы, білім беру бағыттарының вариативтілігі. Демек, білім беру үдерісінің жаңа кеңістігін ұйымдастыруға деген қосымша талаптар пайда болады: тиісті жабдықтардың, жұмыс орындарының болуы. Осыған байланысты болашақ мамандарды даярлауға деген жаңа талаптар да пайда болады: оларға оқытушының кеңесімен немесе олардың өздігінен білім алу бағыттарын жасау, өз жұмыс кеңістіктерін ұйымдастыру, ақпараттар ағымында бағдар алу, аса қажеттілерін таңдап алып, дұрыс орналастыра білу шеберліктері қажет. Міне, сондықтан субъектінің білім әрекеттерін: жоспарлау, болжам жасау, рефлексия шеберліктері сияқты ерекшеліктері аса қажет.

Білім беруді уақыттық өзгерту, ең алдымен, қашықтан әр түрлі ақпараттармен тікелей және жанама алмасу мүмкіндіктерімен байланысты. Мұндай мүмкіндіктердің пайда болуы ақпараттық технологияларды қолдану арқылы білім беруді уақытпен ұйымдастыруға деген талаптар қатарының пайда болуын тудырады: ақпараттармен алмасудың уақытша жиегінің шектеулігін есепке алу, коммуникация уақытын нақты жоспарлаудың қажеттігі, өзара техникалық-жанама әрекеттер жасағанда уақыттың психологиялық әсерін қабылдауды есепке алу.

Ақпараттық технологияларды қолданумен білім беру үдерістерін ұйымдастырудың кеңістіктік-уақыттық ерекшеліктеріне дәлелдер ретінде, ең алдымен, кәсіби әрекеттерге қажетті білімдер мен шеберліктерді әр түрлі тәсілдермен алу мүмкіндіктерін келтіруге болады. Бір жағынан, олар оқу ақпараттарын сатылай бақылауды жүзеге асыра отырып, дәйекті түрде ұсына

білу мүмкіндігін тудырады. Ал екінші жағынан, білім алушылар сол білімдер мен шеберліктерді үдерістер мен құбылыстарды үлгілеу құралдары арқасында осы үлгілерді зерттеу арқылы, яғни процедуралық тәсілмен алады.

Электрондық оқулықтар, тесттік және бақылаушы бағдарламалар, анықтамалар, мәліметтердің оқу қоры, оқу бейнефильмдері сияқты құралдарға сүйену арқылы ақпараттарды ұсынуға болады. Имитациялық үлгілердің, пәндік-бағдарланған ортаның, компьютерлік графика мен компьютерлік үлгілеудің және олардың негізінде жасалған зертханалық практикумдар, тренажерлар мен ойындық бағдарламалардың көмегімен үдерістерді үлгілеуге болады. Осындай тәсілмен микро және макродүниедегі, ішкі күрделі техникалық және биологиялық жүйелердегі құбылыстар мен үдерістерді, үлкен және аса кіші жылдамдықпен жүріп жатқан әртүрлі физикалық, химиялық, биологиялық және әлеуметтік үдерістерді зерттеуге болады. Әр субъектіге өзінің білім алу жолын қамтамасыз ететін білім берудің ашық жүйесін құру, әртүрлі деңгейдегі қашықтан білім беру жүйесін құру, дамыту мен жетілдіруге деген талпыныстар бұған мысал бола алады. Сонымен қатар болашақ мамандарды даярлау үшін білім беруді ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді басқарудың тиімді жүйесін құру мәселесін шешу қажеттілігі туындап отыр.

Кәсіби педагогикалық білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану оған қатысушылардың: оқытушылар мен білім алушылар коммуникация ерекшеліктерінде де із қалдырады. Сөйтіп, коммуникативтік құзыреттілікті дәстүрлі түсіндіру өзгертіліп, кеңейе түседі. Ол үшін:

- біріншіден, педагогтар коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды кеңінен қолдана білуі керек, өйткені кәсіби әрекеттерді ақпаратсыз іске асыру мүмкін емес;
- екіншіден, коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы болашақ мамандарды даярлауды қазіргі заман сұранысына жауап беретін тұрғыда іске асыру қажет.

Сонымен, педагогикалық жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін талдау мақсатында әр технологияның кеңістіктік, уақыттық және коммуникациялық ерекшеліктерін қарастырып өту қажет.

Ақпараттық технологияларды талдау барысында олардың жіктелуіне сүйенеміз. Жіктелу бірнеше негіздер бойынша: ақпараттарды беру, мәлімдеменің тілі, кері байланыс мүмкіндігі тәсілдері жағынан жүргізілуі мүмкін. Бірнеше тәсілдерді біріктіру зерттеп отырған технологияларды – аудиовизуалды және компьютерлік – екі топқа бөлетін, кең мағыналы жіктеуді анықтауға ықпал етті. Аудиовизуалдық технологияларға мысалы ретінде білім берудің әртүрлі радио, аудиожазбаларын (үнтаспа, магнитті, сандық жазбаларды) қолдану сияқты технологияларын атауға болады. Визуалды технологияның мысалы ретінде статистикалық кескіндер, дыбыссыз кино технологияларын жатқызуға болады. Аудиовизуалдық технологиялар білім берудің электрондық оқулық, бейнетаспа, дыбысты кино, оқу кинолары,

білім беру теледидары ретінде ұсынылады.

Білім беру үдерісін кеңістіктік және уақыттық ұйымдастыру жағынан бейнетаспа қандай да бір білім беру материалын білім беру міндеттерін орындауға байланысты бөлшектерге, компоненттерге бөлу мақсатында жасалады. Сөйтіп, біртіндеп, қадамдап материалды тиімді меңгеруге қол жеткізіледі, жеке қарқынмен оны өздігінен меңгеру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Бірінші айырмашылық – оқу мазмұндары ақпараттар қоры және оларды меңгеру бойынша әдістемелік нұсқау болып табылатын, аяқталған, дербес кешендермен (ақпараттық блоктармен) беріледі. Сөйтіп, білім алушылар мақсатты тұжырымдау, жоспарлау, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау шеберліктерін қалыптастыра отырып, көп уақыт бойы өздігінен жұмыс істейді. Бұл оларға өздерінің білім мен шеберліктер деңгейін саналап, кемшіліктер мен олқылықтарды көре білу мүмкіндігін береді.

Білім беру үдерісін жекелендіру мүмкіндігі әдістемелік нұсқаудан, жеке орындау жұмыстарына арналған бланкілерден тұратын оқу-әдістемелік кешендерді қолдану арқасында жүзеге асырылады.

Бейнетаспамен жұмыс істеу барысында ақпараттық технология ретінде ерекше құралдармен жүзеге асырылады. Компьютерде бағдарлама құру логикасы, сұрақтар, тапсырмалар, әдістемелік қолдау құралдары, ғаламтордың қорлары мен технологияларына көшу арқылы кері байланыстың болуын білдіреді. Мұндағы «ақпараттық технология» түсінігінің өзі кең түрде түсіндіріледі: бұл субъектінің өзімен-өзінің іштей диалогы (сұрақтарға жауаптарды ойлап табу, тапсырмаларды орындау, ойлану), сондай-ақ білім алушылардың өзара және оқытушымен алынған ақпараттарды талқылауы. Сөйтіп, ақпараттық технологиялардың формалары өзгереді: ең алдымен ол модульдер арқылы, сондай-ақ қосымша интербелсенді кері байланыстар (телефон, электрондық пошта, жеке кездесулер) арқылы жүзеге асырылады. Ақпараттық технологиялардың бұл түрі оқытуды субъект-субъектілікке негізге көшіруге ықпал етеді. Оның көмегімен білім алушылардың педагогпен әр кездесуге деген алдын-ала дайындықтарының арнайы деңгейіне өздігінше, саналы түрде қол жеткізулері қамтамасыз етіледі.

Бейнетаспалар тақырыптары мүмкіндіктерінің әртүрлігі өте маңызды: олар бүкіл тақырыпты, арнайы үзінділерді, ұғымдарды, репродуктивтік және шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындау, аналитикалық немесе проблемалық мәселелерді ұсынуға бағытталуы мүмкін. Аудиовизуалды тапсырмаларды құру технологиясы әртүрлі ғылымдардың: психология, педагогика, кибернетиканың жетістіктеріне негізделеді, өйткені ол білім алушылардың ой әрекеттерін қалыптастыру, білім алу әрекеттерін басқару идеяларына негізделеді.

Компьютерлік технологиялар қазіргі уақытта жоғары қарқынмен дамып келе жатыр және ол мультимедиа, гипермәтін, модельдеу, интерактивтікпен қоса технологияның бұрыннан бар мүмкіндіктерін қолдануға ықпал етеді. Ең негізгі аспектілердің бірі – интерактивтілік, диалогты синхронды және

асинхронды құру мүмкіндігі. Технологияның басқа түрлері, мысалы видеотехнологиялар, интерактивті теледидарлар да диалогтың туындауына ықпал етеді, бірақ та мұндай диалог іштей, адамның өз-өзімен  ғана жүреді немесе өте шектеулі мүмкіндіктер береді. Компьютерлік технологиялар басқа субъектілерімен диалогтық деңгейге шығуға ықпал етеді, сөйтіп білім алушылардың белсенділігін анағұрлым арттырады.

Компьютерлік техниканың тез дамуы компьютерлік технологиялардың кең шоғырының пайда болуына әсер етеді. Міне, сондықтан да олар білім беру саласында кеңінен қолданылады. Олардың кеңістіктік-уақыттық және ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін, хабарламалар тілдерінің және кері байланыстарының ерекшеліктерін толығырақ қарастырып өтейік. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ақпараттық технологиялакрдың ерекшеліктерін талдау барысында коммуникативтік құзыреттілікті: сөйлесім, интерактивті және естілім, айтылым, тыңдалым сияқты жақтарына көңіл аудару қажет.

Кері байланыс мүмкіндігі жағынан компьютерлік технологияларды: ашық, желі бойынша қолжетімді, жабық және автономды деп бөлуге болады. Ашық немесе желілік компьютерлік технологиялардың интерактивті мүмкіндіктері өте жоғары, оларды қолдану желі бойынша өзара әрекеттесуге, ғаламтор қорларын қолдану арқылы ақпараттарды кеңінен іздеуді жүзеге асыруға, ұқсас немесе үйлесімді қорлардың тез арада басқаларына ауысуға ықпал етеді. Педагогқа өз әрекеттерінде монологтың, сондай-ақ диалогтың (полилогтың) шеберлігі мен мәдениетін меңгеру қажет болғандықтан, қарым-қатынастың сипаты жағынан аталған технологиялар монологтың, диалогтың немесе полилогтың мүмкіндіктерін жүзеге асырады. Бірақ та топта қарым-қатынастың өз ерекшелігі болатыны анық және анағұрлым күрделі.

Білім беруде аса кеңінен қолданылатын желілік технологиялардың ішінен электрондық поштаны (e-mail), жіберу тізімдері (mailing list), желілік конференцияларды, электронды журналдарды, білім беру чаттарын, бейнеконференцияларды, топтық семинарлар мен желілік кеңестерді және отандық білім беруде аса таралмаған MSN Messenger, ICQ, Web-CT, Miranda, Yahoo! Messenger, AOL Messenger,  желілік күнделіктерді (блоктарды), live journal (live-журналды) атауға болады.

Аталған технологиялар мынадай заманауи технологиялық қорларға негізделген: бүкіл дүниежүзілік мультимедиалық орта (www); мәліметтерді берудің  FIP-протоколы (алыстағы компьютерлермен мәліметтерді алмасуды жүзеге асыруға ықпал етеді); Telnet протоколы  (алыстағы компьютерлердің барлық қорларымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асыруға ықпал етеді); Gopher (салынған мәзір жүйесі бойынша ауысуды жүзеге асыруға ықпал етеді); WAIS (Wide Area Information Search). Ғаламтордың барлық желісінде негізгі сөздер бойынша іздеуді жүзеге асыруға ықпал етеді.

Қарым-қатынастың сипаты жағынан ақпараттармен алмасудың негізгі тәсілдері: электрондық пошта, электрондық конференциялар мен чат екендіктерін атап кеткен жөн. Сондықтан да оларды толығырақ қарастырып

өтеміз. Messenger, ICQ, Miranda – бұлар чат түрлері, ал желілік форумдар мен семинарлар, желілік күнделіктер электрондық конференциядан бастама алады.

Ғаламтор технологиясының ең көп тарағаны – электрондық пошта. Бұл технология бүгінгі таңда кәсіби педагогикалық білім беруде кеңінен қолданылып отыр.

Техникалық жағынан алғанда электрондық поштаның мүмкіндіктері өте зор және көптеген міндеттерді шешуге ықпал етеді:

- компьютердің пернетақтасының тікелей көмегі арқылы дайындалған немесе файлдар түрінде зердеде немесе компьютерлік бағдарламада сақталған хабарламаларды беру;
- оқу ақпараттарын принтерде басып шығару мүмкіндігімен оларды компьютердің зердесінде сақтау;
- дисплей экранында мәтіндер мен графиктерді көрсету;
- қабылданған немесе жіберілген мәтіндік хабарламаларды дайындау немесе редакциялау;
- компьютерге үйрететін бағдарламаларды жіберу.

Электрондық поштаны қолданған кезде қарым-қатынастың сөйлесім аспектісіндегі негізгі салмақ жазба сөзге түседі. Электрондық пошта екпін, ырғақ, дауыс тембрін қолдануға мүмкіндік бермейді, бұл ауызшадан анағұрлым ұзын және күрделі сөйлемдермен, басқа лексикамен ерекшеленетін, жазба сөздің ерекше стилін білдіреді. Эмоциялық жай тыныс белгілері мен ерекше таңбалар (смайликтер) арқылы беріледі.

Қарым-қатынастың естілім жағының да өзіндік ерекшелігі бар. Білім алушының ішкі жайын, оның әрекеттерге деген қарым-қатынасын ұғыну қиындатылған, өйткені жазба сөз эмоциялық жайға сәйкес келмеуі мүмкін. Бірлескен әрекеттерді ұйымдастыру (коммуникацияның интерактивті жағы) толығымен сөйлеу әрекеттері деңгейімен байланысқан. Мұнда сұрақтар мен тапсырмалар әрекеттерге тартудың құралы рөлін атқарады, дегенмен де айтылатын ой нақтыланып, оның эмоциялық әсері болуы керек.

Білім мен шеберліктер қалыптасатын сатыда педагогтың мақсатқа сай электрондық поштаны, атап айтқанда жазбаша тапсырмаларды алу, пікір алмасу үшін қолданады. Осы сатыда электрондық поштаның көмегімен кеңес беруді ұйымдастыруға болады: педагог білім алушының сұрақтарына жазбаша түрде жауап береді. Бақылау сатысында да электрондық пошта орындалған жұмыстар мен тапсырмаларды жіберу үшін жартылай қолданылуы мүмкін. Бірақ та материалды толығымен меңгеру деңгейі туралы толық ақпарат алу үшін шындық уақыт режиміндегі қарым-қатынас қажет.

Дидактикалық тұрғыдан алғанда электрондық поштаның көмегімен «жіберу тізімдері» (mailing list) режимін қолдану арқылы «виртуалды оқу сыныптарын» ұйымдастыруға болады, «жіберу тізімдері» (mailing list) режимінде серверде орнатылған бағдарламалық жасақтама қолданушылар топтарының өзара әрекеттесулеріне мүмкіндіктер туғызады.

Кәсіби әрекеттердегі қарым-қатынастық мәселелердің кең аясын шешуге деген дайындық ретіндегі болашақ мамандардың коммуникативтік

құзыреттілігін қарастыру – оны қалыптастырудың осындай мәселелерін шешу арқылы жүзеге асыру қажет,- деген қорытынды жасауға ықпал етеді. Коммуникативтік мәселелерді шешу сатыларын проблемалық жағдайларды шешу сатыларына ұқсастықтар бойынша белгілеуге болады, атап айтқанда: мәселені түсіну, мәселені қабылдау, шешу тәсілдерін қарастыру, таңдап алынған тәсілдерді жүзеге асыру, нәтижеге қол жеткізу, нәтижені бағалау, бұған өзін-өзі бағалау да кіреді.

Бұл құрылымда қарым-қатынастың субъектілік бағыты мәселені шешудің табыстылығын анықтайтын шарт болып табылады: мәселені қабылдау (мотивация) оны шешудің сапалығын, шешімдерді іздеу технологияларын (ақпараттарды талдау, жетіспейтін білімдерді іздеу, таңдап алынған тәсілдің баламалығы мен жарамдылығын бағалау) меңгеруді білдіреді, сондай-ақ әрекеттер субъектісінің маңызды сипаттамасы болып табылады. Өзін-өзі бағалаудың баламалығы одан әрі өзін-өзі жетілдіруді білдіреді.

«Әрекеттер субъектісі», «субъектілік бағыт» ұғымдары түсіндіруді қажет етеді. Әрекеттер субъектісі – адамға қарағанда анағұрлым тар түсінік, өйткені кез келген адам нақтылы уақыттың бір бөлігінде тек қана бір әрекеттің субъектісі бола алады. Психологтар бұл түсінікке біраз салалар кіреді деп көрсетеді, атап айтқанда: адамның арнайы әрекеттерді орындауға қабілеттілігін жүзеге асыратын орталық; адам организмін энергетикалық қамтамасыз ететін сезім органдары; нұсқаулар, яғни адамның әрекеттерді орындауға деген дайындығы.

Әрекеттерді орындау шеберлігі заттық мазмұнмен анықталады. Мазмұн тиісті қажеттіліктердің өзектілігі мен дәлме-дәл сыртқы жағдайлар болғанда ғана әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді. Әрекеттерді орындау шеберліктерінің бірнеше негізгі құрамдастары болады:

- біріншісі – тиісті психикалық үлгілерді өзектендіру жолымен әрекет үшін маңызды, жағдаяттар типтерінің барлығында да болуы мүмкін ақпараттарды өңдеу, талдау қабілеттілігі.
- екінші құрамдас – нақты әрекеттерді орындаудың барлық нұсқаларын немесе тәсілдерін жүзеге асыру қабілеттілігі.
- үшіншісі – жағдаяттың бар екендігі фактісінен әрекеттер тәсілдеріндегі оған барабар нұсқаға көшуді жүзеге асыруға деген қабілеттілік.
- төртіншісі – кез келген сыртқы жағдаятты әрекет үшін маңызды категориялардың біріне қатыстылығы арқылы тану қабілеттілігі. Осы компоненттердің барлығының да субъектіде бар екендігін атап кеткен жөн және де бұл әрекеттерді субъект олардың алгоритмдері туралы ақпараттардың сыртқы тасушыларының көмегінсіз-ақ орындай алады.

Кейбір әрекеттерді орындайтын адам зердесінде жағдаяттың мүмкін болуы немесе мүмкін болмауы туралы белгілер жөнінде ақпараттар болады. Әр жағдаят әрекеттердің нақты түрде көрсетілген құрылымдық элементтерінің болуын құрайды: заттар, құралдар, өнімдер мен әрекеттерді орындауға деген дайындықтың арнайы дәрежесіндегі субъект, әрекеттердің сыртқы жағдайлары.

Жағдаяттардың мұндай белгілері әрекеттердің болжалды негізін құрайды. Сондай-ақ субъект әрекеттерді орындаудың әр түрлі тәсілдерін және әрекеттің арнайы тәсілінің нысананың қай жиынтығына барабар келетіндігін білуі керек. Бұл ақпарат әрекеттердің болжалды негізін құрайды. Субъект әрекет өнімдері сипаттамаларын, яғни әрекеттің мақсаттарын білуі керек.

Әрекет мақсаттарының үш мағынасы бар. Біріншіден, әрекеттің тікелей қалаулы өнімі, яғни сыртқы дүниенің нақты өзгеруі. Екіншіден, ниетпен салыстыруға болатын зат. Үшіншіден, қалаулы нәтиже бейнесін құру мен қолдау үдерістері. Соңғы екі аспектілер тікелей әрекет субъектісі ұғымына жатады.

Сонымен, әрекет субъектісі дегеніміз – бұл өте оңды «мен» емес, адамдағы материалдық пен руханилықтың бірлестігі, өйткені әрекеттердің психологиялық механизмдерінен басқа физиологиялықтар да бар. Бұдан басқа субъектіге әрекеттерді жүзеге асыруға көмектесетін құралдар да болады. Мұндай құралдарға: оптикалық аспаптар, субъектінің сыртқы ортаға әсер ету құралдары, яғни әрекеттер құралдары, сондай-ақ әрекеттерді орындау тәртіптері туралы ақпараттарды таситын, әртүрлі материалдық нысандар жатады. Әрекет субъектісі генезисі бірнеше сатылардан тұрады. Атап айтсақ:

- бірінші сатыда әрекеттің қалаулы өнімінің ерекшеліктері туралы білімдер алынады;
- екінші сатыда осы ерекшеліктердің қайсысы кейін субъектіні қанағаттандыра алатындығы (әрекет мотиві) туралы білімдерді алу жүзеге асырылады;
- үшінші сатыда әрекеттердің негізгі құрылымдық жақтарының үйлесімділігі мен олардың әрекеттерді орындау тәртіптеріне сәйкестігі туралы білімдер алынады;
- төртінші сатыда білімдерді қолдану шеберліктерін алу жүргізіледі;
- бесінші сатыда әрекеттерді тез арада орындау нұсқауларын қалыптастыру жүзеге асырылады.

Мақсаттылық, саналылық, жоспарлық, қорытындылау, толықтық, дербестік, тұрақтылық пен жағымды қатынастар – жеке тұлғаның субъектілік ерекшеліктерінің қалыптасқандығының көрсеткіштері болып саналады.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үдерісіндегі болашақ мамандардың субъектілік бағыты оған өзінің болашақтағы кәсіби әрекеттерін толығымен қабылдап, оларды практикалық қайта өңдеу пәніне айналдыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ мұндай бағыт болашақ маманға өзінің жеке мүмкіндіктерін, болашақта тұлғалық өсуін саналауға ықпал етеді, білім алушыны шығармашылық ізденіске итермелейді. Субъектілік бағыттың маңызы кәсіби білім берудің қазіргі жағдайында аса үлкен, өйткені педагогқа да, кәсіби әрекеттердің кез келген субъектісіне де ең жоғары талаптар қойылады: ол сан алуан кәсіби мәселелерде тез бағдар алуы керек, қажет болғанда өз әрекеттері саласын өзгертуі, өз мамандығын үнемі жетілдіріп отыруы керек. Субъектілік бағыт аспектілерінің бірі мотивация, оның болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы

маңызы өте зор. Әдетте мотивация қандай да бір әрекеттер нәтижелеріне жетуге ықпал ететін қозғаушы күш ретінде түсіндіріледі. Сан алуан мотивтердің ішінен көбінесе сыртқы және ішкі мотивтер ғана аталады.

Л.М.Фридман бойынша, «Егер мотивтердің әрекетпен байланысы болмай, бірақ оны тудыратын болса, онда олар осы әрекетке қатысты сырттай деп аталады; ал егер мотивтер әрекеттің өзімен тікелей байланыста болса, онда олар ішкі деп аталады» [113]. Ішкі мотивтер субъектінің танымдық қажеттіліктерімен, таным үдерісінен алынған қанағаттанумен байланысқан. Ішкі мотивацияның басым болуы білім алушының болашақ кәсіби әрекеттерді меңгеруі үдерісіндегі өз белсенділігін көрсетуімен сипатталады.

Автордың пікірін қорытындылайтын болсақ, оқу пәні мазмұнын меңгеру мақсат емес, басқа мақсаттарға жетудің құралы болса, онда әрекет сырттай мотивацияланған болып есептеледі. Бұған сынақтан өту, дипломды, шәкіртақыны, мақтау алу, оқытушының талаптарына бағыну мақсатында тапсырманы орындау жатады. Сыртқы мотивацияда білімдік мақсат қойылмайды, білім алушы таным үдерісінен шеттеп қалады. Оқытылатын пәндер білім алушы үшін іштей қабылданған, іштей мотивацияланғандар емес, ал оқу пәндерінің мазмұндары тұлғалық құндылық бола алмайды.

Э.Ф.Зеер кәсіби бағыттылық бойынша білім алушылардың бірнеше типтерін атайды. Олар: - бірінші типке тұлғаның таңдаған мамандыққа сейкестігі жағдайын, басым, жетекші мотивтер мен кәсіби әрекеттердің мазмұндары арасындағы байланысты білдіретін жағымды кәсіби бағыттылықтағы коммуникативті құзыреттілікті меңгеруге талаптанатын білім алушылар жатады. - екінші типке мамандықты таңдауда өз таңдауларын толығымен анықтамаған білім алушылар жатады. Олар үшін екіұштылық, ал кейде мамандыққа деген жағымсыз қарау мен болашақта жоғары оқу орнында оқуды жалғастыру, сондай-ақ алған мамандығы бойынша одан әрі жұмыс істеу араларындағы коммуникативті құзыреттілікті меңгеруге талаптанатын кейде керісінше қарайтын білім алушылар жатады. - үшінші типке өз мамандықтарына жағымсыз қарайтын білім алушылар жатады. Олардың таңдау мотивациялары жоғары білімнің қоғамдық құндылықтарымен анықталған. Оларда болашақ мамандықтары туралы ұғым мүлдем жоқтың қасы. Мұнда жетекші мотив әрекеттің өзінің қажеттілігін емес, онымен байланысқан әртүрлі жағдайларды білдіреді. бағыттылықтағы Коммуникативті құзыреттілікті меңгеруге талпынбайтын білім алушылар жатады, - деген тұжырым жасаған [114]. Автордың пікірін қорытатын болсақ, біздің зерттеу жұмысымыз бойынша бірінші типтегі білім алушылар педагог мамандығын жүрегімен қалап келетін білім алушылар болуы керек,- деп санаймыз.

Ал екінші типтегі білім алушыларға оқытушылар мен эдвайзерлер тарапынан таңдаған мамандығы туралы оң пікір қалыптастыратындай жұмыстар жүргізіп, олардың педагог ретінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ету қажет. Ал, үшінші типтегі білім алушылар бұл мамандыққа кенеттен, өзінің қалауынсыз, тосыннан келгендер жатады. Олардан келешекте жақсы мұғалім шығады деп айта алмаймыз, яғни ондайлар

мамандықтары туралы әрі қарай білімін жалғастырмайды, өйткені таңдаған мамандығын жақсы көрмеген адамнан жақсы педагог шықпайды.

А.Г.Асмоловтың пайымдауынша, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру олардың жаңа білім деңгейімен келесі кезеңдерді қамтиды: I – функционалды және қарапайым сауаттылық; II – жалпы білім; III – кәсіби құзыреттілік; IV – кең мәдениеттілікті меңгеру; V – жеке менталитінің қалыптасуы [115]. Бұдан шығатын қорытынды осы үш кезеңнен болашақ маманның даярлығында оның нақты кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруда нәтижелі әрі бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші болып табылатын коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптастыруды басты назарда ұстау қажеттігінің, әсіресе функционалды сауаттылықтың болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылатын басты талап екенін ескере отырып, зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан қарастырсақ, қалған үш кезеңді осы бірінші кезеңнің аясында қалыптастыруға болдады, - деген тұжырым жасаймыз.

И.Ф. Харламов мұғалім құзыреттілігінің бірнеше сатысын бөліп көрсеткен: I – педагогикалық дағды, оқушыларды табысты оқыту мен тәрбиелеуді сауатты кәсіби деңгейде жүзеге асыру үшін оқыту мен тәрбиелеудің маңызды жүйесін және оқу-тәрбие үдерісін іске асыру дағдысы мен іскерлігін бірлестікте жетік меңгеруімен сипатталады; II – педагогикалық шеберлік, оқыту мен тәрбиелеудің жоғары деңгейіне жеткізу іскерлігі педагогикалық теорияның тәжірибеде тиімді қолданылуы нәтижесінде оқу-тәрбие үдерісінің табыстылығымен сипатталады. III – педагогикалық шығармашылық, мұғалімнің инновациялық шеберлігінен көрінеді [116]. Бұдан көріп отырғанымыздай, бірінші деңгей негізгі болып саналады, өйткені онсыз білім беру жүйесі табысты болмас еді. Ол бір жағынан мұғалімдердің іс-әрекетінде теориялық білімнің тәжірибеде жеткілікті түрде көрініс беруіне, екінші жағынан өзінің кәсіби іс-әрекетінде үнемі жетілу үстінде болатынымен сипатталады. Ал, үшінші жағдайда шығармашылықпен әрекет ететін мұғалім өзінің кәсіби құзыреттілігін инновациялық технологияларды тәжірибесінде қолдана алатынымен сипатталады.

Соңғы жылдары ғылыми–педагогикалық еңбектерде оқытушылардың кәсіби құзыреттілік ұғымы даярлық сапасына қойылатын талап немесе теориялық білімдері мен практикалық біліктілігі, тәжірибеден өткізілген кәсіби шеберлігінің маңызды сапасы ретінде қарастырылады. Біздің ойымызша, болашақ бастауыш мектеп мамандарының комуникативтік құзыреттілігі олардың білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез-құлқын, тұлға мүмкіндігін бағалаудың өлшемін мақсатына сай қарастыру болып табылады.

Жасалған теориялық талдауларға сүйене отырып, ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ***келесі ерекшеліктері айқындалды:***

- біріншіден, білім сапасын арттыруда қазіргі қоғам талабына және Болон үдерісіне енуге байланысты мемлекеттік жоғары кәсіптік білім беру стандарттарын қайта қарап, оны жетілдіру бағытында жұмыстар жасалуы тиіс. Әлемдік білім кеңістігіне енуге байланысты шетел ғалымдарымен бірігіп,

модульдік білім беру бағдарламаларының әзірленіп, пилоттық режимде тәжірибеге енгізілуі. Аталған бағдарламада коммуникативтік құзыреттіліктің алға шығуы тиіс.

- екіншіден, кредиттік оқу жүйесімен оқытуда сапалы білім беруден алдыңғы қатарға шыққан шетел тәжірибелерін оқып үйрену. Шетелдік гуманитарлық бағыттағы педагогикалық университтеттермен оқытушыларды шетелге тәжірибе алмасуға, іс-тәжірибеден өтуге жіберуді практикаға енгізу үшін келісімшартқа тұру, ақпараттық технологиялар негізінде шет тілін бастауыш деңгейдің бірінші сыныбынан бастап оқыту мәселесін зерделеу;

– үшіншіден, қазіргі педагогикалық технология, ағылшын тілін оқыту әдістемесі, бастауыш мектепте шетел тілін оқытудың теориясы мен технологиясы пәндері мазмұны жағынан бірін-бірі толықтыратындықтан Болон үдерісінің талабына сәйкес ірірлендіру немесе шоғырландыру қажет деп санаймыз. Кредит санын көбейтіп, дуалды білім беруді жүзеге асыруды қолға алуды жоғары оқу орны тәжірибесіне енгізу;

– төртіншіден, педагогикалық практиканы ұйымдастыруды күшейту қажет. Практикаға бөлінген сағаттардың азаюына байланысты практиканың да мамандарды дайындаудағы рөлінің төмендеуіне әкеліп отырғаны белгілі. Ал, білім алушылардың теориялық білімін тәжірибеде пайдаланудың бірден-бір көзі практика екенін барлығымыз жақсы білеміз. Мұғалім мамандығының қыры мен сырын, технологиясын, механизмін үйренетін кезі де осы практика. Сондықтан практиканың үздіксіз жүруіне баса мән беру керек;

– бесіншіден, мамандандыруды білім алушылардың меңгеретін мамандықтарына сәйкес келешекте мұғалімдік қызметінде тәжірибеде қатар алып жүруіне лайықтысын таңдауына мүмкіндік туғызу. Мысалы: 2013-2014 оқу жылынан бастап, бастауыш деңгейдің 1-сыныбынан шет тілі оқытылып жатқандықтан болашақ бастауыш сынып және шет тілі мұғалімі мамандығын алатын білім алушыларға ақпараттық технологиялардың түрлері мен оны пайдаланудың әдістемелерін тереңірек меңгерту үшін арнайы курс бағдарламасын әзірлеп тәжірибеге енгізу.

– алтыншыдан, педагогикалық жоғары оқу орындарында дайындалатын мамандықтар бойынша қазақ тілінде оқитын білім алушылар үшін электрондық оқулықтар мен оқу құралдарын дайындауды қолға алу қажет. Бұл электрондық оқулықтарға қойылатын талаптарға жауап беретіндей сапалы дайындалуы керек. Болашақ мамандардың келешекте сапалы білім алуының басты құралы оқулық десек, оны дайындауда сол пән бойынша ғылым жетістіктері мен жаңалықтары басшылыққа алынуы тиіс;

– жетіншіден, педагогикалық жоғары оқу орнының профессорлары мен оқытушылары өздерінің білімін жетілдіруде шетел оқу орындарынан тәжірибеден өтумен қатар, өз пәндері бойынша ақпараттық технологияларды кеңінен пайдлануға мүмкіндік жасалу қажет деп есептейміз.

**1.3 Болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі**

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан - мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында:** «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек»,- деп білім саласынның алдына зор міндет жүктелген [117].

Осы көрсетілген бағытты жүзеге асыру үшін білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық технологиялар негізінде қалыптастыру қажеттілігінің негізгі факторлары анықталды:

- біріншіден – оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы студенттерді кәсіби даярлаудың сапасын арттыруда, жалпылама ақпараттық біліммен қамтамасыз ету негізінде болашақ мамандардың коммунитивтік құзыреттілігін қалыптастыру;
- екіншіден – оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде ақпараттық сауаттылық мәселесін жетілдіру арқылы болашақ мамандардың коммунитивтік құзыреттілігін қалыптастыру;
- үшіншіден – педагогикалық ғылымдардың логикалық дамуына байланысты ақпарттық жүйенің барлық мүмкіндіктерімен қаруландырып, ақпараттық мәдениеттілікке жеткізу арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдаулар коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыратын білімнің құрылымы туралы әртүрлі көзқарастырдың бар екендігін көрсетті. Бұл көзқарастарды түйіндейтін болсақ, «кеңейтілген білім» құрылымындағы болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігі келесілерді қамтиды.

- педагогикалық қарым-қатынас туралы білімнің тарихы және жалпы коммуникация білімінің теориясы;
- педагогикалық қарым-қатынастың этикасы және әлеметтік мәдени нормалар туралы білімі;
- тиімді педагогикалық қарым-қатынастың заңдылықтары және психологиялық педагогикалық білімі.

«Үлгі» термині латын тілінен (modulus) шыққан, «өлшем» деген ұғымды білдіреді. Үлгінің негізінде белгілі бір білім саласындағы фактілер, заттар мен қарым-қатынастың көрініс беруі, - деп түсінеміз.

«Үлгі» мазмұны мен типі, мақсаты мен міндетіне байланысты әртүрлі. Көбінесе зерттелетін заттық ортаның түпнұсқасының мазмұнына, оның айнала ортаға әсеріне де байланысты өзгеріп отырады. Үлгі сөздің көмегімен заттық ортаны айқындайтын білім туралы ұғым ретінде, белгілі топтасқан өзара байланысты сөйлем жиынтығы, қорытындылар түрінде, объектінің негізгі жақтарын, элементтерін, байланысын айқындайтын физикалық – графика,

схема, түрінде сондай-ақ негізгі сыртқы және ішкі байланыстары мен қатынастарын анықтайтын математикалық формулалар немесе сандық кесте түрінде болуы мүмкін.

Г.Клаус бойынша, үлгі – теория мен практиканың диалектикалық қарама-қайшылығы болып есептеледі. Үлгі дегеніміз – теория, ол белгісіз ортаны дәлелдеудің, абстракциялықтан нақтылыққа көшудің мүмкіндігі, ғылыми дәлелділігі [118].

Үлгі түрлерінің ең негізгісі ғылыми үлгі болып есептеледі. Бұл үлгі зерттеу арқылы сол заттық орта туралы жаңа білімдер, түсініктер, жобалар алуға негізделуі қажет.

А.М.Новиков үлгіні сипаттай келе, оны негізгі нысан туралы жаңаша ақпарат беретін, танымдық мақсатқа таңдалған немесе қайта жасақталған қосымша нысан ретінде қарастырады [119].

А.Б.Горстко үлгіні нақты нысанның құрылымы, оның дамуы мен қоршаған ортамен әрекеттестігінің негізгі ережелерін білу үшін нысанды басқара білуге үйрену немесе берілген жағдайларда мақсаттар мен өлшемдерді тиімді тәсілдерді анықтаумен байланыстырады [120].

В.А.Штоффтың үлгіге берген түсінігінің педагогикалық зерттеулерде үлгілеу ұстанымының мәні зор. Оның айтуынша, үлгі – зерттеу нысанын бейнелеп, шығаратын және сол нысанның орнын басып, жаңа ақпарат бере білетін, ойда бейнеленіп немесе материалды түрде іске асатын жүйесі болып табылады [121]. Авторлардың пікірлерін түйіндейтін болсақ, үлгі зерттеу тақырыбының теориялық негіздемесіне сүйене отырып, мақсаты, міндеттеріне сәйкес іске асырылатын абстракты түрдегі құрылымдық-мазмұндық біртұтас жүйе ретінде жасалатын, жобалар алуға негізделіп жасалатын үлгі, - деп санаймыз.

А.В.Соколовтың пайымдауынша, педагогикалық коммуникативтік дағды –педагогикалық қарым-қатынасты жүзеге асыратын құзыреттіліктерді қамтамасыз ететін, нәтижелі іс-әрекеттің қалыптасуы мен оның дамуында субъектілік өзара әрекеттестікті іске асыратын, педагогтың кәсіби дағдысы, - болып табылады [122]. Бұдан шығатын қорытынды болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда кәсіби білім мен біліктілікті меңгертуге басымдық бағыт беріп, оның дағдыға айналуына мүмкіндік туғызу қажет.

В.А. Кан-Каликтің пікірінше, педагог меңгеруге тиісті қарым-қатынастың көптеген дағдыларын ұсынған: психологиялық байланысты орнату дағдысы, қарым-қатынасты белсенділікті қолға алу, қарым-қатынасқа түсуге бейімделік, оқушылармен мақсатқа бағытталған шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру, оларға бағыт берудегі қарым-қатынас дағдысы және т.б. [95]. Болашақ бастауыш сынып мамандарының автордың көрсеткен барлық қарым-қатынас дағдыларын меңгеруі тиіс, - деп есептейміз. Себебі: ең бірінші сыныпта психологиялық оң ахуал туғызылуы шарт. Сонда ғана психологиялық байланыс орнатуға болады. Психологиялық байланыс жақсы орнатылған жерде, қарым-қатынасты белсенділігі орнайды, ал белсенділік болған жерде қарым-қатынасқа

түсу іске асырылады. Оқушылардың белсенді оқу іс-әрекетін шығармашылық іс-әрекетке ұластыру үшін оларға осы бағытта нұсқау беру қажет.

Т.К.Чмут «Адамның тұтас мәдениетінің құрамдас бөлігі қарым-қатынас құзыреттілігі. Ол қандай да болмасын қарым-қатынас туралы белгілі мөлшердегі білімді құрайды», - деп ой түйіндеген [123]. Біз автордың болашақ мамандардың педагогикалық мәдениет, такт, этикасының негізі болып табылатын коммуникативтік құзыреттіліктің білім негізінде қалыптасады, - деген пікірін қолдаймыз.

Болашақ мамандарды даярлау мәселесін зерттеу барысында бірнеше бағыт-бағдар болғанына көз жеткізілді. Ол бағыттарға тоқталатын болсақ:

- бірінші бағыт, болашақ маманның теориялық білім жүйесі мен мазмұнын анықтайтын кәсіби көрсеткішін жасаумен сипатталады. Сонымен қатар оқыту үдерісін ұйымдастыруға қажетті педагогикалық іскерлік пен дағдыларды меңгеруі тиіс. Осылардың негізінде педагогикалық жоғары оқу орындарында мамандарды дайындау барысында жаңа маманның құрылымдық үлгісін байқаймыз. Осы бағыттағы кәсіби көрсеткіштерді жасаумен қатар кәсіби дайындық үдерісіндегі болашақ бастауыш сынып мамандарының жеке тұлғалық сапасы мен дайындық мәселелерінің қалыптасуы зерттеледі. Педагогикалық іскерлігінің қалыптасуы оқыту үдерісін басқару ретінде қарастырылады және басқару фазалары (диагностика, мақсат тұту, жоспарлау, практикалық шешім қабылдау, қорытынды сұрыптау) бойынша теориялық білім мен педагогикалық іскерлік шеңбері жасалады.
- екінші бағыт, педагогикалық қызметтің құрылымдарын зерттеумен сипатталады. Жоғары мектеп педагогикасы саласы бойынша жүргізілген зерттеулер педагог қызметінің келесі құрылымдарын анықтап берді. Олар: құрастырылатын, бірлескен, коммуникациялық және жобалау және т.б. болып табылады.
- үшінші бағыт, жеке қызмет түрлері бойынша теориялық білім мақсаты, міндеттері, мазмұны, ұстанымдары мен әдістері, технологиялары, ұйымдастыру формалары, күтілетін нәтижелермен сипатталуы болып табылады.

Педагог үлгісі мен оның біліктілік сипаттамасы туралы көріністерді айқындау оның кәсіби іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық сипаты болып табылады. Сондықтан да ол педагогикалық оқу орындары мен университеттерді бітіруші түлектер қызметінің үлгісін нақтылап беріп, жинақы түрге және бір қалыпқа келтіреді және сол мақсатқа жетуі үшін соған сәйкес нормативті талаптар мен бағалау көрсеткішінің сәйкес тиімділігін жасайды.

"Маман үлгісі" деген түсінік және оған тығыз байланыстағы "жоғары білімі бар маманның біліктілік сипаттамасы" түсінігі білім беру мазмұнын және оны таңдаудың негізі мен құрылымдарын ашады. Маман үлгісінде тек қана оның жеке жақтары мен сипаты ғана емес, олардың оқу-тәрбие үдерісі нәтижесіндегі алған жетістіктер және жоғары оқу орны қызметіндегі практикалық үдеріске қажеттілігін көрсететін мамандардың білімділігі мен қабілеттіліктері жатады.

Үлгі мен түпнұсқаның арасында айырмашылық болады, өйткені үлгі белгілі-бір шектеулер негізінде құрылады. Үлгі түпнұсқаның маңызды

жақтарын көрсете отырып, оның мәнін түсінуге көмектеседі. Үлгі құру кезінде оның зерттеу объектісінің түпнұсқаға сай келуін қадағалау қажет. Үлгі үнемі түсіндіру, анықтау құралы бола отырып, танымдық рөл аткарады. Қазіргі заман ғылымында үлгі ұғымын материалдық немесе тұжырымдамалық жүйе ретінде түсіндіреді:

- біріншіден, қандайда бір формада түп нұсқаның маңызды қасиеттері мен қарым-қатынасын бейнелеп, көрсетеді;
- екіншіден, нақты берілген мағынада оның орнын басады;
- үшіншіден, түп нұсқа туралы жаңа ақпарат ұсынады.

Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ маманның коммуникативтік құзыретілігінің мәні, құрылымы және мазмұны туралы нақты түсініктің болуы оның қалыптасу үлгісін құруға мүмкіндік береді.

И.А.Зязюн мен Г.М.Сагачтардың ойынша, оқытушыға қажетті коммуникативтік құзыреттіліктердің бірнеше түрін серіктесін тыңдай және ести білу, аудиторияда өзінің мінез-құлқын басқара білу. Коммуникативтік құзыреттіліктерді әлеуметтік өзара байланыстың өнері ретінде қарастыра отырып, түсіндіре білу дағдысын алға шығарады [124]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, болашақ бастауыш сынып мамандарын дайындауда ақпараттық технологияларды қолдана отырып, оқушыларға білім беру бағдарламаларын меңгертуде барысында яғни жаңа материалды түсіндіре білуі, білім алушылармен субъектілік қатынасқа түсуде қоммуникативтік құзыретті болу,- қажет деп есептейміз.

А.А.Бодалевтың пайымдауынша, қарым-қатынас құзыреттілігінің жоғары деңгейіне жету үшін білім алушылардың жеке дара психологиялық ерекшелігін білуі қажет, соған сәйкес әрбір студенттің психикалық жағдайы мен тәртібіне қарай қарым-қатынастың тәсілін таңдап қолдану, қоғамдық моральға, жалпы адамзаттық құндылыққа қарама-қайшы келмейтін, нақты жеке адамның ерекшелігіне сай жауап беретіндей психологиялық-педагогикалық ракурсте болу керек [125]. Бұдан шығатын қорытынды үлгінің білім алушылардың жеке дара психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қарым-қатынастың білім алушы үшін оң әсер тудыруға ықпал етуі, оның жақсы нәтижеге алуға болатынын көрсетеді.

Зерттеу жұмысымызда болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар негізінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісін құру қажеттігі туындады. Үлгі құрудың мақсаты – болашақ манадардың ақпараттық технологиялар негізінде коммуникативтік құзыретілігін қалыптастыруға негізделеді.

Болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар негізінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісін құру барысында оның құрылымын білу қажет:

- ақпараттық қоғамда болашақ маманның ақпараттық технологиялар негізінде коммуникативтік құзыреттілік деңгейіне қойылатын талаптарды ескеру;

- ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыретілігінің мәселесі бойынша зерттеудің негізгі идеялары, тұжырымдамалық ойлары;

- ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыретілігін қалыптастыру үшін шешілуге қажетті міндеттердің айқындалуы;

- болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды компоненттері және олардың арасындағы функционалды байланыстардың болуы;

- болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру формалары, технологиялары, әдістері және құралдары;

- болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар негізінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлерінің айқындалуы.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыретілігін қалыптастыру үлгісін әзірлеу белгілі әдіснамалық негізге сүйене жүзеге асырылады. Психология-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыретілігін қалыптастыру үлгісін құруға мүмкіндік берді.

Шетелдің ғылыми ойлары ақпараттық әрекеттестік пен ақпаратпен алмасуды тұлғаның негізі болып табылатын факторы (Э.Торндайк, Ж.Пиаже және басқалар) ретінде қарастырылмайтын теориясымен қатар сана дамуында ішкі ақпарат пен ақпаратпен алмасудың маңызды орын анықтайтын бірқатар теорияларға (К. Марке, Дж. Мид, Ч.-Х. Кули) сүйенеді.

Ақпараттық амалдың орталық идеясы ақпараттық феномендер мен үдерістері, ақпараттың нақты, біртұтас мәні ретіндегі түрлі объектілерді зерттеуден құрайды.

Г.А.Ларионованың пайымдауынша, ақпараттық амал – құрамына ақпарат теориясында дамыған идеялар мен математикалық құралдар кешеніне енетін зерттеудің жалпы ғылыми құралы, - болып табылады [126]. Біз зерттеу жұмысымыздың тұрғысында зерттеудің жалпы ғылыми құралы ретінде ақпараттық технологиялар мен коммуникациялық құзыреттіліктер туралы теориялық ой-тұжырымдарды басшылыққа алу қажет, - деп санаймыз.

В.И.Загвязинскийдің пікірінше, зерттеу объектісінің қиындығы «зерттеушіні қарапайым ұқсастықтар іздеуге итермелейтіні» көрсетілген; ондай ұқсастықтар жүйеге қатынас бойынша үлгіге айналады. Аналог бойынша ақпаратты үлгіден прототипке көшіру мүмкіндігі туындайды, теориялық деңгейдің арнайы әдістерінің бірі – үлгілендіру әдісінің мәні осында,- деп қорытынды жасаған [127]. Автор теориялық білімдер және эмпирикалық мәліметтер негізінде шын мәніндегі сынақ жүргізуде орын алуы мүмкін жағдайларды ойша қарастыра отырып, белгілі бір өзгерістегі үлгі сипатталатын және идеалды объект құрылатын ойша болжам жасайды. Идеалдық үлгі танушы үшін ең маңызды байланыстар мен қатынастарды анықтайды.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық тәжірибеде кең қолданыстағы ақпараттық амалдар үдерісін қамтамасыз ететін, белгілі іскерлік, дағды мен білімді қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу жұмысымызға байланысты ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың комуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін құру қажеттігі туындады.

«Модель» дайындалған зерттеу нысанының түп нұсқа үлгісі болып табылады. Үлгіде зерттеу мәселесінің шешімін табудағы оқыту үдерісінде болашақ мамандардың комуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға деген тұрақты қызығушылығын көрсететін теориялық, әдістемелік білімдерінің көрсеткіштері мен өлшемдері, деңгейлері сипатталады.

Болашақ мамандарды даярлау оқыту үдерісінде іске асырылады. Әртүрлі абстракциялық бағыттағы және объективті шындыққа жақындаудың көмегімен адамның миына объективті дүниенің шағылысуының бір тәсілі ол – үлгілеу болып саналады. Философиялық көзқарас тұрғысынан ол, заттар мен ақиқат құбылысты тануды жеңілдететін ықшамдау тәсілінің дамуы сияқты сипатталады.

Ғылыми зерттеулерде үлгі – оқыту мен оқу үдерісін зерттеудің әдістері мен тәсілдері жүйесіндегі қажетті бөлік дегенмен оның тиімді қолданылуы зерттеу әдістерінің барлық жиынтығын пайдалануға байланысты болады.

Үлгі - әрі шындықты бейнелеу түрі, әрі жинақталған мәліметтерді жинақтау мен білімді ары қарай дамытуға қажетті танымдық әдіс ретінде қарастырылады.

Үлгілеу әдіс ретінде өз табиғатында іс-шара бола отырып, зерттеу пәнінің белгілі бір қисынды зерттелу мәселесінің аяқталу шегін білдіретін абстракті-логикалық ойлау негізінде жүзеге асатын, педагогикалық зерттеудің басқа іс-шаралармен бірге оның теориялық бөлігін құру мүмкіндігін шамалайды.

Зерттеу жұмыстарында «үлгі» термині мынадай мағыналарды береді:

- үлгіні құру немесе таңдау жөніндегі әрекеттер және объект туралы білім алу мақсатында оларды зерттеу;
- кез-келген құбылыстар мен үдерістерді жанама зерттеу әдісі.

Педагогикалық деңгейде зерттеу жұмысының негізінде құрылған үлгі нәтижесінде педагогикалық жағынан мақсатты құрылған әрекеттердің бірізділігі мен жүйесі түрінде бейнеленуін аламыз, бұл әрекеттер қойылған болжамның дұрыстығын немесе бұрыстығын шешуге алып келеді.

Үлгі – оқыту үдерісі мен оқытуды зерттеудің мақсаты, міндеттері, мазмұны, құралдары және әдістері, технологиялары, ұстанымдары, компоненттерін жүйелейтін буын. Зерттеу аясында құрылған үлгі белгіленген нәтижеге жету үшін оның барлық жиынтығын дұрыс пайдалану керек.

У.Э.Эшиби бойынша, үлгі дегеніміз – зерттеу әдісі ретінде алғанда қарапайымдыландыру үлгісінің өзі біршама қиын және қарама-қайшылықтарға толы үдеріс ретінде сипатталады. Себебі: ол зерттеудің тапсырмаларын, мақсатын және мәнін анықтайтын, жұмыс болжамын қалыптастыратын, зерттеу мәнін және оның қасиеттерін суреттеу мен бағалаудың құралдары мен әдістерін

таңдауды жүргізетін зерттеу процедураларымен байланысты. Сонымен бірге үлгілендіру әдісі өз табиғатында абстрактілік-логикалық ойлау негізінде жүзеге асатын іс-шара бола тұра, педагогикалық зерттеулердің өзге де іс-шараларымен бірге зерттеу мәнінің зерттелетін жақтарының белгілі бір логикалық шектерін көрсететін оның теориялық бөлімдерін, зияткерлікпен көру үлгілерін құру мүмкіндігін аңғартады.

Зияткерлікпен көру үлгісі педагогикалық түсініктер жүйесінде қалыптасқан тілде жұмыс болжамы пішінінде, педагогикалық зерттеулер мәні жөніндегі үлгі түсініктермен байланысты эталон ретінде көрініс береді. Үлгінің өзі материалды түрде өмір сүрмейді, ол ойлау образдары пішінінде «құрастырылған» зерттеушінің санасында ғана бар ойлау құралы, сондықтан да оны идеялық үлгі деп атайды.

Л.А.Беляеваның пікірінше, үлгі құрудың мазмұнды жақтарын анықтай отырып, үлгіні бағалаудың келесі өлшемдерін бөліп көрсетеді:

- объектілік аймақтар арасындағы тәуелділікті анықтайтын, байланыстылық;
- үлгілендіретін объектіні қадағалау және тіркеу мүмкіндігі, яғни бақылаушылық;
- тұрақтылық (көрсетулік және техникалық).

«Үлгілік білім беру» түсінігі мен идеясы алғаш рет XX ғасырдың 60-шы жылдары АҚШ-да, Англияда пайда болды. Сол кезде білім алушыларға берілген білім материалдарында әрекеттердің мақсатқа сай негіздері, ақпараттар қоры және алған қойылған білім алу міндеттеріне қол жеткізудің әдістемелік құралы болса, онда оқу бағдарламасы шеңберінде білім алушылар білім материалдарымен өздігінен жұмыс істей алады деген болжам айтылған еді. «Үлгі – оқу мазмұндары мен оларды меңгеру технологиялары біріктірілген мақсатты функционалды түйін. Тек модуль ғана мазмұны, оқыту әдісі, дербестік деңгейі, оқушының оқу-танымдық әрекеттері қарқыны жағынан дараланған оқытудың бағдарламасы бола алады» [128].

Авторлардың пікірлерін қорытатын болсақ, үлгі түсінігі шындықтың белгілі бір тұстарын тереңірек түсіну мақсатында көрсету құралы ретінде анықталады. Қандай да болмасын үлгілендіру барысында ғалымдар оның қозғалысының құрылымын талдауды қарастырады. Соның ішінде, қандай да болмасын функционалдық үлгі оны белгілі бір үдерістің жүзеге асуының қандай да бір мезетінде сипаттайтын элементтер жиынтығы, - деп атап көрсетеді. Мұнда үдерістің өзгермелі табиғаты бір қалыптан екінші қалыпқа, бір элементтен басқасына көшу ретінде анықталады.

Н.Д.Хмельдің пікірінше, үлгіні біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі болады деп есептейді: яғни, зерттеуші – ұстаз үшін үлгі зерттелетін құбылыстың идеалдық үлгісін қайта жасаудың тәсілі болып табылады. Бұл нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдардың бірі (шартты бейне, схема т.б.) [129]. Жалпылама түрде үлгі – зерттеу пәнінің белгілі бір жақтарын, байланыстарын, қызметін көрсететін элементтер жүйесі. Үлгінің негізі – зерттелетін объекті мен оның үлгісі

арасындағы белгілі бір сәйкестік. Формалары бойынша үлгілер материалдық (заттық, денелік) және идеалдық (иеалдағы, ойдағы) болып бөлінеді. Зерттеушілер материалдық үлгідердің табиғи, үлгі-приборлар, бейнелеу үлгілерін ажыратады, ал идеалдық үлгіні түсінік, ұғым, заңдылықтар және олардың байланысы арқылы көрсетеді. Үлгі – бұл таным құралы. Бақылау және эксперимент нәтижесінде қалыптасқан кез келген теориялық түсінік түпнұсқа - объектімен салыстырмалы түрде үлгі ретінде қабылдануы мүмкін.

Үлгі – бұл сызба, физикалық құрылымдар, таңбалық түрдегі немесе формула түрінде зерттелетін объектінің (немесе құбылыстарына) келешекте қажеттігі үшін құрылған жасанды объект, ол бұл объектінің элементтері арасындағы өзара байланысын және қатынасын қарапайым түрде жалпылама қамтылған құрылым түрінде бейнелеп, суреттейді.

Р.Беллдің пікірінше, коммуникативтік құзыреттілік үлгісінің алғашқы нұсқасы өзінің сапалық компоненті ретінде тілдік және әлеуметтік құзыреттілікті қамтиды. Коммуникативтік құзыреттілік шешім қабылдау механизмі ретінде қарастырылып және өзіндік «мехнизм» ретінде жұмыс істеп, коммуникативті жағдай мен қарым-қатынас мүмкіндігімен хабарлама ниетінің сәйкестігін білдіреді. Үлгінің маңызды элементтерінің бірі вербалды емес кері байланыс болып табылып, соның негізінде сөйлеуші өз пікірінің көлемі мен мазмұнын дәлелдеп түзетеді [130].

В.В.Рыжов коммуникативтік әлеует құрылымының негізгі алты блогын атап өтті: қарым-қатынас орнатуда мотивацияның басымдық үлгісі; қарым-қатынаста тұлғаның байланысқа түсуі; қарым-қатынасқа мазмұндық бағытталу; әлеуметтік-перцепциялық қабілет пен біліктілік; коммуникативтік байланыста оның орнын бейнелейтін тұлғаның әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы; өзіндік рефлексиясы – яғни, өзін-өзі бағалауы және қабілеттілігі [88].

Л.Оталаның пікірінше, құзыреттіліктің құрылымдық компоненттеріне құндылық, мақсат, қатынас, тәжірибе, білім, білік, дағдының бірлігінде қарастырып, оның ішінде қабілет пен қарым-қатынас адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, барлық ақпараттық байланыс пен қатынасқа ерекше мән беріп, оның негізінде адам болып жатқан өзгерістер туралы ақпарат алады, өзгермелі ортаға бейімделеді, деп түйіндеме жасаған [131].

Мұнда өлшемдер жалпы (мақсатты құруда тіркелетін талаптарды көрсетеді және соңғы нәтижелерді диагностикалау үшін қолданылады) және жеке деп (үдерістің нақты міндеттерін көрсетеді және аралық нәтижелерді талдауға қолданылады) бөлінеді. Екінші тәсіл – бағыттылығымен, қолдану әдістерімен және орнымен анықталады. Бұл тәсілде сыртқы формасына қарай нәтижелердің көрінуімен байланысты өлшемдер (когнитивтілік; әрекеттің түрін анықтауға қабілет; әрекеттік өлшем және т.б.) және жасырын түрде нәтижелердің көрінуімен байланысты өлшемдер (мотивациялық-қажеттілік; тұлғаның кәсіби маңызды сапалары; құндылық бағдарлары және т.б.) анықталады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «өлшем» терминінің біртұтас анықтамасы жоқ.

Ш.Т.Таубаева өлшем – білім алушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, қалыптастыруда жеткен жетістіктердің белгіленуін салыстыратын ғылыми негізделген эталондар көрсеткіші, – болып табылады, - деген анықтама берген. Автор сонымен қатар көрсеткіш – тұлғаның даму үдерісін сипаттайтын деңгейі, оның оқытылуы, тәрбиелілігі визуальды бақылануы және білім алушының тәжірибесінде қалыптасқан білімі, дағдысы, іскерлігі, тәртібінің белгіленген мөлшерде жүзеге асырылуы, – деген анықтама берген [132]. Бұл бізге ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігінің құрылымын анықтай алатын өлшемдерді нақтылауға мүмкіндік берді.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда басшылыққа алатын негізгі ұстанымдар:

– педагогикалық іс-әрекеттің жекелеген мәнді әртүрлі жағдаяттарға бөліну ұстанымы, жаттығулар жүйесін ұйымдастыруға негіз болатын нақты шарттардың контексінде білім алушылардың тәртібінің тактикасы мен стратегиясы олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады;

– жоғары коммуникативтік ұстанымы білім алушылардың белсенділігін арттырып, олардың топтағы және білім беру ұйымдарында практикада өзара субъектілік әрекетке түсу қарқындылығының негізінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру;

– рефлексия ұстанымы әрбір білім алушымен және топпен кері байланысты және сабақтың нақты нәтижесін тұтастай қамтамасыз етіп, болашақ мамандардың кәсіби тұрғыда және болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптасуына ықпалының үлесі;

– жоғары оқу орны практикалық сабағы мен мектеп тәжірибесінің үнемі байланысы ұстанымы білім мен дағдыны тиімді қолдануы негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру;

*Оқытудың ғылымилығы ұстанымы* маңызды болып есептелінеді, себебі ол ғылым мазмұны мен оқу пәнінің байланыс заңдылықтарына сүйенеді. Бұл ұстаным оқу пәні мазмұнының ғылыми таным, пайда болу, өзгеру және даму үлгісіне сәйкес жаңа ғылыми фактілермен, ұғымдармен, заңдармен, теориялық дәлелденгенін талап етеді. Мұның барлығы логикалық ойлау қабілетін дамытады, танымдық ғылыми ұстанымы сүйенеді. Ғылымилық ұстанымы іске асыру пәнінің қазіргі жағдайлардағы, болашақтағы орны жәйлі ғылыми түсініктерді қалыптастырады, шығармашылық іс-әрекеттің көрінуіне ықпал етеді. Ғылымилық ұстанымы және оның қазіргі талапқа сәйкестігі онда ақпараттық технологиялардың жаңа нәтижелері, ақпараттық ресурстарды толыққанды қолдану негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда жаңа нәтижеге жету.

*Оқытудың жүйелілік ұстанымы* «ұғымдар мен пән бөлімдерін оқытып, түсіндіргенде, олардың логикалық байланыстырылған және өзара алмаса алуын құрастыра алуында», яғни, жаңаны үйрену (ұғымдар, ережелер, талдаулар) білім алушылар бұрын өтіп кеткен материалды терең түсінуімен сипатталады.

Курстық, диплом жұмыстарын тұтастай орындау барысында ақпараттық технологияларды жүйелі пайдалануы негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

*Тұтастық ұстанымы* сөйлесім әрекетіне қатысты бірнеше жұмысты қамтиды. Олар оқу, жазу, ауызша сөйлеу, тыңдау, қайталау, жауап беру. Бұл ұстанымның ерекшелігі: бір сабақтың үстінде осы жұмыстардың барлығын жүйелі түрде қолдана отырып, ең басты біреуін таңдап алу және қалған жұмыстың түрлерін осыған бағындыра білу. Болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда тұтастық ұстанымын тікелей басшылыққа алу қажет деп санаймыз.

*Тіке байланыс ұстанымы* бойынша оқыту үдерісі адамдардың тек тікелей жүздесуі, сөйлесуі, өзара қарым–қатынасы арқылы болады. Өйткені, тілдік қатынастың өзі адамзаттың бір–бірімен тікелей қарым–қатынасына, пікірлесуіне, сөйлесуіне негізделген. Сондықтан қатысымдық әдісті қолданудың басты шарты – бүкіл оқыту жүйесінің тікелей байланыс арқылы мүмкіндігінше жиі болуы. Болашақ педагогтардың өзара тікелей қатынасқа түсе білуі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізі болып табылады.

*Сатылап даму ұстанымы* бойынша адам мен адамның тіке байланысы да, оқушының жеке қабілетін ескеру де, сөйлеуге үйрету де жүргізілетін жұмыстардың түрлері де бірте–бірте жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге, аздан көпке т.б. сатылап дами береді. Аталған ұстанымның болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оқушының жас, жеке ерекшелігін ескеру қажеттігін және соған сәйкес қатынасты сатылай құруды басшылыққа алуы тиіс.

Сөз мәдениетіне негізделген оқыту үдерісін айқындауда ескерілген ең маңызды ұстаным – *қатысымдық (коммуникативтік) ұстаным*. Бұл ұстаным бойынша ескерілетін оқыту қағидалары сөйлесім компонентінің бес түрі бойынша: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім негізіндегі білім нәтижелері мен білім алушының ақпаратты қабылдау және өз ой–тұжырымдарын қорытып шығару әрекеттеріне сүйене отырып анықталады.

*Белсенділік және өзінділік ұстанымы* онда іс-әрекеттік тұрғыда әрбір білім алушының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды белсенді және мақсатқа сай өздігінен пайдалануы. Яғни, бұл жерде әрбір білім алушының білім мазмұнын тұтас топтың белсенді және саналы түрде ұғынуы маңызды болмақ. Бұл ұстанымды іске асыру - оқыту барысында әрбір білім алушының деңгейін арттыратын әдістерді қолданған кезде ғана мүмкін, мысал ретінде олардың жеке өзі бір компьютерде жұмыс істеген кездерінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға болады.

*Пәнаралық байланыс ұстанымы* мұнда тақырыптардың курс аралық байланысында білім алушылардың білімі мен біліктіліктерінің интеграциялық дамуы. Мысалы: «Қазіргі педагогикалық технология» мен «Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі» пәндерін кіріктіру негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

Оқу бағдарламаларын құрастыруда отандық және шетелдік тәжірибелерді ескеру ұстанымы бойынша ақпараттық технологияларды пайдаланудың озат тәжірибелерін оқып, үйреніп, өз тәжірибесіне енгізу арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады.

Педагогика ғылымы және ғылыми техникалық дамудың нәтижелерін қолдану ұстанымы бұл оқыту үдерісінде электрондық оқулықты, мультимедиа технологияларын практикалық сабақтарда пайдалану негізінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады.

*Субъектілік ұстанымы.* Субъект (лат. subjectum — бастауыш) ұғымы психологиялық әдебиеттерде төмендегіше түсіндіріледі: - болмысты тану мен өзгертудің қайнары ретіндегі индивид немесе топ; - белсенділікті жеткізуші; - субъект индивид немесе топ іс-әрекетті танудың және өңдеудің негізі ретінде; - іс-әрекеттегі белсенділіктің тасымалдаушысы. Ғылыми психологияның негізі делінген диалектикалық материализм субъектіні тарихи дамудың өнімі деп қарайды және оның белсенділігін адамдар қарекетінің ерекшеліктерімен байланыстырады. Осы әрекет барысында объектінің нақты, іс жүзіндегі өзгеруі субъектінің қарекеті соған негізделіп реттелетін субъектідегі бейнелерге барабарлығының, болмысқа сәйкестігінің критерийі болып табылады. Тұлғаның өзіне деген құнды және ортаға қатысты рухани-адамгершілік қатынастарын анықтайтын қасиеттер - белсенділік, дербестік, жауапкершілік, шығармашылдық және т.с.с. субъектілік ұстанымның құраушылары болып табылады. Бұл ұстанымға сәйкес білім алушы үшін оқу әрекетінің мәні, маңызы болуы тиіс, үдеріс барысында оның жеке ерекшеліктері ескерілген, осы әрекетте ол өзін-өзі басқара, ұйымдастыра алатындай жағдайлар болуы тиіс. Бұлайша ойластырылған білімдік үдерісте субъектаралық қарым қатынасқа жоғары мән беріледі. Біздің зерттеуіміздің мақсатына сай бұл ұстаным негізінде субъектаралық, бірлескен қарым-қатынас негізінде студент –студент, оқытушы – студент арасындағы белсенді білімдік әрекет орын алады да нәтижеде психологиялық даму жеделдейді.

*Даму ұстанымы.* Жоғары оқу орындарындағы бағдарланған технологиялар білім алушылар тұлғалық тұрғыда және кәсіби дамуын қамтамасыз ететіндіктен, жоғарыда сипатталып өткен әрекет оның бастапқы «ұясы» ретінде қабылданады.

*Тұлғаны дамыту* – дәстүрлі педагогикада жан-жақты дамыған, белгілі бір әлеуметтік ортақ типті қалыптастыру үшін сырттан ықпал ету болса, тұлғалық субьектілік ұғымда оны дамыту адамның өзіндік танымын, қажеттіктерін бағыттап отыру, қолдау көрсету, яғни өзіндік рефлексия арқылы таңдау, шешім қабылдау және нәтижесін өзі бағалау секілді ішкі, адамның өз бойындағы мүмкіндіктер арқылы өзіндік дамытуға бағыттау деп түсіндіріледі. Тұлғаға бағдарланған білім беру идеялары туралы зерттеушілер оның негізгі түсіндіруден – түсіндіруге, монологтан – диалогке, әлеуметтік бақылаудан – дамытуға, басқарудан өзін-өзі басқаруға көшу, ал педагогтің негізгі міндеті қарым-қатынас болып табылады деп көрсетеді. Оның басты идеясы – білім берудегі субъектарлық қатынастарды қалыптастыру арқылы тұлғаның

ынталануына түрткі болу, сөйтіп өзіндік таным мен өзіндік білім алуға, өзіндік бағалауға жағдай туғызу.

*Кәсіби бағыттылық ұстанымы* білім алушылардың кәсіптік пәндерді меңгеруде өзіндік жұмыстарында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы электрондық оқулықтар мен интернет желісін, мультимедиа құралдарын қолдану негізінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады.

*Нәтижелі-шығармашылық ұстанымы* білімді меңгеру барысында білім алушылардың шығармашылық әрекетін дамытуға бағытталады. Сабақта алған кез-келген білім оқытушы ұйымдастыратын және бағыттайтын жұмыстарда білім алушылардың шығармашылығы коммуникативтік құзыреттілік тұрғысынан тұрғысынан қарастырылады. Оқытушы білімді меңгерту үдерісінде білім алушылардың эвристикалық қабілеттерін дамыта отырып, оқу іс-әрекетін, олардың қызығушылығы мен бейімділігін дамыту, эссе жазу, дебатқа қатыс, ғылыми жобаларға қатыс, ғылыми мақал жаз және т.б. сияқты жаңа нәтижелер жасауға бағыттайды, сонда ғана олардың ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің нәтижесі көрініс береді.

Болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда әдіснамалық тұрғыда негіз болып табылатын амалдарға сипаттама беруді жөн көрдік.

*Көпсубъектілі (диалогтық) амал*

Микросоциумды және білім беру үдерісінің субъектілері арасындағы қатынасты қарастыруға бағдарлайды, өйткені жеке тұлға қоршаған адамдармен қарым- катынас жемісі мен нәтижесі болып табылады.

*Іс-әрекеттік амал*

Білім алушының оқу іс-әрекетін, оқытушының кәсіби іс-әрекетін зерттеуге бағдарлайды, студенттердің, оқытушылардың әр түрлі іс-әрекеттегі жеке дара қабілеттерінің және жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу мүмкіндіктерін айқындауға жағдай жасайды**.**

*Жеке тұлғалық амал*

Стуудентке деген құндылық қатынасты қалыптастыруға, адамның жеке тұлғалық қасиеттері мен даралығының өрістерінің (зияткерлік, түрткілік, көңіл–күй, еріктік, пәндік-тәжірибелік, экзистенциалдық, өзіндік реттеу) қалыптасуына негіз болатын білім берудің ерекше мазмұнын айқындауға бағдарлайды.

*Жүйелік амал*

Жүйелік амал педагогикалық құбылыстарды олардың өзара байланысы түрінде қарастыруга бағдарлайды. Жүйелік амал барысында педагогикалық жуйе өзара байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Олар: білім беру мақсаты, педагогикалық үдеріс субъектілері, (ұстаз бен дәріс алушылар), білім беру мазмұны (білім, білік, дағды, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен көңіл–күй-әрекет қатынас

тәжірибесінің жүйесі), педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әдістері мен түрлері, мәліметтер қоры (құралдар).

*Мәдениеттанымдық амал*

Адамның шығармашылық тұлға ретінде қалыптасуын қарастыруға бағдарлайды, өйткені адам игерген мәдениеті (құндылықтар жүйесі, тәжірибелік іс-әрекет тәсілдері) арқасында дамып қана қоймай, оған өзіндік ерекше жаңалығын да қосады.

*Синергетикалық амал*

Білімнің синергетикасы білім берудің байырғы үлгілерінен өзге, жаңа педагогикалық әлемді синергетикалық тұрғыдан қарастыратын, білім алушыларға өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың жаңа әдістерін меңгеруге бағытталған жаңа әдіснамасын жасауды алға шығарады.

Білім алушылар үшін жаңа әрекеттерге деген олардың эмоциялық қарым-қатынастарын (ым, бет қимылдары, дауыс ырғағын) олармен тікелей байланыс, қатынас жасағанда ғана көруге болады. Ақпараттық технологиялар көбінесе вербальды және вербальды емес ақпараттарды бұрмалайды, естілім шеберліктерін жүзеге асыруды қиындатады. Мысалы, білім алушының жазбаша және ауызша түрде берген кәсіби әрекеттер туралы ойларының айырмашылығы бар: жазбаша берілген есепте мұқият дайындалғандық, мәселеге ресми түрде қарау байқалады. Жанама қарым-қатынаста білім алушының өз пікірін дайындауға уақыт берілмейді, сондықтан да педагог одан нақтылы вербальды ақпаратты алып қана қоймай, сондай-ақ маңызды вербальды емес ақпаратты да алады. Кәсіби әрекеттерге деген алғашқы қарым-қатынасты анықтаған соң, бұл қарым-қатынасқа әсер ету, оны өзгерту мен түзету мүмкіндіктері туындайды. Мотивацияны көтеруге дейін ақпараттық технологиялар мен жанама қарым-қатынасты үйлестіруді қолдануға болады.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда бір жағдайдан екінші жағдайға өте білу іскерлігі, оны тосыннан қолдана білуге машықтандыру секілді стандарттық дағдыларды меңгеруде бірнеше сатылардан өтуі, оларды қарым-қатынасқа дайындаудың ең маңызды аспектісі,- болып табылады. Коммуникативтік біліктілікті қалыптастыру сатысында мынадай өзіндік сипаттамалары айқындалған:
а) жаңа жағдайда оқушыға белгілі білім мен дағды, шешім нұсқалары, қарым-қатынас жасай білу тәсілін жеткізе (тасымалдай) білу іскерлігі, олардың нақты жағдайдағы ерекшеліктеріне сай өзгеріп отыруы; ә) білім алушыға бұрыннан белгілі ой, білім, дағды, тәсілдер қисындасуындағы (комбинациясында) жаңа коммуникативтік жағдайға сай шешім таба білу іскерлігі;
б) нақты коммуникативтік жағдайларды шешуде жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдана білуі.

А.Н.Леонтьевтің пайымдауынша, коммуникативтік құзыреттілік топтарын «бағдарлау» деп жалпы аталатын, өз кезегінде ұсынылған үш аспектіде: кеңістікте, мерзім бойынша, әлеуметтік қатынас ретінде қарастырған: 1) серіктестерінің мінез-құлқын бағдарлай білу, оның көңіл күйі; серіктесінің мінезін дұрыс түсіну, т.б. адамның мінез-құлқын анықтайды; 2) қарым-қатынаста серіктес боларлық және олардың өзара, т.б. байланысын бағдарлай

білу іскерлігі жақындық дәрежесі мен сенім білдіру өлшемдерінде өзінің және серіктестерінің жыныстық жас ерекшеліктері мен рөлдік дәрежесіне қатынасын білдіреді; 3) қарым-қатынас жағдайында бағыт таба білу іскерлігі. Бұл ептіліктің маңыздылығы нақты жағайдағы қарым-қатынас ережесінің маңызды бейнесі ретінде анықталады [77].

Күнделікті өмірдегі қарым-қатынаста сөйлеу әрекетінің барлық түрі – айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым – бірімен бірі тығыз байланысты. Өзге тілге оқытуда біз осының бірінен екіншісіне үнемі ауысып отырамыз. Ал егер осылардың ара салмағын салыстырып қарайтын болсақ, күнделікті қарым-қатынаста біз, адамдар, көбінесе айтушы мен тыңдаушы рөліндеміз. Адамның оқыған кезде тыңдағанға қарағанда көп мөлшерде сөз қабылдайтыны рас. Бірақ бұл сөздердің санына ғана қатысты, ал сапасына келгенде адам тыңдау арқылы қарым-қатынасқа тезірек шығады. Сондықтан сөзді тыңдап қабылдау өзге тілмен танысуда, оны оқып-үйренудің негізі, тірегі болып саналады. Жалпы кез келген тілге оқытып-үйрету тыңдатудан басталады. Әдіскер-ғалым Ф.Оразбаеваның сөзімен айтсақ: «Сөйлесім әрекетіне тән айтылымның қатысымдық табиғатын айқындайтын белгінің бірі – адам мен адамның ұғынысу қажеттігін өтейтін тыңдалым процесі. Ауызша сөйлеу іске асқан жерде есту де, тыңдау да қатар жүреді» [98, 116 б].

Ж.Даулетбекованың пікірінше, оқылым мен тыңдалым барысында студенттің сырттан алатын ақпаратты қабылдауға қатысты естіген немесе оқыған материалдарын түсіну, ондағы негізгі және қосалқы мәселелердің ара жігін ажырата алу, мәтін құрамындағы сөздердің мағынасын түсіну, бейтаныс сөздердің мағынасын жалпы мәтін мазмұнына сүйеніп болжай алу, оқыған естіген ақпаратты қайта қорыту, оған баға беру, сол материалдар бойынша өзіндік қорытынды жасау секілді біліктіліктерді қалыптастыруға болады. Ал, айтылым мен жазылым әрекеттерінде студенттің өз бетінше ізденуі, шығармашылық тұрғыдағы қабілетттері, дара ойлауға ұмтылысы негізінде туындайтын біліктіліктер қалыптастыруға мүмкіндіктер мол [26 ].

М.Кабардов шетел тілін меңгеруші өзінің жеке ерекшеліктеріне қарай түрлі болып келеді – «коммуникативті», есту жадысы дамыған адам басқа тілде сөйлейтін ортаға түссе, сөйлеудің негізгі стереотиптерін есту арқылы тез ұғып алады. «Коммуникативті емес» деп саналатын болашақ мамандар тіл жүйесін ескеруі керек, олардың көру есі басым болады. Олар шетел тілінде жазылған мәтінді көрулері керек, осылайша олар естіп қабылдауға қарағанда мәтінді көргенде оңай үйренеді [133]. Сондықтан да, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда даралану туралы айтқанда болашақ маманның өзіндік шығармашылық белсенділігіне бағытталып, тек соның тілді меңгерудегі оңтайлы стратегиясын іздеу және оның бойындағы жасырын резервтерді пайдалану керек. Сонымен, ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық үлгісін мотивациялық, операциялық-мазмұндық және іс-әрекеттік компоненттерінің бірлігінде қарастырылып, олардың өлшемдері мен көрсеткіштердің негізінде теориялық үлгі жасалды.

Мотивациялық компоненті ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың өзін-өзі дамытуға талпынуы, қызығушылығының артуы, белсенді іс-әрекетке комуникативтік құзыреттілігін танытуымен сипатталады. Оқу іс-әрекетінде коммуникативтік құзыреттіліктің әртүріне деген қатынасы, танымдық қызығушылықтың дамуына байланысты туындайтын бірнеше мотивтердің бірлігінен тұрады. Сондықтан мотивация білім алушылардың белсенділігін, қызығушылығын тудыратындай жағдайлар мен жағдаяттарды шешетін тапсырмаларға байланысты болады. Бұл өз кезегінде білім алушының жеке тәжірибесіне, даралығына, ішкі ұмтылысы мен ынтасына байланысты болады. Мотивацияның пайда болуы оқу материалының мазмұнына, оқу іс-әрекетінің ұйымдастыруда ақпараттық технологияларды қолдану негізінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты оқытудың ұжымдық, топтық формада ұйымдастырылуына және олардың нәтижесін бағалауға тікелей қатысты болады Мотивациялық компонентті талдау мұнда бірінші қатарға коммуникативтік мәселелерді шешу үшін яғни олардың қарым-қатынасқа қызығушылығы, практикалық әрекетте өз білімдерін, біліктілікпен жүзеге асыруға қажеттілігінің пайда болуы, білім алушылардың ақпараттық технологияларды меңгеруге деген ниетті мен қызығушылықтарын қояды.

Мазмұнды-операциялық компонент ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың өзін-өзі дамытудағы ізденімпаздығын, білімділігі, белсенді іс-әрекетте комуникативтік құзыреттілігінің амалдарын қамтиды.

Мазмұнды-операциялық компонент ауызша және жазбаша, монологтық және диалогтық сөйлеуді меңгеру, коммуникацияның вербальды емес құралдарын меңгеру, ауызша және жазбаша түрде әр түрлі хабарламаларды құру шеберлігі, диалог пен полилогқа қатыса білу шеберлігі, қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияларды меңгеру сияқты аспектілерді қамтиды. Бүгінгі таңда білім беруде қол жетерлік әрі кең қолданылатын ақпараттық технологиялардың білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері әртүрлі. Мұндай технологиялардың мысалы ретінде электрондық пошта, желілік конференция, чаттар (Messenger, ICQ), бейнеконференцияларды атауға болады. Жоғарыда аталған технологияларды талдау негізінде мазмұнды-операциялық компоненттерді қалыптастыруға ықпал етеді деп қорытынды жасауға болады.

Іс-әрекеттік компонент – ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың өзін-өзі дамытудағы әрекетті өздігінен айқындауы, белсенді іс-әрекетте коммуникативтік құзыреттілігінің нәтижесі тәжірибеде шығармашылықпен қолдана білуінен көрінеді. Іс-әрекеттік компонент коммуникативтік құзыреттіліктің өзін бағалауды, сондай-ақ коммуникативтік мәселелердің кең аясындағы мәселелерді ақпараттық технологияларды қолданумен шешілуінің жалпы көріністерін сипаттайды.

Іс-әрекеттік компонент мотивациялықпен тығыз байланыста болады, өйткені коммуникативтік құзыреттіліктің өзін бағалау тиісті білімдер, шеберліктер мен дағдыларды жетілдіруге мотивациялануы керек. Бұған қоса, қазіргі заманға

лайық маман коммуникативтік мәселелердің кең аясында бағдар ала білуі, кәсіби әрекеттердің нақты жайына ақпараттық технологиялардың қайсысының лайықты екендігін анықтай білуі керек. Жүргізген талдау болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды табысты түрде қолданудың негізгі шарты – мақсатты қоюдан бастап, алынған нәтижелерді талдауға дейінгі бүкіл үдерістерді тұрғызуға ықпал ететін субъектілік қасиеттерінің коммуникативті болуымен сипатталады.

Сонымен, білім берудің мазмұны тұрғысынан коммуникативтік құзыреттіліктің мотивациялық, тұлғалық және іс-әрекеттік компоненттерін қалыптастыруда ақпараттық технологиялардың алға қойған міндеттеріне сәйкес келетіндерді қолдана отырып, педагогтың іс-әрекеттерін де өзгерту қажет. Білім беру бағытының алғашқы сатыларындағы педагогтың рөлі өте маңызды. Ал егер білім алушылардың мотивациясы анық, екінші жоғары білім, біліктілікті жоғарылату мен мамандықты өзгерту тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда ақпараттық технологияларды қолданудың үлесі өте жоғары. Педагог көбінесе кеңесші, тьютор рөлінде психологиялық қолдау көрсетеді. Мұнда жанды қатынас, тәжірибемен (педагогикалық мамандық ерекшеліктерімен байланысқан) алмасу қажет.

Біртұтас үлгі ішкі әрекет механизмдерінің қызмет етуінің тиімділігі өлшемдері бойынша көрсетілген мәселелерді шешудің тиімділігін бағалауға ықпал етеді. Үлгінің шешетін түпкілікті мәселелерінің бірі – үлгіленетін жүйенің орнын анықтау. Үлгі мазмұнын талқылау оның негізгі элементтері мен өзгерту жағдайларының қызмет ету сипатын анықтауға, адамның жалпы дамуының бірнеше ерекшеліктерін анықтауға ықпал етеді.

Бірінші ерекшелік-ақпараттарды сыртқы жүйеден бұрмалаусыз, толық көлемде қабылдау. Бұл үшін адамның барлық сезім органдарының қолайлы жұмысын, оқу материалдары мен мәдени құндылықтарды қабылдап, өңдеп, меңгеру үшін оқушының қалыпты да жұмысқа қабілетті күйін қамтамасыз ету керек.

Екінші ерекшелік – бұл сырттан келген ақпараттың ойлаудың құрылымы мен қажеттілік жүйесінің даму деңгейіне сәйкес келуі. Бұл ақпараттың адамда “қызықты”, “қозу”, “көңіл-күйге ортақтасуы” арқылы жүзеге асырылады.

Үшінші ерекшелік – ішкі арна байланыстары, реттеу бағдарламалары мен құрылымдарының тиімді жұмысын “Мен тұжырыммен” қамтамасыз ету. Бұл үшін педагогтың оқушыға қатысты жеке, бағдарлы жолы жасалуы қажет.

Төртінші ерекшелік - нәтижелі кері байланыс арқылы өзінің маңыздылығы (қоғамдық қолдау) мен өзін-өзі жүзеге асыруды (жеке жетістік) қамтамасыз ететін сыртқы іс-әрекетті қалыптастыру. Бұл жерде ерекше айта кететін жай: кері байланыс шығармашылық сипатта болуы керек.

Бесінші ерекшелік-адамның дамуы тәрбиелеу мен оқыту мақсаттарына кешенді түрде жетумен ғана мүмкін болады, яғни адамның жеке, дара адам, субъект пен өзіндік тұлға болып дамуы. Мұндағы тәрбиелеудің қажеттілік иерархиялары мен құндылық нысаналарын қалыптастыру, ал оқытудың ойлау құрылымы мен когнитивті жаңадан пайда болғандарды қалыптастыру.




Сурет 1 – Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың - коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі.

Зерттеу жұмысымызда ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үлгісін құруда мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттердің бірлігінде қарастырамыз. Бұл компоненттер ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру дәрежесін сипаттайтын негізгі өлшемдер мен көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді.

Кесте 1 – Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері

| Компонент-тер | Өлшемдер | Көрсеткіштер |
|---|---|---|
| Мотивациялық | - болашақ мамандардың ақпараттық технологияларды қолдану арқылы коммуникатив тік білімі мен біліктерін, тілдік тапсырмаларды орындауға деген ынтасы мен ықыласы. | - коммуникатитвік құзыреттіліктің негізі болып табылатын тілдік білім алуға, тыңдалым, айтылым, сөйлесім, жазылым туралы түсінігі, өздігінен ізденуі, талдауы, жинақтауы, жүйелей білуге, өзінің ойын жеткізуде тілдік қарым-қатынасқа түсу құралдарын, тілдік тапсырмаларды орындауда бірлесіп әрекет етуде ақпараттық технология ларды қолдана алуға қызығушылығы; |
| Мазмұндық | - болашақ мамандардың оқу үдерісінде коммуникативтік құзыреттілік тұрғысында ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік білімді меңгеруі, талдауы, жинақтауы, моделдеуі, жүйелеуі. | - коммуникатитвік құзыреттіліктің негізі болып табылатын тілдік білімді меңгеруі, тыңдалым, айтылым, сөйлесім, жазылым туралы білімі, өзінің ойын жеткізуде тілдік қарым-қатынасқа түсу құралдарын, тілдік тапсырмаларды орындауда бірлесіп әрекет етуде ақпараттық технология ларды қолдануы, өздігінен ізденуі, талдауы, жинақтауы, жүйелеуі. |
| Іс-әрекеттік | - болашақ мамандардың кәсіби даярлығында ақпараттық технологиялар негізінде алынған ақпараттың нәтижесін коммуникативтік құзыреттілік тұрғысынан бағалауы, мәселенің шешімін шығармашылықпен қабылдауы. | - коммуникатитвік құзыреттіліктің негізі болып табылатын тілдік біліктілігі, тыңдалым, айтылым, сөйлесім, жазылымды өзінің ойын жеткізуде тілдік қарым-қатынасқа түсу құралдарын, тілдік тапсырмаларды орындауда бірлесіп әрекет етуде ақпараттық технологияларды қолдануы, тілдік білімі мен біліктілігін практикалық іс-әрекетінде шығармашылықпен ұштастыруы, талдауы, жинақтауы, жүйелеу біліктілігі. |

Сонымен, ғылыми жұмыстарды талқылау ақпараттық технологияларды қолданумен коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үдерісіндегі субъекті ерекшеліктерінің мағынасын көрсетті.

Көрсетілген өлшемдер мен көрсеткіштер ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың келесі деңгейлері (жоғары, орта, төмен) айқындалды.

Жоғары деңгей. Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға қажетті білімді жоғары деңгейде меңгеруі, соған сәйкес кәсіби әрекет түрлерін шығармашылықпен ойлап табатын, оны оқу әрекеттері тәжірибесіне енгізуде сенімді, белсенді, өзін-өзі жүзеге асыратын, өзін-өзі ұйымдастыруы мен бағалауы толық қалыптасқан білім алушы.

Орта деңгей. Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға қажетті білімді жеткілікті деңгейде меңгеріп, соған сәйкес кәсіби әрекет түрлерін ойлап табатын, оны оқу әрекеттері тәжірибесіне енгізу белсенділігі орташа, өзін-өзі жүзеге асыратын, өзін-өзі ұйымдастыруы мен бағалауы толық қалыптаспаған білім алушы.

Төмен деңгей. Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға пәндік білімнің негізгі деңгейін меңгеріп, соған сәйкес берілген үлгіні қатаң түрде сақтай отырып, әрекет жасайтын, оны оқу әрекеттері тәжірибесіне енгізе алмайтын, өзін-өзі ұйымдастыруы мен бағалауы қалыптаспаған білім алушы.

Қорыта айтқанда, ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыретілігінің қалыптасуында оның ақпараттық іс-әрекетке белсене араласуы, ақпараттық технологиялар құралдары мен әдістерін өздігінен игеруі маңызды рөл атқарады. Ақпараттық технологиялар құралдары мен әдістерін тарата отырып, болашақ мамандармен арнайы ұйымдастырылатын ақпараттық іс-әрекеттер олардың жеке тәжірибелерінің дамуына, барлық құзыреттердің қалыптасу деңгейінің арттыруына бағытталады. Жоғары білім беру жүйесінің дамуының әлемдік бетбұрыстарды білім беру жағдайында жаңа ортаның - ақпараттық қоғамның пайда болуына себепкер болады.

Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру олардың білім сапасын көтеруге ықпалын тигізіп қана қоймай, жоғары оқу орнына білім алуда өзінің мүмкіншілігін арттыруға жағдай туғызатынына көз жеткізілді. Ол үшін ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру қажет.

Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, олардың ғылыми терең дайындығын, ерекше ізденімпаздықпен жаңалықты үйлестіре алатындай педагогикалық шеберлігі мен жауапкершілігін жеткілікті деңгейде қамтамасыз ететіндей білім беруде оқыту әдістері мен технологияларын тәжірибеге енгізу – бүгінгі күннің басты талаптарының бірінен саналады, - деп санаймыз.

# 2. БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

## 2.1 Болашақ бастауыш мектеп мамандарының ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың қазіргі жағдайы

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында: жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді сондай-ақ студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді, – деп көрсетілген [1]. Бұдан нәтижеге бағдарланған білім беруде ақпараттық технологияларды пайдаланып, білім сапасын арттыру мен түйінді құзыреттіліктер болса, оның негізін құрайтын коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қажеттігі туындайды. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің тұжырымдамасында жалпы әлемдік мәдени құндылықтарды енгізуді көздейді.

Жалпы орта мектептің бастауыш сатысына мамандар дайындауды жоғары оқу орындары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (жоғары кәсіптік) негізінде жүзеге асыратыны белгілі. «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының бүгінге дейінгі стандартын талдайтын болсақ, ондағы берілетін кәсіби білім мазмұны бастауыш білім беру сұранысына ғана сәйкестігін айта кеткеніміз жөн. Дегенмен, аталған мамандық студенттерінің жоғары оқу орнында коммугикативтік құзыреттілігін қалыптастыруға, бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші кәсіби дайындықтың сапасын, болашақ бастауыш сыныптар мұғалімінің кәсіби іс-әрекетке дайындықтарының қазіргі білім беру ұйымдарының сұранысын қанағаттандыра алмайтынын көрсетіп отыр.

Бүгінде жалпы орта мектептің бастауыш деңгейіне маман даярлаудың негізгі келесі факторларды қамтамасыз етеді, олар: жалпыға міндетті кәсіби білім беру стандарты, оқу бағдарламасының мазмұны, оқыту үдерісін ұйымдастыру және педагогтың кәсіби құзыреттілігі. Олардың әрқайсысына тоқталатын болсақ: 5В05010200 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына арналған жалпыға міндетті білім беру стандартын талдау мақсатын көздедік. Өйткені, бүгінге дейін республикамызда 2009 және 2011 жылдары жарық көрген стандартпен бастауыш сынып мамандары кредиттік жүйе бойынша даярлануда.

Осы стандарт бойынша бөлінген кредит саны мен пайыздық көрсеткіші төмендегідей: жалпы білім беру пәндерінің циклының құрамы типтік оқу жоспарындағы пәндердің жалпы көлемінің 25%-ын немесе 33 кредитті құрап, базалық пәндер циклындағы пәндер көлемі типтік оқу жоспарындағы пәндердің

жалпы көлемінің 50%-ын немесе 64 кредит құрайды, олардың ішінде 20 кредит міндетті компонент пәндеріне және 44 кредит таңдау бойынша компонент пәндеріне тиесілі. Кәсіптік пәндер циклындағы пәндер көлемі типтік оқу жоспарындағы пәндердің жалпы көлемінің 25%-ын немесе 32 кредитті құрайды, соның ішінде 5 кредит міндетті компонент пәндеріне және 27 кредит таңдау бойынша компонент пәндеріне бөлінеді.

2012 жылдан бастап, 6В05010200 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына арналған модульдік оқу бағдарламаларының мазмұны әлемдік стандартқа сәйкестендіріп әзірлеуді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне тапсырылуы әрине, профессор-оқытушылар ұжымына үлкен міндет жүктелгені деп түсінеміз. Модульдік оқу бағдарламаларын әлемдік стандартқа сәйкестендіруде шетел тәжірибелерін зерделеу, шетелдік ғалымдарымен пікірлесу, бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде кредиттік оқыту технологиясының ерекшеліктері, мобильдік ұтқырлықтың жүзеге асырылуы, серіктестікте қызмет істеу және т.б. толығымен ескеріледі.

Қазіргі бастауыш мектепке ғылым мен мәдениеттің жаңа жетістіктерін білетін, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды игерген, оқытудың инновациялық әдістерін меңгерген, ақпараттық технологиялармен қаруланған, кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқыту, тәрбиелеу мен дамытуға арналған оқу бағдарламаларын және оны іске асырудың әдістемесін жетік білетін маман қажет. Бүгінде бастауыш сыныптарда ақпараттық технологияларды оқушылармен, ата-аналармен және оқыту үдерісін басқару жұмыстарында қолданады. Сондықтан да бастауыш мектепке кәсіби құзыреттіліктің негізін құрайтын коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан мамандарға сұраныс беруі заңдылық.

Абай атындағы Қазақтың ұлттық педагогикалық университетінің 2020-шы жылға дейінгі даму стратегиясында: маман дайындауда білім сапасына қол жеткізу халықаралық стандарт пен оның талаптарына сәйкестендірілетіні көрсетілген. Халықаралық білім кеңістігіне кірігу үшін ұлттық білім беру бағдарламаларын әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бағдарламаларымен үйлестіру жүзеге асырылуда. Оған дәлел бүгінгі қоғам сұранысына жауап беру мақсатында университетімізде 2012-2013 оқу жылынын бастап, 5В010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» (бакалавриат) мамандығына университет ғалымдары, Туркия мемлекетінің Эрзинджан университетінің профессорларымен авторлық бірлестікте әлемдік стандартқа сәйкестендірілген білім беру бағдарламасын әзірлеп пилотты режимде тәжірибеде сынақтан өткізу үстінде және шетелдік тәуелсіз сараптамалық қорытындыдан кейін жетілдірілуде.

Білім беру бағдарламасының мақсаты – бастауыш мектептің болашақ педагогтары кәсіби іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға қабілетті, бәсекелестікке бейімделген, халықаралық стандарт талаптарына сай болуы, жалпымәдени, кәсіби және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру, бастауыш мектептерде

оқыту үдерісін ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолдануды меңгерту.

Білім беру бағдарламасы келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді. *Жалпымәдени құзыреттілік:* адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін меңгеруге; ғылымдардың негізгі әдістері мен ережелерін, әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуге; шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсінуге және т.б.

*Кәсіби құзыреттілік:* білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін меңгерту; кәсіби қызметінде бала құқығы мен мүгедектер құқығы туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды пайдалана білу; кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және салааралық өзара әрекеттестіктеріне қатыса алу және т.б.

*Пәндік құзыреттілік:* кіші мектеп жасындағы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері мен технологияларын меңгерту; білім беру сабақтастығын жүзеге асыру құралдарын меңгеру; жеке әдістемелік пәндердің теориялық негіздері мен технологияларын меңгеру және т.б. Сонымен қатар, ақпараттық, коммуникативтік және проблеманы шешу құзыреттіліктерін де меңгерту көзделген.

2009 және 2011 жылдарғы мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты бойынша әзірленген жұмыс оқу жоспарында міндетті оқу компоненті 45 пайыз, ал таңдау пәндері компонентіне 55 пайызды құраған болатын. Аталған білім беру бағдарламасында міндетті пәндер компоненті 33 пайыз, ал таңдау пәндері компоненті 67 пайызды құрайды. Бұл өз кезегінде студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға басымдық мүмкіндік туғызады, оған дәлел ретінде енгізілген пәндерді атап айтсақ: «Информатиканы оқыту әдістемесі», «Ағылшын тілін оқыту әдістемесі», «Өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесі», «12жылдық бастауыш мектеп үшін оқу пәндерінің ОӘК», «ШЖБМ (орыс) әдебиеттік оқуды оқыту әдістемесі», «Бастауыш мектеп оқу пәндерінен дидактикалық материалдар дайындау әдістемесі», «Бастауыш мектепте шет тілін оқыту әдістемесінің теориясы мен технологиясы» т.б.

2009 жылғы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында міндетті пәндер компонентіндегі тұрған пәндер білім беру бағдарламаларында «Құқық негіздері», «Экология және тұрақты даму», «Өмір қауіпсіздік негіздері», «Отантану» т.б. пәндері таңдау пәндері компонентіне ауыстырылды. 12 жылдық білім беруге көшу жағдайында бұл пәндер мектептің бейіндік сыныптарында оқытылатын болады.

Білім беру бағдарламасын тәжірибеге енгізу барысында педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мәселесі алға шығады, себебі аталған бағдарлама бойынша оқытушылар академиялық ұтқырлықпен шетелден білімдерін жетілдіріп, жаңа пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеп, педагогикалық үдерісті кредиттік технологияның талаптарына сәйкес жүргізуде.

Университеттің материалдық базасы түрлі ақпарат көздеріне, электрондық оқулықтарды қолдануға қажетті компьютерлік техникаға қол жетерліктей етіп жабдықталып, мультимедиалық және ақпараттық технологияларды пайдалану кеңінен қарастырылуда. Сонымен, біздің негізгі міндетіміз педагогикалық үдерісті жетілдіру болып табылады, нақтылап айтсақ университеттегі 5В010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттерінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін арнайы курсты таңдау пәндерінің оқу бағдарламасын, силлабусын, оқу-әдістемелік кешендермен, іс жүзінде электрондық реурстарды пайдаланып, оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік жасауға бағдарланып отыр.

Бұл бүгінгі күні жоғары оқу орындарында оқыту үдерісінде педагогикалық технологияларды саралап қолдануды қажет етеді. Университетте бастауыш оқыту педагогикасы ғылымының дамуына өзіндік үлес қосқан ғалымдар бастауыш мектепке мұғалімдер дайындауға ат салысуда. Жоғары оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық технологияларын меңгеріп қана қоймай, оны педагогикалық үдерісте пайдалану әдістемесін үнемі жетілдірілуде.

Ел президентінің «Қазақстан – 2050 стратегиясы – «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауын қолдау, халықаралық және аға ұрпақ тәжірибесі негізінде бастауыш мектепте білім берудің жаңа әдіс-тәсілдеріне көшу саясатын жүзеге асыру үшін университетімізде қазақ тілінде бастауыш мектеп педагогикасы ғылымы бойынша ғылыми диссертация қорғап, бастауыш мектепке маман даярлауға қомақты үлес қосқан, жоғары оқу орнына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жазған әдіскер-ғалымдарға арналған кабинеттердің ашылуы, білім алушылардың мамандықтарына деген сүйіспеншілігін арттырып, кәсіби тұрғыдан өсуіне ықпал ететін, ғылыми еңбектермен және ақпараттық технологиялармен жабдықталуы да осы мамандық студенттерінің ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік туғызып отыр. Бастауыш оқыту педагогикасына қомақты үлес қосқан әдіскер-ғалымдар: Т.С.Сабыров, Р.Қоянбаев, сонымен қатар бастауыш оқыту әдістемесінің әр қырынан зерттеген ғалымдар: С.Р.Рахметова, Р.Мендикенова және т.б. арналып ашылған кабинеттерді атауға болады.

Сондай-ақ, студенттер «Бастауыш мектеп педагогикасы» ғылымы саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына оқытушы-профессорлардың жетекшілігімен қатысып, мамандық студенттері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мақтау грамоталарына ие болды. Атап айтсақ: 2013 жылы 5В010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» (бакалавриат) мамандығының студенті Жұмабаева Жазира студенттердің ғылыми жұмыстарының арасында бірінші орын алды. Жұмабаева Жазира бүгінде 5М010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1 курс магистранты. Кафедра тарапынан ұйымдастырылған ***«Үздік магистрант»*** конкурсының бас жүлдесін жеңіп алып, өзінің осы мамандық бойынша меңгерген теориялық білімін, практикамен ұштастыра

отырып, өзінің кәсіби деңгейінің оның негізі болып табылатын коммуникативті құзыреттілігінің қалыптасып келе жатқанын көрсете білді.

Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда әлемдік стандартқа сәйкес білім беру үшін студенттердің академиялық ұтқырлығын іске асыру барысында университетіміз халықаралық ынтымақтастықты дамытуды белсенді түрде іске асырып Англия, Германия, Чехия, Польша, Қытай, Түркия, Корея, Ресей, Латвия және т.б. мемлекеттерден жалпы саны 44 жоғары оқу орындарымен серіктестікте жұмыс істейді.

Қазіргі білім саласындағы өзгеріс педагог мамандығына жарқын болашақ ашуда. Білімнің жаңа мазмұнмен толығуы педагог кадрларды дайындауға жаңа талаптар қойып, тілдік білімнің рөлін көтеріп, оның сапалы өзгеруіне басымдық беріліп отыр. Бұл тұрғыда педагогикалық үдерісті ұйымдастыруды оқу-әдістемелік кешендермен, құралдармен қамтамасыз ету мәселесі басты назарда болады, өйткені білім алушылардың оқу пәндерінің мазмұнын меңгертудің субъект мен субъектілік қатынасқа құрылуы, білім алушылардың білімді өздігінен меңгеруіне, ізденуіне мүмкіндік туғызуы да осыған байланысты болмақ. Міндетті және таңдау пәндері компоненттері бойынша әзірленген оқу-әдістемелік кешендермен студенттер толық қамтылып, кәсіби құзыретті маманның коммуникативтік дайындығын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасалуда.

Бүгінде университетіміз бастауыш мектепке оқытудың ақпараттық технологияларын меңгерту, бітіруші түлектің әлемдік стандартқа сәйкес білімді меңгеруі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, кәсіби құзыретті маман дайындауды міндет етіп қойып отыр. Осы міндеттің барлығы бастауыш мектепке коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан маман дайындаудың көзі болып отыр. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін жоғары оқу орындарында оқытудың қазіргі технологияларын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану әдістемесі жетілдірілуде.

Ақпараттық технологиялар – ақпарат көздері, бейнелік және аудиоэффектілік, электронды оқулықтар, әртүрлі мультибағдарламалық мүмкіндіктерді интерактивті бағдарламалық жабдықтың басқаруымен орындатылатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері болып табылады.

Кәсіби дайындықтың негізі болып табылатын коммуникативтік құзыреттілікті меңгерту, әрине оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы алған білімі мен өзіндік ізденуі нәтижесіндегі білімінің тереңдігін және оны тәжірибеде кез келген жағдайда қолдана білуімен сипатталады. Оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану кәсіби дайындықтың мазмұнын өзгертуге, білім алушылармен жұмыстың әртүрлі формасын ұйымдастыруда, яғни оқыту үдерісінде, ғылыми-зерттеу жұмыстарында болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болары сөзсіз.

Қазіргі компьютерлік және интербелсенді бағдарламалық әдістемелік құралдар оқытушы мен білім алушының әрекеттесу формаларын өзгертіп, субъекті мен субъектілік қатынас түрінде көрінеді. Ал мұндай өзгеріс білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, сабақтың, нәтижелік бақылаудың жаңа үлгілерін (баяндама, есеп беру, топ алдында жобаларды біріге отырып қорғау, эссе жазу, реферат, курстық және дипломдық жұмыстар) орындауда ізденуге ақпараттық технологияларды қолдануға итермелейді, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған түрлерін енгізуді керек етеді.

Оқыту үдерісінде білім алушылардың кәсіби құзыреттілігінің негізі болып табылатын коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру нәтижесі:

- әлемдік стандартқа сәйкес әзірленген білім беру бағдарламаларын меңгеру және оны тәжірибеде кез келген жағдайда қолдануда шығармашылық ізденіске түсуі;
- білім алушының өзіндік жұмысы бойынша портфолио дайындауда ақпараттық технологияларды, интербелсенді әдістерді пайдалануы;
- мамандық бойынша дайындалған электрондық оқулықтарды, ақпарат көздерін өздігінен саралап, еркін қолдануы;
- бастауыш мектепте педагогикалық үдерісті жаңаша ұйымдастыруға қабілеттілігі жоғары;
- бастауыш мектепке арналған ақпараттық құралдарды, компьютерлік ойын бағдарламаларын, электрондық оқулықтарды жетік меңгеруімен сипатталады.

Сонымен қорыта келе, бүгінгі қоғамның басты талабы бастауыш мектепке коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан мамандарды дайындау мәселесі бойынша университетіміз: оқытудың ақпараттық технологияларын пайдалану, оқытушылар мен студенттерге арналған академиялық ұтқырлық, педагогикалық үдерісті жаңаша ұйымдастыруда «шеберлік сыныптары», «Онлайн» жүйесімен, Алматы облысы бойынша мұғалімдердің білімін жетілдіру институтымен бірлесе отырып, бастауыш мектеп пен шағын жинақталған мектептің мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында ашық сабақтар, шеберлік сыныптарын, семинар өткізу, арнайы кабинет жабдықтау, электрондық оқулықтар дайындау сияқты жұмыстарды атқарып, жоғары білім беруді модернизациялауды іске асыруға өзіндік үлесін қосуда.

Бүгінде білім беру саласын модернизациялауға байланысты елімізде өтпелі кезеңге арналған жалпы орта мектептің оқу бағдарламалары жарық көрді. Бастауыш сыныптардың оқу бағдарламаларының басты жаңалықтары 2013 жылдан бастап, 1 сыныптан шет тілі пәні оқытылуда. Бастауыш деңгейдің 1 сыныбынан бастап, шет тілін оқытуға бастауыш сынып мұғалімдері дайын болмады. Сондықтан жалпы орта мектептің шет тілінен беретін мұғалімдерін Республикалық педагогикалық «Өрлеу» орталығынан үш кезеңдік қайта даярлаудан өткізіп, оларды бастауыш сыныпта шет тілін оқыту үшін тәжірибеге енгізді. Дегенмен, біздің ойымызша, бастауыш сыныптағы шет тілін бастауыштың маманы беру керек. Өйткені, олар бастауыш сыныптарда оқытудың жеке пәндердің әдістемесін толық өтеді, әрі бұл жастағы оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін жақсы меңгереді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары білім беретін (бакалавриат) бойынша мамандар дайындау классификаторына «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына қосымша мамандандыру ретіне «шет тілі мұғалімі» деген мамандықты қосу керек. Берілетін біліктілікке «бастауыш сыныптар және шет тілі мұғалімі» дегенді қосу керек. Сонда ғана біз маман дайындау мәселесінің шешімін тауып, білімнің негізі қаланатын бастауышта кәсіби құзыреттіліктің негізі болып саналатын коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан маман дайындаймыз, - деп айтуымызға негіз болады.

Қазіргі пилоттық режимде эксперимент жүріп жатқан білім беру бағдарламасының аясында болашақ мамандар даярлауға қойылып отырған талаптарға сәйкес зерттеу мәселеміз бойынша «Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі» атты арнайы курс бағдарламасын әзірледік. Аталған жұмыс оқу бағдарламасы 1 кредитке арналған және ол «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының білім алушыларына арналып дайындалды.

Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қамтамасыз ететін келесі фактор оқыту үдерісін ұйымдастыруда қазіргі ақпараттық технологияларды, интерактивті тақта, электрондық оқулықтар, инновациялық технологиялар мен интербелсенді әдістерді қолдану, білім алушылардың өзіндік жұмыстарының нәтижесін көрсететін портфолиосы, субъекті мен субъектілік қатынасқа құрылған дәрістер мен семинарлар, білім алушылардың креативтілігін дамытуға арналған шығармашылық тапсырмалар, профессорлардың «Шеберлік сыныптары», озат тәжірибелерді үйрену және т.б. пайдалану әдістемесін меңгерту көзделеді.

Болашақ бастауыш сынып мамандарының дайындаудың келесі факторы педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі тұлғалық негізде төмендегі аспектілерді: философиялық, әлеуметтік, мәдениеттілік қамтиды. Олар:

- коммуникативтік құзыреттіліктің философиялық аспектісі тұлғаның рефлексиялық қажетілігінен туындайтын интерпретациялық іс-әрекеті, оны атқарудағы тұлғаның адами сапалары, білім алудың негізгі ортасында тұратын білім алушының өзінің дамуы;

- коммуникативтік құзыреттіліктің әлеуметтік аспектісі субъекті-субъектілік педагогикалық қызметті бірлесіп шығармашылықпен ұйымдастыру біліктілігі, өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі шығармашылықпен жүзеге асыруы, кәсіби тұлғалық өсуі;

- коммуникативтік құзыреттіліктің мәдениеттілік аспектісі тұлғаның көпмәдениеттілікті, арнаулы этникалық факторларды түсінетін, серіктестік іс-әрекеттегі мінез-құлқы, тұлғааралық және іскерлік қарым-қатынасқа түсе алуы, мәдениетаралық бірлескен іс-әрекетті ұйымдастырудағы шығармашылығы.

Жоғары оқу орнында білім алушылардың кәсіби құзыреттілігіне тұлғаның кіріктірілген қасиеттеріне: коммуникативтік, дидактикалық және тұлғалық компоненттерден тұратын педагогикалық және пәндік білім салаларын бірлестіке қарастыратын құзыреттіліктер жатқызылады. Коммуникативтік

құзыреттілікке пән бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынастың түрлерін меңгерту көзделеді.

Дидактикалық компоненттің негізіне алған білімін талдау, педагогтың шығармашылық іс-әрекетінің дағдысы, білімді жеткізушілік әлеуеті, іс-әрекетке түсу жағдайы мен қабілеті, білім алушыларды оқытудағы өзіндік жобалау технологиялары, оқу-тәрбие үдерісінің логикалық құрылымы, пайда болған мәселелерді шеше білу мүмкіндігі, педагогикалық міндеттерді өздігінен мобильді түрде шешудің әдістерін, креативті ойлау, оның кәсіби және өзінің білімділігін көтеруге ықпал етеді.

Жоғары оқу орнында білім берудегі оқытушының тұлғалық компоненті оның кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінде көрініс береді. Педагогикалық іс-әрекет әлеуметтік, мәдени өсуімен сипатталады. Оқытушының әлеуметтік жағы педагогикалық іс-әрекетте шығармашылығының қалыптасу мәселесімен байланысты қарастырылатын педагогтың шығармашылық стилі болып табылады. Оқытушының шығармашылық стилі педагогикалық іс-әрекеттердің бірлігі мен іс-әрекеттердің құралдары, яғни оның тұтастай шығармашылығын қамтиды. Шығармашылық стиль ұғымы педагогтың өзіндік жұмысы, белсенділігі, креативтілігі, біліктілігі жауапкершілігімен байланысты болмақ.

Жоғары оқу орнында білім беруді қайта құруда білім алушылардың өзін-өзі жүзеге асыруына, коммуниткативтік құзыреттіліктерді меңгеріне, оқыту үдерісіне шығармашылықпен, ізденіспен келуді қамтамасыз етеді. Ол үшін тьютордың сабаққа дайындығы да алдыңғы қатарға шығады, өйткені білім алушыларға әрбір пән бойынша берілетін білім мазмұнын меңгертуде оқытушының шығармашылық тапсырмаларды құруда креативтілігі, ол әрине білім алушылардың шығармашылық қабілетін, қиялын, коммунтикативтік рефлексиясын қалыптастыруға ықпал етуі тиіс. Педагогикалық міндетті пәндерде «іскерлік ойындар», «интервью», «тренинг», «шығармашылық топтық тапсырмалар», «презентациялар», «бейнетаспалар» және т.б. инновациялық технологияларды пайдалану арқылы білім алушылардың оң көзқарасын қалыптастырып, жобалау мүмкіндіктерін дамытуға, рефлексияны, коммуникативтік дағдыларды жетілдіруге негіз болады.

Педагог әрбір тапсырманы ұсынған кезде оларды шығармашылықпен орындату арқылы мақсатқа жетуді көздейді. Тұлғалық-бағдарлы оқытуды жүзеге асыру үшін білім алушылардың мотивациясын тудыруға ықпал етіп, мақсатқа бағытталған ахуал туғыза білуі қажет. Сонда ғана оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану арқылы тапсырмаларды орындату әдістемесі белгілі нәтижеге жетеді. Өйткені, тақырыптың мақсатына сәйкес шығармашылықпен сараланып алынған оқыту технологиялары білім алушылардың жаңа материалды меңгерудегі ізденістері мен шығармашылықтарын дамытады.

Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық құралдардың қолданылу бағытына қарай түрлерін былайша жіктеуге болады:

Ақпараттық-анықтамалық басылымдар жалпы ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді. Бұларға энциклопедиялар, анықтамалықтар, сөздіктер, хрестоматиялар, географиялық және астрономиялық атластар, нормативтi-құқықтық және экономикалық жинақтар жатады. Олар белгiлi бiр курсқа, бағдарламаға, дидактикалық схемаға байланыссыз болады. Шығармашылық мақсаттағы және оқу бағдарламасының аясынан тыс оқу мiндеттерін шешуде қосымша материал ретiнде қолданылады.

Жалпымәдени сипаттағы электрондық басылымдар мәдени ортаны кеңейту мақсатына арналған. Бұларға әлемдегі мұражайлар бойынша виртуалды экскурсиялар; қалалар, елдер және құрылықтар бойынша саяхаттар; әлемдiк мәдениеттің классикалық туындыларына, сәулет, кескiндеме, саз өнерлерiнiң үздiк үлгiлерiне арналған басылымдар жатады. Мұндай электрондық басылымдардың мақсаты – оқушылардың барлығы үшiн олардың дүниеге көзқарасын кеңейтуге, жалпы мәдениетін тәрбиелеуге тең мүмкiндiктер беру. Осы типтегi электрондық басылымдардың бiр тобын психологиялық-педагогикалық тәрбиелiк қолдау көрсету мақсатындағы электрондық оқу басылымдары құрайды.

Оқыту үдерiсiне қолдау көрсетуге және оны дамытуға арналған басылымдар белгiлi бiр оқу пәнiнiң бағдарламасы аясында жүйеленген материалдарды қамтитын электрондық оқу құралдары. Пән бойынша оқу бағдарламасында анықталған оқу мазмұнын меңгертуге арналады. Оқу қызметінің барлық түрлерiн қамтиды: ақпараттарды алу; практикалық тапсырмаларды орындау арқылы белгiлi бiр бiлiм, білiк, дағдыларды қалыптастыру, дамыту, жетiлдiру; бiлiмдi бақылау мен бағалау.

*Электронды оқу басылымдарының мазмұнның берілуіне қарай жiктелетiн түрлерi:*

*Электронды кітапхана* – пәннің саласына және бiлiм алушылардың мүмкiндiктерiне сәйкес iрiктелген иллюстративтi материалдар мен мәтiндердiң жинағын, түрлi электрондық материалдарды (шет тiлiн оқытуға арналған анықтамалықтарды қамтитын электрондық басылымдар) сенiмдi сақтауға және тиiмдi пайдалануға мүмкiндiк беретiн ақпараттық жүйе. Электронды кiтапханада мынадай ақпараттар жинақталады: шолу ақпараты; авторлық және пәндiк сiлтемелер; кеңейтiлген библиография.

2) *Электронды көрнекi құралдардың кiтапханасы* – мазмұны мультимедиа құралдары топтамасының көмегi арқылы берiлетiн құралдың түрi. Қолданылуы қарапайым редактордың көмегi арқылы оқытушы сабаққа қажеттi көрнекi құралдар топтамасын қалыптастыра алады.

3) *Электронды энциклопедия* – бiлiмнiң белгiлi бiр саласына байланысты түрлi бағыттағы ақпараттардың үлкен көлемiн сақтай алатын құралдың түрi. Басылымның бұл түрi иллюстрациялардың, бейне және аудио-үзiндiлердiң көптiгiмен ерекшеленедi.

4) *Репетиторлар мен тренажерлар* – бiлiм алушыларға сабаққа, емтихандарға өздiгiнен дайындалуға, өздерiнiң бiлiмдерiн объективтi тұрғыда бақылап, бағалауға мүмкiндiк беретiн оқу-әдiстемелiк кешендер. Олардың

құрылымы мыналардан тұрады: тапсырмаларды орындау үшін нұсқау; интерактивті жаттығулар; бақылау және өзін-өзі бақылауға арналған құралдар.

Мультимедиалық құралдар – бейнелік және аудиоэффектілік, әртүрлі мультибағдарламалық мүмкіндіктерді интерактивті бағдарламалық жабдықтың басқаруымен орындаталатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері. Мультимедиа ақпараттық жаңалықтардың қайнар көзі ретіндегі ғылыми білім мен инновациялық шешімдердің рөлінің жоғарылауына ықпал етеді, технологиялық өсу мен жаңа интеллектуалдық технологиялардың құрылу мүмкіндіктерін қарастырады.

Зерттеу жұмысы бойынша 2012–2014 оқу жылдарында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде эксперимент жұмысы жүргізілді. Мұнда ғылыми жұмысымыздың міндеттеріне сәйкес зерттеудің келесі әдістері сараланып алынды: эксперимент, бақылау, сауалнама, озат оқытушылардың тәржірибелерін зерделеу, жинақтау, қорыту, математикалық-статистикалық әдістер. Тәжірбиелік-эксперимент Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Педагогика-психология факультеті, «Мектепке дейінгі және бастауыш оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының базасында жүргізілді. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аталған мамандық білім алушылары бақылау тобы ретінде белгіленді. Тәжірибелік және бақылау топтарынан барлығы 151 білім алушылар қатысты, оның 75-і бақылау топтарында, 76-ы эксперименттік топтарда болды.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың мақсаты: педагогикалық университтерінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын айқындау.

Тәжірибелік-педагогикалық эксперимент үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бекіту) ұйымдастырылды.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың міндеттері:

- университетте білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық-психологиялық, ағылшын тілін оқыту пәндері мен педагогикалық практиканың мүмкіндіктерін анықтау;
- білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оқу-танымдық іс-әрекетінің маңыздылығын көрсету;
- болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда сөйлеу әрекетінде көрінетіндіктен оның сөйлеу сапаларын: ойды дұрыс жеткізуін, накты пайымдауын, мазмұндылығын, көңіл-күйін, көркемділігін, сөздік қорының молдығын көрсету;
- болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда білімді меңгеруге байланысты коммуникативтік мәдениетін айқындау;
- тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың қорытындысын сараптау және оны талдау, ұсыныстар беру.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында жоғары кәсіптік білім бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына, жалпы білім мазмұнының тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы жоғары білім беретін мектептердің мемлекеттік базистік оқу

жоспары, типтік бағдарламаларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдар бойынша іс-тәжірибелерге талдау жасай отырып, университет білім алушыларының оқу-танымдық іс-әрекетінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты мүмкіндіктер қарастырылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау эксперименті педагогикалық университеттердің «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтары бойынша эксперименттік және бақылау топтарында жүргізілді. Эксперименттік жұмысқа қатысатын оқытушылар белгіленіп, пән оқытушыларымен зерттеу мәселесі бойынша дайындалған арнайы курс бағдарламасы талқыланды.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің білім алушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты сауалнамалар т.б. педагогикалық жұмыстар жүргізіліп, шет тілі пән бойынша тапсырмалар беріліп, білім алушылардың білімдік деңгейлері анықталды. Осы өлшем бойынша үш топқа бөлінді:

– ***біріншісі*** – болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру оқыту үдерісінде тілдік дағдыларды меңгеруге (оқушылармен дұрыс қарым-қатыста болады, ойын дұрыс жеткізе алады, өзгенің пікірімен санасады, сөздік қоры мол, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай біледі, тұрақты жақсы көңіл– күй бар, қоғамдық жұмыстарға белсенділік көрсете біледі, өзін басқа адамның орнына қоя біледі, адамдармен тіл табыса алады, қарым–қатынас кезінде адамдардың жас ерекшелігін ескереді), интеллектуалдық мүмкіндіктері бар, ізденімпаз тұлға;

– ***екінші*** – болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру оқыту үдерісінде тілдік дағдыларды меңгеруге қызығушылығы болғанымен, олар үнемі көмекті қажетсінеді (ойын нақты жеткізе алғанымен дәлелдей алмайды, өзгенің пікірімен санасады, сөздік қоры жеткілікті, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай біледі, көңіл-күй тұрақсыз, қоғамдық жұмыстарға қатынасады, бірақ белсенділік танытпайды, қарым-қатынас кезінде адамдардың жас ерекшелігін ескереді);

– ***үшінші*** – болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру оқыту үдерісінде тілдік дағдыларды меңгеруге ықыласы орташа, білімді меңгеруге белсенді көзқарасы оның іс-әрекетінде айқын көрініс бермейді.

Анықтау экспериментінің мақсаты:

- оқыту үдерісінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда тілдік дағдыларды меңгерудегі оқу-танымдық деңгейін анықтау;

- болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бір-бірімен және жолдастарымен қарым-қатынаста тілдік дағдыларды меңгеру деңгейін байқау;

- білімдік пәндерден алған ұғымдарын тәжірибеде қажітене қарай қолдана білу шеберліктерін анықтау.

Осыған орай анықтау экспериментінде төмендегі міндеттері белгіленді:

– педагогикалық университет оқытушыларының теориялық және технологиялық білімі деңгейіне педагогикалық бақылау, сауалнама алу және әңгімелесу жүргізу, педагогикалық құжаттарына талдау жасау;

– болашақ мамандардың оқу-танымдық іс-әрекетінде тілдік дағдыларды меңгеру тәжірибесінің қалыптасу деңгейіне бақылау жасау, әңгімелесу іс-шараларды саралау;

– педагогикалық университет білім алушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптасу дәрежесіне қарай тілдік дағдыларды меңгеруіне бақылау жүргізу, талдау арқылы білім алушыларының білім деңгейін анықтау және талдау.

Педагогикалық университет оқытушыларымен жүргізілетін зерттеу жұмысының мазмұны мына мәселелерді анықтауға бағытталды: Зерттеу барысында оқытушылар мен білім алушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру біліктілігін, жетекшілік жасау дағдысын, құзыреттілігін анықтау мақсатында педагогикалық құжаттарымен танысып, оқытушылардан сауалнама алынып, әңгіме өткізілді, зерттеу мәселемізге байланысты университеттің сабақтары, мен педагогикалық практикаларға қатысып, олардың мазмұнына талдау жұмыстары жасалды. Нәтижелерінің шынайы болуына қол жеткізу мақсатында тексеру тікелей зерттеу арқылы іске асырылады. Сондай-ақ, оқытушылар мен білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігі туралы білімдерін, сонымен қатар, оқу іс-әрекетінде тілдік қызығушылықтарын, көзқарастарын, білім деңгейлерін және т.б. анықтау мақсатында сауалнама дайындалды.

Коммуникативтік құзіреттілік деңгейі мен негізгі коммуникативтік шеберліктің қалыптасуын анықтауға арналған **Л.Михельсонның (бейімдеген Ю.З. Гильбух)** коммуникативтік құзіреттілік әдістемесін қолдандық.

Л.Михельсонның әдістемесі (аударған және бейімдеген Ю.З.Гильбух) коммуникативтік құзіреттілік деңгейі мен негізгі коммуникативтік шеберліктің қалыптасуын анықтауға арналға

*Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігі ұғым деңгейін анықтауға арналған сауалнама сұрақтары:*

1. Педагогикалық үдерістегі қарым-қатынас дегенді қалай түсінесіз?
2. Коммуникативтік құзыреттілік ұғымын қалай түсінесіз?
3. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін қандай тілдік заңдылықтарды білу қажет?
4. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру дегенді қалай түсінесіз?
5. Коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан маман қандай болуы керек?
6. Өзіңізді коммуникативтік құзыреттілігі қандай деңгейде қалыптасқан маманмын деп ойлайсыз?
7. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда қандай педагогикалық технология тиімді деп ойлайсыз?
8. Бастауыш сынып маманының коммуникативтік құзыреттілігіне сипаттама беріп көріңіз.
9. Тілдік дағдыларға не жатады? Мысал келтіріп дәлелдеңіз.

10. Коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан маман деп кімді айтар едіңіз?

*Оқытушыларға арналған сауалнама сұрақтары*

1. Қарым-қатынас және коммуникация ұғымдарын қалай түсінесіз?
2. Қазіргі жастар бойында қарым-қатынас мәдениеті қандай деңгейде деп ойлайсыз? Неліктен?
3. Қарым-қатынас мәдениетінің төмен болу себебі неде деп ойлайсыз?
4. Коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін қалай байқауға болады?
5. Коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға университетте қандай жұмыс түрлері жүргізіледі?
6. Университет білім алушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға қажетті қандай ғылыми еңбектерді оқыдыңыз немесе басшылыққа аласыз?
7. Коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру компоненттерін атаңыз?
8. Коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда қандай педагогикалық технологияларды қолдану тиімді деп ойлайсыз?
9. Коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру формалары мен әдістерін атаңыз?
10. Бастауыш сынып маманының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың қандай әдістемені басшылыққа аласыз?

Анықтау эксперименті барысында төмендегідей міндеттер шешілді:

- білім алушылардың жеке пәндер бойынша алған білім деңгейі;
- болашақ мамандардың оқу іс-әрекетінің деңгейін анықтау;
- болашақ бастауыш мектеп мамандары бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастыру;
- педагогикалық білім алушылардың танымдық қызығушылығын ояту мен коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда туындайтын қиындықтарды ашу;

Жоғарыдағы міндеттерді шешу барысында педагогикалық, психологиялық зертеулердің әртүрлі әдістері мен технологиялары кеңінен қолданылды:

- психологиялық, педагогикалық, философиялық әдебиеттерге талдау жасалды;
- педагогикалық білім алушылармен әңгімелесу, сауалнама жүргізілді;
- тестік тапсырмалар, жазба, бақылау және өзіндік жұмыстар талданды.

Анықтау эксперименті барысында жүргізілген жұмыстар нәтижесі төмендегідей ой тұжырымдауға мүмкіндік берді:

- оқытушылардың шет тілі пәнінің мазмұнын білім алушыларға меңгерту барысында олардың логикалық ойлауы мен шет тілін меңгерту жұмыстарының өз деңгейінде ұйымдастырылмайтындығы;
- білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын проблемалық жағдаяттардың өте сирек қолданылатындығы;
- коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда жүйелі сөйлеуіне әсер

ететін «тірек сөздерді» пайдалануға аз көңіл бөлетіндігі;

- өзіндік жұмыстар орындатқанмен, оның нәтижесін қорытуда білім алушылардың белсенділігін, сөйлеу мәнерін бір-бірімен қатысын күшейтетін тәсілдердің өте сирек қолданылатындығы;

- жұптық, топтық жұмыстарда білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға жете мән берілмейтіндігі.

Осылардың салдарынан білім алушылардың ағылшын тілінен сөздік қорының аздығы, сөйлеу шеберлігінің төмендігі туындайтыны мәлім. Сонымен қатар, білім алушылардың бірін-бірі тыңдау, бірігіп қорытынды шығару сияқты психологиялық бірлестікке үйренбегендігі, өзін-өзі жүзеге асыруы мен өзін-өзі дамытуының, өзіне және топтағы оқушылардың білімін бағалай білуінің төмендігі және т.б. айтуға болады.

Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған сауалнама, сұрақтар, әртүрлі деңгейде болды. Сауалнамадағы кейбір сұрақтарға болашақ мамандардың оқу-танымдық іс-әрекеті тәжірибесінің қалыптасуына, екінші бөлігі коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру құралдарына арналды. Сауалнама бойынша оқытушылар білім алушылардың оқу іс-әрекетінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру басты мәселе екендігі саналы түрде түсінетіні, бірақ оқу іс-әрекеті мен коммуникативтік құзыреттілігі туралы білімдері жеткіліксіздігі, тәжірибе және жобалау әрекеті туралы мағлұматтары толық емес екендігі анықталды. Бұл кемшіліктер педагогикалық білім алушылардың оқу іс-әрекетінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша арнайы әдістеменің болмауымен түсіндіріледі.

Педагогикалық іс-құжаттарды, әрбір оқытушының пәндік жұмыс оқу бағдарламасын талдағанда, оларда білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты мәселелердің жеткіліксіз қамтылғанын байқадық. Педагогикалық университетте оқытушыларының жұмыс оқу бағдарламаларымен және педагогикалық практика бағдарламаларымен танысқанда, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өз дәрежесінде еместігі айқындалды. Осыдан кейін алынған мәліметтерді нақтылау үшін базалық пәндер бойынша білім алушылардың оқыту үдерісінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырылуын бақыладық.

«Ағылшын тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша өткен сабақты қайталау барысында білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда сөйлеу мәнерінде жіберген қателеріне, өз ойын жеткізе білу қабілетіне оқытушылардың көңіл аударылмайтыны анықталды.

Оқытушылардың өткізген «Ағылшын тілін оқыту әдістемесі» пәні сабағының мазмұнына талдау барысында оқытушылардың сөйлеудегі логикалық ой тұжырымы, жаңа тақырыпты баяндауы, сөйлеу мәдениеті, шығарма мазмұнын дұрыс жеткізе білуі мен педагогикалық біліктілігі бақыланды. Педагогикалық университетте білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды анықтау мақсатында топтық

жұмыстар ұйымдастырылды. Топтық жұмысты білім алушылардың жеке пәндерге деген қызығушылықтары айқын көріне бастағанда жүргіздік. Сондай-ақ анықтау эксперименті кезінде болашақ мамандардың педагогикалық практикада барысындағы бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетін ұйымдастыра білу дағдылары тексерілді. Педагогикалық практика кезінде практиканттардың сөйлеу мәдениеті, балалармен қарым-қатынасы, коммуникативтік-тілдік дағдылары бақылауға алынды.

Біздің зерттеу мәселеміздің негізгі нысаны педагогикалық университетте білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру болғандықтан, болашақ мамандардың білімін анықтауда «Коммуникативтік құзыреттілік» атты тақырыпта әңгімелесу жүргізілді. Бұл әңгімелесу барысында болашақ мамандар үлкен белсенділік танытты, өз ойларын айтуға тырысты. Тақырып қызық, тартымды болғандықтан, экспериментке қатысқан білім алушылардың барлығы өздігінен жауап беруге тырысты.

Педагогикалық университет білім алушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға танымдық қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, шығармашылық ізденіске баулуға бағытталған тапсырмалар жүйесі талқыланып, оның көлемі, мазмұны іріктеліп, педагогикалық экспериментке ендіруге ұсынылды. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқу іс-әрекетін анықтау мақсатында алға қойған міндеттерді шешуге педагогикалық зерттеудің әртүрлі әдістері қолданылды. Онда: оқытушылар мен білім алушыларға сауалнама жүргізу, әңгімелесу, шығармашылық тапсырмалар беріліп, олардың жазба және дербес жұмыстарына талдау жасалынды. Сөйтіп, анықтау эксперимент нәтижелері шығарылды. (кесте - 2)

Кесте 2 – Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуын анықтау эксперименттің нәтижелері (%)

| | Өлшемдері | Студент-тер | эксперименттік топтар | | | бақылау топтары | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | саны<br>% | т/д | о/д | ж/д | т/д | о/д | ж/д |
| | Оқыту үдерісінде болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуында тілдік дағдыларды меңгеру қажеттілігін түсінуі | % | 45 | 36 | 19 | 45 | 33 | 22 |
| | Оқыту үдерісінде болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуында тілдік дағдыларды меңгеру деңгейлері | % | 50 | 28 | 22 | 47 | 31 | 22 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Оқыту үдерісінде болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуында тілдік дағдылары мен біліктерін қажетіне қарай тәжірибеде пайдалана білуі. | % | 53 | 22 | 25 | 47 | 25 | 28 |
| | Жалпы | 100% | 49 % | 29% | 22% | 46% | 30% | 24% |

Бұл анықтау эксперименті нәтижесінің динамикалық үлгісін 1-суретте төмендегіше қарастырамыз. Бұл мәліметтер бойынша болашақ мамандардың оқу-танымдық іс-әрекеттерінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жағдайы бүгінгі заман талабына сай жетілдірілу қажеттілігі мен қатар білім алушылардың оқыту үдерісінде танымдық-тілдік тапсырмаларға қызығушылығы төмен екендігі анықталды.




Сурет - 2 Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуын анықтау эксперименттің диаграммасы

Біздің ойымызша, білім алушылардың оқыту үдерісінде тәжірибесінің төменгі деңгейінің бірқатар себептері айқындалды: - бірінші себебі –оқытушылардың оқыту үдерісінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуына жеткілікті зейін аудармауы; - екінші себебі – оқыту үдерісінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуына қызығушылықтың төмендігі; - үшінші себебі – оқыту үдерісінде білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін арттыруға ықпал ететін әртүрлі формалар мен әдістерді, ақпараттық технологияларды жеткілікті қолданбауында. Анықтау экспериментінің нәтижелері педагогикалық университетте білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты бұрын бар бағдарламалар мен әдістемелердің кемшіліктерімен оны жетілдіру қажеттілігін айқын көрсетті. Осы мәліметтерді ескеріп, тірек университетінде білім алушылардың

коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты тәжірибелік-эксперимент ұйымдастырылды. Тәжірибелік-эксперимент жүргізу үшін «Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі» таңдау пәні бойынша оқу-әдістемелік кешені дайындалды. Студенттерге арналған оқу-әдістемелік бағдарлама (силлабус) типтік оқу бағдарламасы және мамандықтың жұмыс оқу жоспары негізінде құрастырылды. Тірек топтарында «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқитын білім алушылармен эксперимент ретінде шет тілінің бастауыштың 1 сыныбынан оқытылуына байланысты әрі осы курсқа дейін өткен «Шет тілі», «Ағылшын тілін оқыту әдістемесі» пәндері бойынша меңгерген білімдеріне сүйене отырып, осы мамандықта «Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі» атты 1 кредитке дайындаған арнайы курстық бағдарламамызды 3 курста тәжірибелік эксперимент жұмысын жүргізуге әзірленді.

## 2.2 Болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар арқылы коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі

Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мәселесінің кең аясын шешуге деген дайындық ретіндегі педагогтың коммуникативтік құзыреттілігін қарастыру – оны болашақ маман ретінде қалыптасуын қамтамасыз етуді жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Коммуникативтік мәселелерді шешу сатыларын проблемалық жағдайларды шешу сатыларына ұқсастықтар бойынша белгілеуге болады, атап айтқанда: мәселені түсіну, мәселені қабылдау, шешу тәсілдерін қарастыру, таңдап алынған тәсілдерді жүзеге асыру, нәтижеге қол жеткізу, нәтижені бағалау, бұған өзін-өзі бағалау да кіреді.

Болашақ мамандардың бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізі болып табылатын келесі әдіс-тәсілдерді меңгерту көзделеді: тыңдалым, айтылым, жазылым, естілім. Қазақ тілін оқытуда да меңгертілетін осы әдістерді шет тілін оқытуда қолдану жолдарын салыстыра отырып оқыту мақсаты қойылды. Енді осыларға жеке-жеке тоқталсақ:

Тыңдалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «Есту арқылы түсіну». Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғымды білдіреді. Тыңдалымды жете меңгеру оған қатысты мынадай белгілерді үйретумен байланысты:

- басқа дыбыстардан тілдік дыбыс толқынын, олардың ерекшеліктерін ажырата білу;
- аудиолық тілдік тұлғалардың мағынасы мен мәнін дұрыс қабылдай білу;
- мәтіннен қажетті деректі тауып, пайдалана білу;
- тыңдалымға қатысты негізгі көрсеткішщтерді жан-жақты меңгеру.

Тілді үйренуде тыңдалымның маңызы мен ерекшелігін белгілейтін ең басты көрсеткіш – тыңдалымға арналған мәтін, яғни аудиомәтін. Тілді үйрену барысында тыңдалымның сапалы болуы екі факторға байланысты: а) объективтік фактор, ә) субъективтік фактор. Тыңдалымға арналған мәтін әртүрлі ерекшелігіне сай таңдалады. Олар:

- үйренетін тлдің айрықша белгілері мен тілдік ерекшелігіне қарай;
- тақырыбына қарай;
- мазмұнына қарай;
- қатысымдық тұлғалардың құрылымына қарай.

Мәтінмен жұмыс хабарды түсіну дәрежесіне қарай әртүрлі мақсатты көздейді. а) Мазмұнды толық түсіну; ә) Ең басты ойды түсіну; б) Бөлшектеп түсіну; в) Ақпаратты өз қажетіне қарай нақтылап түсу.

*Тыңдалымды жете меңгеру үшін қойылатын талаптар:*

- тыңдауға ұсынылатын мәтінде, әңгімеде, пікірде айтылатын басты ой түсінуге жеңіл болуы керек;
- үннің ырғағы мен әуені дұрыс естілуі қажет;

- тілді жақсы үйрену үшін, тыңдалым бірінші сабақтан бастап үздіксіз жүргізілуі тиіс;
- оқушының тілге қатысты білімі мен дайындығы ескерілген жөн;
- тыңдалымға қатысты жұмыстардың бәрі бақылауға алынған дұрыс.

Тыңдалымды меңгерудің әдістемелік екі жолы бар: а) нақты көрініс арқылы; ә) көрнекілік арқылы. Үйренуші мен үйретушінің көзбе-көз, не бірін-бірі көрмей қарым-қатынаста болу ыңғайына қарай тыңдалым екі түрге бөлінеді. Біріншісі, тура, тікелей тыңдалым, екіншісі, аралық тыңдалым.

Тыңдалым дағдысын қалыптастырудың мақсаты - тыңдалым дағдысын қалыптастыру - дегеніміз орташа жылдамдықта тіл иеленушінің сөйлемін және сөйлем құрылымы сақталмайтын жағдайларда түсіне білу қабілеті.

Тыңдалым дағдысын қалыптастырудың міндетіне тіл үйренушілерді тілді кәдімгі жағдайда тусінуге, тиісінше жауап қайтаруға уйрету бағдарламасы кіруі қажет.

Тыңдалым дағдысын қалыптастыру негізінен соңғысы алдыңғысына тәуелді бес құрамдас бөліктен тұрады:

- бірінші құрамдас бөлікке: барлық дыбыстарды, дауыс ырғағы иірімдерді, екінші тілдегі дауыс сапасын ажырата алу және екі тілдегі ерекшеліктер мен ұқсастықтарды айыра білу қабілеті жатады;
- екінші құрамдас бөлікке: сөйлеушінің берген бүкіл хабарламасын (мәліметті) ұғыну қабілеті жатады;
- үшінші құрамдас бөлікке: жадында мәліметті өңделген уақытқа дейін ұстай білу қабілеті жатады;
- төртінші құрамдас бөлікке: сөйлеушінің айтқанын ұғып алу қабілеті жатады. Мәліметті тусіну, бұл екінші тілдегі мазмұнды талқылау қабілетімен мағыналас болып табылмайды;
- бесінші құрамдас бөлікке: екінші тілдегі мәліметті пайдалану немесе сақтай алу қабілеті жатады.

*Тыңдалымның негізгі ережелер*

Морлидің тілді қабылдауға арналған және қолданылуын зерттеген жұмысына негізделген, тыңдалым дағдысын қалыптастыруда жоғарғы дәрежеде жүйелі ақпарат болатын жетекші нұсқаулықтары қарастырылды. Олар оқыту барысында тыңдалым дағдысын қалыптастырудың негізгі қағидаттарымен қамтамасыз етеді.

- тыңдалым сабақтарының айқын, мұқият жасалған мақсаттары болуы қажет. Бұл мақсаттар жалпы оқу бағдарламасына енгізілуі керек.
- тыңдалым сабақтарының әр бөлімін мұқият жоспарлау арқылы ұйымдастыру қажет. Автордың пікіріне сүйенсек, тыңдалым тапсырмаларының оңайдан қиынға ауысуы арқылы студенттерде тілдік тәжірбиелілік қалыптасады.
- тыңдалым сабағының құрылымы белсенді ашық студенттердің қатысуын талап етеді. Морлидің айтуы бойынша, белсенді ашық студенттердің сабаққа қатысуы тыңдалым материалдарының көптеген жазбаша жауаптарына негіз болған. Осыған байланысты тікелей кері байланыстағы табыстылық

студенттердің қызығушылығын арттыруға өз септігін тигізеді және ынталандыру өте жоғары деңгейде сақталады.

- тыңдалым сабақтары зейінді дамыту үшін есте сақтау коммуникативтік жеделділікті қамтамасыз етуі қажет. Бұл жеделділік консентрациямен бірге есте сақтаудың негізгі факторы, оқытушыдан емес сабақтан қалыптасу керек. Бұл әрекет тыңдалымнан бұрын студенттерге тыңдалатын материалға жазбаша тапсырма беру арқылы жасалады.
- тыңдалым сабақтары зерделі есте сақтау жұмыстарына екпін жасауы қажет. Тыңдалымның негізгі мақсаттарының бірі студенттердің жадындағы бос кеңістіктерді болдырмау үшін олардың жедел жауап беруін күшейту болып табылады. Морли : «Тыңдалым ол қабылдау, ал қабылдау ойлауды талап етеді және ойлау зейінді талап етеді, бұл жерде тыңдалымды, ойлауды және зейінді бір-бірінен бөлуге еш болмайды».
- тыңдалым сабақтарының мақсаты тексеру емес үйрету болуы қажет [134].

Бұдан шығатын қорытынды студенттердің жауабын тексеру олармен кері байланыс ретінде ғана яғни, студенттерге өздерінің қаншалықты дұрыс жауап бергенін және қаншалықты ілгері қадам жасағанын білу үшін қарастырылуы қажет. Тапсырмада тексерілу барысында жауаптың дұрыстығына байланысты өтті немесе өтпеді деген қарым-қатынас қарастырылмауы қажет.

*Тыңдалымды өткізудегі әдістемелер және тапсырмалар.*

Төмендегі тындалым сызбасы жүйелі және бірте-бірте тыңдалымды дамытудың негізгі қызметтерін баяндайды. *Ағылшын тілін үйренушілердің тыңдалым сабағында жаттығуы қажет:*

- негізгі дыбыстардың, екпін және интонация иірімдерін ажыратуға;
- тіл үйренушілерге таныс сөйлемдерді және сөздерді қамтыған материалды тыңдауға;
- ауызша тілдің түрлі ерекшеліктері қарастырылған қайта басылған тіл үйренушілерге таныс материалды тыңдауға;
- тіл үйренушілерге таныс қысқа жүйеліліктен тұратын екі үш сөйлемнен тұратын диалог, әңгіме тыңдауға;
- тіл үйренушілерге көп бөлігі таныс ұзағырақ жүйелілік сақталған қысқа қойылымдар, басым бөлігі диалогтан тұратын әңгімелерді тыңдауға;
- ұзақ жүйелігі сақталған жоғарыдағыдай бөлімдерге бөлінбеген бағытталған тыңдалымды тыңдауға;
- тіл үйренушілерге алдын ала қандай тапсырмаға назар аудару керек екендігі ескертілуі қажет. Мысалы сұрақтар немесе дұрыс/бұрыс сөйлем тапсырмасын жасауға;
- ұзақ жүйелілік сақталған тыңдалым. Бұл жолы назар аударатын тапсырмасы болмайды;
- тіл үйренушілердің деңгейіне ғана бағытталмаған түрлі материалдарды тыңдау. Диалогтар, әңгімелер, қысқа қойылымдар және қысқа метражды фильмдер қолдануға болады;
- көп мағлұматтан тұратын жаңа бюллетен немесе хабарлама сияқты материалдарды тыңдауға;

- тіл иеленушілердің тіл үйренушіге таныс немесе қызықтыратын тақырыптарға арналған бейресми әңгімелерін тыңдауға; Аудиотаспаларды тыңдау мен фильмдерді көруге; Тіл үйренушілерге тыңдаудан бұрын арнайы жаттығулардың үлгілері мен мысалдары берілу қажет.

- жаһандық түсінік бойынша (радиодан алынған) талқылаулар, ән, әңгімелер және қойылымдарды тыңдауға;

***Тыңдалым жаттығулары:***

Тыңдалым кезінде білім алушылар шетел тілінде сөйлемейді. Тыңдалым сөйлеуге ең тиімді дайындық ретінде қарастырылады. Тыңдалымға ұсынылған жаттығулар үнтаспа, ауызша айтылып жазылған дискі, электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы орындатылады. Бұл жаттығулар жүйесі ақпараттық құралдар арқылы тыңдатылып, сұрақтар қойылады, студенттер қойылған сұраққа түрлендіріп, жаңғыртып, өзгертіп жауап береді

***Еліктеуіш (жай) қайталау жаттығулар.*** *Бұл жаттығу ең қарапайым және ең оңай жаттығулардың бірі болып табылады. Тіл үйренушінің тарапынан ешқандай шығармашылықты талап етпейтін жаттығу түрі. Осы жаттығуды орындау барысында оқытушы бір сөзді дауыстап айтады, ал тіл үйренуші бар болғаны естігеніндей етіп қайталайды. Жаңа сөздерді бекітуде таптырмайтын жаттығу болып табылады. Оқытушы үлгі ретінде дауыстайды, тіл үйренушілер оқытушының айтқанын дәлме дәл қайталауы қажет. Бұл жаттығу үлкен, шағын топта, сыныппен, жеке тіл үйренушімен орындай алатын жаттығу түрі.*

***Жаңғырту (алмастыру) жаттығулар. Жай жаңғырту.*** *Бұл жаттығу түрінде, бір сөйлемді оқытушы үлгі ретінде дауыстайды, ал тіл үйренушілер естігеніндей қайталауы қажет. Келесі айналымда бір сөз айталады, сөйлемге оны қою керек . Жаңа сөзді оқытушы дауыстайды, ал тіл үйренушілер дұрыс орынға қойып қайталап айтуы қажет. Бұл жаттығуды қанша уақыт жасайтынын оқытушы өзі шешеді.* ***Мысалы:***

- *Оқытушы: He always comes home late.*
- *Білім алушы: He always comes home late.*
- *Оқытушы: She*
- *Білім алушы:She always comes home late.*
- *Оқытушы: Tom*
- *Білім алушы: Tom always comes home late.*
- *Білім алушылардың қателеспеуі үшін оқытушы қысқа бәрі қайталай алатындай сөйлем таңдағаны дұрыс.*

***Таңдамалы жәй жаңғыру.*** *Бұл жаттығу жоғарыда аталған жаттығудан қиынырақ, алмастырылатын сөздерде, орындары да әр түрлі. Алуан сөздер әр қайталаған сайын орны ауысып тұрады. Тіл үйренушілер жылдам сөз таптарын, етістік пен зат есім, сын есімді ажыратып орнына дұрыс қоя білуі күтіледі. Мысалы:*

- *Оқытушы: He didn't bring the books to school yesterday.*
- *Білім алушы: He didn't bring the books to school yesterday.*
- *Оқытушы: Pencils*

- *Білім алушы: He didn't bring the pencils to school yesterday.*
- *Оқытушы: to class*
- *Білім алушы: He didn't bring the pencils to class yesterday.*
- *Оқытушы: the day before*
- *Білім алушы: He didn't bring the pencils to class the da*y before.

***Әркелкі жаңғырту.*** *Бұл жаттығуда бір уақытта бірнеше сөзді ауыстырып айтуы қажет. Бір сөйлемде бірнеше сөз бір уақытта алмастырылады. Мысалы:*

- *Оқытушы: I haven't seen him for a long time.*
- *Білім алушы: I haven't seen him for a long time.*
- *Оқытушы: Read, book.*
- *Білім алушы: I haven't read a book for a long time.*

***Тіл үйренушілердің алмастыруын талап ететін жаңғырту жаттығу түрі.*** *Өмірде тиімділігі өте жоғары жаттығу түрі болып табылады. Алуан түрлі алмастырулар ұсынылған. Мысалы: сандардағы алмастыру, уақыттағы, шақтағы. Үлгі ретінде берілген сөйлемнен соң, бір сөзді алмастыру үшін сөйлем құрылымын да өзгертуге тура келетінлей етіп берілген. Мысалы: уақытты өзгертсе, шақты да өзгертуі керек.*

- *Оқытушы: She is speaking English very well now.*
- *Білім алушы: She is speaking English very well now.*
- *Оқытушы: yesterday*
- *Білім алушы: She spoke English very well yesterday.*
- *Оқытушы: all the time.*
- *Білім алушы: She speaks English very well all the time.*

***Өзгерту жаңғырту жаттығуы.*** Бұл жаттығуда үлгі ретінде берілген сөйлемді, сипатталған сөйлемге алмастырылады. Алуан түрлі өзгеріс жасауға болады. Мысалы:

- Жеке - көпше
- Осы шақ - өткен шақ
- Болымды - болымсыз
- Ырықты - ырықсыз
- Төл сөз - төлеу сөз
- Осы шақты өткен шаққа өзгертудің үлгісі:
- Оқытушы: Ali usually comes to school early.
- Білім алушы: Ali came to school early yesterday.

***Мысалы: әңгіме жаттығулар***

- Әңгіме оқытушы тарапынан кез келген уақытта қолданыла алады. Бір сөйлемді оқытушы айтады, тіл білім алушылар ол сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырады, ал келесі тіл үйренуші оған жауап береді.
- Мысалы:
- *Оқытушы: They are reading a book. (Tom)*
- *Білім алушы: Is Tom reading a book?*
- *Білім алушы:Yes* he is.

***Мысалы: Тыңда және сұрақтарға жауап бер.*** Студенттер компьютер, үнтаспадан немесе т.б. ақпараттық құралдар, электрондық оқулықтар арқылы берілетін тапсырамаларды тыңдалымнан бұрын сұрақтарды оқып алады, немесе тыңдалым кезінде толтырып отырады. Бұл жаттығулар кез келген деңгейдегі студенттерге қолдануға болады. Төмендегі мысал жаңадан бастағандарға берілген. Алғашқыда олар толтырады ал келесі кезеңде сұрақтарға өздері толтырған тапсырмаларды қолданып жауап береді.

Тыңдалымнан соң орындалатын тапсырмалар студенттерді не жайлы тыңдағанын еске түсіруді талап етеді. Ал келесі тапсырма жоғарғы аталған жаттығудағыдай қадағаланбайды. Білім алушылар тыңдалым кезінде парақшаларын толтырады, соңынан сұраққа жауап береді. Оқытушы білім алушылардың неге назар аудару керектігін түсіндіріп өтеді. Білім алушылар тыңдағалы отырған таспа АҚШ географиясы жайлы, оларға төмендегідей сұрақтар қойылады. Соңында оқытушы білім алушыларға тұтас сұрақ қояды. Мысалы: естерінде қалған сын есімдерді атаңдар. Сұраққа жауап беруден басқа дұрыс жауапты таңдау немесе дұрыс бұрыс секілді жаттығулар қолдануға болады.

***Мысалы: Тыңда және ән айт.*** Ақпараттық құралдарды, үнтаспаны, компьютерді пайдаланып тыңдатылады, мысалы, кейде ән тек демалудан да көп мағынаға ие. Танымал ағылшын әндерін тыңдау арқылы білім алушыларға маңызды грамматиканы, дыбысталуды және интонацияны меңгере алады. Ән айту арқылы білім алушылар жаңа сөздерді, дыбысталуын, сөз тіркесін, сөйлем құрлысын есте оңай сақтап қалады.

Ағылшын тілі сабағының кез келген деңгейінде әнді алуға болады. Жоғарғы деңгейдегі тіл үйренушілер үшін ән арқылы грамматиканы өту өте тиімді болады. Ал тілді жаңадан үйреніп жургендер үшін жақсы көңілді сабақ өткізу, олар үшін көптеген материал бере алмайды. Әнді сабақта пайдалану ағылшын тіліне сүйіспеншілікті орнату, сый құрмет көрсету ретінде де қолданылады. Әндер білім алушыларды ынталандырады, көңілдерін көтерді. Ауызша, тыңдалым дағдысында, практикада өте тиімді құралдың бірі - ән. Ағылшын тілін оқытуда таптырмас құрал ән екені белгілі.

Әнді қолдануда нұсқаулар:

***Ән тыңдаудың алдында орындалатын тапсырмалар:***

- әннің аты жайлы сөйлесу немесе әннің тақырыбына байланысты суретті талқылау;
- әнде кездесетін жаңа сөздерді, сөз тіркестерін оқыту (оқулытағы тақырыппен сәйкестендір);
- әндегі сөйлем құрылымын түсіндір қажет болған жағдайда, немесе әнде кездесетін кез келген қиындықты түсіндір;

***Ән тыңдау кезінде орындалатын тапсырмалар:***

- тіл үйренушілер тыңдап отырған кезде әнді толық ауызша дыбыстап оқу;
- сізден соң тіл үйренушілердің хормен қайталауын талап етіңіз;
- таспамен бірге айтуын қадағалаңыз;
- таспамен бірге дауыстап әнді орындауын сұраңыз.

***Ән тыңдап болғаннан соң орындалатын тапсырмалар:***
Сыныпты топтарға бөліңіз. Әр топқа әнді жеке айтқызыңыз. Әр топтан білім алушыларды тақтаға шақырып ән орындауын сұраңыз. Тыңдап болғаннан соң, ән жайлы сұрақ қойыңыз, топпен талқылаңыз.

***Мысалы: Тыңда және жазып (түртіп) отыр.*** Тапсырмалар ақпараттық технологияларды пайдаланып ұсынылады. Комьютер, электрондық оқулық, үнтаспа, бейнетаспа арқылы жүзеге асырылады. Университетте оқитын білім алушылар бастауыш сыныптарда ағылшын тілінде беретін болса, оларға тыңдалым дағдысын жетілдіріп ұзақ дәрістерді түсініп, керек жерін түртіп отыруы, қорытындысын жазып ала білуді меңгереді.

Алғашқыда тіл үйренушілерге белгілерден тұратын тізім қысқартылған сөздер беріледі. Мысалы символдар (& = and; = therefore; = becomes) немесе қысқарған сөздер (e.g.; i.e.). *Негізгі сөздер.* Жазу кезінде білім алушылар ең маңызды не, не маңызды емес екенін ажырата білуі тиіс. Дәл бір сөз немесе бір сөз тіркес арнайы тақырыптың негізгі ойы не екенін түсінудің белгісі болуы мүмкін. Алуан түрлі ойдың белгісі болатын сөздердің төмендегідей тізімін құруға болады. *Кіріспе сөйлемдер, риторикалық сұрақтар, ойдың дамуы, алуан түрлі ойдың қарама-қайшылығы, ойдың ауысуы, ойдың хронологиясы, ойдың негізі, ойдың қорытындысы.*

Оқытушының келесі әрекеті тақырыпты таныстыру және қажетті сөздер тізімін беру, кейбіреуінің анықтамасымен беріледі. Білім алушыларға сондай-ақ дәрістің жоспары жазылған парақша немесе интерактивті тақтада тұсау кесер түрінде жазылып көрсетіледі. Оқытушы дәрісінен соң студенттер кез келген сұрақ бойынша талқылау жүргізеді.

Екінші бөлім практикалық сабақта орындатылады, сол тақырыптағы дәрістің жалғасын тыңдайды. Студенттердің алдында сөздің тізімі болады және дәрістен соң қойылатын сұрақтар беріледі. Олар сұрақтарды алдын ала оқуына оқытушы уақыт береді, назарын неге бөлу керектігін білу мақсатында беріледі. Студенттер дәріс алдында берілген парақшаларды толтырады және қойылған сұрақтарға жазып отырғандары бойынша жауап береді.

Үшінші кезеңде олардың қолдарында толтырылмаған парақша болса, дәріс соңында тыңдалым кезінде толтырып, сұрақтарға жауап береді.

Келесі кезеңде білім алушыларда тақырыпшалар болады, олар өздері әр тақырыпшаға жазып толтырулары және сұраққа жауап берулері қажет.

Бесінші бөлімде студенттерде тек қана сұрақтар болады және жазып отырады және әрқайсысы қалауынша жауап бере алады.

Алтыншы кезеңде білім алушылар дәріс тыңдауға толық дайын болады.

*Сөйлесім дағдысын дамыту әдістемесі.* Шетел тілін оқытудың ең негізгі және маңызды мақсатының бірі тіл үйренушілердің сол тілде мүдірмей, анық, таза сөйлеуі. Сөйлеу дағдысы танымдық игерілумен бірге дамиды, ал ол психологиялық игерілу. Сөйлеу дағдысын тілді үйренудің барлық кезеңінде оқыту керек. Мектептерде ағылшын тілінде сөйлесім дағдысын дамытуға лайықты мән берілмей келеді. Тіл үйренушілер тілді үйренуде жәй пассивті қабылдаушылар ғана емес белсенді қатысушылар ретінде болуы керек.

Сөйлесім дағдысы көбіне сұрақ жауап ретінде, жұптық жұмыс, топтық жұмыс ретінде өткізіледі.

Сөйлесім дағдысын дамыту жаңа бастағандар үшін қайталау жаттығуы өте тиімді. Кейіннен түсіну мен байланысуға байланысты жаттығулармен жалғасады. Сөйлеу дағдысын дамыту үшін студенттердің тілдің ережелерін, грамматика және пунтуацияны меңгерту қажет. Сөйлесім дағдысын дамыту үшін *байланысу (коммуникативтік) жаттығуларын орындату керек.*

***Тілдік ережелер мен грамматика оқытылып болғаннан соң орындауға ұсынылатын жаттығулар.*** Бұл жаттығуға төмендегідей тапсырмалар кіреді:

1. *Диалогтар:* оқулықтан ағылшын тіліндегі диалогты оқытып болғаннан соң, тілді қолданып бір бірімен осы тақырыпта сөйлесе алады. (алдымен осы диалог бейнетаспадан көрсетіледі).
2. *Тақылау (*дискуссия): сыныпта немесе сыныптан тыс жерде оқытушы арнайы бір тақырыпта ағылшын тілінде дискуссия ұйымдастыра алады. Сондай ақ топтық, форумдық әдістерді, студенттердің барлығы қатысатындай түрін ұйымдастыру өте тиімді. (бейне таспа арқылы үлгі көрсетіледі).
3. *Рөлдік ойын немесе оқылу театры*: тіл үйренушілер қойылымда актер ретінле мәтінді, әңгімені ойнауға не болмаса рольдік пантамимо көрсете алады. Бұл тапсырма тіл үйренушілерге алуан түрлі медия қолдануға мүмкіндік береді. Толықтыра кетсек оқытушы кімнің шетел тілін қолдануда басым болғанын салыстыру әдісі қолданылады. (бейне таспа мен электрондық оқулықтар көмегімен)
4. *Сөз:* әр тіл үйренушіге сөйлейтін сөз дайындау және сынып алдында сөйлеуге дайындалып, соңынан сұраққа жауап бергені өте тиімді.
5.*Еш дайындықсыз сөз сөйлеу*(импровизация): тіл үйренушіге бір тақырып немесе ситуация жайында дайыдықсыз сөйлеуге бір минут қана беріледі. Бұл жаттығу жеке және интервью ретінде орындауға болады.
6. *Әңгіме айту*: тіл үйренушілерге шетел тілінде өздері білетін әңгіме, қалжың, әзіл айтқызу. Жарыс ретінде ұйымдастырылып, жеңімпазға ұстаз сыйлық берсе болады.
7. *Ойындар:* шетел тіліндегі ойындар қызық болады, сондықтан қатысушылар ойынға қызығып белсенділік танытуы тиіс. Кез келген тақырыпта ойын ұйымдастыруға болады. Ойынның тіл үйренушілерге қандайда бір пайдасы болуы үшін ойындардын тиімдісін тақырыпқа сай таңдауы қажет.

***Мысалы: Мағыналық жаттығулар (компьтерлік-бағдарламалық тапсырмалар арқылы орындалады)***

Тілдегі ережелер мен грамматиканы оқыту үшін мағыналық жаттығуларды қолдануға болады. Атап өтетін жайт бұл жерде тіл үйренушілер жаттығуларды ойланып орындайды. Мағыналық жаттығуларда тапсырмалар берілген тақырыпқа пікір білдіру немесе интерпретация ретінде беріледі. Шынжыр тәрізді бір бірімен байланысты бұл тапсырмалар топта орындауға өте ыңғайлы.

*Оқылым түрлері.* Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу.

а) *Танымдық оқылым* – тіл үйренушінің кез келген қызықты, танымдық мәні бар мақала, кітап, пікір, газет-журнал т.б. материалдарды оқып-түсінуі. (интенсивті) оқылым: интенсивті оқылымды оқытушының тіл үйренушіге тілді түсініп, жазылған мәліметті толық игеріп, жазылған хабарламаның лексикалық және грамматикалық мағынасын түсіну деп атады.

б) *Ізденімдік оқылым* – берілген материалдың (мәтін, шығарма, кітап т.б.) ішінен автор өзіне керекті фактіні, хабарды, сілтемені, көрсеткішті т.б. іздеп тауып, пайдалана білу.

в) Экстенсивті оқылым – тіл үйренушілер өздерінің қызығушылығымен оқиды. өздерінің білімін қолдануға мүмкіндік беретін оқылым түрі. Экстенсивті оқудың басты мақсаты тіл үйренушілердің оқу жылдамдығын арттыру, өздері оқу барысында ұзақ уақыттық тәжірибе алуы,- деп түсіндіреді.

г) *Дауыстап оқу* – материалды қатты, мәнерлеп, барлық сөйлеу аппаратын іске қосып, айналасындағы адамдарға естіртіп, үнмен оқу. Дауыстап оқу – бастаушы кезеңде айтылымды және интонацияны жаттықтыру үшін ауызша жаттығу болып табылады. Жоғарғы деңгейдегі мақсаты мағынасын айқындау, айтылуы қарастырылмайды.

ж) *Іштей оқу* – берілген материалды не мәтінді үн шығармай, сөйлеу мүшелерін қимылдатпай, не сәл ғана қозғалту арқылы көзбен оқу. Үнсіз оқу: дауыстап оқығанға қарағанда өте тиімді деп қарастырылады, бұл жерде тіл үйренуші түсіну үшін оқиды.

Демирел зерттеу нәтижесінде іштей оқуға арналған бірнеше қадамын көрсетеді:

- бейтаныс сөздерді алдын ала оқыту;
- сыныппен негізгі тақырыптарға талқылау жүргіз;
- тіл үйренушілірдің жылдам ойлануы үшін сұрақтар қой;
- оқылым барысында тіл үйренушілер сұрақтарға жауап табады, оларды жазып отыру қажет. Уақыт берілуі керек;
- жауаптарды сыныппен бірге тексер;
- мәтін бойынша егжей тегжейлі сұрақ қой;
- таңдамалы: дауыстап оқу, қорытындылау немесе талқылау [134].

*Сөздік қорды дамыту*

Тілді оқыту үдерісінің ең маңызды бөлімі сөздік қорды байыту болып табылады. Шетел тілінді сөзді оқытудың екі проблемалық жағы бар. Біріншісі, тіл үйренушіге әр бір жаңа сөз таныстырылғанда мағынасы түсінікті болуы қажет, екіншіден, әр бір сөз тіл үйренушінің жадында сақталып, әр алуан тілдік жағдайда қолданысқа ие болуы тиіс.

*Жазылым дағдысын дамыту*

Жазылым төртінші және соңғы коммуникативтік қабілеттердің бірі дейді. Ладо жазылымды тілді кәдімгі жазбаша жағдайда графикалық таңбаны қолдана білу қабілеті, - деп анықтама береді.

Жалпы жазылым бір адамның ойын жеткізу үшін қажетті, тиісті сөздерді, грамматикалық құрылымдарды, пунктуация, бас әріппен жазылу және т.б. қарастырады.

Жазылымды меңгерту төрт кезеңнен тұрады. Олар:

- қадағаланатын жазылым (шығарма);
- бағытталған жазылым;
- нұсқа бойынша жазылатын жазылым;
- еркін жазылым (шығарма).

***Мысалы: Тыңда және айтып жатқа жаз (диктант) (***аудиомәтін арқылы беріледі).

*Екі түрлі жат жазу түрін ұсынды: бір сөзді қою диктанты, толықтыру жат жазу. Тіл үйренушілер өздеріне берілген мәтіндегі қалдырып кеткен сөздерді толықтырады. Төменде мысалы берілген.*

*Why is he feeling terrible?*

*Because he (eat) too much.*

*Why… you… (go) to the police station?*

*Because some…. (Steal).. all my money.*

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда олардың біліктілігін, білім алушылардың өздері соңына дейін тілдік іскерліктерді жоғары деңгейге жеткізуіне болады.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру ***базасы бола алады және ол төмендегілерден тұрады:***

- тілдік (лингвистикалық) біліктілік, тілді менгеру;
- қызметтік сапаны, кәсіби білім мен іскерлікті қамтитын кәсіби құзырлылық;
- сөйлеу мәдениетін сақтау, қоғамда өзін ұстау ережесінен және ұлттық, әлемдік мәдениет ерекшеліктерінің білімінен тұратын әлеуметтік мәдени біліктілік.

Білім алушылар жоспарлаған жетістіктеріне жету үшін ол психологиялық білім негізінде экспрессивті-эмоциялық және логикалық тәсілдерді тиімді пайдаланғаны жөн.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда олардың біліктілігінің ерекшелігі тұлғааралық таным, тұлғааралық қарым-қатынас аймағындағы теориялық дайындығы; логика, кәсіби этикет; коммуникативтік мәдениет, білім алушылардың коммуникативтік біліктілігін біз толық қалыптасқан кәсіби құзыреттіліктің негізі болып табылатын коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы ұйымдастыру іскерлігінің, өзін-өзі басқару, өзін-өзі жүзеге асыра білу қабілетінің жиынтығы ретінде түсінеміз.

«Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқыту әдістемесі» курсы негізінде тілдік қарым-қатынас практикум ретінде енгізілген. Сабақтағы жұмыстың негізгі әдісі іс-әрекеттік тәсіл болады: педагогикалық міндеттер педагогикалық қарым-қатынас жағдайларына байланысты шешіледі. Педагогикалық жан-

жалдық жағдайлар талдауды талап ететін және накты коммуникативтік фактіні сипаттайтын өзара тығыз байланысты фактілермен құбылыстардың жиынтығы ретінде анықталды.

Бұл мәселені шешудің басты шарты вербальді қарым-қатынас болып табылатын болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Коммуникация сөйлеу әрекетінде жүзеге асатын қоғамдық және тарихи, әлеуметтік мінез-құлық болып табылады. Тілді меңгеру - яғни вербальді тәсілдермен әлеуметтік ақпаратты қайта құру және жіберу, сақтау, қарым-қатынастық тілді меңгере сөйлеу актілері үнемі «көмекші тәсіл» болып қала береді. Коммуникативтік құзыреттілік – білім алушылармен жұмыс жасайтын педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектерінің кәсіби құзыреттілігінің басты бөлігі болып табылады.

Ақпараттық технологиялар арқылы білім алушылар коммуникативтік құзыреттіліктің нәтижесінде *келесі іскерліктерді* меңгеру керек:

- тілдік, коммнуникативтік мәселеге байланысты сұрақ бойынша, өз ойын қысқа білдіруде ақпараттық технологияларды тиімді қолдана білу;
- коммуникативтік құзыреттілік тақырыбындағы таңдалған ғылыми хабарламаға сыни баға беруде, ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін қолдана білу;
- коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру тақырыбындағы баяндама бойынша пікір таласқа қатысу, өзінің пікірін дәлелдеуде ақпараттық технологияларды дәлелді қолдана білуі;

Ақпараттық технологиялар арқылы білім алушылар коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы дағдылар:

- мақсатты түрде байланыс орнату дағдысы, ұжымның және жеке тұлғаның дамуының алдағы жүйесін ашу дағдысы және өзінің табыстылығына деген сенімділігін ақпараттық технологиялар негізінде ұялату;
- өзінің әңгімелесуші серіктесінің неғұрлым күшті жағын көре білу және оның өзіне деген сенімділігін ұялату, талап қою мөлшерін анықтау және серіктесімен тілдесудегі, қарым-қатынастағы әділеттілігін ақпараттық технологиялар негізінде орнату;
- өзінің беделінің негізінде әңгімелесушіге әсер етуді ұялату, келіспеушілікті болдырмау және оны шешуде (серіктестік тұрғыдан келу және т.б.) ақпараттық технологияларды пайдаланудың жолдарын білуі.

Ақпараттық технологиялар негізінде білім алушылар коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда олардың қарым-қатынас ортасын кеңейту (немесе тарылту) іскерлігін, оның тереңдігін ескеру; түсіну, жақсы серіктес болуына басымдық беріледі. Білім алушылардың құзыреттілігі басқа адамдармен қарым-қатынас жасау негізінде, өзара әрекет ету жағдайында қалыптасады.

Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылатын педагогикалық технолгоиялардың бірі болып табылатындықтан тоқталуды жөн көрдік. Қазіргі

білім беру оқу үдерісінде негізінде қолданылатын ақпараттық технологиялар болып табылады.

Оқытуда жаңа нәтижеге жету мақсатында ақпараттық технологияның құрамдас бөлігі ретінде компьютерлер қолданылуда. Болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды қолданудың жолдары көп. Олар: компьютерлік бағдарламалар құрастырудан, модельдеуден және виртуалдық эксперименттер жасаудан жаңа терминдер меңгеруге дейінгі тілдік тапсырмалар. Педагогикалық тәжірибе мұны жоғары мектептегі оқытуда қолдануға болатындығын дәлелдеп отыр. Педагогика өз тәжірибесінде компьютерлік және ақпараттық технологияларды оқыту барысында студенттердің ойлауын, есін, қиялын, дамытуға олардың өзін-өзі бағалауын, өз әрекетін жоспарлауын бағыттауға қолдануға болатындыған дәлелдеді.

Оқыту үдерісінде нәтижеге жету мақсатында ақпараттық технологиялық құралдар: интерактивті тақта, компьютерлер, электронды оқулықтар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, педагогикалық энциклопедиялар мен ғылыми-педагогикалық журналдарды пайдалану арқылы болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға болады. Болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда белсенді әрекеттерін шығармашылық іс-әрекетке ұластыруға мүмкіндік туады.

Болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияны пайдалану компьютерлік сауаттылықтың алғашқы негізін қалауға, білім алушылардың логикалық ойлауын шығармашылық ойлауға жеткізуге бағытталады. Ақпараттық технологиялар оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынасты өзгертуге ықпалын тигізеді. Оқытушының бағыт беруші рөлін атқаруы білім алушының дербес жұмыс істеуінде ақпараттық технологияларды пайдалануын қамтамасыз етеді.

Қазіргі замандағы ақпараттық технологияларды жоғары мектепте қолдану мәселелерін талдай келе мына аспектілерді бөліп көрсетуге болады.

*Бірінші аспект* – компьютер зерттеу нысанасы. Бұл ең алдымен "Информатика негіздері" курсына тән. Дегенмен, бүгінгі таңда тек информатика пәні ғана емес, барлық пәнді оқытуда әсіресе шет тілін оқытуда ақпарттық технологияларды қолдануға басымдық берілуде.

*Екінші аспект* компьютер оқыту құралы, яғни "оқытушы" рөлінде. Бұл мағынада компьютер "Информатика негіздері" курсында ғана емес, сонымен қатар басқа пәндерді оқыту барысында (тренажерлар, тесттер, электрондық оқулықтар, мультимедиялық энциклопедия және т.б.) да қолданылады.

*Үшінші аспект* компьютер оқу міндеттерін модельдеуге мүмкіндік беретін құрал ретінде оқытуды, шығармашылық үдеріске айналдыруға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан талдайтын болсақ, екінші және үшінші аспектілер тиімді деп санаймыз. Өйткені, болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды қолдану, оқытуды интенсификациялауға, білім алушыларға ақпараттық кеңістік жағдайында үйлесімді өмір сүруге даярлауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияны болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін пайдалануда төмендегідей талаптарды орындау қажет:

– қазіргі білім беру жүйесіндегі ақпараттық кеңістік туралы біртұтас түсінікті қалыптастыру мақсатында ақпараттық ресурстарға бағдарлау, ақпараттарды іздеу алгоритмі;

– ақпараттық сауаттылық тапсырмаларды түрлендіру мен технологияларды қолдану әдістерін меңгеру;

– ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану: коммуникациялық қызметтерді пайдалану дағдысы; білім беру үдерісінің ерекшеліктерін ескере отырып, бағдарламалық құралдарды қолдану;

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін оқытушыға қойылатын талаптар:

- сабақтың мақсатын дәл қою;
- білімді меңгертуге арналған тірек схемалар, кестелер арқылы дамыту;
- мәселелерді шешуде топтық, жұптық жұмыстарды ұйымдастыру *(интербелсенді жұмыс)*;
- бағалау, психологиялық дағдыны қоса отырып қалыптасқан құзыреттілікті бағалауы керек;
- сабақта жаттығу, тапсырмалар, тесттерді қолдану мақсаты - тілдік құбылыстарды, қатынастарды талдай білуі қажет.

Мысалы, өз топтарында практикалық сабақтарда алған білімі бойынша болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін топ алдында қысылмай сөйлеуге, өз ойын еркін айтуға үйренеді. Сонымен ағылшын тілі арқылы болашақ маман ретінде оқу материалын игеруде және аудиториядан тыс жұмыстарда коммуникативтік құзыреттіліктер қалыптастыруға мүмкіндік алады.

Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру ағылшын тілі бойынша материалмен өзіндік жұмыс жасауға, оқу мен сөз тудырушы құбылыстарды жете қарастыруға, өздігінен оқуды жетілдіруге, материал не мәтінді сараптай алуға үйретіледі.

Компьютерлік технология - оқытудың арнайы жиынтығы мен әдістемесін, әдісін және тәрбие құралдарын анықтайтын технологиялық-педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың ең тиімді жолы болып табылады.

Компьютерлік технологияның шетел тілін үйретуде мүмкіндіктері шексіз. Солардың негізгісін атап кететін болсақ, компьютер оқытушыға білімгерлердің жұмысын өздігінен ұйымдастыруына жәрдем береді. Ол үшін мынадай жаттығулар мен әдістемелік тәсілдерді ұсынуға болады.

1. *Сұрақ-жауап диалогы.*

Білім алушылар сұрақ-жауап негізінде құрылған лексика-грамматикалық тапсырмаларға жауап беруі керек.

2. *Таңдамалы жауаптармен жүргізілетін тапсырма.*

Жауап беру үшін білімгер компьютерде ұсынылатын нұсқалардың бірін таңдауы қажет.

3. *Еркін құрылған сөйлемдерді стильдік түзету.*

4. *Толықтыруды керек ететін жаттығулар.*

Компьютер толықтыруды керек ететін сөйлем жиынтықтары мен мәтіндерді ұсынады. Сөздерді аудару үшін көмекші құрал ретінде беріледі, немесе компьютер ұсынған жауаптардың нұсқалары ішінен қажетті сөздер мен сөз тіркестермен толықтырылады.

5. *Сөздік меңгерудегі өзін-өзі бағалауға арналған жаттығулар.*

Бұл жаттығуларды орындау кезінде төмендегі нұсқалар пайдаланылады:

- сөздердің синонимдік пен антонимдік қатарын тауып алуіға көмегін туғызады.
- грамматика мен орфографияны тексеруге жаттығулар беріледі.

Соның нәтижесінде асықпай компьютермен еркін жұмыс істей отырып, өз бетімен ойлануға дағдылануы, оқу қабілеті артып, білім нәтижесінде көз жеткізеді.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру олардың білім алуда кәсіби ойлауы мен әрекет ету іскерлігіне толықтай ауыстыру үшін “оқытушы↔тілдік қатынастың міндеті↔болашақ мамандар”, “оқытушы↔кәсіби оқытуда тілдік қатынасқа құрылған жаттығулар↔болашақ маман”, “болашақ маман↔ тілдік тапсырма↔болашақ маман”, коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан болашақ маманның өзіндік жұмысы т.с.с. қатынастағы ықпалдастық жеткіліксіз болады.

Сондай-ақ, болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру субъектілік тілдік қатынаста ықпалдасу үдерісі мен нәтижесінде өз білімін қолдану тәжірибесін қажет етеді. Бұл – коммуникативтік әрекеттерді орындауға және осының негізінде тиісті тілдік іскерліктердің қалыптасуына көмектеседі. Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ маманның оқыту үдерісінде коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқанын көрсететін субъектінің жұптық тапсырманы орындауында көрінеді. Сондықтан болашақ маманның коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуын қамтамасыз ететін әр кезеңінің ерекшеліктерін есепке алғанда ғана мүмкін болады.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін іске асыру үшін біз студенттерді үш типтік топқа бөлдік. *Бірінші деңгейде* топ студенттерін коммуникативтік құзыреттіктерінің қалыптасу деңгейіне қарай әдістемелік тұрғыда үш топқа бөлдік.

*Бірінші топқа* адамдармен тез қарым-қатынасқа түсе алатын, серіктесін тыңдай білетін, оның көңіл күйін түсінетін, оны қалыпқа келтірудің жолдары

іздестіретін және күтетін, әңгімелесуді жүргізетін және әңгімелесуге кірісіп кететін, сұрақ қоя алтын студенттер енді. Кез келген жағдаятта өзін қалыпты ұстайтын, эмоциялы ұстамды болуда қиналатын, келіспеушілік жағдаятынан шыға алатын, өзінің сөзімен адамды сендіре алатын дағдысы, сендіру дағдысын білдірудегі қиындықты көрсету. Тұтастай алғанда болашақ мамандар қарым-қатынасқа түсе алатын, белгілі коммуникативтік дағдыларды меңгерген, дегенмен, қарым-қатынастағы қиындық олардың темпераменті мен өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі жүзеге асыруына байланысты.

*Екінші топты* сөздерінің серіктестерін тыңдай білетін, оны түсінетін, әңгіме жүргізетін, әңгімеге кірісе алатын, сұрақ қоятын студенттер құрады. Дегенмен, студенттер сендіруде, келіспеушілік жағдаятынан шығуға, кез келген жағдайда эмоционалды ұстамды болуда қиналады. Бұл топтың студенттері үшін эмоционалды тұрақсыздық, көңіл-күйлеріндегі тұрақсыздық айқын көрінеді, келіспеушілік жағжаятында да өздерін ұстай алмайды, өзін-өзі ұстай білмейді және шыдамсыз болып келеді.

*Үшінші топқа* негізінен серіктесін тыңдауға қабілетті студенттер біріктіреледі. Мұндағы қиындық серіктесін түсінуі, онымен әңгімелесуі, әңгімеге араласауы, сұрақ қоюында. Бұл топтағы студенттер келіспеушіліктен қорқады, өйткені олар ұрыс керісте өзін ұстай алмайды. Мұндай студенттер өздеріне сенімсіз, қорқыныш сезімі басым, коммуникатитвік дағдылары дамымаған.

*Екінші кезеңде* коммуникативтік қарым-қатынасы қиындығына қарай біз топты дифференциялдап топқа бөліп, ақпараттық технологиялар негізінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыпптастыру үшін соған сәйкес арнайы курстың жұмыс оқу бағдарламасын және оқу-әдістемелік кешенін әзірледік. Оқу-әдістемелік кешенін коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыратын (жаттығулар, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, әдістер кейсі, педагогикалық жаяғдаяттар және т.б.). Тәжірибелік эксперимент үшін дайындалған оқу-әдістемелік кешен практикалық сабақтарда әрбір топқа арналып дайындалды. Әдістемелік кешен студенттердің ағылшын тілін меңгеру деңгейіне сәйкес коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырға бағытталып дайындалды.

*Үшінші кезеңде* практикалық сабақтарда жеке коммуникативтік қиындықтарын жеңе отырып, студенттердің өзіндік коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады. Әрине бұл практикалық сабақтардағы орындауға ұсынылған арнайы жаттығулар, коммуникативтік жаттығулар, тапсырмаларды сәтті орындауына байланысты берілетін жаңа тапсырмалар олардың жеке коммуникативтік дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыруға бағытталады. Студенттерді жекелеп оқыту ағылшын тілін меңгеру деңгейіне сәйкес коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда олардың бастауыш сыныптан басталатын ағылшын тілін оқыту әдістемесімен таныстыра отырып, тілдік жаттығуларды орындату жоғарыда көрсетілген түрлері бойынша, электрондық оқулықтарды пайдалану әдістемесімен толық таныстыру мақсаты көзделеді.

“Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқыту әдістемесі” бойынша дайындалған оқу-әдістемелік кешенін құрастыру бірнеше сатымен жүргізілді:

- бастауыш мектепте ағылшын оқыту тәжірибелерін талдау және оқу бағдарламасын танысу;
- ағылшын тілін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларына арналған оқулықтарына талдау жасау;
- ағылшын тілін бастауыш мектепте оқыту әдістемесіне талдау жасап, жетілдіруге ұсыныстар дайындау;
- педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған “Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқыту әдістемесі” атты арнайы курс бойынша электрондық дәрістер жинағын құрастыру.
- интербелсенді байланыс негізінде тілдік тапсырмалар мен жаттығулар дайындау және білім алушылардың меңгеруін тексеретін, сондай-ақ сараптауға мүмкіндік беретін тестілер дайындау.
- электрондық оқу-әдістемелік кешенін білім алушылардың оқу материалдарын меңгеру оқыту үдерісінде қолданылуын іске асыру.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерге сәйкес алдымен бастауыш мектепте ағылшын оқыту тәжірибелерін талдау және оқу бағдарламасын танысуда 1-4 сыныптарға арналған бағдарламалармен танысып, талдау жасалды. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 тамыз 2012ж. №1080 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпы орта білім (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) стандартына сәйкес жасалды.

Бұл бағдарлама баланың тіл шеберліктерін ғана емес, сондай-ақ шығармашылық қабілеттерді қалыптастыру арқылы оның жалпы дамуына бағытталған кіші сынып оқушыларын оқыту мазмұнын анықтайды. Тілді меңгеру деңгейінің Европалық жүйесіне сәйкес бастауыш мектептегі қарапайым A Basic User деңгейін, A1 (Breakthrough) оқыту курстарын білдіреді, күтілетін нәтижелер (пәндік нәтижелер) оқушыларды дайындау деңгейіне деген талаптарда көрсетілген.

Бастауыш мектепте ағылшын тіліне оқытудың әдістемелік жүйесі «оқыту ұстанымы», «оқыту тәсілі (дидактикалық мағынада)», «оқытуды қабылдау», «тапсырмалар жүйесі», «сабақтар типологиясы» сияқты негізгі түсініктерге сүйенеді.

Ағылшын тілі» пәні бойынша оқу сағатының көлемі мынадай:

1-ші сыныпта – 1 сағат, барлығы 33 сағат оқу жылында;

2-ші сыныпта – 1 сағат, барлығы 34 сағат оқу жылында;

3-ші сыныпта – 1 сағат, барлығы 34 сағат оқу жылында

4-ші сыныпта – 1 сағат, барлығы 34 сағат оқу жылында;

Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың жоспарланған нәтижелеріне жету үшін оқу материалдарын барынша азайтуда да, сондай-ақ оқу үрдісін жоспарлауда да жүзеге асырылатын мынадай әдістемелік ұстанымдарды басшылыққа алған жөн: оқытудың коммуникативтілік ұстанымы, материалды жағдаятты-мәтіндік (ұйымдастыру) ұсыну ұстанымы, функционалдылық

ұстанымы, кешенділік ұстанымы, дифференциялдылық ұстанымы, концентризм ұстанымы.

2013 жылдан бастап экспериментке 1-ші сыныпта шет тілін оқыту енгізілгендіктен оқу бағдарламасының тақырыптық жүйеде берілгеніне талдау барысында көз жеткізілді. Бағдарламаның толық нұсқасы (қосымша А) берілді.

**1-*ші сыныптың курстың мазмұны төмендегідей тақырыптарды қамтиды:***

1) «Танысу» «Амандасу», «Өзім жайлы (есімі, жасы)», «Менің досым» 4(сағ):
2) «Менің жаұям» « Моя семья», «Менің досымның жанұясы» (5 сағ):
3) «Мектеп» ,«Амандасу», «Өзім жайлы (есімі, жасы)», «Менің досым» «Мектеп құралдары» (4сағат):
4) «Түстер» «Менің сүйікті түсім», «Пішіндер және көлемдер»; (3 сағат):
5) «Ойыншықтар», «Менің сүйікті ойыншығым», «Ойындар» (4 сағ):
6) «Жануарлар» «Үй жануарлары», «Үй және жабайы жануарлар», «Хайуанаттар паркінде » (5 сағат):
7) «Менің айналамдағы заттар» (4сағат):
8) «Жиһаз», «Ыдыс аяқ» «Киім» (4сағат):

Зерттеу жұмысының келесі сатысында ағылшын тілін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларына арналған оқулықтарына талдау жасауға байланысты Отандық және шетелдік 1-ші сыныпқа арналған оқулықтарға салыстырмалы талдау жасалды.

Кесте – 3 1- сыныпқа арналған отандық **ENGLISH** және Oxford University Press баспасынан шыққан **LET'S GO** оқулықтарының салыстырмалы талдауы

| **Авторлар: Оқулық жайлы мәлімет** | **Жетістігі** | **Кемшілігі және ұсыныс** |
|---|---|---|
| **LET'S GO**<br>Ritsuko Nakata<br>Karen Frazier<br>Barbara Hoskins<br>Oxford University Press баспасы.<br>2007 жылы шыққан.<br>Оқулық 78 беттен тұрады.<br>Unit 8 (тарау)<br>Мынандай шартты белгілері бар:<br>Les`t start- бастау<br>Les`t learn- оқу<br>Les`t learn more- көп оқу<br>The alphabet- алфавит<br>Les`t build- құрастыру<br>Units Review-таңдап жазу<br>Les`t Learn About - әңгімелеу<br>Оқулық: Student book<br>CD –ROM Audio CD<br>Workbook Teacher`s book<br>Teacher Cards and Student | Оқулықтағы жұмыс дәптер, CD диск.Оқушының қызығушылығын арттыратын арнайы суреттер бар. Оқулықтағы жаттығу дұрыс оқылуы мен айтылуы CD дисктен көруге болады. Мұнда оқушының коммуникативтік құзіреттілігін арттыратын видео және аудио ойындар берілген.CD-де оқушы тілді меңгеруде көру, есту, қайталау дағдыларын қалыптастыратын ойын түрлері жетік берілген. Оқулық түсінікті, әрі меңгерілуі жеңіл әрі қызықты. Оқушылардың есте сақтау қабілетін арттыруға ықпалы мол.<br>Оқулықтағы жаттығулар мен жұмыс дәптердегі | **Ұсыныс:**<br>Әр тараудың соңында тақырыпқа сай сөздік берілсе, дұрыс болар еді. |

| | | |
|---|---|---|
| Cards<br>Readers Tests and Quizzes<br>Phonics books | тапсырмалар тақырыпқа сай берілген | |
| **ENGLISH**<br>С. Д. Рахимжанова, А.С.Волкова<br>Алматы кітап баспасы 2013 жылы басылып шыққан.<br>80 бет.<br>Оқулық:<br>8 тараудан турады.<br><br>Student book<br>Audio CD<br>Workbook<br>Teacher`s book<br>Жұмыс дәптері 55 беттен тұрады. | Жаңа сөздерді үйренуге, диалогтық қатынас жасап, сұрақтарға жауап беруге бірден көңіл бөлінген. Суреттерді және адам аттарын ұлттық дәстүрге негіздеуге бейімдеп алған.<br>Жұмыс дәптері практикалық тапсырмалар, сурет салуға, ребустар шешуді, тест жұмыстары арқылы ағылшын сөздерінің айтылуын, жазылуын есте сақтауға үйретеді.<br>Кітап соңында сөздік берілген. | **Кемшілігі:**<br>Кітап осы Oxford University Press баспасынан шығарылған **LET'S GO** оқулығына және **Headway** оқулықтарына бейімделіп жазылған. Оқулықта тек 1 ғана шартты белгі бар. Жұмыс дәптерінде тек 4 шартты белгілері бар. Ол оқушы үшін жеткіліксіз.Оқулық бетінде бірден алфавит берілген. CD дискісінде кейбір тақырыптарды меңгеру үшін тек аудио материалдар ғана берілген. Бейне материалдар мүлде қарастырыл- маған.<br>**Ұсыныс:**<br>Оқулықта берілген шартты белгілердің санын көбейтіп, оқушыға түсінікті және жеткілікті болса дұрыс болар еді. Оқулықта ұлттық нақышта, ұлттық салт-дәстүріміздің элементтері енгізілсе.<br>Бейнетаспада үлгілік тақырыптар берілсе. Балалар тек абстракті түрде ғана тыңдап, қайталап қоймай, сонымен қатар көріп, өздері қолдарымен берілген тапсырмаларды, ойындарды мұльтфильм кейіпкерлерімен бірлесе орындаса тиімді болар еді.. |

Келесіде ағылшын тілін бастауыш мектепте оқыту әдістемесіне талдау жасап, жетілдіруге ұсыныстар дайындау жұмыстар жүргізілді. Әдістеме авторлары:

Л.Б. Асқарова

С.Д. Рахимжанова

А.С. Волкова

Оқулық атауы: English 1 grade. Әдістемелік құрал.

Жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматыкітап баспасы 2013 ж.-168 бет.

1. Әдістеме Кіріспе бөлімнен басталады.
2. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау төмендегіше берілген.

Unit 1 – 4 сабақ
Unit 2 – 5 сабақ 1-тоқсан
Unit 3 – 4 сабақ
Unit 4 – 3 сабақ 2-тоқсан
Unit 5 – 4 сабақ
Unit 6 – 5 сабақ 3-тоқсан
Unit 7 – 4 сабақ
Unit 8 – 4 сабақ 4-тоқсан

Әдістемелік нұсқауда сабақты ұйымдастыру кезеңдерінің берілуі:
Сабақ тақырыбы:
Сабақ мақсаты:
Күнтізбелік нәтиже:
Сабақты материалдық қамтамасыз ету:
Пәнаралық байланыс:
Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру сәті
2. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау
3. Тірек білімдерді белсендіру
4. Жаңа материалмен жұмыс
5. Оқулықпен жұмыс
6. Сергіту сәті
7. Дәптермен жұмыс
8. Сабақты қорытындылау

*Ұсыныстар:*

- тыңдалым барысында адамдар атауы қазақ тілінде болғанымен, тақырыптар тікелей Англияның мәдениетімен байланыстырылып алынған.

– алфавитті үйрету барысында әріптердің оқылу ережесіне көңіл бөлінбеген. Мысалы, алфавиттің басында кездесетін «с» әріпі бір жағдайда «си» болып оқылса, бір жағдайларда «к» болып оқылады. Мұндай жағдайлар басқа әріптермен де кездеседі.

Зерттеу жұмысымыздың келесі сатысында педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған "Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқыту әдістемесі" атты арнайы курс бағдарламасы дайындалды.

Кесте – 4 Дәрістік курстың мазмұны

| Тақырып № | Тақырып, дәрістер аттары | Тақырып мазмұны | Барл. (сағ) |
|---|---|---|---|
| **1 Бөлім. Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі пәні** | | | |
| 1 тақырып | Шет тілін оқыту әдістемесі - ғылым және оқу пәні ретінде | Курстың әдіснамалық және ғылыми-теориялық негіздері. Әдіс - ұғымына шолу (Педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан). Басқа ғылымдармен байланысы. Әдістеме тарихы. | 1 |
| 2 тақырып | Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту мақсаты, міндеті | Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі пәні және міндеттері пәні, объектісі, міндеттері, зерттеу әдістері. | 1 |
| **2 Бөлім. Педагогикалық технологияларға сипаттама** | | | |
| 1 тақырып | Бастауыш мектепте шет тілі пәнің оқыту барысында АКТ қолдану ерекшелігі | Педагогикалық технология. Педагогикалық технология категориясының генезисі және анықтамалары. Технологиялық сызба және технологиялық карта. Терминологиялық аппараты. | 1 |
| 2 тақырып | Оқытудың тұлғалық-бағдарлы және мультимедиа технологиялары | Оқытудың тұлғалық-бағдарлы және мультимедиа технологиялары туралы түсінік. Мультимедиа технологияларына сипаттама. | 1 |
| **3 Бөлім. ЖОО пайдаланылатын оқу бағдараламалары** | | | |
| 1 тақырып | Жалпыға міндетті оқыту бағдарламасы | Шет тілін оқытудағы 1-4 сынып бағдарламалары | 1 |
| 2 тақырып | Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың негізгі бағыттары | Оқытылатын материалдың оқушыларды қоршаған ортаға барынша жақындығы негізінде жүзеге асырылады. Өмірден алынған шындықтар мен экстралингвистикалық материал ретіндегі әлеуетті коммуникативтік тапсырмалар кіші мектеп оқушыларының қоршаған ортаға сәйкестігі мен олардың араласуға мұқтаждығын есепке ала отырып, таңдап алынады. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 тақырып | Жекелендіру ұстанымы | 1 сыныпта күнделікті қарапайым араласуда ағылшын тілін жеткілікті деңгейде меңгеруге бағдарлау жеке писхологиялық ерекшеліктері бар нақты сынып оқушыларының барлығының тең құқықта қатысуын ұйымдастыруға міндеттейді | 1 |
| 4 тақырып | Кешенділік ұстанымы | Ағылшын тілі бойынша тілден тыс (экстралингвистикалық) және тілдік (лингвистикалық) оқу материалдарын өзара байланыста ұсынумен, сондай-ақ сөйлеу әрекеті түрлеріне өзара байланыста оқыту аспектілерінде жүзеге асырылады: | 1 |
| **4 Бөлім. Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі** | | | |
| 1 тақырып | Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі | Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі (1- сынып) | 1 |
| 2 тақырып | Оқушылардың сөздік қорларын байытудың бастапқы сатысындағы дифференциялдылық ұстанымы | Микротақырыптарға бөлінген бір тақырыптың жаңа сөздерін функционалды-семантикалық беру, көрнекілік құралдарына сүйену, оқушылардың сөздерінде жаңа сөздерді белсендіру | 2 |
| 3 тақырып | Сөйлеу әрекеттерінің негізгі түрлерінде: оқу мен жазуда тыңдау, айту, кіші мектеп оқушысының қарапайым басқа тілдік коммуникативтік құзыре -тілігін қалыптастыру; | Ана және ағылшын тілдерінде байқалатын қарапайым лингвистикалық түсініктер (дыбыс, әріп, сөз, сөйлем, сөз таптары, екпін) білімін қалыптастыру; Таспада тыңдау. | 2 |
| 4 тақырып | Сөйлеудің лексикалық аспектісі және сөйлеудің грамматикалық аспектісі | Ағылшын тілінің өзіне тән ерекше дыбысы туралы түсінік, айтылу дағдыларын қалыптастыру, әр түрлі типтегі: болымды, болымсыз және сұраулы сөйлемдерді дұрыс интонациялау, сөздер мен сөз орамдарында екпіндерді дұрыс қою дағдыларын қалыптастыру; болымды, болымсыз және сұраулы сөйлемдердегі сөздер реті: | 2 |
| **Барлығы** | | | **15** |

«Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі» жұмыс оқу бағдарламасының толық нұсқасы (қосымша Б) берілді. 5В010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығына арналып дайындалды.

«Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқыту әдістемесі» атты арнайы курс бағдарламасы білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға дәріс кезінде, практикалық, СОӨЖ және студенттердің өзіндік жұмыстарын орындауда ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білуіне басымдық берілді. Практикалық сабақтарда тренингтік жаттығулар орындату көзделді. Дайындалған арнайы курс бағдарламасы 1 кредитке жоспарланды.

Курстың мақсаты: ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандарды коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық және психологиялық білім негіздерімен яғни теориялық тұрғыда қаруландырып, зерттеу мәселесінің қазіргі жағдайын ескере отырып, олардың өзін-өзі жүзеге асыруда, өзін-өзі жетілдіруде, тұлғалық сапаларын іске асыру қабілеттілігін, коммуникативтік дағдылар мен іскерліктерін меңгерту.

Курстың міндеті: ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда психологиялық-педагогикалық білімді меңгерту; адамдардың өзара қарым-қатынасының тиімділігін, коммуникациялық дағдылар мен іскерліктерді меңгертуге арналған тапсырмалар құру; қарым- қатынас жағдайында өзін және басқаларды қабылдай алуы; кәсіби білім алуда тұлғалық сапаларды дамыту; өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі жетілдіруге арналған тапсырмалар жүйесін дайындау.

Арнайы курстың соңында білім алушылар білуі және меңгеруі тиіс:
курстың әдіснамалық, практикалық құрылым негіздерін;

- қарым-қатынастың негізгі компоненттерін, оның мазмұны мен деңгейлерін;
- педагог-психологтардың ғылыми идеялары мен зерттеу жұмыстарын;

бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың негізгі бағыттарын;

- бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытуда басшылыққа алатын ұстанымдарды;
- бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесін;
- сөйлеу әрекеттерінің негізгі түрлерін;
- сөйлеудің лексикалық аспектісі және сөйлеудің грамматикалық аспектісін;

әлеуметтік –психологиялық қарым-қатынас тренингтерін;

- бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытуда падаланылатын оқытудың технологияларын.

Жұмыс оқу бағдарламасы бойынша СӨОЖ және СӨЖ жұмыстарының тақырыптары мен пайдаланылатын әдебиеттер тізімі берілді. Келесіде интербелсенді байланыс негізінде тілдік тапсырмалар мен жаттығулар дайындау және білім алушылардың меңгеруін тексеретін, сондай-ақ сараптауға мүмкіндік беретін тестілер дайындалды. Электрондық оқу-әдістемелік кешенін білім алушыларға оқу материалдарын меңгертуде оқыту үдерісінде қолданылуын іске асыру үшін тәжірибелік-эксперименттік дәріс үлгілері дайындалды.

## 2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс және оның нәтижелері

Зерттеу жұмысы бойынша 2012–2014 оқу жылдарында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен А.Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-түрік университетінің «Педагогика және психология» факультеті 05010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3 курстарында эксперимент жұмысы жүргізілді. Тәжірбиелік-эксперимент Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология факультетінің базасында жүргізілді. Университеттерден барлығы 152 студент қатысты, оның 76-і бақылау топтарында, 76-ы эксперименттік топтарда болды.

Болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологиялар туралы теориялық білімдерін практикада қолдана білуіне арналған тәжірибе жұмысының мақсаты – студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды қолдану әдістемесін практикалық тексеруден өткізу арқылы дәлелдеу.

*Эксперименттің міндеттері:*

1. Болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілілігін қалыптастыру үшін ақпараттық технологиялар туралы теориялық білімінің аясын айқындау;
2. Білім алушылардың ақпараттық технологияларды қолдану әдістемесін кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда ескерілетін педагогикалық ерекшеліктерін тәжірибе жүзінде тексеру.

Эксперимент жұмысын өткізу үш кезеңді қамтиды:

- анықтау экспериментінде болашақ мамандардың жалпы білім аясы мен біліктерін анықтап алу;
- қалыптастыру экспериментінде білім алушылардың теориялық білімін тәжірибеде қолданудағы кемшілік тұстарына ғылыми-педагогикалық талдау жасап оны жетілдірудің әдістемесін қарастыру және оны жүзеге асыру;
- бекіту экспериментінде алынған нәтижелерді тексере отырып, математикалық-статистикалық өңдеулер арқылы зерттеу болжамының дұрыстығын дәлелдеу.

Болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану үдерісіне қатысты теориялық тұжырымдамаларды негізге ала отырып, біз эксперимент жұмысының анықтау кезеңінде білім алушылардың ақпараттық технологияларға қатысты білімі мен біліктілігін соған орай жасайтын ізденістері зерделенді.

Анықтау экспериментінің мақсаты болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды барлық пәндерді оқу барысында пайдалану

деңгейін яғни тәжірбиеде электрондық оқу құралын қаншалықты пайдаланылып (пәндік және әдістемелік) жүргізілетіндігін анықтау болды.

Анықтау кезеңінде оқытушылармен, студенттермен әңгімелесу, сабақтарға қатысу, сауалнама жүргізу, бағдарламалық құжаттарды оқып–үйрену әдістері қолданылды.

Анықтау экспериментінде болашақ бастауыш сынып мамандарының білім алуында берілген тапсырмалар бойынша негізінен оқытушының берген нұсқауымен шектелетіні, өздерінің мамандықтарына деген қызығушылықтарының басым бағыт алмайтыны байқалды. Оған дәлел 2013 жылдан бастап, бастауыштың 1-4 сыныптарына арналған оқу бағдарламалары мен 1 сыныптан оқытылып жатқан ағылшын тілінің оқулығы мен әдістемесімен таныс еместігі. Сондай-ақ білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологиялар туралы жалпылама мағлұматтары бар екені анықталды. Осы жасалған талдаулардан білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану төмендігі байқалды. Бұл көрсеткіштің төмен болуы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану мәселесінің арнайы мақсат етіп қойылмағандықтан, білім алушылардың басым көпшілігі ол технологияларды қарапайым түрде ғана қолданатыны айқындалды. Бұдан анықтау экспериментінің нәтижелері: болашақ мамандардың міндетті пәндерден алған білімдерін біліктілікпен басқа пәндерді оқыған кезде, сол сияқты тәжірибеде қолдануға қиналады, «түпнұсқамен» байланыстыра алмайды, олардың өздігінен ізденіспен ойлауы, алған білімді ұқсас немесе жаңа жағдайға көшіру біліктілігі, құзыреттілігі жетіспейтініне көз жеткізілді.

Қорыта айтқанда, болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды оқу іс-әрекетінде белсене қолдану, ақпараттық технологиялар құраларды мен әдістерін өздігінен игеруі маңызды рөл атқарады. Ақпараттық технологиялар құралдары мен әдістерін қолдана отырып білім алушылардың арнайы ұйымдастырылған ақпараттық іс-әрекеті олардың жеке тәжірибелерінің дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейінің арттыруына бағытталуы қажет.

Сондықтан да зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын қарастыру көзделді. Ол үшін алдымен болашақ бастауыш сынып мамандарының кәсіби құзыреттілік т.б. туралы білетін білімдерін анықтау үшін білім алушылардан сауалнама алынды.

Коммуникативтік құзыреттілік деңгейі мен негізгі коммуникативтік шеберліктің қалыптасуын анықтауға арналған **Л.Михельсонның (бейімдеген Ю.З. Гильбух)** коммуникативтік құзыреттілік әдістемесін қолданылды.

Л.Михельсонның әдістемесі (аударған және бейімдеген Ю.З.Гильбух) коммуникативтік құзыреттілік деңгейі мен негізгі коммуникативтік шеберліктің қалыптасуын анықтауға арналған.

Кесте 6 – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен А.Яссауи атындағы халықаралық Қазақ-түрік университетінің студенттерімен жүргізілген Л.Михельсонның коммуникативтік құзыреттілік әдістемесінің нәтижесі

| Сауалнама сұрақтары | Бақылау тобы | | | Эксперименттік топ | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | т/д | о/д | ж/д | т/д | о/д | ж/д |
| Педагогикалық үдерістегі қарым-қатынас дегенді қалай түсінесіз? | (25,6%) | (19,2%) | (55,2%) | (22,4 %) | (20,8%) | (56,8%) |
| Коммуникативтік құзыреттілік ұғымын қалай түсінесіз? Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін қандай тілдік заңдылықтарды білу қажет? | (32,8%) | (24,8%) | (42,4%) | (31,2%) | (26,4%) | (42,4%) |
| Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру дегенді қалай түсінесіз? | (22,4% | (77,6 %) | - | (28,8%) | (71,2 %) | - |
| Коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан маман қандай болуы керек? | (16,8%) | (16%) | (67,2%) | (18,4%) | (20,8%) | (60,8%) |
| Өзіңізді коммуникативтік құзыреттілігі қандай деңгейде қалыптасқан маманмын деп ойлайсыз? | (14,4% | (17,6%) | (68%) | (23,2%) | (32,8%) | (44%) |
| Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда қандай педагогикалық технология тиімді деп ойлайсыз? | (24,6%) | (20,2%) | (55,2%) | (22,4 %) | (20,8%) | (56,8%) |
| Бастауыш сынып маманының коммуникативтік құзыреттілігіне сипаттама беріп көріңіз. | (31,8%) | (25,8%) | (42,4%) | (30,2%) | (25,4%) | (44,4%) |
| Тілдік дағдыларға не жатады? Мысал келтіріп дәлелдеңіз. | (20,4% | (79,6 %) | - | (27,8%) | (72,2 %) | - |
| Коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан маман деп кімді айтар едіңіз? | (15,8%) | (17%) | (67,2%) | (19,4%) | (29,8%) | (60,8%) |
| Оқушылармен қарым-қатынасқа түсуде қандай қиындықтар кездесті? | (15,4% | (16,6%) | (68%) | (22,2%) | (33,8%) | (44%) |

**Кесте 7 – Сыналушылардың бағыныштылық, агрессивті немесе құзыретті типке бөлінуінің пайыздық көрсеткіштері**

| Құзыреттілік типтері | А.Ясауи атын. ХҚТУ (76 студент) | | | Абай ат. ҚазҰПУ (76 студент) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бағыныш ты | Агрессив ті | Құзыретті | Бағыныш ты | Агрессив ті | Құзыретті |
| төмен | 8 (10%) | 3 (4%) | 5 (7%) | 6 (8%) | 3 (4%) | 7 (9%) |
| орта | 7 (9%) | 3 (4%) | 15 (20%) | 5 (7%) | 4 (5%) | 18 (24%) |
| жоғары | 6 (8%) | 4 (5%) | 25 (33%) | 2 (3%) | 4 (5%) | 27(35%) |

Бақылау тобындағы сыналушылардың бағыныштылық типке бөліну шкаласының орташа арифметикалық шамасы 6,6, ал орташа квадраттық ауытқуы- 1,7-ге тең болды. 10% (8) сыналушылар бағыныштылық тип шкаласының төмен деңгейін, 9% (7) бағыныштылық тип шкаласының орташа деңгейін, ал 8% (6) бағыныштылық тип шкаласының жоғары деңгейін көрсетті.

Эксперимент тобындағы сыналушылардың бағыныштылық типке бөліну шкаласының орташа арифметикалық шамасы 6,6, ал орташа квадраттық ауытқуы- 1,7-ге тең болды. 8% (6) сыналушылар бағыныштылық тип шкаласының төмен деңгейін, 7% (5) бағыныштылық тип шкаласының орташа деңгейін, ал 3% (3) бағыныштылық тип шкаласының жоғары деңгейін көрсетті.




Сурет 2 - Бақылау және эксперименттік топтарында бағыныштылық типке бөлінуінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Екі топтың бағыныштылық типке бөліну шкаласының орташа арифметикалық шамалар арасындағы $t_{эм}(-1,1) < t_{0,05}$ (1,972), яғни, екі статистикалық топтың орташа арифметикалық шамалары арасындағы айырмашылық статистикалық мәнді емес.

Бақылау тобындағы сыналушылардың агрессивті типке бөліну шкаласының орташа арифметикалық шамасы 6,6, ал орташа квадраттық ауытқуы- 1,7-ге тең болды. 4% (3) сыналушылар агрессивті тип шкаласының төмен деңгейін, 4% (3) агрессивті тип шкаласының орташа деңгейін, ал 5% (6) агрессивті тип шкаласының жоғары деңгейін көрсетті.

Эксперимент тобындағы сыналушылардың агрессивті типке бөліну шкаласының орташа арифметикалық шамасы 6,6, ал орташа квадраттық ауытқуы- 1,7-ге тең болды. 4% (3) сыналушылар агрессивті тип шкаласының төмен деңгейін, 5% (4) агрессивті тип шкаласының орташа деңгейін, ал 5% (4) агрессивті тип шкаласының жоғары деңгейін көрсетті.




Сурет 3 - Бақылау және эксперименттік топтарында агрессивті типке бөлінуінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Екі топтың агрессивті типке бөліну шкаласының орташа арифметикалық шамалар арасындағы $t_{эм}(-1,1) < t_{0,05}$ (1,972), яғни, екі статистикалық топтың орташа арифметикалық шамалары арасындағы айырмашылық статистикалық мәнді емес.

Бақылау тобындағы сыналушылардың құзыреттілік типке бөліну шкаласының орташа арифметикалық шамасы 6,6, ал орташа квадраттық ауытқуы- 1,7-ге тең болды. 7% (5) сыналушылар құзіреттілік тип шкаласының төмен деңгейін, 20% (15) құзыреттілік тип шкаласының орташа деңгейін, ал 33% (25) құзыреттілік тип шкаласының жоғары деңгейін көрсетті.

Эксперимент тобындағы сыналушылардың құзыреттілік типке бөліну шкаласының орташа арифметикалық шамасы 6,6, ал орташа квадраттық ауытқуы- 1,7-ге тең болды. 9% (7) сыналушылар құзыреттілік тип шкаласының төмен деңгейін, 24% (18) құзыреттілік тип шкаласының орташа деңгейін, ал 35% (27) құзыреттілік тип шкаласының жоғары деңгейін көрсетті.




Сурет 4 - Бақылау және эксперименттік топтарында құзыреттілік типке бөлінуінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Екі топтың құзыреттілік типке бөліну шкаласының орташа арифметикалық шамалар арасындағы $t_{эм}(-1,1) < t_{0,05}$ (1,972), яғни, екі статистикалық топтың орташа арифметикалық шамалары арасындағы айырмашылық статистикалық мәнді емес.

Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды пайдалану жөніндегі білімдері мен түсінік, ұғымдары, оларды қажетіне қарай қолдана, пайдалана білу біліктіліктері бақылауға алынды. Болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды пайдалану білімі мен біліктілігі тексерілді. Анықтау эксперименті барысында болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға қызығушылық танытпайтыны, оқу тапсырмаларын дәстүрлі әдістермен орындауға бейімділіктерінің басым екендігі анықталды.

Анықтау экспериментінің көрсеткіштері жоғары, төмен, орта деңгейлері негізінде өлшемдеріне сәйкес, салыстырмалы диаграммасы төмендегі мазмұнда берілді. Бұл кестеден байқағанымыз, бақылау және эксперимент топтарындағы аса көп айырмашылық болмады.

Осы көрсеткіштерді есепке ала отырып, анықтау эксперименті бойынша бақылау және эксперименттік топтардың білім алушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану деңгейін салыстыруға мүмкіндік туғызылды.

Н.П.Фетискиннің «**Ақпараттық технологиялар танымы**» әдістемесі бойынша диагностика жүргізілді.

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы студенттерінің ақпараттық технологиялалар бойынша білімдерінің деңгейін айқындауда қолданылатын

**Сауалнама**

1. Ақпараттық қоғам талабына толық сай маман ретінде дайындалып жатырмын деп ойлайсыз ба?
а) иә
ә) жеткілікті дәрежеде
б) орташа
в) жоқ
2. Ақпараттық технологиялар бойынша алған теориялық біліміңізді практикада қолдануда сеніміңізді ақталды ма?
а) иә
ә) жеткілікті дәрежеде
б) орташа
в) жоқ
3. Сізді таңдаған мамандық бойынша университет қабырғасында оқытылған информатикалық пәндер қанағаттандыра ма?
а) иә
ә) жеткілікті дәрежеде
б) орташа
в) жоқ
4. Сіздің ойыңызша бастауыш сынып мамандары үшін ақпараттық технологияларды игерту мақсатында жүргізілетін тәжірибелік дайындық деңгейі жеткілікті ме?
а) иә
ә) жеткілікті дәрежеде
б) орташа
в) жоқ
5. Ақпараттық технологиялар бойынша дайындығыңыз жоғары деп ойлайсыз?
а) иә
ә) жеткілікті дәрежеде
б) орташа
в) жоқ
6. Оқу үдерісін студенттердің мамандығы бойынша ақпараттық технологиялардан тәжірибелік цикл бойынша ұйымдастыру туралы пікірді қолдайсыз ба?
а) иә
ә) жеткілікті дәрежеде
б) орташа
в) жоқ
7. Информатикалық пәндердің мазмұнына көзқарасыңыз жоғары ма?
а) иә

ә) жеткілікті дәрежеде
б)  орташа
в) жоқ

8. Университетте ақпараттық технологияларды оқыту барысында электронды оқу құралдарын,  компьютерлік бағдарламалық оқытушы орталарды, интернет желісін жиі қолданасыз ба?

а) иә
ә)  жеткілікті дәрежеде
б) орташа
в) жоқ

9.Ақпараттық технологиялардың кәсіби іс- әрекетте қажеттілігін түсінесіз бе?

а)  иә
ә) жеткілікті дәрежеде
б) орташа
в)  жоқ

10. Ақпараттық технологиялар мәселелеріне қызығушылығыңыз  және қолдану деңгейіңіз жоғары ма?

а) иә
ә) жеткілікті дәрежеде
б) орташа
в)  жоқ

11. Ақпараттық технологиялардың көмегімен білім іскерлік дағдыларды меңгеру  белсенділігіңіз жоғары ма?

а) иә
ә)  жеткілікті дәрежеде
б) орташа
в) жоқ

12. Педагогикада, шет тілін оқыту әдістемесі бойынша  компьютерлік модельдеуге икемдігіңіз жоғары ма?

а) иә
б) жеткілікті дәрежеде
б) орташа
в)  жоқ

Кесте 6 – Анықтау эксперименті бойынша болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану деңгейлері (%)

| Деңгейлер | Бақылау тобы (76 студент) | | Эксперименттік топ (76 студент) | |
|---|---|---|---|---|
| | Студенттер саны | % | Студенттер саны | % |
| Төмен | 27 | 36 | 26 | 34 |
| Орта | 33 | 43 | 30 | 40 |
| Жоғары | **16** | 21 | 20 | 26 |

***«Ақпараттық технологиялар танымы» атты* сауалнамаға** 152 студенттің **76**-і *бақылау тобы*, ал 76-і *эксперимент топ* ретінде қатысты. Олардың *бақылау тобы* бойынша 36% - «төмен, 43% -«орташа», 21% - жоғары» деңгейлерді көрсеткен. Ал, *эксперимент тобы* бойынша 34% - «төмен, 40% - «орташа», 26% - жоғары» деңгейлеріне ие болды. Бұл көрсеткіштердің диаграмма түріндегі бейнесін 10 – суреттен көруге болады.




Сурет 5 - Бақылау және эксперименттік топтарында болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану деңгейлерінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану, олардың білімді меңгерудегі ізденімпаздығын білімге қызығушылығын арттырып, технология құралдарын (компьютерлер, телекоммуникация, мультимедиа технологиялары, электронды оқулықтар, бейнетаспалар, интерактивті тақта) пайдалану арқылы оқыту үдерісін шығармашылықпен ұйымдастыру қажет, сонда ғана әрбір білім алушының ақпараттық технологияларды пайдаланудағы кәсіби өсуіне мүмкіндік туғызылады.

Қалыптастыру экспериментінде «Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша жасалған арнайы курсқа жұмыс оқу бағдарламасы бойынша ұйымдастырылатын оқыту үдерісінде ақпараттық

технологияларды пайдалануға баса назар аударылды. Тәжірибелік эксперимент Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» факультетінің «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3 курс студенттерімен жүргізілді.

Қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңі бұл зерттеудің өзектілігін және білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды қолдану қажеттілігін, сондай-ақ оқытудың тиісті әдістемесін жасау қажеттігін алға шығарады.

Қалыптастыру экспериментін жүргізу үшін алдымызда бірнеше міндеттер шешуді көзделді:

- білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаның барлық мүмкіндіктерін қолдану саласындағы кәсіптік дайындығының деңгейін анықтау;
- болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалана отырып оқытылатын «Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқыту әдістемесі» атты элективті курс ретінде оқытуға ұсынылған әдістеменің тиімділігін тексеру;
- білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде кәсіптік қолдануға электрондық оқулық қызметінің тиімділігін арттыруды негіздеуде студенттердің портфолиосын тексеру.

Осы міндеттерді шешу үшін білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалануға оқытушылар алдына төмендегідей ***талаптар*** қойылды:

- білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдаланудың мәнін түсініп, ақпараттық технологиялардың түрлерін саралай білу;
- студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалануды жүзеге асыруға сабақта және студенттің өзіндік жұмысында орындайтын тапсырмаларды іріктеу;
- болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологиялардың түрлерін сабақтың мақсатына қарай саралау;
- білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалануда әртүрлі тапсырмаларды ізденіспен шешуге жағдай жасай білу;
- болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдаланып өзінің порфолиосын құрғызу;

Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалануға арналған тәжірибелік жұмысты жүргізуге арналған материалдар дайындалып, белгіленген тірек жоғары оқу орындарында экспериментке қойылатын оқу-әдістемелік кешеннің мазмұны талқыланып, тәжірибелік жұмысты жүргізетін оқытушылар, эксперимент және бақылау топтары белгіленді.

Қалыптастыру экспериментін жүргізу үшін білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану педагогикалық пәндер бойынша қалыптастыру үшін жасалған арнайы жұмыс нәтижелері, қорытындылары кафедра мәжілісінде, әдістемелік бірлестіктің отырысында талқыланды. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану жұмыстары төмендегіше ұйымдастырылды:

- тәжірибелік жұмыстар жүргізілетін топ студенттері мен оқытушылардың қызметінің нәтижесі бақылауға алынды;
- тәжірибелік жұмыстың мақсаты, міндеттері, мазмұны айқындалып, бағдарламасы талқыланды;
- тәжірибелік жұмыстың бағдарламасына сай болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оқыту үдерісін ақпараттық технологияларды пайдаланып ұйымдастыру жөнінде әдістемелік нұсқаулар дайындалды;
- студенттердің СОӨЖ және СӨЖ өзіндік жұмыстарында ақпараттық-технологияларды пайдаланудың формалары, әдіс-тәсілдері таңдалып, тәжірибеге енгізілді.

Дәріс студенттердің ойына қозғау салудан басталады. Бұл тақырыпқа байланысты әңгіме жүргізіп, проблемалық сұрақтар қойып, оны бірнеше студенттен сұрау, мұндай жұмыс түрлері студенттерді оқуға деген қызығушылығын арттырады, зейіндерін оқу тапсырмаларына аударады.

Дәрістің барысы тек қана оның басталуынан ғана емес, сонымен бірге тақырыпқа, мақсатқа, дидактикалық міндеттерге және студенттердің дәріске деген әзірлігі дәрежесіне, олардың құзыреттілік үдеріс арқылы ой өрісінің дамуына байланысты болады. «Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқыту әдістемесі» атты элективті курстағы пән негізінде ұйымдастырылған дәріс, СОӨЖ, СӨЖ жұмыстарында болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға басымдық берілген эксперименттік материалдарды ұсынуды жөн көрдік.

Дәріс тақырыбы: Бастауыш сыныпта электронды оқулықтарды қолданудың әдістемесі

Дәріс мақсаты: Студенттерге оқыту үдерісінде электронды оқулықтарды қолдану жолдарын көрсету

Дәріс жоспары:

1.Электрондық оқу құралдарының жіктелу жолдары.

3.Электронды оқулықты пайдаланудың жетістіктері мен кемшіліктері.

Студенттердің АКТ туралы білімдері туралы сұрақтар

1.Электронды оқулық дегеніміз не?

2. Оқу үрдісінде электронды оқулықты пайдалану сіз үшін тиімді ме?

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында бастауыш білім мазмұны баланың оқу іс-әрекетін білуге, оқу, жазу, санаудың берік дағдыларын үйренуге, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан таныта білуге бағдарланады, сонысымен негізгі мектептің білім

мазмұнын меңгеруге база болатыны жазылған. 12 жылдық орта жалпы білім беру тұжырымдамасында бастауыш сатының негізгі мәні - "оқушы мен мұғалімнің білім беру үрдісінің тең құқылы субъектілері ретінде ынтымақтастықпен жұмыс істеуіне арналған педагогикалық орта құрып, мұндай ортада оқушының қызығушылығын қанағаттандыруы мен айналадағы шындықты қоғам, адам, табиғат туралы бастапқы біліммен қарулануған оқушының түсініп, ойлап, қабылдауы, нәтижесінде оқу икемділігін игеруі",- деп атап көрсетілген.

«Оқытудың ақпараттық технологиясы» термині ғылымда XXғ.-дың 40-50 жылдары пайда болған, оны Америкада XXғ.-дың басында дидактиктер «оқуға арналған медиа» (instructional media), «оқыту машиналары» (teaching machines), «оқытуды автоматты түрде басқару» (programmed instruction) сияқты ұғымдармен атаған. Сол кезде «оқуға арналған медиа» ұғымы «қандай да болмасын хабарды демонстрациялау немесе тасымалдау, сақтауға арналған техникалық құралдар, технологиялар, т.б. жиынтығы» ретінде анықталған (В.М.Степанов, Г.Г.Мангазеева).

Білім беру жүйесіне ақпараттық технологияны енгізудің негізін С.Л.Прессеи қалаған. С.Прессеи оқыту машинасын жасап, оны «мұндай машина оқытудың таптырмайтын құралы, өйткені ол оқушының жеке бас ерекшеліктерін ескеріп жұмыс жасау режимін таңдай алады, оқушымен белсенді өзара қарым-қатынасты қамтамасыз етеді» деп есептеген. Оның идеясы екінші дүниежүзілік соғыста жоғары кәсіби мамандарды даярлауда іске асып, одан әрі дами түскен, ал «оқуға арналған медиа» термині «ақпараттық технологияға» алмастырылған. Сол кезде ақпараттық технология «ақпаратты электронды түрде жинау, өңдеу мен ұсынумен» байланыстырылып, техникалық жағынан ғана анықталды (Saetler P.), бірақ ол кездің зерттеушілері оның оқыту мүмкіндіктерін қарастырған жоқ (О.Ю.Скрябина).

XXғ.-дың 50 жылдарының аяғында А.П.Ершов кеңес үкіметі кезінде алғашқылардың бірі болып мектепте информатиканы оқыту үшін компьютерлік техниканы пайдалану мәселелерін ғылыми зерттеуге кірісті. Ал, 60-жылдарының басында мектепте ақпараттық технологияны қолдану тұрғысында С.И.Шварцбурдтың жетекшілігімен басталған маңызды ғылыми жұмыс кеңінен танымал болды.

Оқыту технологиясын зерттеуге белгілі педагогтардан В.П.Беспалько, О.П.Околелов, Ж.А.Қараев, Г.Қ.Нұрғалиева, Ә.М.Мұханбетжанова және т.б. зор үлес қосты. Оқыту технологиясы – дидактикалық жүйенің құрамдас, процессуалдық бөлігі. Бұл берілген анықтамаларға мазмұндық талдау оқытудың ақпараттық технологиясы (кейінгі жерде ақпараттық технология) үш тәсілмен анықталатынын көрсетеді. Алғашқысында оған ақпараттық өнімдерді жасау, тасымалдау, сақтау мен бейнелеуді аз шығынмен білдіретін түсінік және оқушының оқу іс-әрекеттері заңдылықтарына сәйкес мәліметтерді өңдеу тәсілдері (оқыту әдістері) ретінде мән беріледі. Екіншісінде оқыту жүйесіне енгізілген жаңа ақпараттық құралдар арқылы ұйымдастырылатын дидактикалық үрдіс ретінде қарау ұсынылады, үшіншісінде ақпараттық

технология басты орын алатын оқытудың анықталған техникалық ортасын құру туралы айтылады.

Қандай да болмасын оқулық оқушы үшін - білім көзі, икемділік, дағдыны қалыптастыру мен бекіту құралы, ол мұғалімге оқу материалының тереңдігі мен деңгейін оқушыларға ұсынатын оқу материалының логикасын нақтылауға, оқыту әдістемесін анықтауға мүмкіндік туғызады .

1) Электрондық оқу құралында мәтіндік ақпарат өте ықшамдалып беріледі, себебі экраннан мәтінді ұзақ уақыт оқу көзді шаршатады, білімді қабылдау, меңгеруді әлсіретеді. Қаріптің өлшемі мен түрі, типі маңызды рөл атқарады. Ал, бұл дәстүрлі оқулықта тек қарайтылған немесе асты сызылған түрде және ол ерекше жағдайда немесе қосымша мәтін үшін ғана беріледі. Электрондық құралда жекелеген сөздерді немесе мәтін бөліктерін, фонды айрықшалауға мүмкіндік бар, бұл көрнекілікті күшейтеді, басты нәрсеге назар аударады, басқа жағынан тым әсіреленген фон оқуға қиындық келтіруі де ықтимал.

2) Ауқымды иллюстрациялық материалдарды қамтиды. И.И.Мархельдің сөзімен айтқанда “оқу құралын қарапайым оқулықпен салыстырғанда оқушының ойлау әрекетін белсендендіретін ...оқытудың практикалық көрнекілігін қамтамасыз ететін иллюстрациялық материалдардың көп мөлшерін талап етеді”. Сонымен қатар, иллюстрациялардың дидактикалық мәні өте жоғары. Түрлі түсті эффектілермен берілуі оқу құралын әрлендіре түседі және оқушының қабылдауына әсер етеді. Дәстүрлі оқулықта иллюстрация көбінесе ақ-қара түспен беріледі немесе шектеулі түстер палитрасы пайдаланылады.

3) Бейне үзіктерді (видеофрагменттер) пайдалану үрдістер мен құбылыстарды динамикалық күйде тасымалдауға мүмкіндік береді. Файл мөлшерінің үлкендігіне қарамастан оларды қолдану оқушылардың оқу материалын қабылдауы мен қызығушылығын тудырады, есту, көру мүшелерінің қатар жұмыстануына әсер етеді және соның салдарынан білім сапасы жақсарады.

4) Электрондық оқу құралында аудиофрагменттерді қолдану ақпаратты үйреншікті беру тұрғысынан алғанда ықпалдастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ, жаңа материалды қабылдауды, мидың есту орталығының жұмысын күшейтеді.

5) Электрондық оқу құралында оқу материалының элементтеріне немесе анықтамалықтарға, бақылау бағдарламаларына гиперсілтемелер пайдаланылады. Бұл қажетті объектіге көшуді тездетеді.

6) Электрондық оқу құралында мәтіндік, графикалық немесе басқа материалдарды біріктірудің мәні зор. Ақпаратты қабылдау, біріктіру, талдау, есте сақтау шапшаңдығы, оқу ақпаратын меңгеру толықтығы оның беттегі (экрандағы) орнынан немесе тізбектілігіне тәуелді. Дәстүрлі оқулықтағыдай емес, электрондық оқу құралында кез келген жердегі астарлы бетке көшу арқылы мұндай қиындықтарды шешу мүмкіндігі туады.

7) Электрондық оқу құралында оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі, дамытушы оқыту бағдарламалары, жаттықтырғыш бағдарламалар,

хрестоматиялық оқу материалдары, әдістемелік нұсқаулар бірге қарастырылуы мүмкін.

Электронды оқулықтың құраушы элементтері мұғалім, оқушы, дидактикалық материалдар мен дербес компьютер. (Сызба 1) Осы элементтердің барлығы да бір-біріне өзара әсер ететін ақпараттар ағынымен байланысқан. Осы құрылымда алғашқы маңызды аспект ролін мұғалім мен оқушының компьютерлік сауаттылығын қамтамасыз етуі, яғни олардың компьютермен және оның сыртқы құрылымдарымен жұмыс істей білу деңгейлері, компьютердің жалпы қызмет ету принциптерін түсінуі, осы жүйенің жалпы мүмкіндіктерін ұғынуы саналады.

*Енді электронды оқулықты пайдаланудың тиімді және тиімсіз жақтарына тоқталайық.*

| *Тиімді жақтары* | *Тиімсіз жақтары* |
|---|---|
| | |
| *Оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалын іздеп отырмайды.*<br>*Оқушы оқулықты қажет етпей-ақ информатика негіздерінен кез келген мәліметті алып, оқып үйренуіне болады.*<br>*Тақырыптың үлкен, қиын бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар, клиптер, аудиохабарларды пайдаланады.*<br>*Таңдап алған хабарды көшіруге мүмкіндік бар.*<br>*Сарамандық жұмыстар жылдам түсіндіріледі.*<br>*Бағдарламаны меңгеруге арналған тест сұрақтармен қамтамасыз етілген.*<br>*Көрнекілік құралдарға деген мұқтаждықты азайтады.*<br>*Мұғалім әр оқушымен дербес жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік туғызады.*<br>*Оқушының ой өрісін, дүниетанымын кеңейтуге, тану үрдісіне ықпал етеді.*<br>*Зерттеушілік қабілеті бар тұлға қалыптасады.*<br>*ҰБТ-ге даярлаудағы тиімділігі жоғары* | *Психология-педагогикалық талаптардың жоқтығы.*<br>*Пән аралық байланыстың аздығы.*<br>*Көрнекілік материалдарда бірыңғай таңдау.*<br>*Оқып үйренудегі мамандық бойынша бағыты ескерілмеген.*<br>*Материалды толық қамтуы немесе оқулықтарды толық аудару.*<br>*Оқушының жеке ерекшелігі, денсаулық жағдайы ескерілмеген.*<br>*Берілген материалдағы санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталмауы.*<br>*Компьютердің графикалық мүмкіншілігінің қолданылуының нашарлығы және әлсіздігі.*<br>*Оқушының тіл мәдениетінің төмендеуі «тірі» қарым-қатынасқа түсе алмауы.* |

Жоғарыда айтылған тиімсіз жақтарды болдырмау үшін төмендегідей ұсыныс жасауға болады:

1. Компьютерді сабақтың белгілі бір кезеңдерінде ғана пайдалану;
2. Компьютерді пайдалану уақытын сақтау;
3. Компьютерді пайдалануда қауіпсіздік ережесін сақтау;
4. Дәстүрлі және электронды оқытуды кіріктіру арқылы жүргізу. Себебі электронды оқыту – оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұнын қамтитын компьютерлік технологияға негізделген оқыту, бақылау, модельдеу, тестілеу т.б. бағдарламалар жиынтығы. Электрондық оқулық жай оқулықтарға өте тиімді қосымша мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда:

- кері байланысты іс жүзінде тез арада қамтамасыз етеді;
- жай оқулықтағы кездеспейтін қосымша материалдарды электронды оқулықтардан қысқа уақытта табуға болады;
- ипермәтінді түсіндірмелерге өту барысында уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Кез-келген сабақ бойынша ең бастысы электронды оқулықтарды дайындаудың бір жүйеге келтірілген заңдылығы болуы керек.

***ЭО негізгі қасиеттері:***

- жинақтылық
- жүйелілік
- эстетикалық көркемділігі
- жылдамдылығы және т.б.

***ЭО құрылымы***

1. Материалдың мәтін, сурет,график, кескін, кесте және т.б. түрде баяндалуы. <u>Ол оның дәстүрлі оқулықтан ерекшелігін көрсетеді.</u>
2. Материалддың кескін түрінде баяндалуы-оқулық мазмұнының графиктік-мәтіндік түрде бейнеленуі. Онда оқу материалының негізгі идеясын айқындайтын үзінділерін оқушының меңгеруіне ыңғайлы етіп, графиктік түрде бейнелеу.
3. Өзіндік тексерудің (өзіндік бақылаудың) тестілік жүйесі. Онда оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін айқындайтын сұрақтар мен тапсырмалар беріледі.

***ЭО құрылымдық элементтері:***

- сыртқы беті;
- титулдық экран;
- мазмұны;
- аннотация;
- оқу материалының толық баяндалуы;
- оқу материалының қысқаша мазмұны;
- қосымша әдебиеттер;
- өзіндік білімді тексеру жүйесі;
- өзіндік бақылау жүйесі;
- мәтіндік үзінділерді іздеу функциясы;
- авторлар тізімі;
- терминдік сөздер;

- оқулықтың элементтерін басқару бойынша анықтамалық жүйе;
- оқулықпен жұмысты басқару жүйесі.

***ЭО қойылатын талаптар:***

1. Жан-жақтылығы
2. Ізгіліктілік
3. Бейімділігі
4. Модульдік
5. Экономикалық тиімділігі
6. Тұтынушыға бағдарлау

***ЭО құрастыру алгоритмі:***

- Оқу пәнінің мазмұндық көлемін бағалау
- Үйренушінің білімділік, икемділік дағдыларын қалыптастыру
- Оқу материалын өзіндік білім алу деңгейіне бөлу
- Глоссарий дайындау
- Лекциялар конспектісін дайындау
- Тест материалын дайындау
- Материалдарды электрондық түрде дайындау
- Өзіндік және практикалық сабақтардың материалын дайындау

***ЭО құрамы:***

- пән туралы қысқаша ақпарат;
- жұмыс бағдарламалары;
- электрондық оқулықпен және оның бөліктерімен жұмыс жасау туралы әдістемелік нұсқаулар;
- ұсынылатын білім беру бағдарламалары;
- теориялық материалдар (лекция конспектілері);
- теориялық материалдарға негізделген оқу құралы;
- практикалық жұмыстарды орындауға негізделген әдістемелік құрал;
- практикалық жұмыс пен бақылау жұмыстарының тапсырмаларының тізімі;
- бақылау тапсырмалары;
- лабораториялық жұмыстардың әдістемелік нұсқалары;
- білімді бағалау критерийлерін айқындайтын тапсырмалар;
- бақылау тестілерінің жинағы;
- телекоммуникациялық құрылғыларды қолдану арқылы консультация түрлері мен графигі;
- глоссарий;
- әдебиеттер тізімі және Интернеттің ақпараттық ресурстарына сілтемелер;
- озат мұғалімдердің жасақтаған қосымша авторлық материалдары;
- үйренушінің жұмыс папкасы;
- мұғалімнің жұмыс папкасы.

## Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Жайық ұстазы, №1-7.01.2004.- 1-4 б.

2.Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан. Астана: Республиканский научно-практический центр проблем 12-летнего образования, 2005.-19 б.
3.Аренова А.Х. Интернет-технологии в процессе обучения //Начальная школа Казахстана.- Алматы, №2-2003, с. 26-27.
4.Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. В 2 т. Т.1, М.:Педагогика, 1982.- 656 с.
5.Большой энциклопедический словарь. Гл.редактор А.М.Прохоров. 2-е изд., перераб. и доп. –М.:Большая Российская энциклопедия

Арнайы курс бойынша ұйымдастырылған дәрістерден кейін болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану нәтижесінде олардың ақыл-ой қабілеттері: зейінділік, байқағыштық, ойлау және сөйлеу дербестігі, шығармашылық ойлауы дамитына көз жеткізілді.

Қорыта келе, болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда берілген тапсырманы орындауда ақпараттық технологияларды пайдалануды жүйелі түрде іске асыру үшін, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай ұсынылған әдістемені тәжірибеден өткізу барысында СОӨЖ, СӨЖ жұмыстары да орындаған тапсырмаларынан көруге болады.

СОӨЖ, СӨЖ тапсырмалары жаңа тақырып бойынша меңгерген білімдерін өздігінен жетілдіріп, біліктілігі мен дағдысын дамытуға арналады, тақырыпты меңгеруге бөлінген уақытқа толық сиятындай шамадағы материалдарды қамтиды және студенттердің қабылдау деңгейіне лайықталып құрастырылады. Мысалы, «Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқыту әдістемесі» пәні бойынша құрастырылатын тапсырмаларға төменгідей талаптар қойылады.

***Бірінші деңгейдегі тапсырмалар*** жаттап алуға лайықталған болуы керек. Интернеттен тапсырманы өздігімен дайындалып келуіне көмек беру қажет.
Алдыңғы дәрісте жаңадан меңгерілген білімнің оны өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс. Тапсырмалар жаңа тақырыптың өмірмен байланыстылығын қамту керек. Мұндай тапсырмаларды құрастырған кезде олардың танымдылығы мен қызықтылық жақтарына ерекше көңіл аудару.Мұнда мұғалім алдыңғы сабақта түсіндірген «жіктік есімдіктерді» еске сақтап қалуға бағыттаған тапсырмасы.

**Мысалы:**

- Оқытушы: **He** always comes home late.
- Білім алушы: **He** always comes home late.
- Оқытушы: **She**
- Білім алушы:**She** always comes home late.
- Оқытушы: **Tom**
- Білім алушы: **Tom** always comes home late.

***Екінші алгоритмдік деңгейдегі тапсырмалар*** өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет

болады. Болашақ мамандардың ойлау қабілетін жетілдіруге берілген тапсырмалар. Білім алушылардың қызығушылықтары ескеріліп, танымдық және қолжетімдік маңызы болуы қажет болады. Мысалы, дөңгелек үстелдер, дебат, брифинг, семинар және тақылау (дискуссия): сыныпта немесе сыныптан тыс жерде оқытушы арнайы бір тақырыпта ағылшын тілінде дискуссия ұйымдастыра алады. Сондай ақ топтық, форумдық әдістерді, студенттердің барлығы қатысатындай түрін ұйымдастыру өте тиімді немесе вербальді емес коммуникация.

**Non- Verbal Communication. Act It Out.**

Instuction: Pick one of the words or use a word from the list below.

In your team, take turns acting your words. See if teammates can gess which word you are acting out. See if you can gess the words your teammates are acting out.

Simple words:

1. Ceremony
2. Ghost
3. Investigation
4. Champion
5. Spy

***Үшінші эвристикалық деңгейдегі тапсырмалар***. Танымдық іздену эвристикалық түрдегі тапсырмаларды орындау барысында студенттер жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы білімдерінен заңдылықтарды анықтамаларды шығару т.с.с. жетілдіріп, тереңдетумен қатар, тағы да жаңа білімді терең меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс. Мұндай жұмыс талдау, жинақтау және салыстыру арқылы негізгісін анықтау, қорытындылау сияқты ой жұмыстарын қажет етеді. Білім алушылардың рефераттарды жазуы және оны өздігінен қорғауы, тәжірибеден алынған мәліметтер диаграмма, графиктер салу, дәлелдеулер жұмыстарын жүргізуге берілетін тапсырмалар. Ой қорытуға арналған эссе, аннотация жазу, презентация дайындау, бейне материалдар қолданып, СОӨЖ, СӨЖ тапсырмаларын орындау.

***Ойын арқылы оқыту технологиясы (топпен жұмыс)***

In order to answer that question we must consider some of the genetic biases of the human brain. For 99 percent of the time we have been on the planet, we lived in small hunter-gatherer groups of about 40 to 50 people. Our brains developed specialized capabilities for social affiliation, communication and various kinds of symbolic representation. Our cultures evolved through social interactions, initially without written language.

The development of written language changed the way human beings developed, in large part by influencing brain development and expressed new brain-mediated capabilities that had previously been un-expressed.I see technology doing the same things today. The brain clearly could not have a "genetics" specific for the use of a joystick. Nor could the brain have a genetics specific for continuous attention to a two-dimensional moving image such as those in the television. Yet external symbolic representation such as the written word, visual images on television, and complex three-dimensional videography are all sensed, processed, stored, and acted on by the

human brain. Because the brain literally changes in response to experiences, these "new" (from a historical perspective) experiences (the written word or television) cause changes in brain development, brain organization, and brain function that were never expressed hundreds of generations ago.

Modern technologies are very powerful because they rely on one of the most powerful genetic biases we do have — the preference for visually presented information. The human brain has a tremendous bias for visually presented information. Television, movies, videos, and most computer programs are very visually oriented and therefore attract and maintain the attention of young children.

The problem with this is that many of the modern technologies are very passive. Because of this they do not provide children with the quality and quantity of crucial emotional, social, cognitive, or physical experiences they require when they are young. The developing child requires the right combination of these experiences *at the right times* during development in order to develop optimally. This cannot happen if the child is sitting for hours passively watching television.

Sitting young children in front of a television for hours also prevents that child from having hours of other developmental experiences. Children need real-time social interactions; technology such as television can prevent that from happening.

***Төртінші шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар.***

Болашақ мамандардың тәжірибесі мен қалыптастырған ұғымы түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген берілген тақырыпқа өзіндік жұмыс орындау. Демек, бұл тапсырмалар білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Бұған ғылыми жобалар, курстық жұмыстардың орындалуы мен қорғалуы жатады.

Қай деңгейдегі тапсырмалар болмасын барлығыныда студенттер оны орындауда ақпараттық технологияларды пайдаланатыны сөзсіз. Эксперимент жұмысының барысында білім алуылардың біртіндеп күрделенетін тапсырмаларды орындатуда ақпараттық технологияларды пайдалану аясын көрсету үшін олардың ғылыми жобаларын мысал ретінде келтіріп отырмыз.

Келесі орындатылаған тапсырмалар студенттердің өз мамандықтарына байланысты қорғаған ғылыми жобалары болып табылады.

***Ғылыми жоба тақырыбы:*** **«Жаңа тұрпатты бастауыш сынып мұғалімінің моделі»**

***Зерттеу жұмысының өзектілігі:*** Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар – адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан-дүниесінің дамуына, көзқарастары мен шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа

технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім».

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту үдерісінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Осыдан дәстүрлі оқыту үдерісін түбегейлі өзгертудің қажеттігі туындайды. Ал, білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру оның әдіснамалық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды көздейді. Осыған орай, қазіргі кезде білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен қатар, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау, озық және өміршең технологиялар мен әдістерді меңгерген жаңа тұрпатты мамандар даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға ерекше мән берілуде. Өйткені білім беру жүйесіндегі инновациялық технологияларды тәжірибеде іске асыратын – мұғалім. Бұл туралы сонау 1914 жылы-ақ А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінде жарияланған «Мектеп керектері» деген мақаласында: «...Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім...» деп атап көрсеткен болатын [1]. «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды және ізденуді тоқтатса оның мұғалімдігі де жойылады» - деп орыс педагогы К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да мәнді, тиімді болары сөзсіз.

Сөз болып отырған мәселенің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ҚР стратегиялық дамуының «Қазақстан - 2030» бағдарламасында, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анықталған.

Зерттеу барысында болашақ мамандарды дайындаудың теориясы мен практикасы (Ә.Б.Нұрлыбекова, Ж.К.Оңалбек, Т.Әлсатов, А.А.Бейсенбаева, А.А.Жолдасбеков, Б.А.Тойлыбаев, А.Ғ.Қазмағамбетов, Л.Байсерке, В.А.Ким т.б.), мұғалімдердің біліктілігін көтерудің жаңашылдығы (Ш.Таубаева, Б.А.Тұрғынбаева, Б.А.Әлмұхамбетов т.б.) мұғалімдердің қоғамдық және мәдени ағартушылық қызметі (Қ.Бержанов)сияқты мұғалімдерге арналған еңбектер зерделенді.

Еліміздің XXI ғасыр баспалдағын жаңашылдықпен қарыштап басып, өркениетке бағдар алуы әр адамның шығармашылық болмысының нәтижесі деп бағалауға болады. Ұлттың шығармашылық әлеуеті де әр жеке тұлғаның шығармашылық деңгейімен анықталады.

Ал, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға қатысты іргелі және қолданбалы зерттеулердің болғандығына және бұл мәселенің маңыздылығына қарамастан, оқушылардың шығармашылық қызығушылығын

қалыптастыруды нәтижелі етуде әлі де шешілмеген мәселелер, **қарама-қайшылықтар** бар екендігі байқалады. Ақпараттық және коммуникативтік құзіреттіліктері қалыптасқан, дүниетанымдық қабілеті жоғары, ізденімпаз тұлғаны қалыптастыратын - мұғалім. Сондықтан өзекті ой ұшқырлығы мен ізденімпаздық іс-әрекеті қалыптасқан білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайында оңтайлы пайдалана алатын, танымдық дербестігі жоғары деңгейдегі шығармашыл педагог дайындау – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе деуге толық негіз бар. Осыған орай, жеке тұлға бойында ашыла қоймаған және сыры мол мүмкіндіктерін дамытатын, жас ұрпақты креативті тұлға етіп тәрбиелей алатын, қоғамның әлеуметтік сұранысына сәйкес еңбек ететін бастауыш сынып мұғалімін даярлау қажеттігі зерттеу жұмысының тақырыбын «Жаңа тұрпатты бастауыш сынып мұғалімінің моделі» деп таңдап алуымызға негіз болды.

**Зерттеу жұмысының мақсаты** - бәсекеге қабілетті, ізденімпаз және шығармашыл бастауыш сынып мұғалімі моделін жасау.

**Зерттеу жұмысының міндеті**:

- бастауыш сынып мұғалімі іс-әрекетінің түрлерін, оқыту және тәрбиелеудегі рөлін айқындау;

- бастауыш сынып мұғалімінің жаңашылдыққа бейімделуі қажеттігінің себептерін анықтау;

- жаңа технологияларды жетік меңгерген, жан-жақты зерделі, рухани бай бастауыш сынып мұғалімінің болмысын ашу.

**Зерттеу жұмысының нысаны**: жаңа тұрпатты бастауыш сынып мұғалімінің іс-әрекеті.

**Зерттеу жұмысының пәні**: ұтқыр ойлы, үлгілі тәлімгер, құзыретті маман шығармашыл, үздік ұстаз бейнесіне тән мәнді белгілер.

**Зерттеу жұмысының ғылыми болжамы**: егер педагогика ғылымы мен тәжірибедегі озық идеяларға негізделген жаңа тұрпатты бастауыш сынып мұғалімінің моделі жасалса және соған сәйкес маман дайындалса, онда жаңа білім жүйесіне көшуден туындайтын бастауыш білім беруді және басқаруды іске асыратын мұғалім іс-әрекетіне болашақ мұғалімді бейімдеудің алғышарты жасалады. Өйткені осындай қасиеттер тән ұстаз ғана бәсекеге қабілетті, өзін-өзі жетілдіргіш, дамытатын, бақылайтын және нәтижелі іс-әрекет орындайтын, ізденімпаз тұлға қалыптастырады.

**Зерттеу жұмысының әдістері:**

- әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық еңбектерге теориялық талдау жасау;

- мемлекеттік ресми және нормативтік құжаттарды зерделеу;

- бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау тәжірибесімен танысу;

- бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру тәжірибесімен танысу.

Тәжірибелік-эсперимент барысында ақпараттық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін яғни: тілдік білімі, тілдік құралдарды қолдануы, тыңдалым, қатысым, айтылым, жазылым дағдыларын меңгеруде компьютерді қолданудың

негізгі тәсілдерін, мультимедиялық ақпарат көздерін, коммуникацияяғни тілдік құралдарды, ақпарат алудың тәсілдерін  меңгерген болуы керек.

Тәжірибелік-экспермент жүргізіп отырған пән бойынша студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды өзіндік жұмыстарында пайдалану деңгейін көрсететін білім алушылардың портфолиосы болып табылады. Зерттеу жұмысымыз тұрғысынан студенттердің өзіндік жұмысында ақпараттық технологияларды қолдануын көрсету үшін мысал ретінде бір студенттің дайындаған ***портфолиосын*** келтіріп отырмыз.






***Өмірбаян***

Мен, Елеупанова Жұлдызай Амантайқызы 1992 жылы 24 қазанда Қызылорда облысы, Шиелі ауданында дүниеге келдім.

Қазақстан Республикасының азаматшасымын, ұлтым қазақ.

1998 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы №207 Жаңатұрмыс орта мектебіне барып, 2009 жылы аталған мектепті бітірдім. 2010 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Психология-педагогика институтына оқуға түстім. Бүгінгі күні аталған оқу орнының «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4 курсының студентімін.

**Эссе**

***«Бастауыш сынып мұғалімі» болу арманым»***

Біздің алдымызда кішкентай бала тұр. Ол болашақ маман иесі, өзіндік күрделі даму құрылысы бар, қайталанбас ерекше тұлға. Оны қалай оқытып, тәрбиелеп, дұрыс жолға бағыттауға болады? Келешекте бұл баладан нағыз білімді, рухани бай, тек жұмыс атқарып қана қоймай, шығармашыл, игі іс-әрекеттер орындай білетін, өзінің айналасындағы барлық адамдарды, қоршаған әлемді, табиғатты сүйетін тұлғаны қалай қалыптастырамын? Демек, бұл сұраққа жауап алу үшін осы баланы кішкентай бүлдіршін шағынан мектепке қабылдап, оны оқыту мен тәрбиелеуді негізге алатын ***«Бастауыш сынып мұғалімі»*** мамандығын таңдадым.

***Ол маман – бастауыш сынып мұғалімі. «Ұстаздық – ұлы құрмет.***

Себебі: ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасаң, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауымыз керек» - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, бастауыш сынып мұғалімі жас ұрпақтың тәрбиесін өз қолына алып, оның болашақтағы өмірінің дұрыс қалыптасуын жауапкершілікке алады.

Соның ішінде, әсіресе, бастауыш сынып мұғалімінің жауапкершілігі өте жоғары. Себебі ***бастауыш мектеп:***

- оқушы тұлғасы мен сапасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең;
- үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да және қадірлі кезең;
- балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған ортаға дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету кезеңі;
- балалардың білуге деген құштарлығы, қызығушылығы пайда болып, танымы, зейіні, қиялы, бақылай білуі, өз әрекеттеріне талдау жасай білуі сияқты қабілеттері тез дамитын кезең;
- бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың білім алуға деген ықыласының баспалдығын орнатып жіберу кезеңі.

Осы айтылғандарды баланың бойына дарыту – бастауыш сынып мұғалімінің қолында. Міне, сондықтан қазақтың Ұлы ақыны Абайдың сөзі де

осы ойға үндес: «Адамның адамшылдығы ақыл, ғылым, жақсы ата-ана, жақсы ұстаздан болады». Демек, бастауыш сынып мұғалімінің міндеті тек білім берумен ғана шектелмейді, сонымен қатар шәкірт тәрбиесімен де айналысуы қажет. Жас ұрпақты болашаққа білімді етіп, тәрбиелеп аттандыру ол міне, менің ұстаз ретіндегі міндетім,- деп санаймын. «***Бастауыш сынып мұғалімі мамандығын» таңдағанымды мақтан етемін.***

**Essay (СӨЖ)**

**Information and communication technologies in education**

Information and communication technologies in education refers to teaching and learning the subject matter that enables understanding the functions and effective use of information and communication technologies.

In order to use technology effectively, educators need to be trained in using technology and they need to develop a good understanding of it. Technology is used to enhance learning, therefore it is important for educators to be comfortable using it to ensure that students get the full advantages of educational technology. Teaching with technology is different from teaching in a typical classroom. Teachers must be trained in how to plan, create, and deliver instruction within a technological setting. It requires a different pedagogical approach. Teachers must find a way to assess students on what they take away from a class and meaningful, known knowledge, especially within an eLearning setting. Education will only change when our design methods, perspectives, and values change. Teachers have many roles when instruction is designed. They can be artists, architects, craftspeople, and engineers. Technology does not mean that using interactive electronic boards and LCD PowerPoint presentation is the most effective. So many more applications are available for students to be hands-on with their learning and gain deeper knowledge than they could before.

Technology training appears to focus mainly on technology knowledge and skills while overlooking the relationships between technology, pedagogy, and content. As a result, teachers learn about “cool” stuff, but they still have difficulty applying it for their students’ learning. Teacher candidates need opportunities to practice effective technology integration strategies in supportive contexts during technology courses, technology-integrated methods courses, and field experiences. Experienced teachers also need opportunities to learn about new technologies and ways to integrate them effectively in their classroom. Teacher education programs can facilitate improvements not only in students’ technology skills but also in their beliefs and intentions regarding integrating technology into instruction. Technology training directly affects pre-service teachers’ self-efficacy and value beliefs, which in turn influence their student-centered technology use.

Жоғарыда ұйымдастырылған тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижесін қорытындылай келе, төмендегідей тұжырым жасаймыз.

комуникатвитік құзыреттілігі қалыптасқан маман:

- ақпараттық технологиялар арқылы ғылыми зерттеу жұмыстары үдерістерінің заңдылықтарын түсінеді;

- жаңа білімді меңгеру үдерісінде тақырыпты ғылым негіздеу барысында ақпарат көздерін іздеп табуды және сілтеме беруді, өз ойларын тұжырымдап түйіндеуді біледі;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытады және рефераттар, мақала жазу, курстық жұмысын жазып, оны қорғауға құзыретті;

- ғылыми жұмыстар мен мақалалар, баяндамалар бойынша тезис жасау, түйіндеме жазуға машықтанған;

- зерттеу тақырыбының өзектілігін ұсыну, ойдың дәлелді болуы, болжам, жұмыстың ғылыми жаңалығы, қортынды, сияқты т.б. ғылыми ойлау стильдерді мен талдау, біріктіру, жалпылау, жинақтау сияқты логикалық операцияларды, шығармашылықпен табысты ойлау туралы түсінігі мен білімі, біліктілігі қалыптасқан;

- болашақ кәсіби қызметінде ғылыми-ақпараттық қажеттіліктерді ерекшеліктері мен түрлеріне қарай жіктеуге кәсіби құзыреттілік тұрғысынан дайын болады.

Нәтижелерді қорытындылап, тұжырымдау барысында эксперименттік топтағы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану деңгейі бақылау топтарына қарағанда анағұрлым жоғарылағанын көрсетті. Педагогикалық эксперименттің бекіту кезеңі оқытушылардың студенттермен әңгімелесуі, олардан сауалнама және тест қабылдау, студенттің СОӨЖ, СӨЖ жұмыстарын тексеру, модульдерге байланысты ғылыми жобалар құрастыру, дайындығы тексерілді. Студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды бекіту барысында ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі айқындалды.

Тәжірибелік-эксперимент тобындағы болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдаланып өткізілген сабақты ерекше ынтамен қабылдап, танымдық қызығушылықтарының жоғары деңгейде екендігін байқалды. Себебі, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда олардың дүниетанымын, таңдаған мамандығына деген сенімін нығайтады.

Жоғарыда аталған курсты өткеннен кейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология факультетінің «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы 3-ші курс студенттерінен тест алынды. Тест студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану деңгейін анықтау мақсатында құрылды. Бекіту экспериментінің қорытындысы кезеңінде ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында 152 студентке сауалнама сұрақтары біршама қосымша сұрақтармен толықтырылып, қайта таратылды және жауаптар алынды.

Кестеден бақылау тобы ретінде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогкалық университетінің студенттері өзіндік жұмыстарында ақпараттық

технологияларды толығымен пайдалана алмады. Әсіресе, студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда алған білімін практикада қолдану қажеттігі мен дағдысы жеткілікті қалыптаспағандығын, танымның ғылыми тәсілдеріне мақсатты және жүйелі түрде жету мүмкіндігі толық дамымағандығы байқалды.

Ақпараттық технологиялар технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тапсырмаларды орындауы төменде берілді. Эксперимент тобының білім алушылары 35% электрондық оқулықты пайдаланудан өте жақсы білім көрсетсе, ал білім алушылары 45%-ы жақсы білім көрсетіп, 16%-ы электрондық оқу құралын пайдалану технологиясы бойынша білімдерінің орташа екендігін байқатқан студенттер 4% -ды құрады. Білім алушылардың 20% бақылау тобы және 35% электрондық оқулықтарды пайдалану саласында алған білімдерінің жақсы екендігі көрсетсе, 37% электрондық оқулықтарды пайдалану технологиясындағы білімдерінің орташа екенін 8%-ы көрсетті.

«Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқыту әдістемесі» атты арнайы курсын оқығаннан кейін білім алушылармен сауалнама жүргізілді. Жиналған мәліметтерді талдау эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің қатысқандарының барлығы сауалнаманың алғашқы 5 сұрағына дұрыс жауап бергенін көрсетті.

Қалыптастыру экспериментінде болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалануға қамтамасыз ету мақсатында дайындалған арнайы курс оқыту үдерісіне енгізіліп, зерттеу міндеттерін шешуге бағытталды. Қалыптастыру экспериментінің нәтижелерін саралау барысында эксперименттік топтағы студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану деңгейі бақылау топтарына қарағанда анағұрлым жоғарылағанын көрсетті.

Кесте 7 – Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейінің қалыптастыру экспериментінің көрсеткіші (%)

| Деңгейі | Бақылау тобы (75 студент) | Эксперименттік топ (76 студент) |
|---|---|---|
| Жоғары | 28 % | 34 % |
| Орташа | 57 % | 62 % |
| Төменгі | 15 % | 4 % |

Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейінің қалыптастыру экспериментінің диаграммасы төменде келтірілді. (Сурет -3)

Бекіту экспериментінің мақсаты ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ұсынылған әдістеменің тиімділігі мен ғылыми болжамның дұрыстығын тексеру

болды. Анықтау және қалыптастыру эксперименттеріндегі көрсеткіштерді салыстыра келе, соңғы бекіту кезеңінің нәтижесі шығарылды. Эксперименттік топта болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін ақпараттық технологияларды пайдалануға берілген тапсырманы орындауда анықтау эксперименті кезіндегі көрсеткіштермен салыстырғанда деңгейлерінің неғұрлым өскендігін көруге болады.




Сурет 6 – Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейі қалыптастыру экспериментінің диаграммасы

Нәтижелерді қорытындылау барысында эксперименттік топтағы студенттердің берілген тапсырманы орындауда ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейі бақылау топтарына қарағанда анағұрлым жоғарылағанын көрсетті; жоғары деңгейі – 34 %-ға, көбейген, ал төмен деңгейдегі студенттер саны – 4 %-ға дейін кеміген. Эксперимент нәтижелерінің статистикалық тұрғыдағы дәлдігі Стьюденттің t-критерийі арқылы тексерілді (кесте 8).

Кесте 8 – Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптасу деңгейі бойынша тәжірибелік-эксперименттің салыстырмалы нәтижелері (%)

| Деңгейлер | Бақылау тобы | | Эксперименттік топ | |
|---|---|---|---|---|
| | Эксперим. дейін | Эксперим. кейін | Эксперим. дейін | Эксперим. Кейін |
| Жоғары | 21 % | 28 % | 24 % | 34 % |
| Орташа | 43 % | 57 % | 45 % | 62 % |
| Төменгі | 36 % | 15 % | 31 % | 4 % |

Қалыптастыру экспериментінің салыстырмалы нәтижелерінің кестесі мен диаграммасы төменде келтірілді. (Сурет -4)




Сурет 7 – Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптасу деңгейі бойынша тәжірибелік-эксперименттің салыстырмалы диаграммасы

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесінде біздің ұсынған әдістемеміз көрсеткендей білім алушылардың алған білімдерін нақтылау, шығармашылық ойлауға көшу, ойларын жинақтап айту, зерделей алу, бақылау жүргізу машықтары қалыптасып, өздігінен іздену, салыстыру дағдыларын меңгертілгенін көрсетті. Болашақ мамандардың білімді меңгеруде танымдық әрекеттері мен белсенділіктерінің басым болуына ықпал ететін ақпараттық технологияларды практикалық жұмыстарды ұйымдастыруда пайдалануға баса көңіл бөлінді.

Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлерінің көрсеткіштері жоғары оқу орнында оқытудың кредиттік жүйесіне лайықталып, тәжірибелік тұрғыдан нақтыланды.

Жүргізілген тәжірибелік-экперимент – жасалған ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеді, яғни ақпараттық технологиялар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру нәтижесінде бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенттері электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаның барлық ресурстарын, электрондық кітапхананы, электрондық энциклопедияны, интернет көздерінен қажетті ақпарат көздерін саралап пайдалануды үйренді.

Қорыта келе, болашақ мамандардың кәсіби дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру отырып, білім беруде яғни жаңа материалды меңгертуде оқыту үдерісін ұйымдастыруда ақпараттық технологиялардың пайдалану мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың комуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру қажет,- деп санаймыз.

## Қорытынды

Жоғары оқу орнында ақпараттық білім кеңістігінің кез-келген аясында ақпараттық қоғамға қажетті ақпараттық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін арттыру үшін, білім берудің мазмұнын жаңартуда жаңа бағыттар қажет болды. Бүгінгі білім беру саласын компьютерлендіру мәселесімен тығыз байланысты өтпелі кезеңде болашақ мамандарға ғылым негіздерін меңгертуде білімді әлемдік стандартқа жақындату, оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңарту арқылы білім сапасын көтеру мемлекеттік мәселе болып отыр. Бұл мәселелерді оңтайлы шешу университеттердің материалдық базасына, оқытушының кәсіби іс-әрекетіндегі құзыреттілігі мен пән мазмұнын терең меңгеріп, оқытылатын пәндерден электрондық оқулықтарды дайындау, оны оқыту үдерісін ұйымдастыруда пайдалануы және оқу-әдістемелік құралдардың ғылыми негізде жасалуына байланысты болмақ.

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерге жасалған талдаулар және тәжірибе көрсеткендей осы уақытқа дейін болашақ болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды толықтай пайдалану әлі де шешімін таппаған мәселе екенін көрсетті. Зерттеу жұмысымызда болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ақпараттық технологияларды пайдаланудың теориялық негіздері ретінде «ақпараттық технология», «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымдарына ғылыми-педагогикалық тұрғыдан берілген түсініктер нақтыланды.

Коммуникативтік құзыреттіліктің теориялық негіздерін аша отырып, біз олардың қазіргі заманғы даму кезеңдері мен оларды жүзеге асыру жолдарына тоқталып, берілген анықтамаларды жүйеледік. Жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі мақсаты: білім алушылардың танымдық қабілеттері мен тілдік білім алу, тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылымды, меңгеру барысында қалыптасқан іскерлік пен дағдыда көрініс табатын практикалық тәжірибесінде ақпараттық технологияларды қолдану, оқу іс-әрекетін орындау барысында қарым-қатынас құралдары арқылы қарым-қатынасқа түсуге белсенділігі, топтық, ұжымдық, жұптық қарым-қатынас жасаудағы шеберлігі және оны шығармашылыққа ұштастыруға баулу.

«Құзырет», «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымдары субъектінің іс-әрекеттің мақсаты мен оны жүзеге асырудың құралын саналы түрде ұғынумен байланыстырылады. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ғылым негіздерін меңгеруде білімді әлемдік стандартқа жақындату, оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңарту арқылы білім сапасын көтеру мемлекеттік мәселе болып отыр. Осы мәселені шешу үшін ақпараттық технологиялар арқылы болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік

құзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктері педагогикалық заңдылықтар мен ұстанымдарға негізделіп айқындалды.

Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық үлгісі жоғары педагогикалық білім берудің дидактикасының тұжырымдамаларына, негізделген мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері біртұтас жүйе ретінде айқындалды. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыру үшін «Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқыту әдістемесі» атты элективті курс бағдарламасы жасалып, әдістемесі ұсынылды. Арнайы курс бағдарламасы мен оның дайындалған әдістемесі негізінде болашақ бастауыш сынып мамандарының тілдік білімдері негізінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы ақпараттық технологияларды пайдалану ерекшеліктері айқындалды. Ақпараттық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру тәжірибелік жұмыс барысында дәлелденіп, әдістемесі ұсынылды.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған теориялық қағидалар мен ұсынылған әдістемелерді тиімді пайдалану, негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды қолдану туралы ғылыми болжамның дұрыстығына көз жеткізілді.

Теориялық қағидалар мен тәжірибелік жұмыс нәтижесінде төмендегідей ***ұсыныстар*** жасалынды:

- ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында «Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқыту әдістемесі» атты оқу бағдарламасын 6В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының оқу жоспарының таңдау пәндер бөліміне арнайы курс ретінде енгізу;
- болашақ бастауыш сынып мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдаланудың нәтижелі болуы үшін «Педагогика», «Ағылшын тілін оқыту әдістемесі», «Қазіргі ақпараттық технология» пәндерімен тығыз байланыста болып кіріктіре оқытуды жүзеге асыру;
- бастауыш сыныптардан шет тілін оқытуды 3-сыныптан бастауды ұсынамыз. 1-сыныпта өзінің ана тілінде сауатын толық ашып алмай, басқа тілдерді жетік меңгерту мүмкін болмайды. Басты ескеретін мәселе бастауыш сыныптарда шет тілін оқытатын мамандарды дайындап алу қажет және оны бастауыштың мұғалімі беретін деңгейге жеткізу.

Зерттеу проблемасы күрделі болғандықтан, оның барлық бағыттарын толығымен қарастырып шығу мүмкін емес, өйткені қоғам талабынан туындап отырған сұранысты қанағаттандыру білім саласының басты идеологиясы болып табылады. Ал оның барлығын бір ғана зерттеу проблемасының аясына сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан зерттеу барысында алынған нәтижелер оны шешудің

бір ғана жолы деп есептеп, бұл бағыттағы ізденістер жекелеген пәндерді ізденіспен оқыту мәселелері арнайы дербес зерттеуді қажет етеді деп санаймыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1 Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы – Астана, 2010 жыл.

2 Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру 2002-2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – 2001 жыл.

3 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан жоғары мектебі. - 2004. - № 1. - 9 б.

4 Педагогика большая современная энциклопедия. Минск. - 2005.- 720 с.

5 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы – Алматы, 2002.- 720 б.

6 Философиялық сөздік. - Алматы, 1996. – 525 б.

7 Гегель Г. Философские сочинении. – М., 1959. – Т. 9. – 457 б.

8 Аристотель Соч.: в 4 т. - М., 1975. - Т. 1. – 356 б.

9 Рассел Б. Воздействие науки на общество / Пер. с англ. В.Онышко. — М.: Изд-во иностранной литературы, 1952 - 76 б.

10 Лейбниц Г.В. Адамның ойлануы туралы жаңа тәжірибелер. Жаңа дәуір философиясы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 510 б.

11 Локк Дж. Сочинения. 3 т. – М., Мсыль, 1988. – Т.3. – 668. 13 б.

12 әл-Фараби Таңдамалы трактаттар. Арыс баспасы. 2000 – 87-89 б.

13 Ибн-Сина. Избранные философские прозведения. - М.: Просвещение, 1980. – 157 б.

14 Баласағұн Ж. Құтты білік /Аударған А.Егеубаев. – Алматы, 1986. – 52 б.

15 Құнанбаев А. Қара сөздер. - Алматы: Өнер, 2006. – 118 б.

16 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазақ ҚСР ҒА баспасы, 1955 – 92 б.

17 Арнольд Р.Н. Культура эпохи Возрождения / пер.с нем. Н.М. Даниловский.- с.- Петербург. Изд. «Вестник Знания» 1985.- 64 б.

18 Влуменштейн Г. Формирование коммуникативно-методической компетенции студентов-бакалавров в условиях интеграции курсов методики и практики речи. 1nauka-pedagogica.com/…dissertaciya-formirovanie-kommunicativno-m.

19 Равен Дж. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация / Дж. Равен. – М.: Знание, 2002. - 155 б.

20 Роджерс Н. Взгляд на психотерапию. Становление человека. –М.: Прогресс, 1994. – 387 б.

21 Роберт И.В. Новые информационные технологии в обучении: дидактическая проблема, перспектива использования //Информатика и образование. 1991, №4, 18-25 б.

22 Оразбаева Ф.Ш. Практикалық стилистика – Алматы, 1985. – 102 б.

23 Рахметова С. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негізі: пед. ғыл. докт. ... дис:. 13.00.01. – Алматы, 1994.

24 Жұмабаева А.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дис:. 13.00.02. – Алматы, 2009.

25 Бейсембаева З.Б. Қазақ тілін модуль негізінде оқыту. - Алматы: Білім, 2001. - 174 б.

26 Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі – (монография) Алматы ҚБТУ, 2010 – 246 б.

27 Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері [Мәтін] : Оқу құралы / - Алматы : Қазақ ун-ті, 1991. – 16 - 19 б.

28 Әлметова Ә. С. Қазақ тілі сабағында студенттердің сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ЖОО 1 курс шетел тілі мамандығы үшін) [Мәтін] : п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация / - Алматы, 2007. - 4 б.

29 Сулейменова Ж.А. Барьеры межкультурной коммуникаций // Педагогика мәселелері = Вопросы педагогики – 2012. - №3 – 49-52 б.

30 Асан Н.А. Университеттік білім беру жүйесіндегі оқу үрдісін басқарудың педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс.: 13.00.01. – Алматы, 2004.

31 Кайдарова А.Д. Становление и развитие содержания высшего педагогического образования в Республике Казахстан: дисс. ... докт. пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 2007..

32 Құсайынов А.Қ. Салыстырмалы педагогика әдіснамасы мен әдістері /Оқу құралы. – Алматы: Rond&A, 2008. – 96 б.

33 Құдайбергенова Г.Қ. Құзырлық ұғымының теориясымен әдістемесі оқу құралы. – Алматы, 2008. – 54 б.

34 Қозыбаев Е.Ш. Научно-педагогические основы управления современной высшей школы на основе менеджмента в условиях многоуровневого образования: д. ... докт.исс пед. наук: 13.00.01. – Шымкент, 2006.

35 Катаев Н. Тұлға психологиясы. Алматы 2010 – 56 б.

36 Жадрина М.Ж. Базистік оқу жоспары – жалпы білім беруді жаңартудың тұтқасы. - Алматы, 2000. – 35 б.

37 Нағымжанова Қ.М. Бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ...дисс: 13.00.01. – Алматы, 2002. – 26 б.

38 Рысбаева А.К. Методология развития успешности деятельности как категории педагогики: дисс. ... докт. пед. наук:. 13.00.01. – Алматы, 2004.

39 Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы, 2007. – 236 б.

40 Нұрғалиева Г.Қ Электронды оқулықтар – ізгілендіру құралы.//Қазақстан мектебі, Алматы, №11-12-2002, 14 б.

41 Балықбаев Т.О.Теоретико-методологические основы инфор-мационной модели формирования студенческого контингента вузов: дисс. ... док.пед.наук: –13.00.01. – Алматы, 2003. – 298 б.- 0503РК00052

42 Қараев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологий обучения. дисс. ... д.п.н.: 13.00.01-Общая педагогика. Алматы, 1994.

43 Кобдикова Ж.У. "Үшөлшемді әдістемелік жүйе (ҮӘЖ)" нәтижеге бағытталған білімберудің тиімді механизмі.- Алматы, 2008.- 110 б.

44 Халықова К.З. Тұғаны компьютер негізінде дербес оқытудың педагогикалық мүмкіндіктері (5-6 класс информатика курсы материалдары негізінде): пед. ғыл. канд. ... дисс.: 13.00.01. – Алматы, 1995. – 215 б.

45 Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы студенттердің танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары: пед.ғыл.канд. ... дисс.: 13.00.01. – Алматы, 2005. – 143 б.

46 Бидайбеков Е.Ы. Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университетах Республики Казахстан: дисс. ... докт. пед. наук:. 13.00.02. – М., 1998.

47 Жүсіпбалиева Д.М. Теоретические основы формирования информационной культуры студентов в условиях дистанционного обучения: дисс. ... докт. пед. наук:. 13.00.01. – Алматы, 1997. – 284 б.

48 Беркімбаев К.М. Студенттердің кәсіптік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде қалыптастырудың тиімділігін зерттеу нәтижелері / К. М. Беркімбаев, Г. Ж. Ниязова // Шоқан тағылымы-13 атты Халықаралық ғылыми-практикалық конф. баянд. Том 6. Көкшетау, 2008. – Б. 272-275.

49 Сағымбаева А.Е. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың білімін бақылау әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дисс. :.13.00.02. –Алматы, 2004.

50 Барсай Б.Т. Формирование готовности будущих учителей начальных классов к использованию современных информационных технологий обучения математике. дисс. ... канд. пед. наук: - Алматы, 2000.

51 Бейсенова Г.И. Студенттердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда ақпараттық технологияларды пайдалану / Оқу-әдістемелік нұсқау.- Шымкент, 2008. - 46 б.

52 Әбішева Л.П. Жоғары оқу орыны студенттерінің оқу іс-әрекетін компьютер көмегімен даралаандыру: пед. ғыл. канд. ... дисс.: 13.00.01. – Түркістан, 2007. – 160 б.

53 Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: дисс. ... пед. ғыл. докт.: 13.00.08. – Қарағанды, 2005. – 267 б.

54 Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс.: 13.00.08. – Түркістан, 2006.

55 Досжанов Б.А. Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дисс.: 13.00.01. – Түркістан, 2007. – 150 б.

56 Сыздыкбаева Г.У. Формирование профессионально-личностной компетенции студентов педагогических вузов: канд. пед. наук. ... дисс.: 13.00.01. – Алматы, 2006. – 136 б.

57 Чакликова А.Т. Информатизация профессиональной подготовки страноведов-международников в условиях университетского образования: дисс. ... к.п.н. – Алматы, 2002.

58 Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования // Народное образования. – 2003. – № 5.

59 Зимняя И.А. Компетентностный подход в образовании. Проблемы качества образовании. – М.: Уфа Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004.- 34-38 б.

60 Сластенин В.А. – М.: Издательский дом Магистр-пресс, 2000. – 488 б.

61 Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования: Проблемы и перспективы. – М.: Педагогика, 1987. – 265 б.

62 Краевский В.В. Основные характеристики и логика педагогического исследования. – Волгоград, 1994. – 32 б.

63 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.,1989.– 3 б.

64 Бондаревская Е.В. Концепции личностно-ориентированного образования и целостная педагогическая теория //Школа духовности. – 1999. - № 5. – б.41-66.

65 Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе. Анализ зарубежного опыта. -М.: знание 1989, -80 б.

66 Монахов В.Е. Психолого-педагогические проблема обеспечения компьютерной грамотности учащихся//Вопросы психологии, 1985, №3, 14-22 б.

67 Полат Е.С., М.Ю.Бухаркина. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.:Академия ИЦ, 2008. -365 б.

68 Ситаров В.А. Изучение профессиональной активности будущих учителя. – М.,1990. – 45 б.

69 Якиманская И.С. Развивающее обучение. – М.: Педагогика, 1979. – 144 б

70 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттеріне оқыған дәріс // Егемендi Қазақстан. – 2009, 13 қазан.

71 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жыл 27 шілде № 319-ІІІ.

72 Философский энциклопедический словарь. – М., 1983. – 459 с.

73 Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход.-М.:Высшая,1991, -205 б.

74 Ковалев С.М. Воспитание и самовоспитание. -М.: Мысль, 1989,-284 б.

75 Мясищев В.Н. // Психотерапевтическая энциклопедия / Под. Ред. Краевского.- Изд. 2-е,- Питер, 2000.- С.45.

76 Мерлин В.С. Очерк интегрального исследования индивидуальности. – М., 1986, – 420 б.

77 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М., 1977. – 304 б.

78 Ядов В.А. Социологическое исследование методология, программа, методы. - Самара: Изд. Самарского университета, 1995. – 78 б.

79 Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы, 1993. – 205 б.

80 Алдамұратов. Ә. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1996. – 224 б.

81.Ыдырысова Ж.Н. Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы: Сб.науч.тр.- Алматы: Изд. «Ұлағат» КазНПУ имени Абая, 2012.-128 б.

82 Бапаева М.Қ.Тұлға психологиясы – Алматы, 2010. – 86 б.

83 Сейталиев Қ́.Б. Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің дамуы. А., 1996, 95-100 б.

84 Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – М., 1986. – 240 б.

85 Аренова А.Х. Методика развития познавательных навыков в учебной деятельности школьников. – Алматы, 2003. – 128 б.

86 Ховов О.Б. Проблемы образовательной политики на пороге XXI века // Специалист. - 1999. - №10.- б.2

87 Шишов С.Е., Агапов И.Г. Компетентный подход к оброзованию как необходимость // Мир оброзования - оброзования в мире. - 2001. - №4.

88 Рыжков М.В. Ценности гуманитарного образования // Высшее образование в России. – 1996. - №1. –85-89 б.

89 Д.Уотсон «Поведение: введение в сравнительную психологию» / «Behaviour. Introduction to Comparative Psychology» 1978 г. 86 б.

90 Мид Дж. Г. «Разум, Я и Общество» (Mind, Self, and Society) отрывки из книги – перевод. В.Г. Николаев М.,2009- 290с.

91 Ожегов, С. М. Толковый словарь русского языка / С. М. Ожегов. - М.: Наука, 1993. – 960 б.

92 Добрович А.Б. Воспитателю о психологии и психогигиене общения: Книга для учителя и родителей. — М.: Просвещение, 1987. —205 б.

93 Андреева Г.М. Актуальные проблемы социальной психологии. – М.: МГУ, 1988. – 109 б.

94 Жуков Ю.М. Проблемы совершенствования коммуникативной компетентности // Материалы докладов Международной конф. «Психология общения 2000: проблемы и перспективы». – М., 2000. 118-120 б.

95 Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. – М.: педагогика, 1990.

96 Уиддоусон. Г. Формирования коммуникативной компетентности подростков. roman.by>r-50815html

97 Горелов И.Н.және Житников В.Р. Невербальные компоненты коммуникации.- М.: Наука, 1980.- 71 б.

98 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Оқулық. – Алматы, 2002. – 109 б.

99 Данцигер К. Малая группа как наиболее оптимальная форма удовлетворения образовательных потребностей личности учащихся // Научные

труды международной научно-практической конференции ученых. – М., 2002. – 59 б.

100 Столяренко Л.Д. Педагогическое общение. - [Текст] //Л.Д. Столяренко Педагогическая психология для студентов вузов. - Ростов н/Д: Феникс, 2004. 19. Толочек, В.А. Стили профессиональной деятельности. - [Текст] В.А. Толочек. –М.: Смысл, 2000.-199 б.

101 Р.С. Рахметова Қазақ тілін деңгейлік оқытудың ғылыми - методологиялық негіздері.Ғылми монография. Алматы, 2012.- 227 б.

102 Ф.Оразбаева Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. Алматы, «Ан Арыс» баспасы, 2009 ж. – 368 б.

103 Уәйісова Г.И. Лексикологияны оқыту әдістемесі.- Алматы, 2005.-230 б.

104 Карабаева Л.К. Педагогические условия формирования коммуникативной компетентности преподавателей иностранных языков в вузе: дисс. ... канд. пед. наук:. 13.00.08. – Алматы, 2007. – 148 б.

105 Касымова Г.М. Формирование коммуникативной компетентности будущих переводчиков в условиях многоаспектной деятельности: дисс. ... канд. пед. наук:. 13.00.08. – Алматы, 2005.

106 Щукина Г.И. Познавательный интерес как педагогическая проблема: дисс. ... д-ра.пед.наук. – Л. 1968. – 945 б. - 3 Т. - С.73-174.

107 Қожамқұлова Л.Т. Әлеуметтік жұмыстағы қайырымдылықтың ролі / - Алматы, 2003 – 23 б.

108 Кашкин В.Б. Введение в теорию дискурса Лингвистика и межкультурная коммуникация: золотая серия Восточная книга, 2010. С-42.

109 Пидкасистый П.И., Педагогика /аударғандар Ахметова Г.К., Таубаева Ш.Т. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 336 б.

110 Урсул А.Д. Отражение и информация. –М.: Просвещения, 1979, – 77 б.

111 Соколова И.В. Социальная информатика и социология: проблемы и перспективы взаимосвязи М.: Союз, 1999. - 228 б.

112 Богословский В.И. Огословский В.И., Суконкин Г.А., Шилова О.Н. О подготовке будущих учителей к профессиональной деятельности с использованием информационных педагогических технологий обучения. Наука и Школа, №5,1999.-С.49.

113 Фридман Л.М. Психопедагогика общего образования. Пособие для студентов и учителей. – М.: Институт практической психологии, 1997. – 288 б.

114 Зеер Э.Ф. Личностно-ориентированное профессиналыюе образование. - Екатеринбург, 1998. – 125 б.

115 Асмолов А.Г. Личность как предмет педагогического исследования. – М.: МГУ, 1984. – 312 б.

116 Харламов И.Ф. О педагогическом мастерстве, творчестве, новаторстве //Педагогика. – 1992. – № 7–8. – б. 11–15.

117 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана,Ақорда,2012 жыл.

118 Клаус Г. Сила слова. Гносеологический и прагматический анализ языка. М., 1967.- 123 б.

119 Новиков А.М. Профессиональное обрzование Росии: перспективы развития. - М.: ИЦПНПО РАО, 1997. – 253 б.

120 Горстко А.Б. Познакомьтесь с математической статистики в педагогических исследованиях: непараметрические методы. - М.:Знание, 1991.- 160 б.

121 Штофф В.А. Моделирование и философия. - М., 1992. - 201 б.

122 Соколов В.М. Концепция подготовки педагогов в многоуровневой структуре университетского образования //Проблемы перехода к многоуровневому высшему образованию. Сборник статьей. Н. Новгород ННГУ, 1994, 97-117 б.

123 Чмут Т.К. Культура общения: Учебное пособие для студентов и преподавателей высших учебных заведений – Хмельницкий: Хируп,1992- 63б.

124 Зязюн Г.М. Сагачтардың Методические рекомендации – практическое пособие для студентов высших учебных заведений, которые занимаются проблемами основ культуры речи, речевой деятельности, нормами современного русского языка, качества речи. КИЕВ – 2005.- 78 б.

125 Бодалев А.А. Общая психодиагностика. Учебник. Соавтор. – СПб.: Издательство «Речь», 2000. – 300 б.

126 Лоринова Г.А. Психолого-педагогические основы подготовки студентов технического вуза к применению знаний в будущей профессиональной деятельности / Моногрофия. - Челябинск: Изд-во Челябинск, Агорин.Ун-та, 2000. – 129 б.

127 Загвязинский В.И. Педагогическое творчество учителя.-М.: Педагогика, 1987, -159 б.

128 Беляев Л.А. "Профессиональное образование и социально-профессиональная структура в России: эволюция в постсоветский период". РГНФ, 2008-2010 жж.

129 Хмель Н.Д. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. - Алматы: Ғылым, 2002. – 168 б.

130 Белл Р. Социолингвистика. Цели, методы и проблемы. – М.: Международное отношения, 1980. – 241 б.

131 Отала Л. Формирование профессионализма студентов экономического факультета средствами иностранного языка: дис. ... канд. пед. наук:. 13.00.01. – М., 2000. – 222 б.

132 Таубаева Ш.Т. Передовой педагогической опыт: от теоретического осмысления к практике.- Алматы: РИК, 1997.-122 б.

133 Кабардов М.К  Коммуникативные и когнитивные составляющие языковых способностей: Индивидуально-типологический подход. Научная стаья. - Москва, 2001.

134  Ozhan Demirel. ELT Methodology.Ankara. 2007 – 22-36 б.

***Қосымша А***
***Ағылшын тілі оқу бағдарламасы***
***1 сынып***

***Түсіндірме хат***

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 тамыз 2012ж. №1080 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпы орта білім (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) стандартына сәйкес жасалды.

2. Бұл бағдарлама баланың тіл шеберліктерін ғана емес, сондай-ақ шығармашылық қабілеттерді қалыптастыру арқылы оның жалпы дамуына бағытталған кіші сынып оқушыларын оқыту мазмұнын анықтайды.

3. Тілді меңгеру деңгейінің Европалық жүйесіне сәйкес бастауыш мектептегі қарапайым A Basic User деңгейін, A1 (Breakthrough) оқыту курстарын білдіреді, күтілетін нәтижелер (пәндік нәтижелер) оқушыларды дайындау деңгейіне деген талаптарда көрсетілген.

4. Бастауыш мектепте ағылшын тіліне оқытудың әдістемелік жүйесі «оқыту ұстанымы», «оқыту тәсілі (дидактикалық мағынада)», «оқытуды қабылдау», «тапсырмалар жүйесі», «сабақтар типологиясы» сияқты негізгі түсініктерге сүйенеді.

5. Кіші сыныптарға арналған «Ағылшын тілі» пәні мазмұнындағы тәрбиелік оқыту ұстанымы олардың дүниетанымдарының қалыптасуымен байланысқан: Отанға деген сүйіспеншілік, өз елінің және оқытылатын тіл елдерінің мәдениеттеріне деген құрмет сезімдері оқу мәтіндерінде көрсетілуі керек.

6. Белсенділік ұстанымы кіші сынып оқушыларының белсенді әрекеттері арқылы оқыту мақсатына сәйкес мәтіндік лексиканы ықшамды меңгеруді, олардың қарапайым пікірлерінің семантикалық типтері негізінде тақырып өрісі шеңберінде олардың сөйлеу шеберліктері мен дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

7. Көрнекілік ұстанымы оқу үрдісін тікелей оқушылар қабылдайтын нақтылы бейнелерге құру, сондай-ақ оқытудың аудиовизуалдық және техникалық құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

8. Жекелендіру ұстанымы. 1 сыныпта күнделікті қарапайым араласуда ағылшын тілін жеткілікті деңгейде меңгеруге бағдарлау жеке писхологиялық ерекшеліктері бар нақты сынып оқушыларының барлығының тең құқықта қатысуын ұйымдастыруға міндеттейді. Оқуды жекелендіру оқу-сөйлеу жағдаяттарын, коммуникативтік рөлдерді, сөйлеу интенцияларын таңдап алу мен бөлу арқылы жүзеге асырылады.

9. Жүйелілік және бірізділік ұстанымы сөйлеу тақырыптарын, сөйлеу тақырыптары ішіндегі – микротақырыптарды, сөйлеу интенцияларын, лексикалық және грамматикалық құралдарды бірізді ұсынуда көрініс тапты. Нәтижесінде оқу материалын бірізді ұсыну монолог немесе жағдаяттық, бір-бірімен өзара байланысқан ілікпе сөз түріндегі байланысты сөйлеуді жүйелі құруды қамтамасыз етуі керек. Шындықтың қандай да көрінісіне қызмет

ететін, әр түрлі деңгейлі құралдардың функционалды-семантикалық өрісін білдіретін, дұрыс таңдап алынған материал ағылшын тіліне жүйелі оқытудың әдістемелік шарты болып табылады.

10. Меңгерудің беріктік ұстанымы ерте мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алу мен оқытудың тиімділігін көтерудің көзі ретіндегі ойындарды белсенді қолдану арқылы қамтамасыз етіледі, кіші мектеп оқушысының ақпараттарды хабарлауы, ақпараттарды сұрауы, әрекеттерге деген ниеті, қолдауы, айыптауы, қоршаған ортаға эмоциялық қарым-қатынас көрсетуіндегі оның өз өмірі – ойынның «түп бейнесі» болып табылады. Мұндай бағыт ағылшын тілінің меңгерілетін құралдары мен араласу жағдаяттарының арасындағы берік, қауымдастық байланысты қалыптастырады. Оқу үрдісін ұйымдастырғанда сабақтан сабаққа материалдың қайталануы міндетті түрде жоспарланады.

11. Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың қол жетімдік ұстанымы оқытылатын материалдың оқушыларды қоршаған ортаға барынша жақындығы негізінде жүзеге асырылады. Өмірден алынған шындықтар мен экстралингвистикалық материал ретіндегі әлеуетті коммуникативтік тапсырмалар кіші мектеп оқушыларының қоршаған ортаға сәйкестігі мен олардың араласуға мұқтаждығын есепке ала отырып, таңдап алынды.

12. Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың жоспарланған нәтижелеріне жету үшін оқу материалдарын барынша азайтуда да, сондай-ақ оқу үрдісін жоспарлауда да жүзеге асырылатын мынадай әдістемелік ұстанымдарды басшылыққа алған жөн: оқытудың коммуникативтілік ұстанымы, материалды жағдаятты-мәтіндік (ұйымдастыру) ұсыну ұстанымы, функционалдылық ұстанымы, кешенділік ұстанымы, дифференциялдылық ұстанымы, концентризм ұстанымы.

13. Коммуникативтілік ұстанымы арнайы берілген тілдік материалдар – белсенді лексика мен белсенді грамматикалық материалдар арқылы коммуникативтік мәселелерді шешуге бағытталған, күнделікті жағдаяттарда рөлдік ойындарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

14. Функционалдылық ұстанымына сәйкес тіл жүйесі бір сызық бойымен емес, ағылшын тілінің лексикалық және синтаксистік (олардың шеңберіндегі – фонетикалық, сөз тудырушы, морфологиялық) – әр түрлі деңгейдегі құралдарының нақты тақырыпқа қызмет көрсетуші микрожүйесі ретінде беріледі.

15. Кешенділік ұстанымы ағылшын тілі бойынша тілден тыс (экстралингвистикалық) және тілдік (лингвистикалық) оқу материалдарын өзара байланыста ұсынумен, сондай-ақ сөйлеу әрекеті түрлеріне өзара байланыста оқыту аспектілерінде жүзеге асырылады: 1 сыныпта – аудирлеу және айту (ауызша озу ұстанымы бойынша, 2-ші жарты жылдықтан бастап ағылшын алфавиттерімен танысу), 2-4 сыныптарда – аудирлеу, айту, оқу және жазу.

16. Оқушылардың сөздік қорларын байытудың бастапқы сатысындағы дифференциялдылық ұстанымы микротақырыптарға бөлінген бір тақырыптың

жаңа сөздерін функционалды-семантикалық беру, көрнекілік құралдарына сүйену, оқушылардың сөздерінде жаңа сөздерді белсендіру (арнайы тақырыптық өріс шеңберіндегі олардың белсенділік формалары) тәсілдерін білдіреді; сөйлеудің грамматикалық құрылысын байыту сатысы қарапайым айтылған сөздердің барынша белсенді типтерін жағдаяттық қолдану тәсілдерін, нақтылау компоненттермен (тұрлаусыз мүшелермен) сөйлем негіздерін таратуды, екі жай сөйлемді күрделіге біріктіруді сипаттайды; диалогтық араласу шеберлігін дамыту сатысында тақырып бойынша мәтіндер тудырған құрылымдарға сүйену тәсілдері қолданылады.

17. Бастауыш мектепте ағылшын тіліне оқытудағы концентризм ұстанымы әр сынып бойынша арнайы минимумдар арқылы жүзеге асырылады: тақырыптық және жағдаяттық минимумдар, сөйлеу интенциялары минимумы, лексикалық және грамматикалық минимумдар, диалогтық және монологиялық минимумдар (әр сынып бойынша тақырыптық минимумдардың мазмұны бірізділік ұстанымын есепке ала отырып, құрастырылды).

18. Ағылшын тіліне оқыту мына мақсаттарға жетуге бағытталған:

1) кіші мектеп оқушысы тұлғасын мен оның біртұтас дамуын қалыптастыру;

2) сөйлеу әрекеттерінің негізгі түрлерінде: тыңдау, айту, оқу мен жазуда кіші мектеп оқушысының қарапайым басқа тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру;

3) арнайы тақырыптық минимум шеңберінде оқушылардың сөздік қорларын байыту, айтылу дағдылары мен сөйлеу ниеттерін жүзеге асыру арқылы қарапайым жағдаяттарда олардың бастапқы коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;

4) кіші сынып оқушыларын шетелдік құрбыларының өміріне, шетелдік балалар фольклоріне тарту, ағылшын тілін оқуға оңды мотивацияны қалыптастыру;

5) арнайы тематикалық минимум шеңберінде кіші сынып оқушыларының сөйлеу ниеттерін жүзеге асыру үшін олардың эмоциялық, шығармашылық, әлеуметтік, когнитивтік және сөйлеу қабілеттерін дамыту.

19) Аталған мақсаттарға сай оқытудың мына міндеттері жүзеге асырылуы керек:

1) ана және ағылшын тілдерінде байқалатын қарапайым лингвистикалық түсініктер (дыбыс, әріп, сөз, сөйлем, сөз таптары, екпін) білімін қалыптастыру;

2) ағылшын дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мен айтылу, әріптердің графикалық белгіленуінің олардың дыбысталуына сәйкестігі нормаларымен таныстыру;

3) есту мен басқа тілде сөйлеуді дәлме-дәл қабылдау дағдыларын қалыптастыру;

4) оқудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

5) болымды, болымсыз және сұраулы сөйлемдерді дұрыс интонациялау дағдыларын қалыптастыру;

6) сөздердің қажетті көлемін, ойды айтудың жеткілікті типтерін, қарапайым диалогты жүргізудің стратегиялары мен тактикаларын, нақты

сөйлеу тақырыбы көлемінде монологты құру үшін мазмұндар пункттерінің жиынтығын меңгеруді қамтамасыз ету;

7) жазба сөздің қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

8) ұлттық-мәдени өзін-өзі ұқсату, Қазақстандық патриотизм, шыдамдылық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау сезімдерін дарыту және нығайту.

20. Ана және ағылшын тілдерінде байқалатын қарапайым лингвистикалық түсініктер (дыбыс, әріп, сөз, сөйлем, сөз таптары, екпін) білімін қалыптастыру;

Ағылшын тілін оқыту барысында пән аралық байланыс жүзеге асырылады:

1) «Орыс тілі», «Қазақ тілі»: кез келген тілді меңгеру негізінде бірдей функционалдық заңдылықтар байқалады. Ана тілінде (қазақ немесе орыс) тіл тәжірибесіне сүйену тілдік білімнің қалыптасуына ықпал етеді;

2) «Әдеби оқу», «Дүниетаным»:

Мәтіндік материалдар негізінде ағылшын тіліне оқыту әдебиет, тарих, география, ана және оқытылатын тілдер елдерінің мәдениеті туралы қосымша мәліметтер алуға ықпал етеді;

3) «Өзін-өзі тану»: салауатты өмір салтын насихаттау, жеке гигиена ережелерін сақтау, басқа тіл мәдениеті өкілдері мен ата-аналарына, кішентайларға, құрбылары мен ұстаздарына шыдамдылық қарым-қатынас негіздері;

4) «Математика»: білім алушылар ағылшын тілін оқығанда математика курсындағы білімдерін: есептік және реттік сандарды, геомертикалық фигуралар атауларын қолданады.

21. «Ағылшын тілі» пәні бойынша оқу сағатының көлемі мынадай

1) 1-ші сыныпта – 1 сағат, барлығы 33 сағат оқу жылында;

2) 2-ші сыныпта – 1 сағат, барлығы 34 сағат оқу жылында;

3) 3-ші сыныпта – 1 сағат, барлығы 34 сағат оқу жылында;

4) 4-ші сыныпта – 1 сағат, барлығы 34 сағат оқу жылында;

5) Аталған сағаттар санына бастапқы, аралық, қорытынды бақылау, шығармашылық жобаларды қорғау сабақтары кіреді.

22) Оқыту нәтижелері білім алушыларды дайындау деңгейіне деген Талаптарда көрсетілген және оқытудың қорытынды нәтижелері жүйесін құрайды, ал бұларға қол жеткізу бастауыш мектеп курсы бойынша оқушыларды оңды аттестациялаудың міндетті шарты болып табылады.

1) графика және орфография: ағылшын алфавиті әріптерін үйрену, әріптерді жазу;

2) сөйлеудің фонетикалық аспектісі: ағылшын тілінің өзіне тән ерекше дыбысы туралы түсінік, айтылу дағдыларын қалыптастыру, әр түрлі типтегі: болымды, болымсыз және сұраулы сөйлемдерді дұрыс интонациялау, сөздер мен сөз орамдарында екпіндерді дұрыс қою дағдыларын қалыптастыру;

3) сөйлеудің лексикалық аспектісі: жаңа лексика көлемі – 100 лексикалық бірлік, белсенді лексика – 50 сөз, пассивті лексика – 50 сөз, сөйлеуде жаңа лексиканы тану мен қолдану шеберліктерін қалыптастыру;

4) сөйлеудің грамматикалық аспектісі: болымды, болымсыз және сұраулы сөйлемдердегі сөздер реті:

**23. 1-*ші сыныптың курстың мазмұны төмендегідей тақырыптарды қамтиды:***

1) «Танысу» «Амандасу», «Өзім жайлы (есімі, жасы)», «Менің досым» 4(сағ):
2) «Менің жаұям» « Моя семья», «Менің досымның жанұясы» (5 сағ):
3) «Мектеп» ,«Амандасу», «Өзім жайлы (есімі, жасы)», «Менің досым» «Мектеп құралдары» (4сағат):
4) «Түстер» «Менің сүйікті түсім», «Пішіндер және көлемдер»; (3 сағат):
5) «Ойыншықтар», «Менің сүйікті ойыншығым», «Ойындар» (4 сағ):
6) «Жануарлар» «Үй жануарлары», «Үй және жабайы жануарлар», «Хайуанаттар паркінде » (5 сағат):
7) «Менің айналамдағы заттар» (4сағат):
8) «Жиһаз», «Ыдыс аяқ» «Киім» (4сағат):

24. Тілдік материал:

1) Графика және орфография: ағылшын тілінің әріптерін үйрену, әріптерді сызу;
2) Тілдің фонетикалық аспектісі: ағылшын тілінің спецификалық дыбыстары туралы түсінік; айту дағдысын қалыптастыру, әр түрлі сөйлемдерді дұрыс дыбыстау: хабарлы, болымсыз, сұраулы. Сөздерді оқу барысында дұрыс екпін қоя білуді қалыптастыру.
3) Тілдің лексикалық аспектісі: жаңа лексиканың көлемі -100лексикалық бірлік, активті лексика - 50 сөз, пассивті лексика -50 сөз, тілдік жаңа лексиканы тану мен қолдану дағдыларын қалыптастыру.
4.Тілдегі грамматикалық аспект: хабарлы, болымсыз, сұраулы сөйлемдердегі сөздер реті;

Сұраулы сөйлемнің түрлері: жалпы және арнайы;
Етістік to have,to be;
Модальді етістік (can);
Жіктік есімдік (I, you, he, she, it, we, they);
Тәуелділік есімдігі (my, your, his, her);
Сілтеу есімдігі ( this, that, these);
Зат есімнің көпше түрінің жасалу жолдары ( a cat - cats);
Сан есім 0- ден 12-ге дейін;
Орынды білдіретін предлогтар (on, in, under);

25. Сөйлеу материалдары:

1) айтылым (диалогтық сөйлесім): этикеттік сипаттағы диалогты жүргізу шеберлігін дамыту, диалог-құрастыру, диалог-әрекетке түрткі болу, диалог көлемі – әр сұхбаттастың тарапынан 2-3 ой қозғаудан;

2) монологтық сөйлеу: нақты тақырыптық жағдаят шеңберінде қарапайым пікір-ой айту (өзі туралы, отбасы мүшелері, достары, жан-жануарлар, ойыншықтары туралы мәліметтер беру, қоршаған шындыққа деген эмоциялық-бағалау қарым-қатынасын білдіру) шеберліктерін қалыптастыру; мектепте,

үйде, хайуанаттар саябағында және т.б. араласу жағдаяттарында қажетті коммуникативтік ой-пиғылдарды жүзеге асыру;

3) тыңдалым: мұғалім, сұхбаттас пен дикторлдың сөздерін есту арқылы қабылдау шеберліктерін қалыптастыру және әрекеттерді орындауға берілген нұсқауларға сай әрекет ету; шағын мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну, мәтіндердің мазмұндары 1 сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мен мүдделеріне сай келуі керек, мәтіннің айтылу уақыты – 1 минутқа дейін, көрсету саны – 2-3 рет, сөйлеу қарқыны – баяу.

26) Әлеуметтік-мәдени материал:

1) оқытылатын тілдің елі\елдері, балаларға арналған қазақ (Тазша бала, Алдар көсе, Мақта қыз) және ағылшын халқының ертегілеріндегі кейіпкерлер (Winnie-the-Pooh, Crococat, Mandy Duck, Jack, Three little pigs, Tom Thumb, Molly Whuppie, Henny-Penny, Mr. Fox және т.б...), балалар фольклорының әйгілі шығармалары (ұйқастыру, өлеңдер, жаңылтпаштар, әндер) туралы қарапайым білімдерді қалыптастыру, оқытылатын тіл елінде қолданылатын сөйлеу және тілмен сөйлемеу (ым, дене қимылдары, т.с.с.) мінез-құлықтарының қарапайым формаларын білу.

***Қосымша Б***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Педагогика және психология факультеті**

# «БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ» ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пән атауы: «Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі
Пән коды: KPT 2312 (4 жылдық, күндізгі)

Мамандық, шифры: 5В010200- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Кредит саны: 1

Құрастырған: Мулдабекова К.

Алматы, 2014

**2.Пән мазмұны**

**2.1.Дәрістік курс**

| **Тақырып №** | **Тақырып, дәрістер аттары** | **Тақырып мазмұны** | **Барл (сағ)** |
|---|---|---|---|
| **1 Бөлім. Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі пәні** | | | |
| 1 тақыр ы рып | Шет тілін оқыту әдістемесі - ғылым және оқу пәні ретінде | Курстың әдіснамалық және ғылыми-теориялық негіздері. Әдіс - ұғымына шолу (Педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан). Басқа ғылымдармен байланысы. Әдістеме тарихы. | 1 |
| 2 тақыр ып | Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту мақсаты, міндеті | Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі пәні және міндеттері пәні, объектісі, міндеттері, зерттеу әдістері. | 1 |
| **2 Бөлім. Педагогикалық технологияларға сипаттама** | | | |
| 1 тақырып | Бастауыш мектепте шет тілі пәнің оқыту барысында АКТ қолдану ерекшелігі | Педагогикалық технология. Педагогикалық технология категориясының генезисі және анықтамалары. Технологиялық сызба және технологиялық карта. Терминологиялық аппараты. | 1 |
| 2 тақырып | Оқытудың тұлғалық-бағдарлы және мультимедиа технологиялары | Оқытудың тұлғалық-бағдарлы және мультимедиа технологиялары туралы түсінік. Мультимедиа технологияларына сипаттама. | 1 |
| **3 Бөлім. ЖОО пайдаланылатын оқу бағдараламалары** | | | |
| 1 тақырып | Жалпыға міндетті оқыту бағдарламасы | Шет тілін оқытудағы 1-4 сынып бағдарламалары | 1 |
| 2 тақырып | Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың негізгі бағыттары | Оқытылатын материалдың оқушыларды қоршаған ортаға барынша жақындығы негізінде жүзеге асырылады. Өмірден алынған шындықтар мен экстралингвистикалық материал ретіндегі әлеуетті коммуникативтік тапсырмалар кіші мектеп оқушыларының қоршаған ортаға сәйкестігі мен олардың араласуға мұқтаждығын есепке ала отырып, таңдап алынады. | 1 |
| 3 тақырып | Жекелендіру ұстанымы | 1 сыныпта күнделікті қарапайым араласуда ағылшын тілін жеткілікті деңгейде меңгеруге бағдарлау жеке писхологиялық ерекшеліктері бар нақты сынып оқушыларының барлығының тең құқықта қатысуын ұйымдастыруға міндеттейді. | 1 |
| 4 тақырып | Кешенділік ұстанымы | Ағылшын тілі бойынша тілден тыс (экстралингвистикалық) және тілдік (лингвистикалық) оқу материалдарын өзара байланыста ұсынумен, сондай-ақ сөйлеу әрекеті түрлеріне өзара байланыста оқыту аспектілерінде жүзеге асырылады: | 1 |
| **4 Бөлім. Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі** | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 тақырып | Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі | Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі (1- сынып) | 1 |
| 2 тақырып | Оқушылардың сөздік қорларын байытудың бастапқы сатысындағы дифференциялдылық ұстанымы | Микротақырыптарға бөлінген бір тақырыптың жаңа сөздерін функционалды-семантикалық беру, көрнекілік құралдарына сүйену, оқушылардың сөздерінде жаңа сөздерді белсендіру | 2 |
| 3 тақырып | Сөйлеу әрекеттерінің негізгі түрлерінде: тыңдау, айту, оқу мен жазуда кіші мектеп оқушысының қарапайым басқа тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру; | Ана және ағылшын тілдерінде байқалатын қарапайым лингвистикалық түсініктер (дыбыс, әріп, сөз, сөйлем, сөз таптары, екпін) білімін қалыптастыру; Таспада тыңдау. | 2 |
| 4 тақырып | Сөйлеудің лексикалық аспектісі және сөйлеудің грамматикалық аспектісі | Ағылшын тілінің өзіне тән ерекше дыбысы туралы түсінік, айтылу дағдыларын қалыптастыру, әр түрлі типтегі: болымды, болымсыз және сұраулы сөйлемдерді дұрыс интонациялау, сөздер мен сөз орамдарында екпіндерді дұрыс қою дағдыларын қалыптастыру;<br>болымды, болымсыз және сұраулы сөйлемдердегі сөздер реті: | 2 |
| **Барлығы** | | | **15** |

**2.2. Семинарлық, практикалық сабақтар**

| Тақырып № | Сабақ тақырыбы | Тақырып мазмұны | Барл. (сағ) |
|---|---|---|---|
| 1 тақырып | Қазіргі педагогикалық технология пәнінің мәні | Қазіргі педагогикалық технология пәні, объектісі, міндеттері, зерттеу әдістерін талдау. Басқа ғылымдармен байланысын дәлелдеу. | 1 |
| 2 тақырып | Педагогикалық технология туралы түсінік | Технологиялық сызба және технологиялық карта құру. Терминологиялық кесте толтыру. | 1 |
| 3- тақырып | Педагогикалық технологияның жіктелуі | Педагогикалық технология түрлері және жіктелуін көрсету және дәлелдеу. | 1 |
| 4 тақырып | Педагогикалық технологиялар | Қазіргі педагогикалық технологияларға сипаттама және оларға талдау. | 1 |
| 5- тақырып | Инноваицялық технологиялары | Оқу үдерісін жүзеге асырудың инновациялық технологиялары | 1 |
| 6 тақырып | Ізгілендіру технологиясы Ұжыммен оқытылатын | Педагогикалық қарым-қатынасты демократияландыру және ізгілендіру технологиясы (Ш.А.Амонашвили), педагогика және ынтымақтастық. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | технология | Б.Н.Ильиннің технологиясын талдау және тәжірибеден мысалдар келтіру. Жобалау әрекеті технологиясы және оның кезеңдері. | |
| 7 тақырып | Тұлғаға бағдарлы технологиясы | Жек тұлға. Индивид, даралақ. Субъекті-субъект байланыс. Тұлғаға бағдарлы оқыту және тәрбиелеу технологиясы. Стандарт, бағдарлама мазмұнына талдау | 1 |
| 8 тақырып | Шет тілін оқыту бағдарламасы | Шет тілін оқытудағы 1-4 сынып бағдарламаларын талқылау | 1 |
| 9 тақырып | Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың ұстанымы | Бастауыш сыныпта ағылшын тілін меңгертудегі ұстанымдары туралы талдау жасау. | 1 |
| 10 тақырып | Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі | Бастауыш сыныптарда шет тілін оқыту әдістемесі (1- сынып) талдау | 2 |
| 11 тақырып | Сөйлеу әрекет терінің негізгі түрлерінде: оқу мен жазуда тыңдау, айту кіші мектеп оқушысы ның қарапайым басқа тілдік ком муникативтік құзыреттілігін қалыптастыру; | Ана және ағылшын тілдерінде байқалатын қарапайым лингвистикалық түсініктер (дыбыс, әріп, сөз, сөйлем, сөз таптары, екпін) салыстыру | 2 |
| 12 тақырып | Сөйлеудің грамматикалық аспектісі | болымды, болымсыз және сұраулы сөйлемдердегі сөздер ретін анықтау | 2 |
| БАРЛЫҒЫ | | 15 сағат | |

**2.4. Студенттердің оқытушы жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмыстары (СОӨЖ)**

| **№ р/қ** | **СОӨЖ тақырыптардың аттары және тапсырмаларының мазмұны** | **Жүргізу түрі** | **Сағат саны** |
|---|---|---|---|
| 1 | Педагогикалық технология ұғымының шығу тарихы. | реферат | 1 |
| 2 | Педагогикалық технологияның түрлері | талдау | 1 |
| 3 | Дәстүрлі оқыту технологиясы | реферат | 1 |
| 4 | Белсенді оқыту технологиясы | топпен жұмыс | 1 |
| 5 | Модульді оқыту технологиясы | топпен жұмыс | 1 |
| 6 | Дамыта оқыту технологиясы | зияткерлік ойын | 1 |
| 7 | Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауын дамыту технологиясы | реферат | 1 |
| 8 | Ойын арқылы оқыту технологиясы | Топпен жұмыс | 2 |
| 9 | Шет тілін оқытудағы 1-4 сынып бағдарламалары | реферат | 2 |
| 11 | Ағылшын тілін бастауыш сыныпта | топпен жұмыс | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | меңгертудің ұстанымдары | | |
| 12 | Тыңдау, айту, оқу мен жазуда кіші мектеп оқушысының қарапайым басқа тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру | топпен жұмыс | 2 |
| | БАРЛЫҒЫ | | 15 сағат |

**2.5. Студенттердің өзіндік жұмысы**

| № | **СӨЖ тақырыптардың аттары және тапсырмаларының мазмұны** | **Бақылау формасы** | **Сағат саны** |
|---|---|---|---|
| 1 | Педагогикалық технология ұғымының шығу тарихы. | Реферат | 1 |
| 2 | Мемлекеттік жалпыға білім беру стандартындағы тұлғаға бағдарлы білім беру технологиясы | талдау | 1 |
| 3 | Педагогикалық процесті ұйымдастырудағы дидактикалық ойындарды іріктеу | реферат | 1 |
| 4 | Оқыту әдістерінен технологияның айырмашылығын анықтау | топпен жұмыс | 1 |
| 5 | Ойын арқылы оқыту технологиясы | топпен жұмыс | 1 |
| 6 | Технологиялық карта және технологиялық кесте | іскерлік ойын | 1 |
| 7 | Оқытуды ұйымдастыруда оқу тапсырмаларын іріктe | талдау | 1 |
| 8 | Компьютермен оқыту технологиясы | реферат | 1 |
| 9 | Шет тілін оқытудағы 1-4 сынып бағдарламалары | талдау | 2 |
| 10 | Ағылшын тілін бастауыш сыныпта меңгертудің ұстанымдары | талдау | 1 |
| 11 | Тыңдау, айту, оқу мен жазуда кіші мектеп оқушысының қарапайым басқа тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру | топпен жұмыс | 2 |
| 12 | Партфолио жасау технологиясы | зияткерлік ойын | 2 |
| | БАРЛЫҒЫ | | 15 сағат |

ПӘН БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

3.1. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Бондаревская Е.В. Теория и практика личностно- ориентированного образования.
- Ростов-на-Дону, 2000. - 352с.
2. Новые педагогические и информацинные технологии в системе образования/ под.ред. Е.С.Полат. М., 2002.
3.Кукушин В.С.Современные педагогические технологии. Начальная школа. Ростовн/Д,2003.
4. Айтпаева А.Б.Жаңа педагогикалық технологиялар. Алматы, 2006, 100 б.
5. Ахметов Н. Теория и технология игры. Алматы 1998-295 с.
6.Рахимжанова С.Д.,Волкова А.С. English.2013 year.
7.Ozhan Demirel. ELT Methodology.Ankara 2007 year.

Анықтамалық әдебиеттер

1. Психологический словарь. - М., Педагогика,1983.- 448 с.
2.Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь: Для студ. высш. и сред. пед. учебн. заведений. - М.: Изд. центр «Академия»,2001.- 256с.